

83.3(бказ)
Е 86

Ғарифолла
Есімов



Хаким АБДАУ



Ғарифолла ЕСІМОВ

83. 3(баз)
Е 86

ХАКІМ АБАЙ

(даналық дүниетанымы)

*Әрбір ғалым — хакім емес, әрбір хакім —
ғалым*

Отыз сегізінші сөз

*Адаспай тұра іздеген хакімдер болмаса
дүние ойран болар еді*

Отыз сегізінші сөз

АТАМУРА — ҚАЗАҚСТАН
АЛМАТЫ, 1994

ББК 83,3 Қаз
Е 16

Е 16 **Фариғолла ЕСІМОВ**
ХАКІМ АБАЙ: (даналық дүниетанымы) — Ал-
маты: Атамұра — Қазақстан, 1994. — 200 бет.

Абай атындағы Алматы Мемлекеттік университеті^т гылыми кеңесінің ұйгаруымен шығарылды

ISBN 5-615-01578-0


«Хакім Абай» кітабы ұлы ақынның даналық дүниетанымын саралауга арналған. Абайдың данышпандық ойлары Селгілі бір жүйеге түсіріле таратылғандаңыктан, автор ақынның жекелеген ғибратты ой түйідеріне түсінік беретін гермелевтикалық тәсілді қолданған. Кітапта Абайдың өлеңдері мен қара сөздеріндегі философиялық тұжырымдары пактылы үғымдар түрінде қарастырылады.

Ұлы Абайдың мәнгілік өшпес рухани мұрасын қайта жаңырта, оқырман қауымның саңасына даналықтың нұрын шашып, парасатты ой ұялататын бұл кітаптың қазақ халқының қоғамдық ой-пікірінді қалыптасу тарихын оқып-үйренушілердің білім көңілкегін кеңеңте түсірі сөзсіз

Е 4603010000—000
401(05)—94 Без объявл.

ББК 83,3 Қаз.

ISBN 5-615-01578-0



© «Атамұра»

БІРІНШІ БӨЛІМ

АНАХАРСИСТЕН АБАЙГА ДЕЙІН (Кіріспе орнына)

Әлемдік тарихта есімі «Анахарсис Скифский» деген атпен қалған, сақтар мемлекетінің әйгілі ойшылы тура-лы ақиқат та, аныз да барышылық. Геродоттың айтуынша, ол қазіргі (христиандық) жыл санауымызға дейінгі VI—VII ғасырларда өмір сүрген.

Анахарсистен Абайға дейін шамамен екі мың бес жүз жыл немесе жиырма бес ғасыр. Осы уақыт аралығы, менің пікірімше, халқымыздың мәдениетінің тарихи кеңістігі. Бұл тарихи-мәдени кеңістікті менгеру осал іс емес. Жиырма бес ғасыр ішінде бірнеше ренессанстық жағдайлар болған. Әдетте, ренессансстық жағдай міндетті түрде екі компоненттен тұрады. Бірі жаңа өркеншеттік сапалық өзгеріске ұмтылу, екіншісі алдағы өткен мәдени дәстүрді жаңғырту, жаңалау. Демек, ренессансстық жағдайларда алдыңғы мәдени дәстүр мұлдем жойылмай даму эволюциялық жолмен жүреді. Ренессанс табиғатына революциялық төнкеріс жат. Ренессанс дегеніміз мәдениеттің өзінен-өзі, өз ішкі даму заңдылықтарына сәйкес жаңарып, жаңғырып отыруы. Ренессанс әмандада өтпелі дәуірлерде көрінеді. Ондай дәуірлер Ренессанстық тұлғаларды туғызады. Біз Анахарсистен Абайға дейін деген тарихи-мәдени концепцияны ұсынғанда, аттарын атап, еңбектеріне зер салып отырған ойшылдардың бәрі ренессанстық тұлғалар. Олар: Анахарсис, Майқы би, Иоллығегін, Жұсіп Баласағұни, Ахмед Яссави, Абай.

Әрине, біреулер бұл пікірмен келіспес, бұл тізімге атақты өзге ойшылдарды қосар. Ол да бәлкім дәлелді айтылса дұрыс болар. Мен тарихи-мәдени концепцияның негізіне тілді алдым.

Тіл — мәдениеттің аса құнарлы арнасы. Ол таным тарихының формасы, тарихтың нақтылы дерегі. Атадан қалған сөз бізге тіл арқылы жеткен. Жоғарыда айтқан ойшылдардың бәріне ортак түркі тілі. Эрине, мен түркі тілі дегенде шартты мәнде айтып отырмын. Яғни, «түгел сөздің түбірі бір» деген мағынада.

Біз қазақ мәдениетінің генезисін Анахарсистен бастауға ынталымыз. Себебі, сақтар, ғұндар, түркілер, қыпшақтар бір «атаның» балалары екенін тарихшылар анықтап бергелі қашан. Сондықтан сақтар елінің ойшылы Анахарсистің бізге еш бөтендігі жоқ.

Анахарсистің өмір сүрген заманы, өзі де туралы мағлұматтардың көбі ауызша жеткен. Кезіндеге қағазға түскен деректер сирек. Шынында да осыдан екі мың жыл бұрынғы оқиғалар, адамдар туралы шындықты кім дәлме-дәл айта алады. Қөптеген мәселелер болжам, пәлен айты, түген айтты деген пікірлерден құралған. Бұл тек Анахарсиске ғана қатысты смес, ол Фалес, Солон Афинскийге де қатысты.

Анахарсис уақыт сарабынан өтіп, мәңгілікке айналған жан. Ойлаймын, егер де ол Скифияда тумай Палестина немесе Таяу Шығыстың бір елінде дүниеге келсе, сөзсіз Библияда және Құранда да пайғамбарлар сана-тында жүрер еді. Бұлай деп отырғаным, Анахарсисті тарихтағы ұлы тұлғалармен салыстырсам, оған тенденс келетіні — Файса. Екеуінің ұқсастық жағы мол. Жас мөлшері де шамалас. Анахарсистің жасын дәп басып айту қын, әйтсе де акмәге, яғни қырық жасқа жетпегені анық. Ол, сірә отыздың шамасында қаза болғанға ұқсайды. Геродот оны өлтірген кісінің де есімін атаған. Сондықтан оның жас кезінде кісі қолынан қаза тапқағы шындық болса керек. Файса да кісі қолынан отыз үш жасында қаза тапқан. Екеуі де адамзатқа жаңа өмір ұсынған, қазіргі тілмен айтсак, бұлардың екеуі де демократтар. Сонымен қатар бұлардың бір-бірінен айрымашылықтары да бар. Біріншіден Анахарсис Файсадан бес ғасыр бұрын өмір сүрген. Демек, замандары бөлек. Екіншіден, Файса мәдени ортада өмір сүрсе, Анахарсис заманы өзгешелеу болатын. Сақтар кезінде негізгі мәселе өнер, білім емес, соғыс өнеріне үйрену болатын. Айнала жау. Қала салып отырықшылдыққа көшпеген жүрттың басты қамы күнкөріс еді. Үшіншіден, ерекшелік олардың дүниетанымында. Файса, оның ізін қуушылардың айтуыша, дүниені тану құдай жолы арқылы болмақ десе, Анахарсис дүниені тануға құдікпен қара-

іап. Еуропалық философиядағы түсінікпен айгасақ, ол — скептик. Әдетте, скептицизм ғылым-білім молығып, олардан шығар нәтиже көңілге қонымды болмағанда қалыптасатын философиялық сана. Ал, сақтар заманында қайдағы тұнып тұрған ғылым мен білім Скептик болса Анахарсис емес, Файса болса керек еді. Қанша дегенмен Файса өмір сүрген заманда ғылым мен білім біршама жетіліп қалған болатын.

Файса дүниетачымы сенімге, Анахарсис дүниетанымы күдікке құрылған. Сенімге негізделген дүниетаным әмандада шектеулі: ол көпшілік, тобыр үшін керек. Ал Анахарсис сенімге құл болмаған. Біз сенімге күдіктенушілікті Абай дүниетанымынан да табамыз. Ұлытар сенімінің құлы емес, керісінше, олар сенімді киаратушы, оны жоюышылар. Ұлытар ойы ноктасызы, шексіз. Сенімге құрылған дүниетаным идеологиялық форманы, ягни ортодоксияны қажет етеді.

Анахарсис заманында христиан, ислам діндері дүниеге әлі келмеген. Буддизм де сақтар мікеніне тарай қоймаған. Ғұлама өмір сүрген заманда әлемдік діндер қалыптаспаған еді. Бірақ Тәңір деген үғым болса керек. Тәңірге сиыну сенім емес, дін емес. ол Адам мен табиғаттың арасындағы үйлесімділікті мойындағандық. Тәңірді мойындау адам еркін шектемейді. Тәңірге көзқарас өзіне қарама-карсы түсінікті қажет етпеген. Себебі, тәңір деген табиғат, ол өмір сүру үшін қажетті жағдай. Тәңір табиғаттың өзінен туған түсінік. Оны табиғаттың синонимі деп те қарауға болады. Адамның табиғаттың өзіне табынуы бір жағынан қарапайым натуралистік түсінік болса, екіншіден өзінен тыс рухты іздеу, оны субъект ретінде қабылдау дерексіз ойлаудың жемісі.

Тәңір дегенді объективтік идея ретінде қабылдау ғажап кеменгерлік. Бұл асқақ идеяға қалай жеткен. Меніңші бұл идеяға Анахарсис сиякты ғұламалар келуі ықтимал. Тәңір идеясының авторы болғы да занды. Мысалы, объективтік идеяны философияда дәлледемекші болып, көп кітап жазған атақты грек ғұламасы Платон Анахарсистен үш жұз жыл кейін өмір сүрген. Бұл жерде тагы, міндettі түрде айтып кететін жай Платон сақ ойшылы Анахарсисті өте құрмет тұтқан Менің ойымша мұнын бірнеше себебі бар. Біріншіден, Анахарсис Афинадағы саяси реформатор Солонмен дос болған. Ал, Солон Платонның шешелері жағынан туысқан. Демек, Анахарсис туралы әңгімелер Платонның отбасында ай-

тылып отыруы өте ықтимал. Екіншіден, Платон өзінің объективтік идеясын парсылардың діні зорзостризм ықпалымен құрастырған деген болжам бар, ал біз Платон бұл идеясын сақтар дүниетанымың негізінде қалыптастырған десек, оны кім қалай жоққа шығарады. Себебі, сақтардың ойшылы Анахарсисті Платон өте жақсы білгені анық тарихи дерек.

Анахарсис туралы басылым беттерінде кейінгі кездерде біраз материалдар жарық көрді, бірақ сонда да сақ ойшылы туралы қысқаша түсініктеме беріп кете лік.

Анахарсис есімін елімізде шыққан бес томдық философия энциклопедиясынан, философиялық энциклопедиялық сөздіктен, философия тарихының окулықтарынан, тарихи энциклопедиядан іздең таппайсыз. Оны тек философия, тарих ғалымдары үшін түпнұсқа болған көне авторлардың еңбекгерімен танысқан адам ғана Анахарсис деген философ, ғұлама болғанын анықтай алады.

Анахарсис есімі гректің данышпан философы Платонның (б. э. б. 427—347) еңбектерінде кездеседі. Ол «Мемлекет» деген еңбегінің оныншы кітабында тарихшы Гомер, философ Фалес және Скиф Анахарсис туралы айтқан (Платон. Шығармалар, З-том, I тарау, М, 1971, 427-бет). Осы кітаптың 642-бетінде Анахарсис туралы мынандай түсініктеме берілген: «Анахарсис аты азыға айналған скиф, Грекияға саяхат жасағанда Солонмен кездесіп, соның ықпалында данышпандығымен атағы шыққан. Ол туралы Геродот ұабарлайды» делінген Гректер қазіргі біздін территорияны мекендеген халықтарды ортақ атпен скифтер десе, парсылар сактағ деген.

Ендігі жерде әңгімені «тарихтың атасы» Геродоттан бастау қажет болады:

«Дарийдің жорық жасаған елдсрінде, Евксинский понт (Қара теңіз — F. E.) жағалауындағы скиф тайпаларың айтпағанда, тұрпайы тайпалар өмір сүрген. Понттың солтүстік жағалауында ешбір мәдениетті тайпа болмаған, тек қана атакты скиф Анахарсисті атамағанда» (Геродот. История. М, «Наука», 1972, с. 198).

Сонымен Анахарсис Қара теңіздің солтүстік жағында өмір сүрген скиф тайпаларының бірінен шыққан.

Кезінде Анахарсис туралы Геродот көптеген азыз, әңгімелер естігенге, білгенге үқсайды Себебі, ол оның кім болғанын, Грекияға қалай келгенін, есімін, ата тегін

ашып берген. Геродоттың баяндауынша, Анахарсис скиф цағшасы Иданфаристің экесінің тұган ағайыны. Ал Иданфарис болса Персия патшасы Дариймен соғысқан скиф патшасы. Бұл тарихта белгілі есім. Иданфаристің экесі Савлий Анахарсистің ағасы ма, не інісі ме, ол жері ашылмаған.

Анахарсисті атып өлтірген де, осы, өз туысы. Бұлардың экесі Гнур, ол да скиф патшасы. Оның экесі Лик, оның экесі Спар-гапиғ агафирстар патшасы.

Жоғарыдағы Платон да өз заманында естігенін айтЫП отыр. Платон заманында Фалес пен Анахарсистен жазба мұра болды ма, жоқ па, анықтау қыны. Мүмкін болуы да. Олардың есімі азыздарда ғана сақталған. Негізгі дерек — азыз, әңгімелер. Бірақ олар әншейін ойдан тумаса керек. Анахарсис туралы Платонның естүі заңды. Себебі, Платонның шешесі атақты Солонның тұқымы. Диоген Лаэртскийдің баяндауынша, Солон мен Анахарсис дос болғанға үксайды. Ол жөнінде мынандай азыз бар: «Ол Афиныға Евкрат архондығының 48-олимпиадасына келген... Гермилтің айтуынша, ол Солонның үйіне келіп, қызметші құлға: «кожайынға айт, алыс скиф жерінен Солонға қонақ әрі дос болуға Анахарсис келіп тұр де»,— дейді. Солон құл арқылы жауап қайтарып: «Әдетте досты адам Отанынан іздейді»,— дейді. Бірақ, Анахарсис қолма-қол тапқырлық жасап; «Енде-ше Солон өз Отанында неге дос іздемеске?!

Әрине, бұл Солонмен Анахарсистің алғашқы жолығы жайлы азыз. Қоңе оқиға. Шындығында да Солон мен Анахарсис бір-бірін сыйлап өткен. Ол туралы Аристотельде де айтылған. Ал Лукианның айтуынша, Анахарсистің еліне оралуына басты себеп Солонның дүниедең қайтуы (Лукиан. Шығармалар жинағы, М., 1935, 95—101-беттер).

Платон Фалес пен Анахарсигің өнертанқыштық қасиеттерін де жоғары бағалайды. Фалестің гылымдағы еңбегі әбден белгілі. Ол қазіргі мәндегі гидроинженер болған, Құннің тұтылуы себептері туралы зерттеген. Ал Анахарсис туралы — ол кеменің зәкірін ойлап тапқан деген сөз бар (Диоген Лаэртский, 96-бет).

Платонның Анахарсис жайлы пікірі тым жоғары. Ол «Протагор» деген еңбегінде оны «Жеті ғұламаның» бірі деп санаған.

Анахарсис есімі Аристотельдің еңбектерінде де кездеседі. «Аналитиканың» екінші кітабының үшінші тауруына Аристотель нақтылы заттың барлығын дәлелдеуден осы заттың неге бар болуы туралы дәлелдің айырмашылығы жайлы айта келіп былай дейді: «Анахарсистің айтуынша, скифтерде флейтаның болмауы оларда жүзімнің жоқтығынан» (Аристотель, Шығармалар, 4-том, 281-бет), — деп мысалға алады. Анахарсис скифтерде флейтаның жоқтығын, скифтердің жүзім өсірмейтіндігіне байланысты екенін айттып отыр. Жүзім жок, яғни шарап жок. Демек, флейтаның да қажеті жок. Бар нәрсені білу мен оның неге барлығын білу, біркелкі түсініктер емес. Аристотель өзінің осындай логикалық топшылауларында Анахарсистің кезінде кең тараған қанатты сөзін дәлел ретінде пайдаланған. Аристотель «Никомахова этикасы» деген еңбегінің оныншы кітабында тағы да Анахарсис айтты деген пікірге сүйенген. «Игі істер атқару мақсатында көніл көтеру дұрыс, себебі көніл көтеру—демалыс, ал үчемі үзліксіз жұмыс атқаратын адамдарға демалыс өте қажет» (Аристотель, Шығармалар, 4-том, 280-бет).

Озінен әдеби мұра қалмағаннан кейін Анахарсисгің дүниетанымын анықтау қыны. Ал, Фалсті сөзсіз материалist деп жүрміз. Алайда, Анахарсисті скептистер қатарынан іздеген, сірә, жөн болар деген ойдамыз. Оған бір дәлел — біздің жыл санауымыздан бұрын III ғасырдың екінші жартысында, II ғасырдың басында өмір сүрген, мамандығы дәрігер, көне грек философи, скептик Секст Эмпириктің еңбегі. Секст Эмпирик Анахарсистің еңбектерін ариайы сөз еткен, талдаған. Философия тарихында Секст Эмпирик скептицизм идеяларын өзіне дейінгі бір жүйеге келтіруімен қалған ойшыл. Оның мына бір пікірін келтірейік: «Қоңтеген ойлар, ілімдер жел айдаған қаңбақтай, еш жүйесіз әлемде жүйіткүде. Бірақ, қазіргі кезде мынандай қорытындыға келуге болады. ... үш бағытты аңғаруга болады. Бірінші — өлшемдер ақылда сакталуы керек, қарсы бағыттылар — санасыз әрекеттерде де болады десе, үшіншілер — жоғары екеуімен де келісіп, өлшемдер ақылда да, санасыз әрекеттерде де болады деседі. Өлшемді жоққа шығарғандар: Ксенофон Колофонский, Ксениад Коринфский, Анахарсис Скифский, Протагор тағы басқалар» (Секст Эмпирик, 2 томдық шығармалары, I-том, 69-бет).

Секст Эмпирик Анахарсиске біршама философиялық талдау жасаған. Оның пікірінше, Анахарсис — скептик.

Себебі, ол ақиқат өлшемін жоққа шығарады. Бір нәрсе туралы бір саладағы мамандар әңгімелессе де, әр түрлі мамандар пікір таластырса да ортак бір қортының келе алмайды, себебі өз ісінің маманы бұл істе дилетант, ал сонымен бірге біртекті мамандар да келісімге келе алмайды. Оның себебі, бұларға төреші болатын адам керек. Айтысқа түскен адам бір мезгілде айыптаушы және айыпталушы. Оның әрқайсының сөзі шындық әрі шындық емес. Демек, ақиқат өлшемі жоқ. Жыл санауымызға дейінгі V—VI ғасырларда осы бағыттағы айтыстардың болуы, әрине, таным талпынысына туған. Әңгіме сенім туралы болып отыр. Егер Анахарсис ақиқаттың өлшемі жоқ деген ұғымға әбден келген болса, ол мистикалық көзқараста болмағаны. Құбылыстың себептерін іздең, оған сенімсіздікпен қарау көне заман үшін алдыңғы қатарлы ой-пікірлердің үшкіны. Анахарсис пен Сократқа дейінгі өзге де грек ойшылдары туралы бірден-бір құнды еңбек неміс ғалымы Г. Дильтстікі. Бұл еңбек орыс тіліне әлі аударылмаған.

Анахарсис туралы арнайы сөз көзғаган философың бірі Лукиан. Ф. Энгельс өз кезінде бұл ойшылды «көне заман Вольтері» деп өте жогары бағалаған. Лукиан Македонияда болғанда Филиппоподе қаласының зиялыштарының алдында сөз сөйлеп, қазіргі тілге айналдырасқ лекция оқыған. Сондағы сөздері: «Скиф, «Геродот», «Зевксис». Бұл сөздерде (Скифте) көптеген тың дерек бар. Оның айтуынша, Афиныға ең бірінші келген скиф Анахарсис емес, одан бұрын Токсарид деген емши-скиф болған. Ол туралы да грек жүртynда аңыз бар. Лукианның айтуынша, Анахарсистің Афины қаласына келгендері тұңғыш кездескен адамы—осы Токсарид. Ол жас скифті Солонға жолықтырып жақындастырады. Бұл кезде Солонның егде тартқан шағы болатын. Солонның қамқорлығының арқасында Анахарсис грек жүртynна аты мәшhүр ғұламаға айналды (Лукиан. Шығармалар жинағы. М., 1935, 95—101-беттер).

Анахарсистің көркем бейнесі Плутархтың (б. э. д. 40-жылдары туып, шамамен 120—125 жылдары өлген) «Жеті ғұлама сауығы» деген еңбегінде жасалған. Бұл шығармада тарихтан ауытқушылық бар, сондықтан көркем шығарма ретінде қарастырған дұрысырақ болар. Себебі, Плутарх, өз ойынан алып, тарихта болмаған адамдарды да косқан. Мұндағы «Жеті ғұлама» — Фалес, Солон, Периандр, Питтак, Биант, Хилон, Клеобул. Сауықта осылармен бірге Анахарсис те болған.

Сауыкты үйымдастырган Пернандр. Ол өзі ауқатты, іо ында билігі бар адам болғамен, сауыкты өте қарапайым түрде өткізген. Тіптен, әйелінің қымбат әшкесейлерін гаққызыбай, қарапайым киім кигізген. Себебі, сауыққа шығатындар, сән-салтанат, қошемет, сәндік, молшылық іздейтіндер емес, өңкей ғұлама болатын. Олардың басы қосылғанда, әрқайсы өз ойларын айтып, диалог ретінде әңгіме құратын. Бұл бір жағынан білім салыстыру болса, екінші жағынан қоғамдық ақыл-ойды жетілдірудің бір түрі. «Жеті ғұламаның» Амасис патшаға берген мынандай «ақыл-кеңестері» бізге жеткен:

Бірінші сөз алған Солон: «Менің пікірімше, егер өзі мен үкімет билігін халық билігіне айналдыра алса гана, ол патшаның даңқы артады», — дейді.

Екінші Биант: «Ол сонда ғана заңға бағынудың үлгісін жасайды», — дейді.

Одан кейін Фалес: «Патшаның бақыты сол, егер оның жасы жетіп, өз өміммен өлсе», — дейді.

Төртінші Анахарсис: «Онда оның барлығынан ақылды болғаны», — дейді.

Бесінші Клеобул: «Ол қасындағылар сөзіне ермей тін патша», — дейді.

Алтыншы Пигтак: «Олай болғанда бағыныштылар озінен қорықпайды, өзі үшін қорқады», — дейді.

Жетінші Хилон: «Патша ойы өлім туралы емес, мәңгілік туралы болуы керек», — дейді.

Ең соңынан Пернандр сөз алды: «Бір нәрсе ескерікім келеді: «Осы айтқандардың бәрін ақылмен қорықкан адам биліктен қол үзуі қажет», — дейді (Плутарх, Шығармалары. М., 1983, 369-бет). Плутарх шығармасында осы тәріздес бірнеше диалогтар көлтірілген. Анахарсис соның бәріне қатысып отырған.

Плутарх шығармасын толығымен айна қатесіз тарихи құжат ретінде карастыру киын. Оның өз жанынан қосқаны да жоқ емес. Атайды, «Жеті ғұлама сауығынан» сол заман тынысы аңғарылады, сонымен қатар Анахарсистің ортасы бейнеленген. Біз Анахарсисті «Жеті ғұламаға» қоса алмаспаз, бірақ оны «Жеті ғұламағыз» түсіну, танып білу де мүмкін емес.

Плутархтың айтуыша, көне заманың атақты маєриалисті Фалестің Анахарсис туралы пікірі өзінде жоғары болған.

Анахарсис туралы іздеген адамға тың деректер табылуы әбден мүмкін. Эсіресе, орыс тілінде аударылмаған көне грек авторларының сибектерінде біраз сыр бар бо-

лар деген ойдамыз Себсбі, «Жеті гуламаға» қатысты айылған жайларда Анахарсис есімі қоса жүріче еш таңқалуға болмайды.

Колымыздың бар әдебиет ішінде скиф ойшылының есімі Мишель Монтеннің «Тәжірибелерінде» екі рет ұшырасады. Орын бірінші кітабының ағы «Біздің арамыздығы тенсіздік» (Мишель Монтең. Тәжірибелер. М, 1981, 24-бет) Скиф тайпасынан шықкан ғұлама туралы еңбек 1979 жылы «Мысль» баспасынан туцғыш рет орыс тіліне аударылып жарық көрген.

Диоген Лаэртскийдің «Атақты философтардың өмірлері, ілімдері, нақыл сөздері туралы» деген кітабында Анахариске қатысты қоپтеген мағлұмат бар. Мұнда да оның Солонмен тос ботғағы айылған. «Жеті данышпан» імгер теген бітпес дауга Диоген Лаэртский де қатысан. Оның тұжырымынша, төрт ғұлама туралы тағас жок: олар Фалес, Биант, Питтак, Солон, ал қалған үшеуін мынандай алты ғләм ішінен таңдал алу керек: Олар Аристодем, Памфил, Хилон, Клеобул, Анахарсис, Периандр. Гермипп «Ғұламалар туралы» деген кітабында он жеті адамның атын келтіреді: Солон, Фалес, Питтак, Биант, Хилон, Мисон, Клеобул. Периандр, Аристодем, Пифагор, Лас Гермионский, Хармантида жөнс Лиаксагор т. б.

Диоген Лаэртскийдің жоғарыда ағы аталған кітабына жазған алғы сөзінде белгілі кеңес философы А. Ф. Лопесев «Жеті ғұлама» туралы үзілді-кесілді пікір айтқан, оның ішінде Анахарсис жоқ. Мәселе Анахарсистің «Жеті ғұлама» санатында міндettі турде болғанында емес, байқап отырған шығарсыздар, оның атын іюне заман даңышпандарымен үнемі бірге аталуында. Осы жайлар философия тарихында Анахарсистің үлкен орын алатындырының дәлелі. Қазылып қалған «мұра» туралы әңгімеге келсек, «Жеті ғұламаның» көбінен еш жазба сибек қалмаған. Отаң айты деген сөз көбінесе ел аудында аңыз күйірде сакталған. Сондай азыздардың бірі шешендік әнері туралы. Грекия елінде Анахариске қойылғач ескерткіш бар. Онда «Басқа пәле тілден» теген мағыната сөз жазылған Диоген Лаэртский кітабында Анахарсис айты теген мынандай қачатты сөзлөр кездеседі: «Қалайша маскунем болмауға болады» дегениң, көз алдында маскунемнін түркы тұрса болғаны; аллиншер ісіне таңқаласын, олар басбұзарлыққа карсы заң шығарғанмен, бірін-бірі үратын спорт сайыпкерлөрінде сыйлық береді», «Кемелдердің тәқтайның қалиң-

дығы төрт елі скептін білген кемедегілер өлімшен де төрт елі ғана жерде». Анахарсиске: Өлі көп пе, тірі көп пе? — деген сұрақ қойса: «Ал, теңізде жүзіп жүргендерді қайсына қосамыз!» — деп қайтара сұрақ қойған екен дейді. Бір афиндік оны «жабайы тәғы елден келгенсің!» деп мазасын алған соң: «Мен үшін менің елім масқара, ал сен өз еліңнің масқарасысың», — депті. Осындай Анахарсис айтты деген сөздер көп. Анахарсистің шешендердің Элладада кең таралғанының белгісі ретінде «Скиф осылай сөйлейді» деген мәтеп сақталған.

Диоген Лаэртскийге сүйенсек, Анахарсистің 800 жол өлеңі болғанға ұксайды. Бұл өлеңдердің үзінділері «Латинская антология» деп аталатын көне грек ақындарының шығармалар жинағынан табылып қалар ма деп ойлаймыз. Бұл антология жыл санауымыздан II ғасыр бұрын басталып, Византия дәүіріне дейін жазылған. Орыс тіліне ықшамдалып, 1985 жылы «Греческие эпиграммы» деген атпен жарық көрді. Бұл басылымдарда Анахарсис деген ақын жоқ. Сондықтан аударманы емес, түпнұсқаны қарау керек. Себебі, ол өлеңдерде скиф тұрмысына катысты салт-дәстүрлер баяндалған. «Латинская антологияда» Анахарсис өлеңдері болуы мүмкін деуімізге сол антологиядан алынған мына өлең негіз болады: «Ұзак сапардан соң Анахарсис Скифияға оралып, өз тумаларына эллиндер тұрмысын үйрете бастады. Бірақ, іс атқарып, сөзін аяқтағанша окқа үшін, мәңгілік өмір сурушілер қатарына қосылды (Диоген Лаэртский, 95—96-беттер). Бұл жолдардан мынандай қорытынды жасауга болады. Грекия мен Скифияның арасында тек саңда, мемлекеттік катынас қана емес, рухани байланыстар да орын алған. Анахарсистің қаза болуы Грекияда белгілі болып, от турагында тараган. Грек ақындары өлеңдер арнаган Скифия мен Грекия арасындағы рухани мәдениет тарихы өлі түбекейлі зерттелмеген

Солон дүниеден өткен соң Ачахарсис Грекиядан еліне, Скифияға қайтады Лукнанчың айтуынша, Анахарсис еліне мүлдем кайтпауы да мүмкін еді, сірә Солон өлгеннен кейін Элладада Анахарсис үшін қолайсыз жағдай гуса керек. Бірақ, туған елінде де оны бакыт күтіп тұрмап еді. Геродоттың айтуынша, Анахарсистің грек әдет-дәстүрін сақтағаны үшіл өз туысы Савлий патша атып өлтірген. Бұл жерде Геродотпен толық көлісуге болмас. Анахарсисті туысының атып өлтіруінің

мәні тереңде. Мәссле тек қана грек әдет-салтында емес, ол сылтауға.

Анахарсис гректің атақты заң жүйесінің реформаторы Солонмен дос болған, олай болса, оның идеяларын скифтердің мемлекеттік тұрмысына енгізуге талпыныс жасауы әбден орынды. Сірә, шындығы, Анахарсис өзі көріп, оқып, үйреніп келгенін жүзеге асырғысы келген болуы керек. Ондай өзгерістер Скиф мемлекетінде қалыптасқан басқару жүйесін сезсіз өзгертуге, тіптен бұзуға әкелуі мүмкін. Оған скиф патшасы көне қоя ма?! Біздің болжауымыңша, Анахарсистің қазасының басты себебі, өмір тәжірибесі, оның ақылы, данишпандығы болды. Оның өлімі Ұлықбектің өліміне ұқсас. Скиф мемлекетінде — туған жерінде қаза болуы занды. Қайта елге оралып, ұзақ жасап, табиғи түрде дүниеден қайтса, таңқалуга болар еді. Анахарсис Грекиядан алған білімін жүзеге асыруға жалғыз кірісті. Ол скиф тайпалары ортасында мүмкін емес болатын. Сондықтан да Анахарсистің өлімінің себебі түсінікті. Анахарсистің туыстары (патша әuletтері) оны тек өлтіріп қана қойған жок, оның есімін атауға тыйым салған. Оның тарихта аты қалуы Грекиядағы пікірлестері арқасында ғана. Геродот «скифтерден Анахарсис туралы сұрасақ, ондай адамды білмейміз», деп жауап қайгарады дейді.

Соған қарағанда Анахарсис Скиф патшалығына аз зуре салмағанға ұқсайды. Алдыңғы озық-ойлы адам тарихта үнемі «үстем таптарға» үрей беріп отырғапы мәлім. Сондай адамның бірі — философия тарихында, оқулықтарында әлі өз орнын алмаған көне заман ғұламасы Анахарсис Скифский.

Тұсының атқан садақ жебесінен қансырап өлгелі жатқанда Анахарсис: «Элладада мені ақыл сактаса, туған жерімде қызғаныш құрбаны болдым» деген екен.

«Жеті ғулама және Анахарсис» деген мақалам 1992 жылдың 14 ақпанында «Алматы ақшамында» жарық көрді. Сейтіл, Анахарсис Скифский деген атын тарихта қалған ғулама кейін жоқтаушыларын тапты, есімі қазақ слінде қайта жаңғырды.

Мақаланы жүртшылық жылы қабыл алды. Бірақ зиялды қауым Анахарсисті «қазактандыру» жағына келгенде тосыла берді. Қара дурсіндікке салынып «қыыннан қыстыра салу» — гылымға жат тәсіл. Айғакты нақтылы дәлел болуы керек. Дәлел болмағандықтан Анахарсисті өзіміше бүрмалап қазакшалауға тырыспады. Анахарсистің Скифский аталуы, сақ елінің азаматы болғаны

жеткілікті еді. Скиф, сақ дегендер біздің тұптамырымыз еkenі де тарихтан белгілі.

Сонымен, негізінде Платон, Аристотель сияқты философтар мойында оның беделіне бас иген Анахарсис Скифскийдің өз бабамыз екендігі анық. Оны Майқы Мәп баласы «Анарыс» деп атаған. Мүмкін оның шың есімі Анарыс шығар. Анахарсис деген латынша аталаған есім болуы мүмкін.

Анарыс деген сөз түркі тілінде екі компоненттен құрылған. Аң-арыс. Скиф, сақ өнерін зерттеушілердің қолтума шығармаларында андардың бейнесі ерекше орын алған. Сондыктан Анарыс деген сөз құлакқа тосын естилмейді. Эрине, бұл болжам Анахарсистің Майқы би айтқан Анарыс еkenі рас болса, сөздің түп төркінін (этимологиясының) тіл мамандары ашар.

Біздің айтарымыз, Анахарсис қазақша айғанда Анарыс болса керсік. Майқы бабамыздың айтқанын әзірше жоққа шығаратын дәлел жоқ. Олай болса, Анахарсис — Анарыс біздің бабамыз, ол бізге өз үрпағына екі мың жарым жылдан соң танылып отыр. Оның аруағына бас иіп аты өшпейтін істер атқару керек. Орта ғасырда Еуропаның елінде «Жас Анахарсистің басынан кешкендері» деген роман жарыққа шыққан. Сол шығарманы қазақ тіліне аудару кезек күттірмейтін істердің бірі.

Қысқасы, Анахарсисті тану ілімін жолға қойған жөн. Қазір оның есімін ешбір әнциклопедиядан, ешқандай философиялық сөздіктен таптайсыз, онымен достасқан, дәмдес болған Солон Афинский, Фалес Мiletскийлер бар да, Анахарсис есімі атамайды. Сірә, оған кедергі болған К. Маркетің бір ауыз сөзі болса керек. Ол: «Скифиядан Анахарсис деген бір философ шыққан, бірақ оған қарап Скифияда өркениет болды деп айта алмаймыз»,— деген еді.

Егер К. Маркс айтқаңдай, Скифияда өркениет болмаса, онда Анахарсис сияқты ғұлтама қайдан шыққан. Тақыр жерге шөп шығуышы ма еді. Демек, К. Маркс өзіне-өзі қайши келіп отыр. Сірә, оның ғұлай деуіне өзгеше бір себептер болғанға үқсайды. Тарихта Скифтердің жаугершілік жасап қырғын салғаны да анық. Олардың пайғамбар жұртына жасаған қысымшылығы да аз болған жоқ. Жұмыр басты пенде К. Маркс соның бәрін есепке алды ма деген пікірдемін. Эйтпегенде тағы халықтан аты әлемге әйгілі ғұлтама шығуышы таң қалатын іс емес пе?

Түркі әлемінің келесі кемеңгер ойшылы Иоллығтегін.

Ұлттық мәдениетіміздің бастау-бұлағының бір арнасы «Орхон» ескерткіштерінен (VII—VIII ғг.) басталады. Бұл топтамаға «Құлтегін» және «Тонықөк» жырлары жатады. Әңгімеге өзек етіп алып отырган Иоллығтегін осы «Құлтегін» жырының авторы. Әрине, VIII ғасырда дүниеге келген шығарманың авторын нақтылы анықтау онай іс емес. Біздің сүйенетін дерегіміз «Құлтегін» (бірінші жыр) жырының соңында «Бұл жазуды жаздырғаның аты Иоллығтегін» — деген анықтама. Тасқа басылған дерекке сенбеуге, оны теріске шығаруға біздің қарсы дәлеліміз жоқ. «Құлтегін» жырының авторы Иоллығтегін деп санаймыз.

Бұл пікірден мынандай мазмұнды қорытындылар жасаймыз. VII—VIII ғасырларда өмір сүрген бабаларымыздың жазба мәдениеті (авторы белгілі) болған. Демек, мұндай мәдениеті бар елдің әлемдік өркениетте алатын орны да ерекше болса керек.

Жазба мәдениетінің іргегасы — алфавит. Ал төл алфавиті болу деген сөз, сол халықтың болмысты (дүниені) эстетикалық және математикалық түрғыда інгеруінің, тануының жоғарғы інтижесі деп білеміз. Математикалық санасты жетілмеген халық алфавит құрастыруға дәрменсіз. Болмысты есептеу жүйесі арқылы менгере бастағанда таңбалар деген түсінік туады. Әріп таңбасы ойлаудың нақтылығына, әрі Әлімсақтан қалыптасқан. Адам адам болғалы ойлаудың екі-ақ түрі болған, олар образды ойлау және математикалық ойлау.

Әлемде тарихқа төл алфавитімен енген халықтар санаулы Еуропаның бүгінгі өркениетті атап отырган бірде-бір халқының өзінің төл алфавиті болған емес. Түркі алфавиті қайдан, қалай шыққаны туралы талас көп, бірақ бұл түркілердің төл, тұма дүниесі деген пікір дәлелдірек секілді, Әрине, біз бұл жерде түркілер томаға түйік күйде, ешкіммен араласпай, мәдени байланысқа түспей, өздері алфавит ойлап тапты деген ойдан мүлдем аулақпаз. Мәдениет ешқашан да томаға түйік күйде дамымайды, ол синтездік құбылыс.

Жырды жаздырған Иоллығтегін деп отырмыз, демек VII—VIII ғасырларда түрік қағанатында авторлық дәстүр болған. Авторлық дәстүрдің болуы мәдениетті елге тән. Жеке адамның қасиетін құрметтеу сияқты адамгершілікке бастайтын тәрбие жүйесінің барлығын растайды. Иоллығтегін өзінің авторлық хұқығын тасқа

бастырып үрпақтарына мұра етіп қалдыруы соның айғағы.

Авторлық ұқы жайында айтсақ, мынандай скі мәселе туралы ойланған жөн. Бірі объективті мазмұндағы түсінік, яғни сол заман шындығы (түркі қағанатының тарихы, Құлтегін туралы жыр т. б.), екіншісі автордың өзіндік субъективтік түсінігі, яғни Иоллығтегін дүниетанымына қатысты сөз.

Тарихнамада түркі мемлекеті 552 жылы құрылып, 745 жылы ыдырады деген дерек бар. Аспан астында мәңгілік ис бар. Түркі қағанатының ыдырауы да заңды еді, бірақ скі ғасыр өмір сүрген бұл қағаннattan тасқа басылған сөз қалған. Соның елеулісі «Құлтегін» жыры.

Жырда Құлтегін Білге қағанның інісі. Иоллығтегін Білге қағанның баласы. Бастьрынан бақ, дәулет тарқамаған бұлар ұлы өулеттің үрпақтары. Иоллығ есім болса, «тегін» таққа мұрагер, орысша айтқанда «царевич» деген ұғынды береді. Демек, ол тек жыршы, ойшыл гана емес, так мұрагері, саяси қайраткер.

Түркі мәдениетін зерттеуші ғалымдардың пікірінше Иоллығтегін 739 жылы өз ажалынан қайтыс болған, ал жырды 732 жылы жазған. Бұл түркі қағанатының мыным кезі болғанымен, империя болмысына дерт кіре бастағаны белгілі болған еді. Бәлкім осы жай саясаткер Иоллығтегінге Құлтегін батыр қазасына арнал сөз жазуга ой салды ма екен? Құлтегін батыр 684 жылы туып 731 жылы 47 жасында дүниеден өткен. Осы қаза әсіресе Білге қағанға қатты әсер еткен, аза тұтқан. Сірә, жырдың Білге қаған атынан жазылуы да содан болар?

Иә, атақты әскери қолбасшы Құлтегіннің ажалы Түркі қағанатына ауыр сокқы болды. Жырда Құлтегіннің қағанат әміріндегі орны туралы айтылған. Бірақ жыр неге Білге қаған атынан жазылған деген сұрап тууы мүмкін. Сірә, соның себебі, біріншіден, Құлтегіннің қазасы ең алдымен Білге қағанға ауыр тисе керек. Өзінің таққа отыруына бірден-бір себеп болған інісі Құлтегін еді. Ол тек жақын туысы ғана емес, он қолы, әскери қолбасшысы. Екіншіден, Білге қаған Иоллығтегіннің әкесі, демек, «әке тұрып, ұл сөйлегеннен без» демекші әдел сақтау болуы да ықтимал. Үшіншіден, бұл Құлтегіннің жеке басына ғана арналған азалы сөз, әншайін жоқтау емес, түркі қағанаты туралы ханның, ел басшысының толғауы, Құлтегін сияқты батырдан айрылған халықтың халі туралы сөз.

Қаған әкесі атынан тасқа қашатып сөз жаздырган.

Йоллығтегінге әдептегідей жылнамашы (летописец) деп қарауға болмайды. Ол тарихи оқиғаларды тізе бермей, заман, қоғам туралы өз тұжырымдарын жазған. Оның осылайша іс етуіне өскен ортасы, атақ дәрежесі, алған тәрбие-білімі, көрген-түйгөні бәрі сай, жырда баяндалған оқиғалардан ол сырт тұрған бетен көз емес, осы қыяялардың кәдімгі кейіпкерлерінің бірі.

Йоллығтегін тұркі жүртының зор қағанат (империя) болып қалыптасуының, оның бір жағдайда әлсіреуінің, одан Білге — Қултегін тұсында қайта көркеюінін себептерінен әбден қанық. Йоллығтегін себел пен салдарды айыра, ажырата білетін ойшыл, ол VIII ғасырдағы оқиғаны жеткізуші көне кез ғұлама. Себеп, жыр 732 жылы жазылған деген дерек бар, ал Тұркі қағанаты 13 жылдан кейін, яғни 745 жылы ыдыраған. Демек, қағанаттың ыдырауы, дерті басталған кез. Ол дертті кім айырмакшы, кім білмекші? Қағанатта ондай адамдар бар, соның бірі — Йоллығтегін. Осы жырды жазудың да бір мәнісі үрпаққа өсіег сөз қалдыру. Құндердің күні из болары Тәңірге ғана мәлім. Алдыңғы қатер туралы Йоллығтегін «Аштықта тоқықты түсінбейсің, бір тойсаң аштықты түсінбейсің»,— деп толғанысқа түскен.

Йоллығтегіннің дүниетанымы қағанаттық (империялық) ойлау жүйесіне құрылған. Оған объектівтік негіз бар. Тұркі қағанатының бір шоті Керч (Боспор) жақта болса, екінші шекарасы Эмудария, Иранға, Румге шектесіп жаткан. Мұншама зор мемлекетке тән сана формасы империялық болуына еш таң қалуға болмайды.

Бұл Еуразиялық мемлекест кезінде саясатта шешуші рөл атқарған. Сондыктан да Йоллығтегіннің бағынбағандардың:

Бастарын идіріп,
Тізелерін бұкт рді. —

деуі орынды.

Қағанаттық (империялық) сана тұркі тілдес халықтардың дамуына мықты негіз болды. Менін топшылауым бойынша, кейінгі X—XII ғасырдағы Орта Азия мен Қазақстан өңіріндегі ғылыми, мәдени жетістіктерге бастама болған осы түрік қағанатының болмысы. Олай деуге толық себеп бар. Орхон ескерткіштерін зерттеуші орыс ғалымдары түркілер тарихқа темір қорытуышлар болып енген, дейді. Олар Ергене Қон деген жерде (Алтай тауының қойнауында) Жүжандықтар езгісіне қарсы көтеріліс ашып, 552 жылы Бұмын өзін қаған сайлап, дүниеге тұркі мемлекеті келген.

Жеңіске жетудің бір негізі түркілер ұста халық болып, темірді жете менгеруде еді.

Түрік қағанатын зерттеуші С. Киселев өзінің «Древняя история южной Сибири» деген 1951 жылы жарық көрген еңбегінде: «ертедегі түріктер темір, алтын, күміс, қалайы, мыс өндірген. Темір кенін тауып қайнатып, көміртегі тотығын қосу арқылы болат өндірген. Мұны олар «құрыш» деп атаған», — деп жазады.

Түркілерді зерттеушілердің тағы бірі Н. Бичурин де осы пікірді қуаттап, болат құрыштан қайқылау ұзын қылыш, екі жүзді ауыр семсер, ұзындығы бір кез сүнгі наиза, құрыш масақты ысқырық оқ, мүйіз жақ, темір сауыт, іші мақпал темір қалпақ (дулыға) жасағанын жазған.

Темірді (металл) жете менгеру зор білімді, зерделікті, қайраттылықты қажет ететін іс. Металды жете тану математикалық ойлау жүйесін қалыптастырады. Сондықтан халықтың өзіне тән алфавит құрып алуына таң қалып, таңдай қағуға болмайды. Өйткені, металдан зат, қару жасаудың өзі таңбалар жүйесіне тікелей қатысты. Қару дегеніміз, дүниедегі бар заттың абстракттыланған формасы. Металл қасиетін тану түркі жұртын ойлау жүйесіне көтерген. Сондықтан Иоллығтегін:

Төбенцен тәңір баспаса,
Астыңнан жер айырылмаса,
Түркі халқы, ел-жұрттыңы,
Кім қорлайды?—

дейді.

Байқап отырсыз қағанаттық сана дегенде Иоллығтегін өлшеусіз, мөлшерсіз мақтанға салынбайды. Ол төбедегі көк Тәңіріне тәубе етеді, астымыздағы қара жерге тағзым етеді. Осы екі ұлы түсінікке Иоллығтегін бас иген. Бұл рухани күштер ертедегі түріктердің діни нанымдарының негізі. Демек, Иоллығтегін қағанаттық санасының өз өлшемдері бар. Ол өлшемнің есімі — Тәнір. Қазақ құні бүгінге дейін тәнірін ұмытпаған. Тәнір жарылқасын дегенді — «Алланың рахымы жаусын», — деген түсініктің синонимі ретінде қолданады.

Қағанаттық (империялық) сана дегенімізде оны әманда тіл мәселесіне байланысты қарастыруымыз кепрек. Қағанаттық идеологияның ортақ тілі болуы заңды. Ортақ тіл империялық (қағанаттық) өмір сүрудің бір тәсілі. Мұндай тіл түркі қағанатында, әрине, түркі тілі болған.

Түркі тілі қағанаттың мемлекеттік тілі ретінде екі

ғасыр өмір кешкен. Осыншама уақыт ішінде түркі тілі, қағанатқа топтасқан халықтардың әдетіне, салт-дәстүріне, дүниетанымына әбден сіңісті болып кеткен.

Тілдің дүниетанымдық қызметін (функциясын) зерттеу тілшілер мен философтардың ортақ ісі. «Құлтегін» жырын мұқият оқыған адам, Иоллығетегіннің сөз қолданыстарынан түркі тілінің дүниетанымдық мәнін сөзсіз таниды. Мысалы, адамдардың әлеуметтік жағдайы мен қоғамдық орнына байланысты қолданған мынандай ұғымдарына назар салайық. Олар: бай, бек, кедей, құл, күн, қаған т. б. Бұл ұғымдар өз мәндерін күні бүгінге дейін жойған жоқ. Бек деген кейін қазақ ұғымға мұлдем ие болған. Ол орыстың «аристократ» деген ұғымымен мәндес. Бек қазақша асыл деген мәнде қолданылады.

«Құлтегін», «Тонықөк» жырларында сұлтан, мырза деген ұғымдар жоқ. Олар санамызға, тілімізге кейінгі кездерде енген. Біздің төл ұғымымыз «Бек». Оны түркі мәдениетінің, яғни VII—VIII ғасырдың мұрасы ретінде қастерлеп, түркі мәдениетінің қара шаңырағына ие болып қалғанымыз рас болса, бүгінде «бек» деген ұғымды тілімізге де, тұрмысымызға да қайтаруымыз керек. Өйткені «бек» деген «Тәңір», «Түркі» деген ұғымдармен бірге қалыптасқан.

«Құлтегін» жырын алғаш оқыған дат ғалымы В. Томсен (1893 жылдың 23 қарашасында) «Тәңір», «Түркі» деген екі сөзді ажыратқан. Сөйтіп ұмыт болған көне мәдениет нұсқасы қайта жаңғырганда қазактар өздеріне етene жақын сөздермен: Тәңір, Түркі, Бек, Бай деген ұғымдармен қайта кездесті. Бұл түркі мәдениеті мен қазақ мәдениетінің үзілмеген сабактастырының белгісі.

Тәңірге сенудің исламдағы Аллаға құлшылық етуден аса күрделі айырмашылығы жоқ. Бұрын тәңіріне сыйнған көшпелілер, енді Аллаға құлшылық етіп, аузына қайсысы бұрын түссе соны: Тәңірді — Алламен, Алласы — Тәңірмен еркін орын ауыстырып айтада береді. Себебі, екі сенімнің де негізі бір еді. «Құлтегін» былай басталады:

Биікте көк тәңірі,
Төменде қара жер жарапанда,
Екеүінің арасында адам баласы жарапан.

Бұл ақиқат Алладан келген төрт кітапта («Таурат»—Мұса пайғамбарға түскен, «Зәбур» — Дәүіт пайғамбарға түскен, «Інжіл» — Файса пайғамбарға түскен, «Құран» — Мұхаммед пайғамбарға түскен) айтылған әлем-

нің жаратылышы туралы сөздер тым алшақ емес. «Тәнір» мен «Алла» ұғымдарын түсіндіруде Тәнірді жарылқаушы дейді де, жаратушы демейді. Жырда да: «Биікте көк Тәнір, ал төменде кара жер жарапанда», деп тәнірді жаратушы демейді. Тәнір түркілер дүниетанымында өз сырды өзінде, қупия оқшаша күйде. Тәнірдің гносеологиялық табиғатын ашу мәселесі күн тәртібіне қойылмауы сол кездегі заман болмысина қатысты. Алла ұғымы да Тәнір сияқты сырды ішінде, өз құпиясын өзі білуші күш болғанмен, ол әмірші, тек жарылқаушы емес, ол жаратушы.

Иоллығтегін дүниетанымын біліп, зерттеудің қажеттілігінің бірі біз X—XI ғасырды түркі мәдениеті мен араб-парсы мәдениеті тайталасқа түскен мезгіл деп жүрміз. Бұл жарыста сөзсіз араб-парсы мәдениеті үстемдік етіп женіп, түркі мәдениеті бірте-бірте ығыса берді. Сонда біз араб мәдениетіне қарсы тұрган, немесе сол дәуірге дейінгі мәдениет тураты айтқанда, нақтылы тұжырымға келуіміз керек. Міне, осы тұжырымға Иоллығтегін сияқты түркі мәдениетінің қайраткер-ойшылын тану арқылы келе аламыз.

Түркі және араб мәдениеті дегенде, елеуін бір-біріне қарсы қоюшылық та құнды пікір емес. Олай дейтінім, казақ халқы (өзге түркі тілдес халықтар туралы жауап береде алмаймын — Е. F.) өзінің түркілігін де толық жоймай, араб мәдениетін де діни негізде емес, өзінше қабылдаған. Сонын нәтижесінде әлемге қазақша ой ойлай алатын этиос келген. Біз мұны үлттық ерекшелік дейміз.

Біздің замандас ақыннымыз Қадыр Мырзалиев: «Адам жылап туады, жатады жұрт жұбатып. Адам жылап өледі, өзгені де жылатып», — дегенін философиялық толғаныс ретінде құп алдық. Бұл XX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ ақынның ой байламы еді.

Абай: «Адам баласы жылап туады, кейіп өледі», — дегендеге данышпандық деп бас идік. Ол XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақша ойлаудың үздік ұлгісі еді.

Иоллығтегіннің «Адам баласының бәрі өлгелі тұған», — дегеніне не айтуға болады. Таңданасын ба, жоқ па? Басыңды оның рухы, аруагы алдында жерге дейін иесін бе, жоқ па? Себебі, бұл өмірдің мәні туралы философиялық ой VIII ғасырда айтылған. Сонда Батыс елдерінде XIX—XX ғасырларда — «өмір философиясы», «өмір сұру философиясы», «экзистенциалистік философия» дегендегің айтып жүрген мәселесінің генезисін

Иоллыгтегін дүниеганымынаң тауып отырмыз. «Адамның баласы оның өлімі арқылы анықталмақ», деген қагида Еуропаның өркениетті елдерінде кеңінен тараған. Ол жоғарыда айтылған даналардың философиялық толғауларына негіз болған.

Иоллыгтегіннің өмір мәні туралы мәселе көтеріп, оның шешімі туралы айтқан ойының мазмұнын түсіндірейік. Өмірдің мәні туралы Иоллыгтегін көтергей әзистенциалистік ойдан екі түгтегі дүниетаным тармақталмақ. Бірі адам өлгелі туған, сондықтан белсенді әрекет ету бос зуре дейтін пессимистік дүниетаным. Екіншісі, адам баласының бәрі өлгелі туғанмен, өз ғұмырында артына сөз қалдыратын, ел-жүрті үшін ерлік жасап, жан қиоя дейін баратын оптимистік дүниетаным.

Ежелгі түркілер заманында осы екі дүниетанымның екеуі де болған. Иоллыгтегін соңғысын қалаған. Олай дейтініміз оның мәңгілік етіп тасқа бастырган — Түркі этносының қалыптасуы, Елтеріс бастаған үлт-азаттық қозғалыс туралы жыры оған айқын дәлел.

Иоллыгтегін бұл үлт-азаттық қозғалыс, Түркі қаганиның тарихы шет жүрт үшін емес, түріктің үрпактары үшін керек екенін жақсы түсінген. Сол себепті жырды қашатып жазғызған. Иоллыгтегін адам баласының көлеңкелі жағы емес, оның азаттыққа, еркіндікке үмтілу харекетін жырлаған. Оған негіз Туркілердің биік көкте Тәнірі бар деген түсінігі. Биік көктегі Тәнірі оларға қиял, арманына канат, жүргеніне қайрат беретін тұнғызық. Биікке бас ию, биіктікті аңсау адамды өршіл философияға талпындырады. Биіктікке үмтілу — ерлік, бастырылық философиясы. Аспанда қолдаушы Тәнір болса, несіне ұлы іске нар тәуексл демеске! Биіктік пен құлдық бір-біріне қараша-қарсы түсініктер. Олай болса Жұжандарға (қанаушыларға) қарсы көтеріліске шығу Көк Тәнірінің әмірі. Бұл тағдыр. «Тағдырды Тәнір береді», дейді Иоллыгтегін.

Тәнірден өзге Түркілердің жер аласы бар. Бірақ Иоллыгтегін пайымдауынша адам көк Тәнірі мен жердің арасында жарапалған, демек ол тек жер перзенті емес (бұл түсінік қазақтарда кейін қалыптасқан — E. F.), көк Тәнірісінің де перзенті. Екеуіне ортақ, сондықтан да түркілерге қара жер күш-куат берсе, тәнірі рухтан-дырған. Иоллыгтегін азаттық философиясын осылайша түсіндіреді. Иоллыгтегін адамның тәні рухтан жарапанын айтады. Тәні жерде жарапалып, қайта қара жерге

оралса, рухы Аспанға, биікке үшады деп ұғындырады. Иоллығтегін Елтерістің дүниеден қайтаңын өлді демейді — «ұша барды» — деген. Демек, жаны ұшып көті. Бұл тәнір ісі. Елтеріс рухы өлмейді. Оның орнына қаған болған баласы түркі жұртын көркейте туседі. «Кедейді бай қылады, азды көп қылады».

Иоллығтегін, түркі мәдениеті дегенде, өзімше топшылаған, өз ұсыныс-пікірміді ортаға сала кетейін.

1. Ілгеріде «Аз и Я» кітабында Олжас Сүлейменов қарашаның 25-жүлдзызын түркі мәдениетінің мейрам күні деп атап өтуді ұсынған еді, осы тілек қабыл болмай келеді. Жоғарыда айтылғандай дәл осы күні В. Томсен «Құлтегін» жырының түркі тіліндегі нұсқасын жариялаған болатын. Сондықтан қарашаның 25-жүлдзызын түркі мәдениетінің мейрамы деп атап, жылда осы күнге ордай Иоллығтегінге арналған зиялғы қауым бас косулары дестурғе айналса деген пікірді ұсынамын.

2. Еуразия өңіріндегі көптеген халықтар дамуына ерекше үлес қосқан Түркі қaganatына, оның басшыларына арнайы ескерткіштер кешенін жасау ісін Мәдениет министрлігі өз қамқорлығына алса, Түркі мәдениетіне арнайы музей ашылса.

3. Құлтегін, Иоллығтегін т. б. Түркі қaganatының көсемдері, батырлар мен ойшылдарына қошे аттары, оқу орындары, елді мекен аттары берілсе деген ілек.

Иоллығтегін туралы алғашқы сөзді ссызуға нақтылы ұсыныстармен жинақтап отырғанымыз—кезінде Түркі қaganatының территориясы қазіргі Қазақстан Республикасының жерінде орналасқан болатын. Мағжан ақын айтқандай, Түркі қaganatының қара шаңырагы бізде. Сондықтан, болашакта Иоллығтегінді біздің ұлттық мәдениетіміздің кайраткері, сыйыл деп тануымыз, оқулықтарға енгізуіміз орынды іс.

Түркі мәдениеті тарихында ерекше орын бар, ойны Жүсіп Баласағұни. Иоллығтегін мен екеуінің арасында бес ғасыр уақыт жатқанмен, бір-бірімен рухани сабактастық бар.

Рухани сабактастық дегендеге айтарымыз, бұл екеуі түркі мәдениетінің төл перзенттері, өзгешеліктері өмір сүрген дәүірлерінде.

Жүсіп Баласағұны «өтпелі көзсіңде» ғұмыр кесілін кеменцер. XI ғасырда түркі тілдес тайпалар араб-парсы мәдениетін жатсынбай қабылдай бастады, оның обьективтік себептері де бар болатын. Сының бірі, түркі қaganаты ыдырап, оның орнына жаңа мемлекеттер, этнос-

тар пайда бола бастаған заманда олар өзге, жана мәдени дүниетанымды қажет етті. Мұндай қажеттілік болмағанда араб-парсы мәдениеті түркі әлеміне кеңінен тарамас еді.

Ислам Орта Азия мен Қазақстан территориясында өмір сүріп жатқан халықтарға тарағанда, өзінің алғашқы қарқынынан қайтқан кезі болатын-ды. Алғашқы араб басқыншылары исламды әуел баста күштеп, зорлықпен таратса, бұл дәстүр кейін өзге күйге көшті. Енді ислам дінін таратушы миссионерлер пайда болды. Олар исламды бейбіт жолмен насихаттай бастады. Қазақтарға ислам осы соңғы жолмен бірте-бірте тараптады. Исламның қазақ жерінде қантөгіссіз тарапалуының басты себептерінің бірі, ислам дінімен бірге енген араб-парсы мәдениетінің қуаты еді.

Жұсіп Баласағұны өзі түркі жұртының өкілі бола отырып, мұсылмандық идеологияның насихатшысына айналуы тегін емес. Бірақ «Құтадғу білік» дастанын мұқият оқыған адам Жұсіптің осы кітапты жазудағы максаты діnlі тарату емес, адамдардың қауымдастып, қоғам болып өмір сүре отырып әділлікке, бақытқа қалай жетулерінің жолдары туралы ой толғамдары екенін туғсінеді.

Академик А. Н. Кононовтың айтуынша «Құтадғу біліктің» Наманғанда табылған қолжазбасында негізгі төрт қағидалар (принциптер) былайша айтылған: 1. Adil; 2. Devlet; 3. Akıl; 4. Kanaat.

Бұл жерде екі мәселеге айрықша көніл белу керек. Біріншіден, «Құтадғу білік» кітабы араб әліппесімен жазылған түркі тіліндегі шыгарма. Демек, XI ғасырда түркі жазуы қолданудан қалған. Жазба мәдениет араб әліппесіне көшкен. Бұдан шығатын қорытынды: екі жазба мәдениет жарыска (конкуренцияға) түскен әрі тоғысқан (синтезделінген). Осындай процестердің нәтижесінде түркі жазба мәдениеті бірте-бірте жойылған, бірақ түркі лексикасы сақталған. Мысалы, «Төре», «құт» дегендегер түркі сөздері. Бұлардың мағыналары терең. Айталық, түркілер дұрыс зан айтуды төгій деген. Қазақта «төре» деген сословиялық ұғым бар. Ол төрелік, басшылық жасайтын адамды білдіреді. Демек, төгій деген ұғым қазақ лексикасында сақталған. Бұдан шығатын қорытынды: Жұсіп Баласағұны кітабын араб әрпімен жазғанмен, түркі әлемінің дүниетанымын білдіретін ұғымдарды пайдаланған. Демек, Жұсіп түркі тілдес халықтардың төл ойшилы.

Екіншіден, «Құтадғу білік» дастанына араб философиясының әсерін де жоққа шынаруға болмайды. Мысалы, Намангандық қолжазбада жоғарыда айтыған принциптер әділ, дәүлет, ақыл және қанағат деп аталуы исламның әсері. Бұл ұғымдар (сөздер) түркі тіліне араб-парсы мәдениетінен енген. Олар суфизмнің басты ұғымдары. Тілімізге арабтан «әділ» деген сөз енген соң төгі деген түркі сөзі өзгеше мәнге не болған. Қазіргі қазақ тілінде төре деген сословиялық ұғым. Сол сияқты араб тілінен «дәүлет» сөзінің тілімізге енуіне байланысты «құт» деген түркі сөзі (ұғымы) өзгеше мәнге не болған.

Сонымен «Құтадғу білік» түркі мен араб-парсы мәдениетінің тоғысуы (синтезі) нәтижесінде дүниеге келген шығарма. Бұл өз заманындағы тенденсі жоқ ерекше дүние. Адам, Қоғам, Болмыс туралы оқулықтар болмagan кезде, ол еті басшыларының, ғұламалардың, зиялды қауымның сүйікті әрі қажетті кітабына айналған.

Кітапта символ көп. Мысалы, күн әділдіктің, ай дүлгектің символдары. Бұл арабтардан енген түсінілір смес. Сірә, бұлар тәнірге сиынған жүрттың символдары болғанға үқсайды.

Жүсіп Баласағұндың өз сөзімен айтсақ, «акылды үғады, білімді біледі» демескіш, «Құтадғу білікті» оқыған ақылды адам неше қылыш ой өрімдеріне тап болады. Мұнда түркі, араб, парсы мәдениеттерінен өзге де жүрттың әсерлері байқалады. Жүсіп сөзсіз, антикалық әлемнің мәдениетімен де таныс болған ойшыл. Оның «білімсіз кісілердің барлығы ауру» дегі сірә, ссы пікірімізге дәлел болса керек.

Жүсіп өмір сүру туралы оптимистік пікірлер айтты отырғанмен, тақуалар дүниетанымына жетік ол:

Көрмейсің бе, адам жалаңаш туады, жатаңаш көмеді.
Дүнне жинау не үшін керел? Қайта тастан үст сөн ---

дейді (Ежелгі дәүір әдебисті Алматы, «Ана тілі», 1991, 110-бет).

Алайда Жүсіп тақуалар дүниетанымын қабылдамады. Ол тек өлім туралы емес, өмір туралы айткан. Жүсіп «тірілердің өлүге жаратылғаның білгсін» ескертпे ретінде ұсынады. Өзекті жаңға өлім барын білген есті болса керек. Сонда есті адам қандай харекет етпек. Ғұламаның насиҳаты білімді болу. Білімді адам «дәүлетті» «байлықтан» ажырата алады. Ақылды адам дәүлетті қажет етеді. Ақылсыз, ынсансыз жан байлықтың құлды

болмак, сонда — «дәүлест» деген ис? Дәүлесті болу тек бай болу емес, ол білімділікті, есептілікті қажет етеді. Дәүлест ғұмыр сұру үшін, ахирет қамын ойлау үшін жасалған мүмкіншілік. Дәүлестті адам деп иманы бар жанды айтады. Менінше дәүлесттің «құттан» да ерекшелігі бар. Демек, түркілер адамның дүниеге келуін «құт» деп түсінген. Сонда құт деген тіршіліктің өзі. Адамға құтты беруші түркілерде Тәнір, арабтарда тіршіліктің иесі Алла тағала.

Жұсіп «дәүлест» пен «байлықты» ажыратада білген. Дәүлест әмандада байлық, ал байлық үнемі де дәүлест бола бермейді. Бір күні Оғдулмиш Елікке мынандай сөз айтты:

Алтынды жишаї білдің Жұмсай білдің
Бұл алтын — бір жауың. Неге бермедің?
(Ежеттің дәуір әдебиеті... 108-б.)

Демек, алтынды жинаяй білгенде, оны жұмсайдай білсөн, сарапандыққа салынбасаң ол дәүлест. Егерде бар аттынды байлық деп жұмсайдай білмесең ол өзіне жасаған қастаңдық. Дәл осы мөнде айтылатын қазақ мақалы да бар. Онда алғашқы байлық — денсаулық дейді, одан кейін «ақ жаулық», үшінші байлық «он саулық». Казактар осы үшеудің байлық дейді, осындай байлықты «дауығ» деп атауға әбден орынди.

XI гасыр түркі жұрты үшін өліара. Ұлы мәдениеттердің алмасу және тогызы (синтез) заманы. Түркі даласына жаңа дүниетаным орныға басқады, ол Аллагасыну. Тәнірі бар жұрт жатсынбай Алланы да қабылдады, көп жайларда екеуін синоним ретінде қабылдап, қайсы аузына бұрын түссе, соған сиынып жүре берді, бүгінгі заман қазактары да Тәнір мен Алланың арасын ашып жатпайды. Көбісі екеуін бір ұғым деп қабылданған.

Әдстте «өліаралар», «өтпелі кезендер» үтің тұлғаларды дүниеге әкеледі. Сондай тұлғаның бірі Ахмед Яссави. Ол Жұсіп Баласагұнидан нesбары 70—80 жыл гана кейін өмір сүрген, бірақ оның дүниетанымы өзгешелеу.

Ахмед Яссави да «Диуани хикмат» («Даналық кітабын») араб әрпімен түркі тілінде жазған. Бұл да араб пен түркі мәдениетінің тогызының бір дәлелі. Алайда, Ахмед Яссави көшпелілер тұрмысында болмаган жаңалық әкелді. Ол сопылық философия, тақуалар дүниетанымы еді.

Сопылық әдебиет арабтаң одан бертінде парсылардан келген. Сопылық әдебиеттің ең мықты тіректері, араб

және парсы ақындары, олар сопылық әдебиетінің тәңдесі жоқ озық үлгілерін жасады.

Негізінде сопылық-мистикалық деген сөз тіркесі дұрыс емес. Мистика сопылық әдебиеттің дүниетанымдық бағдары. Оны қалай түсінуге болады.

Көптеген жылдар бойы біз мистиканы өте жексүрін түсінік ретінде колданып келдік. Асылында мистика ешқандай таза иррационализм емес, ол да дүниетанымның бір формасы. Мистиктердің дүниетанымы өте мағыналы. Мистик ақындардың негізгі ұғымдары Алла мен Адам, кейінгісінің алғашқыға таусымас махаббаты. Ахмед Яссави — нағыз ғашық жан. Оның жыры ғашықтық туралы. Ғашық болған субъектісі бір Алла.

Аллаға ғашық болу әркімнің қолынан келе бермейді. Мұндай ғашықтар дүниені тәркі етіп тақуалық жолға түспек. Ахмед Яссави — такуа.

Өзін жаратушы, жабырқашы Аллаға ғашық екенін жария стіп, тақуалықпен өмір кешкен әулиелер Ахмед Яссавинге дейін болған. Мұндай мистикалық махаббаттың негізін салушы деп, әдетте, әулие әйел Рабиға Адабийя (713—801) анамызды айтамыз (Рабиғаны анамыз деп образды түрде айтып стырмыз). Ол туралы араб әдебиеті мен мәденистінде азыз көп. Өмірі тұрмыс құрмажаған, ср адамың бетіне қарамаған, ерекше қасиетке ие болған жан.

Мистикалық махаббаң дүниетаным регінде сонау VIII гасырдан бастап үзілмей Яссавиге жетті. Соншама мерзім ішінде адамның Аллаға деген махаббаты туралы тольғы жатқан ілім — қағидалар қалыптасты. Бұл дүниетаным негізінен суфизм (сопылық) деп аталған ислам философиясының бір арнасының басты гносеологиялық қонцепциясына айналды. Ол туралы арнайы жазылған сүбектер бар, сондыктан біз суфизмнің гносеологиясына тоқталмаймыз. Айтпағымыз Яссави суфизмнің тек насилатшысы қызметін атқарған тақуа ма, жоқ әлде өзіндік үні бар, шыгармашылық мәндері ойшыл ма деген сұрапқа қысқаша жауап беру.

Сөзесіз, Яссави — мистік-оїшыл. Ол исламның шарттарын мойындаушы әрі орындаушы. Алланың бір, пайғамбардың қақтығына ол шубә келтірмеген. Оған тақуалық өмірі дәлел. Яссави пайғамбар жасына келгенде жарық дүниеден безінін, жер астында өмір кешкен деседі, оның ғұмырнамасын зерттеушілер. Бұл ақырзаман пайғамбарын мойындаушылық. Демек, ол ойшыл болғанмен,

исламның негізгі қағидаларына қарсы шықпаган. Бір дінді мойындаі отырып, адамзатқа тән пікір, түсініктер қорыту былай қарағанда логикаға сыйымсыз іс. Бірақ, Ахмед Яссави осы дилемманы шешкен. Ол адамға «Алланың берген еркі өзіне дұшпан»,— дейді. Бұл өлең жолында екі ой бір-бірімен бірігіп тұр. Бірі Алла адамға өзі ерік бергендігі, екіншісі, сол Алла берген ерік адамға дұшпан. Осы екеуіне жеке-жеке тоқталайық.

Алла пәндесіне срікті не мақсатпен берген. Әуел баста Алла Адам еркін неге тежеп тастанаған. Бұл жерде құпия бар. Ол жаратушының сырьы. Алайда адамға ерікті Алла бір қажеттілікпен бергенге үқсайды. Егер адам өз еркімен Аллаға жалынып, жалбарынбай, осындағы гибадат жасаңға міндетті болса, Алланың құдіретін таңу болмас еді. Онда таным орнына сенім орнығып, Алла еш шубәсіз қабылданатын аксиома — шындықта айналар еді. Бұл Алланың әміріне қайши. Алла өз пәндесінің өзін танып қабылдағанын күп көрген. Себебі, Аллаға сену, адамның жер бетіндегі ғұмырының ғүлденуіне қызмет етпейді. Алла тек адамды жаратушы емес, ол бүкіл әлемге өн беруші, реттеуші — шебер.

Еркі сеніммен шектелген адам Алланың шеберлігін тануы мүмкін емес. Егер адам ерікті болса, ол аз ғұмырына сай Алланың кереметін танып білмек. Алла адамға ерікті өз кереметін тану үшін берген. Сондықтан адамға қыска ақылмен қоса ыстық сезім берген. Сезім дегеніміз адам мен Алланың арасындағы байланыс. Біз ақылмен Алланың кереметін танимыз да, сезіммен оның өзін аңсаймыз. Сезім Алланың бейнесін бере алмайды, оның барлығын ғана растайды. Сезінетін нәрсе шындық. Ақыл сезімнен емес, ойдан құрылады. Ой шындықтың өзі емес, оның логикасы. Шындық сезім арқылы білінеді. Ал шындық есімі — Алла. Яғни, шындықты тану дегеніміз Алла туралы сөз. Алла тұралы сөз айтуга адам ерікті. Ерікті адамға Алланың өзі берген. Ерікпен қоса жаратушы таңдау берген. Адамға екі дүние рахаты лайықталған. Олар жалған және мәңгілік өмір. Жалған ғұмыр өте қысқа, бірақ ол мәңгілікке (бақиға) қарағанда алғашқы. Адам баласы өмірге осы — «жалған» дүниеде келеді, өседі, өнеді. Ол алғашқы болған сон ерекше. Мәңгілік өмір туралы адамдар түсінігі көмескі, себебі, оны олар көрмеген, сезінбеген, тек оймен жүреді. Жоғарыла айтылғандай, ой дегеніміз шындық емес, оның жүйесі. Сондықтан сезілмеген, адам жүргегіне әсер етпеген ғұмырдың көбіне өз сырьы өзінде қала бермек, сойтіп адам сана-

сында Аллаға деген іштік үшіләл, ботын ой тұмақ. Оны ғылыми тілмен айтсақ атеизм дейміз.

Сонымен, ерікті адам алдында екі жол бар. Бірі Аллаға сену, оны тану, екіншісі, теріске шығару. Жеғарыда айттық, Яссави бұл мәселенің біріншісінде. Алайда, исләм дінінде адамдар Аллаға ғибадатты о дүниелік болған соң жұмакқа бару үшін жасайды деген қағида да болған, мұндай Алламен «саудаласуға» Рабиға Адавийә қарсы шыққан. Ол кісі Аллаға ғашық болғанда одан ешқандай тілек тілемеген. Бар арманы Алланың дидарын көру. Басқа ой жок. Яссави да осындағы бағытта болған.

Адам өзін жаратқан Алласын суюге ерікті. Осы ерікті пайдаланып іске асырғандарды біз «такуалар» дейміз. Такуалар өз жүргегімен Алланы танып, оған ғашық болғандар. Тақуалық — нағыз дүниетаным. Олар — мистиктер. Бірақ, олар бұл жолға идеологиялық насихат нәтижесінде жеткендер емес, өздері ерікті түрде абсолюттік ақиқатты сезінушілер. Олар сөзсіз, ерекше қасиеттерге ие жандар. Бұл адам құпиясы. Адам құпиясы да Алла сыры. Оған бойлап, терендеудің адамға берілген өлшемі, мөлшері бар. Одан асуға «рұхсат» жок. Адам құпиясын толық менгердік деп — ақыл-есі шамалығана жан айтпақ. Адам құпиясы — оның еркі сияқты ақылдан тыс құбылыстар.

Біз тарихта «ерікті адам» деп көп жалған пікірлер айттық, олардан шолақ қорытындылар жасап, онымызды теория деп атадық. Мәселенің тубіне үціле бастасаң адам сыры түсініп болмайтын іс екеніне көзің жетеді. Адам өз еркінен әмандада өзі ие емес. Тегі Артур Шопенгауэрдің айтқаны да шындыққа жанасатын сияқты. Адам еркі әлемдік ерікке бағынышты, тәуелді дегенге косылған дұрыс па деп те ойлаймын. Біз адамның еркін тым желілдетіп жібердік. Тілтен адамның еркін тәрбиеlep алуға болады деп те жазып жүрміз. Менің топшылауымша адамға ерікті Алла берген. Алла деп дүние болмысын, нақтылы шындықты, немесе әлдебір абсолютті, немесе табиғатты айтамыз. Адам еркі, адамның өзініңға «меншігі», немесе өмір сүріп отырған қоғамның жемісі емес, ол әлемдік «еріктің» (идеяның) көріну формасы.

Адамға әрік не үшін қажет дегенге келсек, ол Айлана тану үшін қажет деп қысқа қайтарамыз. Басқа сөздердің құны шамалы. Себебі, Алланы тану адамшылыққа бастайтын жол. Яссави адамның еркі туралы осын-

дай пікірде болған. Ол «Хикметте» адамның Аллаға гашықтығы «дүние — кірінен» тазаруы үшін қажет. Бұл тек бір дінге, бір халыққа қажет ақиқат емес, баршама адамзат қауымына керекті шындық, деп тұжырымдайды. Ахмед Яссайдің ойшылдығының терендігі міне, осында.

Біз ерік адамга Алланы таңу үшін керек дедік, ал Алланы танудын қажеттілігі неде? Мистик-оішыл Яссайдің дүниетанымында ол адамның өзін-өзі тануы үшін қажетті шарт. Міне, Яссайдің гуманизмі осындай тұжырымдармен көмкерілген. Исламның гуманизмін Яссайдің тереңдеткен, оны ортодоксияллық қоқыстардан тазартқан, бір жүйеге түсірген.

Адамның еркі қазына. Оны менгеру, іске асырып пайдалану әркімнің қолынан келмейтін іс екенін Яссайдің жақсы білгендікten өз өмірін ғибрат еткен. Яссайдің тақуалығының мәнін осылайша түсінуіміз керек. Яссайдің өмірі — ғибрат өмір. Оның дүние қызығынан безініп тақуалық жолына түсіуі, өзгелер үшін қам жегендігі, солар үшін өнеге еткендігі. Бұл жерде Гайса туралы христиан дініндегі құрбандық деген идея келмейді. Гайса өзін адамдар үшін құрбан сткен делінеді библияда. Яссайдің әрекетінде құрбандық жоқ, қатай адам өз еркін мендеру керек деген өнегелік бар.

Сопылық дүниетаным қазақ фольклорына, мәдениеттіне орасан зор әсер еткен рухани күш.

Қазақ халқы көшпелі дәстүрін сақтағандықтан Ислам дінінен де өзіне қажетті жагын талғап, таңдап ала білген. Қазақ Аллаға сенімді емес, оған гашық болғанды үнатқан. Бірақ, көшпелі дәстүр өз дінін жасап, ғашықтықты өзінше қабылдаған. Яссайдің адам Аллаға, оның дидарын көруге ынтық болса, қазақ мәдениетінде, дүниетанымында гашықтық Адам мен Адам арасындағы ынтызарлық болып трансформацияланған, ол ғашықтық жолындағы тақуалық, сол жолда Яссайдің айтқандай: «Махабbatқа ие болған адам — жан дегеннің не екенін білмейді. Басы кетсе де тайынбайды, жанын жалдайды».

Осы қафиданы қазақтың ғашықтары да сақтаған. Махабbat дастандарында ғашық болған жастар, армандарына жетпесе, бірі үшін бірі құрбан болған. Оның ең айышықты дәлелі Қозы Қөркеш — Баян сұлу. Ғашықтық адамның акыл-есін алтып, өзін құрбандыққа дейін аппаратын дүниетаным тек Шығыс халықтары поэзиясына тән. Бұл сопылық философияның әсері.

Абай Ахмед Яссави көз жұмғанына 679 жыл өткен соң дүниеге келді. Бұл тұста қазақ халқы үшін қайылы XIX ғасыр болатын. Қайғысы сол, бұл ғасырда орыс патшасының жарлығы мен қазақ хандықтары келмеске кеткен. Халық өзін-өзі басқару құқысынан айрылған болатын. Халық бодандық саясатының тұтқынына айналған. Хандар, биң ер орныңа елді орыс әкімдері басқарды. Біртұтас болып қалған халықты тоз-тоз етіп бірнеше губернияға бөліп, олар тікелей патшада бірақ бағынынты болған. Итке тастаған сұйектей қазактарға болыс болуға ғана қалды. Есі кеткен ел соған да тәуба деп болыс болуға таласып, мазақ болды.

Шындығына келсек, халқының рухани болмысында Абай Құнанбаев ғұлгасы әлі де білса толық анықталмаған. Әрине, данышпандар сарқылмас қазына, ал қазына қадыр-қасиетін әр үрпақ өзі өмір сүріп отырған замана бийгінен анықтамақ. Тарихты тану уақыт өткен сайын терендей ғүспек. Қезінде орын алған саяси ұшқары пікірлер, субъективтік түсінік, ұғымдар ерекшелігінен келіп, қоғамдық сана өзінің нақтылы арнасын табады.

Сондыктan XIX ғасырдың екінші жартысында қазақ болмысында дәл Абай Құнанбаев болмаса да, сондай ойшылдың болуы тарихи қажеттілік еді.

Кездейсоқтық — қажеттіліктің көріну формасы. Сондыктan халықтың рухани мәдениеті дамуындағы қажеттілік Абай шығармашылығы арқылы анықталмақ десек артық болмас. Абайдың таза ақындығынан, оның көркем мәдениеттегі, халық санасындағы ойшыл ретіндегі орны биік болуы да заңды. Ал осы моселе әлі зерттелмеген тақырып.

Абайды қоғам қайраткері, ойшыл мәнде қабылдаудың сыры сол, оның шығармашылығы әлеуметтік болмыс қайшылығының нәтижесі. Абай өлеңді тек көніл хошы эстетикалық мәнде ғана емес, «қекірегі сезімді, тілі орамды», жастарға үлгі бермек үшін жазған. Ол өзінің халық санасына әсер етіп, оны дамытуды жеделдеуді көзделеп, мақсат еткенін жасырмай айтады. Бүкіл халық санасында бетбұрыс жасау мақсатында талпынып әрекет ету тек ақын миссиясы емес, қоғам қайраткерінің үлесі. Осыған орай Мұхтар Әуезовтың «Абай» (Ибраһім Құнанбаев) монографиясынан үзінді келтірейік.

«Тегінде, Абайдың ақындығындағы, ақындық қуат Абайдан бұрынғы ақындарда да болуы мүмкін. Олардың бірталайы тіпті атсыз ақын бол та өткен болар. Сондай

ақындардың ғана санасы мен таптық тұрғысында, мәдениеттік дөрежесінде қалса, Абай классик Абай болмас еді. Өзінен бұрын жүз ақын болса, жүз бірінші, мың ақын өткен болса — мың бірінші болар да қалар ма еді, өлде қайтер еді!

Озі орыс халқының мәдениетіндегі қасиеттерді, үлгісін босына сіңіріп, еңбегінде таратқан, соның бәрін жаңа дәуірдің жаңаша тарихтық халықтың арман мұддесі... етіп берген Абай болғандықтан өзгеше бағаланады. Барлық қазақ халқының өткен тарихында ең зор биікке шыққан, асыл тұрғыны ашқан, гайынmas қадірі зор класигі бол танылады» (М. Әүезов. Жырма томдық шығармалар жинағы, 20-том, Алматы, «Жазушы», 1985, 15-бет).

Абай шығармашылығын зерттеуде ұлы жазушының осындағы мәселе қойысы еске алынбай келеді. Сірә, бұл проблемаға әдебиет зерттеушілері терендей алмас, ал қоғамдық ғылым Қазақстанға қатысты қоғамдық-экономикалық формациялар аудиосының заңдылықтарын әлі ашып бере алмай жүр. Бір сөзben айтқанда, М. Әүезов сөздерін терендей түсініп қазақ мәдениеті тарихында Абай тұлғасын анықтаудың методологиялық негіздері ашылмаған.

Көпшілікке мәлім, Абай XIX ғасырдың екінші жартиясында өмір сүрген ойшыл. Бұл заманың ең басты белгілері халық қошпелі өмірден аудиосып, қыс қыстауы, жаз жайлауы белгіленіп, тұрақтылық қалыптасты. Қошпелі өмір негізінен жойыла бастады. Қазақ жерінде қалалар салынып, бұрыннан барлары көркейе түсті. Қазақ сахарасында қала мәдениеті орын тепті. Қазақ халқы буржуазиялық ұлт болып қалыптасуға мықтап бет алды. Қазақ даласына өзге идеялар тарай бастады. Олардың мазмұндары әркелкі болатын: діни идеология, орыстың жер аудиоп келген саяси-демократ бағытындағы интеллигенциялар идеологиясы. Хат танып үлгерген қазактар Батыс, орыс мәдениеті үлгілерімен таныса бастады. Қазақ даласында ояшу дәуірі басталды.

Кейбір әдебиетшілер Абайды феодализм қоғамы көзінде өмір сүрген ақын деп қарастырып жүр. Толық құптауға болмайтын пікір. Абай тұтас ел болудан қалған, отаршылық жағдайда күн кешкен қоғамда туған, оның ойшыл болып қалыптасуы XIX ғасырдың екінші жартиясындағы қазақ халқының басынан кешкен ауыр тұрмысина сәйкес келеді. Абайды тек ақын қылмай, ойшыл, гу-

мәнист дәрежесіне де көтерген осы «отпелі қогам» қайшылығы.

Ақын оленидерінен қалыпгасқан түсінік болынша «таза» буржуазиялық қарым-қатынастарды бейнелейгін пролетариат, фабрикант образдарын іздеу қателік. Өзіншеріс санада, түсініктегі. Капитализмді завод, фабрика арқылы түсінү де аз. XIX ғасырдың екінші жартысында Қазақстанды капиталистік жүйемен басқару системасы негізінен аяқталған. Аға сұлтаңдар, билер патша самодержавиясы секілді откен қорам қалдықтары ретінде өмір сүргенмен, Ресейдің үлт аймақтарын басқаруы буржуазиялық жүйемен жүргізілген. Елді мекендер есепке алынып, билікті заң органдары қолдарына алған.

Қоғамының экономикасындазы, базисіндегі сапалық озгешеліктер онци рухани өміріне айтарлыктай әсер етті. Бұл кезде халқымыздың көркем мәдениеті, нақтырақ айтсақ, ауыз әдебиеті, поэзиясы дамып, шарықтау шегіне көтерілді. «Қала мәдениеті» деген үгымдар қалыптаса бастаған жағдайда, кошпслі халық болып өмір сүрген онци рухани мәдениетіне, фольклорына, көркем санаасына жаңа өншемдер қажет болды. Оны уақыт талабы қойды.

Осы міндетті атқарған Абай Құнанбаев болатын. Біріншіден, Абай билер шығармашылығына талдау жасаған. Онда көркемдікten гөрі pragmatistіk мән басым. Билер шығармашылығында поэзия практикалық қажеттілікке бағындырылған. Би, қазіргі тілмен айтсақ, көншілі халықтың адвокаты, прокуроры, соты.


Билер шығармашылығы мен шешендік өнер бірге да-мыды. Билердің практикалық қызметі тапқырлыққа, шешендікке құрылған. Шешендік көркемдікті, онци ішінде поэзияны қажет етті. Оның басты себебі, халықтың санаасында ерекше орын алған өнер саласы — поэзия. Сондықтан өлең-жырға малынып өскен үрпактар өздерінің күнделікті тұрмысындағы қайшылықтың күрделі шешімдерін де поэзияға тіркеген. Би көшпелі халық тұрмысына сай, онци қоғамдық болмысына қажетті тұлға болса, хаттап жазылған зандар шығып, таптық антагонизм шиеленіскең кезде олардың өздері де, тақпактары да арханизмге айнала бастады. Шешендік өнер де жаңа өншемді қажет етті. Әлеуметтік қайшылық қоюланып, буржуазиялық қатынастар орнай бастаған кезде билер шығармашылығы демократиялық сипаттан арылып, олар орыс әкімдерінің рупорына айналуына байланысты, ха-

лық ішіндегі беделден айырылған еді. Билер шығарма-шылығына тән тавтологиялық сипатты Абай сыйна алды:

Бұрынғы ескі билі тұрсам барладап,
Мақалдан айтады екен сөз қосарлад.

Абай өмір сүріп отырған заманда билер шығарма-шылығы қогам өміріндегі белсенділігінен айрылып, тек тіл ұстартуда кейбір шешендік сипаттары ғана сақталды. Қешпелі замандағы қоғамның рухани дамуы айтартықтай өзгеріске түсті. Халық отырықшылыққа айналды. Тың олеуметтік құбылыстар халық тұрмысына мейлінше орныға бастады. Елді басқарудың жаңа формасы қалыптасты. Билер функциялары шешуші күш болудан қалды. Билер туралы, олардың мұрасы туралы ой қорыту уақыттың күн тәртібіне қойған мәселесі. Оған жауап беру қажет. Мұны Абай атқарады. «Ескі бише оқырман бос мақалдан»,— деген сөздер билерге тек сын емес, принцип, рухани мәдениет дамуындағы жаңа талап. Билер шығармашылығы поэзияға тікелей байланысты болғанмен, оны нәрлендірген бұлақ көзі емес, қайта өзі поэзиядан қуат алған. Поэзия (халқымыздың ауыз әдебиеті) өз негізін көне түркі, парсы поэзиясынан алады. Абайға көне түркі негізін ауыз әдебиеті болып жетіп отыр. Қазақ халқы көне түркі жұртының бір тармагы, бұтағы болып тараған да, оның «еншісіне» жазба мәдениет емес, ауыз әдебиеті тиғен. Оның тарихи себебі бар. Қазақ халқы тарихқа «қөшпелілер» деген атпен енген жүрт. Қөшіп-қону мәдениеттің қолайлы формасы—фольклорды спрекше дамытты. Бар алфавитінен айырылғанымен, халықтың ендігі сенер санағы поэзия болады. Өлең, жыр, дастандар ауыздан-ауызға, сөйтіл үрпақтан-үрпаққа жалғасты. Қөркемдік бейнелеудің, дүниетанымның бұл тәсілі адамдардың абстрактілік ойлау қабілетін орасан зор мәнде дамытты. Жыр дастандарды жатқа айту әдеттегі құбылыс болатын. Бірақ ауыз әдебиеті, оның қөрнекіті кайраткерлері шығармашылығымен олеуметтік даму тенденциясы арасында, әсіресе, өткен ғасырдың екінші жартысында қайшылық бар болмысымен айқындалып, қазақтың рухани мәдениеті дамуындағы айтулы проблемага айналды. Сондықтан Абай тек билер шығармашылығының сыйншысы ғана емес, ауыз әдебиеті дәстүріндегі ақындар сыйншысы болуы да заңдылық.

Әдette, Абай шығармашылығына талдау жасағанда, оның нэр алған үш кайнар булагы: ауыз әдебиеті, Шығыс поэзиясы, Еуропа мәдениетінде әдебиеті деп атап жур-



міз. Осы тұжырым зер салуды қажет етеді. Әсіресе, өзіне дейінгі ауыз әдебиеті деген мәселеге келсек, қазір ғылымда анықталған «Көне түркі жазба мәдениеті» деген ұғым қалыптаскан. Ол Орта Азия мен Қазақстан территориясында тұратын түркі тілдес халықтардың бірі — қазақ халқының ауыз әдебиеті көне түркі жазба мәдениетінің бір бұтағы. Демек, қазақ ауыз әдебиеті көне түркі жазба мәдениетінің заңды мұрагері.

Көне, ертедегі түркі халықтары мәдениетінің аузы әдебиетіне өтуі қайшылықта болды. Демек, жазба мәдениеттен фольклорға ұласу жетістік пе, жоқ жеңіліс пе десек, бір сөзбен ол мынандай іс деп кесіп айту қыны. Ол бір жағына алғанда рухани мәдениет дамуындағы жеңіліс. Бар алфавитімізден айырылып қалдық, аты-жөні белгілі ғалым, ақын, тарихшыларымыз ұмыт болды. Тарихи шын, ақиқат оқигалар ұмытыла, көмекілепе келіп, азызға, мифтерге айналды.

Қазақстан территориясындағы қалалардың жойылуымен бірге жазба мәдениеті толық өшіп, жоғалып кеткен жоқ. Ол өзге күйге, өзге формага ауысты. Сөйтіп, халық рухы тарихи сергелдендер заманында өшіп жойылмай, көркем сананың ерекше формасы фольклорда сакталып қалды. Фольклордың одан кейінгі басты әлеуметтік қызметі үлттық, этникалық консолидация факторына айналуы. Әсіресе, ол әдеби тілді сактап, жетілдіруі арқылы көрінді. Тіл мөлдірлігін сақтады. Халық тіл мәдениетін жоғары дәрежеге көтерді. Рухани мәдениет көп жанрлар болып дамыды. Билер сөзі, шешендік сөздер, нақылдар, жұмбактар, дастандар, түрмис-с.т өлеңдері т. б. тольп жатқан әдеби үлгілері болды.

Абай нәр алған қайнарлардың бірі — ауыз әдебиеті дегенде, осы жайлардың бәрін еске алған жөн. Ақының шығармашылығы ауыз әдебиеті негізінде өсіп жетілгей. Шортанбай, Дулат, Бұхарлар шығармашылығындағы Абай көрген кемшілік, тек осы ардагер ақындарға гана тән емес, халықтың ауыз әдебиетіндегі орын алған жайлар. Фольклор жазба әдебиетке ұласқанда, бойындағы көшпелі түрмиска сай ерекшеліктерінен арылып, жаңа мәнге ие болатыны анық. Абайдың өзінен бұрынғы ақындарға қойып отырган талабы — заман талабы. Мәселе дәстүрге қатысты. Өлеңде Шортанбайлар дәстүрі Абай шығармашылығы арқылы енген поэзия дәстүріне керегар. Абай поэзияға жаңа принцип ұсынып отыр. Шортанбайларды кемсітіп отырған жоқ, олардың ақындық дәстүріне, еліктеу поэзиясына қарсы. Әдігімә көшпелілік

мәдениет пен отырықшылық мәдениетінің қайшылығында.

Абай өмір сүріп стырған уақытта қофамдық, әлеуметтік қайшылықтардың шиеленісін, соған сай қофамдық сана-сезімдер мелшері сапалық ерекшеліктерін айқын анғартқан болатын. Мұндай жағдайда өлеңге өзге өлшем, жаңа сапа қажет болған. Абай қазақ ақындары шығармашылығын әлемдік поэзиядағы озық ұлгілермен салыстыра отырып тануды мансұқ еткен. Эрине, мұндай талапқа тек фольклор дәстүрімен кеткен Шортанбай, Дулат, Бұхар жыраулар шығармашылығы сай келуі киын.

Қазақ халқының поэзиядағы аяқ алысы да әлемдік поэзиядан кем болмасын деген бағдарламалық талап қойған, соны іс жүзінде қалай болуын дәлелдеп берген ескі ауыз әдебиеті мен жаңа жазба әдебиетінің өліарасындағы ұлы тұлға Абай болатын. Абай өткеннің соңы, жаңаңын басы. Сондықтан оның:

Шортанбай, Дулат пеңен Бұхар жырау,
Өлеңі бірі — жамау, бірі құрау.
Әттең, дүние-ай, сөз тапыр кісі болса,
Кеүшлігі, әр жерде-ақ қөрініп гұр ау'—

деуі заңдылық. Әншейін, осы ақындарды мақтау үшін гана айтылған сөз емес. Рұхани мәдениетіміздегі өтпелі дәүірдің диалектикасы туралы толғаныс. Абайдың бар сана, ынта-жігерімен қиналып, халық мәдениеті үшін күйіп, жаңаңық ариасын ашқысы келіп, жүргегінен кең жарыла айтқан данышпандығы болатын.

Абай өлеңнің қандай болуы керектігін жете менгерген. Ол мұндай терендікке тек халық мұрасын бойына сіңірумен ғана емес, Гете, Байрон, Пушкин, Лермонтов сияқты Еуропа саңлақтарының поэзиясын жан-тәнімен сезініп, өзіне тән қасиет ретінде қабылдауымен де жеткен.

Абай өзіне дейінгі ақындарды қатаң сынға алғанда, поэзияны жетілдіру үшін мақсат қойған. Диалектика заңы бойынша бұл ескі мен жаңа арасындағы терістеуді терістеу. Метафизикалық терістеу емес, диалектикалық терістеу, ескіні жоққа шығара, терістей отырып, оның өзін үзбей жаңаға ұластыру, өрбіту. Абай халық мұрасына да, өзіне дейінгі ақындарға да диалектикалық терістеу арқылы келген.

Абай өлеңге жаңа өлшеммен келді дегенде, ол тек жаңа заман ақындары, Батыс ақындары тұрғысынан

емес, поэзиядағы, әсіресе Шығыс поэзиясындағы дәстүрді заманға орай жалғастыру иштегінде болды. Жаңашылдық және дәстүр сактау Абай сишишлдышының басты принциптері. Абайдың өзі де сиңеге ғұтқан ақындарға:

Фзули, Шәмсі, Сейхали,
Навои, Сағди, Фирдоуси,
Хожа Хафіз — бу һәммәсі
Мәдәт бер шағири, фәрияд —

деп сыйынуы тегін емес. Осы атаған ақындарды бір сөзben Шығыс ақындары дейді. Ал, Навои, Фзули, Сейхали болса түркі мәдениетінің өкілдері, араб емес, парсы емес, түркі тілдес халықтарға ортак тұлғалар

Сонымен, Абайды дүниеге әкелген заманды Ренессанс дәүірі деп атауга әбден болады. Бұл қазак Ренесансы. Оның мәні — түркі жазба мәдениеті дәстүрлік қазак топырагында қайта жандануы. Түркі тілдес қазак халқы өзінің тектілік жазба мәдениетіне қайта оралды.

Абайды ақын, ойшыл ретінде дүниеге әкелген ауыз әдебиетін, жана сапалық күйге түскен түркі жазба мәдениетінің мұрагері екендігін мойындал қана қоймай, олардың сабактастығын зерттеу бүтінгі күн талабы. Сол сияқты ауызша мәдениеттің жазба мәдениетіне ұласуындағы сабактастық та толық мәнде Засы анылмаган тақырып.

Абай сияқты біртуар ренессанстық тұлғалар халқында кесіп-пішіп, қорытынды сөз айту мүмкін емес. Халықтық сана-сезім жетіліп, голысқан сайын Абай туралы үгымымыз кеңеиे бермек, әр ұрпақтың Абай туралы өзіндік үгымы қалыптасып, әр ұрпақтың өз Абайы болмақ. Сондықтан да, Абайды тануымыз — өз халқымызды тану, оның рухани байлығын игеру деген сез.

Мәселенің ақыратына келсек, халқымыздың рухані байлығын шындалп игеруге енді гана қол ссызып отырмыз. Жиырмасыншы жылдардан бастап рухани қазынамызды зерттеп, бағалауда солақайлық таныттық. Қогамдық санада — «тұрпалы социология» үстемдік етеге бастады. Абайдың философиялық, әлеуметтік көзқарастарын зерттеушілердің көбі дерлік осы «тұрпалы социологияның» насиҳатшылары еді. Олар Абайды өз халқынан, топырағынан, ал халықты өзінің біртұма ақынан ажырату үшін тырысып бакты. Мұнда қиянат тек Абайға ғана емес, Дулатқа, Шортанбайға, жалпы бұқіл әдеби, мәдени мұраға, халық санасына жасалғанын енді гана мойындал отырмыз.

«Тұрпайы социологиялық» көзқарас дүйнелеп тұрган шақта Абай сынды ұлы тұлғаның шыгармашылығы туралы ақиқат қайдан айтылсын! Ұлы ойшыл ақында қайшылықтардың болуы занды, оны үғыну үшін биіктік кажет, кемел білім керек. «Тұрпайы социологтерде» ондай білім болмады. Олар қайшылықтың бір тармағына ғана жармасып, сөз түбінде жатқан ойға бойтап бара алмады. Осы себепті Абай байшыл да дігшіл, кертарта атанды. Сол жылдардағы басылымдарды оқысаныз Абайға тағылған, мұндай тсцеулерден аяқ сүрінеді. Халқымыз «ит үреді, керуен көшеді», дейді Абай керуені үрпактан үрпаққа көшуде. Сондықтан кезінде ақын туралы «анау сүйдеді, мынау бүйдеді» — деп жатпай, Абай шығармашылығының бір өзекті қыры — оның философиялық көзқарасына қыскаша шолу жасасақ деген ииетіміз бар.

Абайдың философиялық көзқарасы дегенде ең алдымен басын ашып алатын жайт сол, ол философиялық жүйе құрастырмаған, тіптен арнайы философиялық трактат жазбаган ойшыл. Сондықтан оның дүниетанымынан жүйеге келтірілген гносеологиялық принциптер және әлем туралы бір негізге құрылған философиялық концепциялар іздеудің еш қажеті жоқ. Абай таза философиялық еңбектер жазбагандықтан оны не материализм, не идеализм лагерінен іздеу де басы артық іс. Бүгінгі күнге дейінгі абайтанушылар оның философиялық көзқарасын бірде деизмге, бірде теизмге жақындастып қарастырып келді. Мұның екеуіне де қосылудың жөні жоқ. Асылы Абай дүниетанымын әлемдік философиялық жүйе, тұжырымдамаларга тыкпаламай, өзінің шығармашылығынан қарастырган дұрысырақ болар. Бұлай деңіміздің басты себебі, Абай ең алдымен ақын. Демек, оның ойшылдығы ақындығы арқылы көрінеді. Олай болса оның шығармашылығында дүниені менгерудің екі тәсілі тұтасып жатыр. Бірі көркемдік образдылық тәсіл (акындық өнер), екіншісі логикалық немесе философиялық (диалектикалық) тәсіл. Абай көзқарасы осы екі тәсілдің синтезінен түзілсе керек.

Абайды ақын деп сөзсіз мойындан отырганымызбен, оның дүниетанымында қай сананың (философиялық не месе көркемдік сананың) басым екенін айыру мүмкін емес. Абай өмірге бірде тек ақын көзімен, бірде тек ойшылдықпен қарамаған, оның дүниеге кезқарасы өзін коршаган ортасы тұғас қабылдаудан туған. Ақын өз заманының тұньял тұрган әлеу меттік болмыс қайшылық-

тарын тұтас қабылдаپ, «аңыр ойды көтеріп ауырган жаң».

Жоғарыда айтқандай, Абай философиялық тұжырымдар жасамаған, сондыктan оны не материализм, не идеализм, не дуализм қатарынан табу қын. Ол біртекті монистік философиялық көзқараста болмаған, оның дүниетанымы көркем образ нақышымен өрнектелген. Бұл өзіне дейінгі қазак ақындарына тән құбылыш. Алайда Абай өз халқының көркем санасын (терме, жыр, толғауларынан және т. б.) терен менгеріп, жаңа дәүірге — феодализмнен капитализмге өтпелі кезеңге сай тың ұғымдар әкелген ақын гана емес, қоғамның рухани өмірінде төңкеріс, сапалы озгеріс жасауға ынта койған ойшыл.

Міне, солай дей отырып, ол күні өтіп бара жатқан билер мен өткен заманның ақын, жырауларын әділ сынға алады. Себебі, Абай рухани даму қоғамдағы түбекейлі өзгерісті қажет етіп отырганын түсінгей. Сол себепті ол бесінші, жырма тоғызының қарасөздерінде қазактың кейбір мәнсіз мақал-мәтеддерін сынса, екінші, тоғызының, жырма үшінші сөздерінде, «Қалың етім қазагым, қайран жұртъым» сияқты тағы басқа өлеңдерінде халық бойындағы жағымсыз қылыштардан арылуға шақырады. «Фылым таппай мақтаңба», «Интернатта оқып жүр», «Түбіндегі баянды еңбек егіп салға!» өлеңдерінде, отыз екінші сөзінде жастарды білімге, адал еңбекке, срыс тілі мен мәдениетін менгеруге насиҳаттайды.

Абайдың гуманист, ойшыл болуына Шығыс және өз халқы мәдениетінің орны ерекше болған. Ақын Фзули, Шәмси, Сәйхали, Навои, Фирдоуси, Хожа Хафиз сияқты гуманистердің шығармаларын жасынан жаттап есті. Бұл шығармалар арқылы ол Үні, Қытай, Грекия, Гиппет тағы басқа елдерде қалыптасқан философиялық ұғымдар, жүйелерден хабардар болды. Платон, Аристотель, Лукпан, Сократ сияқты хакімдерді Абай суфистер философиясы арқылы, одан бергіде Платон шығармалары бойынша оқып білген.

Кезінде орыс тіліне аударылып Семейге жеткен Батыс Еуропа философтары Г. Спенсер, О. Конт шығармаларына ақын біршама дең қойған. Бұлар — XIX ғасырдағы өте елеулі ағым — позитивизмнің негізін салушы мықты ойшылдар. Батыстың бұл аты аталған ойшылдары философияға дәстүрлі көзқарасты жоқла шығарып, оны жатымды (позитивті) ғылымға айналдыруға күш

салған, соған орай тың тұжырым жасаган ірі ғұлгалар. Фылым, оның ішінде философия тек ақыл-ойдың дерексіз нағијесі болып қана қоймай, ол өмірге пайдалы болуы шарт. Абай да гытымың нақтылы адамдарға әкелетін тікелей пайдасы туралы айтады. Абай Дреппердің «Еуропаның рухани дамуы» деген энциклопедия тәріздес кітабымен таныс болған. Бұл кітапта бір жүйелі философиялық қағида жоқ, бірақ онда өте мол мағлұмат бар. Ақын бұл еңбекті қазіргі түсініктегі «әқулық» ретінде қолданса керек.

Абайдың орыс тілінде оқыған кітаптарымен танысулың єш қындығы жоқ. Аты аталған авторлардың еңбектері кітапханаларда сақталған. Біздің анықтай алмай жүргеніміз — Абайдың араб, парсы, түркі тіліндегі оқыған кітаптары. Оның ішінде, әсіресе суфизмге қатысты әдебиеттерді біз көбіне біле бермейміз.

Суфизм ислам діні шенберінде қалыптасып, үнемі дамып, жаңғырып отырған діни философия. Дінге деген солақай көзқарас жылдары біз суфизмді философиялық ағым ретінде мойындаудан бас тартқан болатынбыз. Соның салдарынан Абайдың философиялық көзқарасын білдіретін көнтеген үғымдар мен терминдердің мәнін түсінбедік.

Рас, Абай суфизмнен өзге де әлемдік философиялық ағымдар және бағыттармен таныс болған, орыс философиясын аса зер салып оқыған. Бұл жөнінде абайтанушылар көп айтқан. Бірақ, қалай десек те, Абай Шығыс ақыны, Шығыс мәдениетінің қайраткері, нақтырақ айтсақ мұсылман Шығысның аса көрнекті ойшылдарының бірі. Абайга осы түрғыдан келсек, суфизмнің білгірі Е. Бертельстің мына бір пікірін еске алу орынды: «Суфистік әдебиетті зортаемейінше, Шығыстың орта ғасырдағы мәдени өміри түсіну мүмкін емес. Оның классиктері Шығыс әдебиеттеріне XX ғасыр басына дейін ықпал жасап келді» (Е. Бертельс. Суфизм және суфистік әдебиет, 1965, 54-б.).

Абай суфизмнің аса көрнекті өкілдері әл-Аксари, әл-Халладж, әл-Харкани, Фазали әл-Хамадани, Санаси, Фаридаддин-Аттар, Румидің ықпалымен дүниетанымдары қалыптасқан Фзули, Шәмси, Сәйхали, Навои, Сагди, Фирдоуси, Хожа Хафиздерді пір тұтады. Яғни, Абай суфизмді біріншіден осы атаған ұлы ақындар арқылы қабылдаса, онымен ілім ретінде Ахмед Яссави секілді суфизмнің аса көрнекті ойшылдының шыгармалары арқылы танысқан. Ақын жиырда бесінші қарасөзінде араб,

парсы және түркі тілдерін білу мәселесін көтерген болалығын. Абайдың өзі түркі тілін еркін менгерген. Ахмед Яссави да еңбектерін араб емес, түркі тілінде жазған. Ол — түркі мәдениетінің ең соңғы алыптарының бірі.

Абайдың суфизммен келісетін де, келіспейтін де жерлері көп. Асылы ақынның суфизмге көзқарасын арнайы сөз еткен жөн. «Суфизм және Абай» — тың тақырып. Ол үшін зерттеуді алдымен Ахмед Яссавидан бастау көрек. Яссавизм исламның діні философиясы. Дінге жаңаша көзқарас енді калыптасып келеді. Ал суфизмсіз Абайдың дінге көзқарасын ашу киын шаруа. Абай Алланың, пайғамбардың жолындамыз, дейді, бірақ Алла тұралы ақын пікірінің ислам дініндегі негізгі қағидалармен қабыспайтын жерлері көп. Қайшылықтың мәні сонда. Ислам діні ауқымында екі мәселенің басын ашып қарастыруымыз көрек. Олар — дінни идеология мен дінни философия. Абай дінни идеологиядан аулақ, сондыктан оның көзқарасын дінни философия жағынан іздеу көрек.

Сондай пікірде болған діндарлар суфизмнің аса көрнекті ойшылы Халладжды азаптаң, соңынан өртеп жіберген. Бұған сондағы оның кіносі өзін құдаймен бірігіп, тұтасып кетемін деген пікірі себеп болады. Халладж өзін құдаймен тұласқан кезінде «Мен өзім жетілген ақиқатпын» деген екен. Ислам идеологиясында адамның бірден құдаймен қарым-қатынасы тұғыл, пайғамбардың өзі де Алласымен періштесір арқылы байланысады. Абай суфистік жаңа заманды жаңырығын отыр. Суфизмде алла тұралы өте курделі философиялық концепция бар.

Ақын өлеңдерінде де, қарасөздерінде де Алла деген ұғым жиі кездеседі. Соған қарап Абай діншіл болған екен деген қорытынды жасауға мүмкін болмайды. Оның қазақ тұрмысында ислам дінін, оның идеологиялық сипаттың қатты сығын алған түсінші ойшыл.

Абай шығармаларында Алла үш мағычада колданылған. 1. Онтологиялық мазмұнда, яғни Алла — шындық, ақиқат: дүниенің хактығын, барлығын бейнелейтін, адам еркінен, санасынан тыс обьективтік реалдық. Бар шындықты жоқ деуге болмайды. «Алланың өзі де рас, сөзі де рас, рас сөз еш уақытта жалған болмас», — деуі Алланы шындық ретінде мойындауныңыз. Бірақ, бұл шындықты ақылмен ұғып тану мүмкін емес, «акылға сыймас, ол алла, тағрипқа (бар нәрсе) ол күә» деп агностикалық қорытындыға келеді.

Ол бұл көзқарасын отыз сегізінші сөзінде белайша дөлседеген: «Алла тағала өлшеусіз, біздің ақылымыз — өлшеулі. Өлшеулі бірлән өлшеусізді білуге болмайды. Біз Алла тағала «бір» дейміз, «бар» дейміз, ол «бір» демектік те — ғақылымызға үфимның бір тиянагы үшін айтылған сөз». Бұл ілім суфистер философиясы арқылы қазақ даласына жеткен. Платонның, осіресе оның ізбасары Плотиннің құдайды ақылмен тануга болмайды деген ой-жүйесінің ықпалы айқын сезіледі.

2. Космогониялық мәнде, демек Алла әлемді жаратуши, құдірет. «Махаббатпен жаратқан адамзатты, сенде сүй, ол алланы жаннан тәтті». Алланы суюдің мәні ол жаратушы. Олай болса, махаббат тек жаратушыға арналуы қажет. «Жүректің ақыл сұаты, махаббат қылса тәнірі үшін» деуі де сондықтан Абай Алланы сүюге шакыру жолында суфистер философиясындағы мистикаға үрынбай, гуманистік бағыт үстанған. Абай сопылар сияқты Аллаға құлшылық жолында дүние қызығын тәрік қылуға қарсы. Ол «казаматтың бәрін сүй бауырым деп және хақ жолы осы деп әділетті» деп адамдарды дініне, наследіліне, ұлтына карап болуге үзілді-кесілді қарсы. Қоғам өмірінде ислам идеологиясы үстем болып тұрғанда мұндай асқақ гуманистік ой қорыту — дінге айтылған нақты сын.

3. Гносеологиялық тұрғыда. Ислам дінінде Алланы тану оның елшісі пайғамбар арқылы болмақ. Ал Абай болса пайғамбарды тануға шақырмайды. Дүние, шаруа, мінез күнде өзгерер, кезекпен іәби келер, деп пайғамбарлықты қалыпты жағдай ретінде айтады да, адамды сыйлауға, Алланың хикметін сезінуге шақырады. Ислам дінінде алланы бірден, оның жердегі елшісі пайғамбарсыз тануға рұхсат жоқ. Ислам дінінде пайғамбарды мойында маушылықтан асқан күнә және жоқ. Абай болса пайғамбарды насиҳаттап өлең жазбаған ақын. Ақын ислам дініне сынни көзқарасын отыз сегізінші сөзінде мұлдем ашық білдірген.

Абай өлеңдерін мұқият оқыған адам, оның буддизммен, зороастризммен, христиан діндеріндегі философиялық қағидалармен таныс болғанын аңғарады. Абайдың буддизмге тікелей катысы туралы сында арнайы әңгіме бола қойған жоқ. Соган орай тілімізге тиек етіп М. Әуезовтың мына пікірін келтіре кеткеніміз жән болар: «Өз айтуыша, отыздың ішінен бастап, орыс оқымыстыларының қөп кітаптарын оқып, қырыққа таман келген уақытта бұрынғы дүниенің асты-үстіне шығып

өзгереді. «Құншығысым — күнбатыс, күнбатысым — күншығыс болып кеттім»,— дейді. Әрине, оның мұндағы күнбатысы өзі тілін, өнерін үйренген — Ресей. Абай әрбір жақсы сөзді оқыған соң, соның ағымына ақылоймен терең бойлайтын әдettі табады. Мәселен, Будданың жайын оқып шыққаның артынан: «Будданың сөзі қалай терең еді, жасымда кез келмедин!» деген екен.

Абайдың «адам» туралы ой-толғаныстарында айғайлап түрмаса да, суфизм мен буддизмнің әсері анық байкалады. Ақын адамды Алламен бірге атап қана қоймайды, тіптен керек десеңіз адамның дамуын шектемей, оны тым біккетіп әкетеді. Алла жаратушы, Алла шындық, бірақ өмірдің, әлемнің қозғаушы күші — Адам. Мұндай гуманизм буддизмге тән. Осы дін бойынша егер адам будда бола алса, ол құдайдан да биік деген қағида бар. Сірә, осы тұжырымды суфистік ғұламалар да буддизмнен алып өздерінше дамытқанға ұқсайды. Адам жөніндегі осы буддистік-суфистік көзқарас Абай шығармашылығының өзегіне айналған. Алланы сую деген сөз ақын түсінігінде адамның өз бойындағы рухани куатын ашу дегенмен пара-пар. Алланы сую арқылы адам шындықты да нактылы гуманист атанбақшы. Алла жаратушы болғанмен, жарылқаушы болғанмен, ол адам затқа қызмет ететін рух. Ақын мен адам бір-бірінсіз мәнсіз, магынасыз болмақ. Алла шындық болған соң, ешқашан адам өтмек емес. Соңықтан да, ақынның «мені» меч «менікіңі» айрылғанын, өтді деп ат қойыпты өңкей білмес» деуі орынды. Алла мәнгілік болса, адам туралы ақиқат та әлімсактан мәнгілік, ягни оның өзі болмаса да үрпектан үрпакқа көшетін ғруағы мәнгілік. Алла да, адам турғалы ақиқат та мәнгілік.

Зороастризм өте көне дін болғандықтан, оның Абай заманына «таза» күйінде жетіл мүмкін емес. Сол себепті зороастризмнің толық қағидасын ақын шығармашылығынан таса қою қын. Ашық айтылмай жүрген мәселе — зороастризммен християн және ислам діндерінде (діни философияларда) «теориялық» негіздің бір болғандығы. Әсіресе, орыс мәдениетінде зороастризмнің сілемі: мел Содан бслар М. Әүсзов Абайдың «Қыс» туралы өлеңін талдай келіп, кысты кәрі шалға тенеуді орыс поэзиясынан, дәлірек айтсақ, Некрасовтан алған деген ой айтады. Мұмкін бұл дұрыс та шығар, бірақ айларлық адам кейпінде үөрінуі зороастризмде қалыптасқан дәстүр. Мұнда барден көзге түстіні — зороастризм күн тізбесіндегі айлардың, күндердің атаулары. Иранның ескі

күн тізбесіндегі әрбір ай, әрбір күн, тіптен күннің әрбір кезеңдерінің рухани киелері болған. Бұл жерде зороастризмнің әсері бар. Мұндай жағдай Авестада да тіптен жиі кездеседі.

Бір сөзбен айтқанда, «Қыс» образын адам кейпінде беру Абайдың өзі ашқан жаңалығы. Абай өлеңдерінде тек қысты ғана адам кейпінде суреттеумен шектелген жоқ, соның айғағында «Жазғытұры» деген өлеңінде: «Күн — күйеу, жер — қалыңдық сағынысты, құмары екеуінің сондай күшті» деп бір кетеді. Сонда күннің — күйеу, жердің — қалыңдық атануында да Некрасвтың әсері болғаны ма? Бұрын мұндай қазақ фольклорында кездеспеген образдарды жасау — ақынның өз жаңалығы.

Абайды көп зерттеген де, онңың философиялық көзқарасы хакында жиырмасының жылдардың өзінде-ақ аринайы мақала жазған да — Мұхтар Әуезов. Ол «Абайды философ деге болмайды. Себебі философ болу үшін Селгілі философиялық жүйе болу керек. Абайда олай емес. Абайда данышпан ақындарда бөтатың философиялық пікір бар», — деген еді.

Іә, Абай философиялық жүйе құрастырмаган ойшыл, бірақ оның дүниетанымында жүйе жоқ дегенмен келісе алмаймыз. Абайдың әлемге көзқарасы қалыптасқан, өзіндік философиялық түйіндері бар ғұлама. Бұған мысал ретінде тек қана отыз сегізінші карасөзін алсақ та жеткілікті. Ә. Коныратбаев «Фараби және Абай» деген мақаласында осы отыз сегізінші қара сөзі жайында: «Бұған өзірше ешкімнің тісі батпай жүр. Мұны түсіну үшін араб тілін білу жетімсіз, сонымен бірге ислам философиясын да білу кажет. Мұнда Абай Фейербахша дінді реформалап, соны жаңалыққа бейімдегісі келеді. Қайшылғы бар. Ол Фейербахтың «Махабbat діні» де:си еңбегіне үксайды. Алайда Абайдың отыз сегізінші, қырық үшінші сөздерінің бас тақырыбы алла емес, адам бойындағы табылмаған қасиеттер. Дінді Абай антропология теориясымен түсінілреді. Өйткені адам құдайды өзіне үқсатып жасаган, сондыктан негізгі жаратушы адам, ол өзін аллаға үқсатуға тиіс» дейді (Ә. Коныратбаев. Қазақ эпосы және түркология, Алматы, 1987, 329-бет).

Оқінішке қарай, Абайдың осы терең пікірлері әлі маман философтардың назарына ілінбей-ақ келеді. Оның ең басты себебі — біздің кенес дәуіріндегі философтардың Абай оқыған ислам философиясына мән беріп зерт-

темсегендігінде. Ислам философиясына үшілмей Абайдың көзқарастарын талдау өті қын шаруа.

Абай қоғам дамуының объективті занылдығын танып, соган мойын ұсынған ақын. Ақын түсінігі «құдай жазуы», мандайына не жазылса сол болады деген фаталистік докладан тыс. Ол «сен асыққан екен деп, алла әмірін өзгертпес» деп өзін шындық мойындаған Алла арқылы дүние занылдығын айтып отыр. «Алла әмірі» Абай үшін тек діни ұфым емес, болмай қоймайтын, іске асатын шындық. Бірақ Абай заманында әлемнің даму занылдығы «Алланың әмірі» деп айтқаның еш сөкеттігі жоқ болатын, ол халық үшін түсінікті ұфым. Реалист ақын өз дүниетанымын халқына ұғынықты түсінітермен беріп, халық санасынан алшақ кетпеген. Болмыс-бітімін айшықты етіп ашып беруде ешқандай өзге тілге жалтақтамай, әлемнің қат-кабат күбылтыстарын, өз халқына түсінікті тілмен жеткізген. Оған лексикалық корымызға енген философиялық ұғымдар мен терминдер толық мүмкіндік берген. Сонымен бірге Абай жаңа ұғымдарды қалыптастырыған немесе бұрынғы мазмұнға үстемс мән беріп, оларды философиялық деңгейге көтерген. Мысалы, казақ тілінде «пысық» деген сөз ертеден бар. Бірақ осы сөзден жаңа заманға сай Абай әлеуметтік құбылышты бейнелей алатын ұфым жасаған «Сабырсыз, арсыз еріншек» деген өлеңінде «пысық» дегенін кім екенін тәтпіштеп тұрып бағындаған. Өкінішке қарағ, кейінгі киын-қыстау шакта да Абай мензеген пысықтар шолақ белсенді, атқа мінерлер, белсенділер өрбіп шыға келді. Халықты куырып, тоз-тозын шығаратын сол «шолақ белсенділердің» қандай заманда өсіп өніп шыға келетінін ақын көрсегенділден болжаган.

Біз ақынның дүниені диалектикалық қабылдаудыңдағы қайшылықты көре білуіміз қажет. Болмыс қайшылығын мойындау, тану, көркем тәсілмен бейнелеу бір мәселе де, сол қайшылыктарды шиеленістірмей, шешудін амалын ұсыну бір болек әнгіме. Абай өмір қайшылығын жанмен, жүргімен сезінген, санасына жеткізген, ал бірақ осы қайшылықтардан шығудың жолына келгендे, оның өнерге, білімге, адамгершілікке шақырған «ұндеулеріне» қарал, оны ағартушы-демократтар санатына жатқызамыз.

Бірақ кенес өкіметі жылдары «ағарғұшы», «ағарғұшылық» деген сөздердің жиі айтылып келгені белгілі. «Ағартушы» деген ұфымды бұрын қазақ халқы нақты мағынада қолданбаған. Бұл орыс тітіндегі «просвети-

тель» дегениң түп-турā аудармасы, қысқасы, еліктеуден туган сөз. Мысалы, Абай шығармашылығын алып қара-саныз, бұл сөзді таба алмайсыз. Қазакта ойшылдарды гүлама, дана, данышпан т. б. деп атаған. «Ағартушы» деген сөз болмаған.

«Ағартушылық» ұғымын санамызға сіңірген большевизм идеологтары. Себебі, олар өздерін қараңғы қазаққа өнер-білім әкелген ағартушылармыз деп жария еткен. Сонымен қатар олар қазақтар ішінен де ағартушылар іздестіре бастаған. Бұл «Большевизм — халық қамын ойлауши саяси ілім» деген түсінік үшін қажетті дәлел болатын. Сонымен тез арада ағартушылық концепциясы жасалып, шығармаларында әділеттілік тура-лы ой толғаған казак ұлдары ағартушылар болып шыға келді. Бұл «агартушы» деген түсінікті қайткен күнде де халыққа қажетті құбылыс екендігін мойындану үшін жасалған саяси-идеологиялық айла шары еді.

Анығында ағартушылық қоғам болмысының занда-лығы ретінде аңғарылатын мәдени қозғалыс, оның қоз-гауши күші — ұлттық идея. Ағартушылық деген Батыс Еуропадан таралғандықтан, мысалға ағылшын, фран-циз, неміс ағартушылықтарын алсақ, бәрінің де негізі мақсаты — ұлттық идея болғанын еріксіз мойындайсыз.

Ал егер орыс ағартушылығына келетін болсақ, онда да ұлттық идеяның шешуші күш болғаны бірден көрінеді. Бірақ мұнда бұл ағымда айтарлықтай өзіндік ерек-шелік болды. Ресейдің Батыс Еуропа елдерінің мәдени деңгейінен төмен, мешеушілікте қалғанының салдарына орыс зияттылары ағартушылықтың екі түрін (ұлғасін) қалыптастырган. Оның бірі орыс халқының мұdde-сіне орай қызмет етуге талпынған ағартушылық та, екін-шісі — Батыска көзсіз еліктеуден туган ағартушылық.

Қазақстанға, өкінішке орай, ағартушылықтың өні айналған миссионерлік түрі келіп жетті. Мәселеге негұр-лым байыппен қарай білген жағдайда Қазақстанда ағартушылықтың екі түрі көрініс тапқанын анфарамыз. Оның бірі мәдени дәстүрге, заман талабына сай прогрессивті бағыттағы реформалар жасауға үмтүлу, сөйтіп халықтың сана-сезімін ояту сияқты құбылыстар. Бұл кәдімгі мәдени жүйе бойынша жүргізілетін қажетті ша-ралар. Қалың бұкараны өнерге, білімге шақыру, өз бо-йындағы олеуметтік кеселден, жат қылықтардан арыл-ту, өркениетке талпыну жолын да басынан өткізеді. Мі-не, осы мақсаттағы ағартушылық күп аларлық жағдай.

Бір ауыз сөзбен түйіп айтқанда, шынайы ағартушылық дегеніміз — осындай иті ниеттен тұған әрекет көрінісі.

Адамдыққа, кісілікке бастаған ағартушылық қазак халқында ежелден үзілмей келе жатқан иті дәстүр. Қалың қауымға ұлттық уағызымен жақын жыраулар шығармашылығы негізінен, ағартушылық сарында.

Қазақ жүртім елдігінен айырылып, басы иіліп, тізесі бүгілген заманда ағартушылықтың жоғарыда айтылған жалған түрі — миссионерлік келді.

Қазан төңкерісіне дайін христиан дінін уағыздауға қызмет еткен миссионерлік әрекетінің бет-пердесі аса бүркеле қойған жоқ. Оған дәлел Ы. Алтынсаринның, Ильминскийдің жәнzs сол сиякты халықты ағартуға келген басқа да срыс сқытушы мұғалімдерінің жүргізген жұмыстары.

Қазан төңкерісінен кейін миссионерлік жұмыстар тепіске шығарылып, сырттай лағнет айтылғанмен, оның негізгі болмысы сакталды, бірақ енді оны большевиктер жүртты идеологиялық түрідан адастыру мақсатында интернационализм деп бүркеметеді. Сөйтіп Кеңес өкіметінің орнығына орай Қазакстандағы ағартушылықтың әлгі айтқан екі түрі бірігіп, қосылып кетті. «Миссионерлік» деген атау жойылды, бірақ оның мазмұны бәлендей өзгере қойған жоқ. Өзгерген—тек атауы, сыртқы туртұсі ғана. Ендігі жерде халықтың көзін айсак деген ағартушылардың ізгі ниеті, үміті саясаткерлердің ықпалында кете барды.

Ағартушылық туралы жақа қағидалар жасалып, бұдан бұлай ол саяси идеологиялық мәнге ие болды. Революциямен еш қатысы жоқ ағартушылық революционердің идеологиялық құралына айналып кетті. Шоқан, Ыбырай, Абайларды Кеңес өкіметі ғалымдыры, ұстаздығы, ақындығы үшін смес, халықты жақсылыққа насиҳат жасап, үгіттегені үшін мейлінше дәріптеп көрсетті. Олардың тұжырымдауына қараганда Абайлар қазақ халқын социализмге өтуге дайындаған ағартушылар. Осындай шындықтың өндін айналдыру саясаты өз істижесін берді. Қазақ халқының басым бөлігі еш күмәнданbastan, Кеңес өкіметіне, коммунистік партияға имандай сенді де, адасу жолына түсті. Ақын айтқандай, жақсымен жаманды айырмады.

Абайды «ағартушы» дегенде, ол ешқашан қазаққа «қазақты тұрмыстан қолынды үз, өзге жүрт бол, дінінді, тілінді жой» деген жоқ. «Басындағы кеселді қылықтан арыл, тазар, өзге жүртқа қарап, өзінді көр, мінінді түзе»

деді емес пе? Егер осындай уағызды ага॑ртушылық десек, большевиктер үғымындағы ага॑ртушылықпен оның үш қайнаса сорпасы қосылмайды. Өйткені, большевиктер болса қазакы тұрмысты жоққа шығарып, мұсылманшылық үғымды, дінді талтады, тілін жойды, бір ауыз сөзбен айтқанда, рухын қорлады. Қысқасы, ұлт болып өмір сүрүге барынша кедергі жасалды.

Ұлтық мұддеге ере салған саясатты ага॑ртушылық деуке болмайды. Сондықтан ғұл ага॑ртушылық емес, айла тәсілмен жүргізілген, сағси бүркемеленгін миссиянерлік сана.

Ага॑ртушылық таза идеологиялық үғым болғандықтан, Абай сияқты біртуар тұлғаларды қып-үйрену саяси қажеттілікке айналды. Елуінші жылдардан сексенінші жылдарға дейінгі Абай туралы жазылған зерттеулердің көбінде Абайды ага॑ртушы деп, оны большевиктер ілімінің дұрыстығының айғағы (аргумент) ретінде пайдаланған. Сондықтан Қазақстандағы ага॑ртушылық қазақ халқын тәуелсіздікке бастамайтын, керісінше, құлдық санаға бас июге тәрbiелейтін халық мұддесіне керегар жүргізілген саясат.

Ага॑ртушылықтың тұп мәнісін біле алмай, ақиқат жолында адасқан қазақ зияллыларына кешірімді болуымыз керек. Заманнан асып тыңиаң жол салу, айрықша ақыл табу әркімнің колынан келер іс емес. Бірақ солай болуға тырысып, халқының тағдыры үшін жан-тәнімен қызмет еткен перзенттеріміз жетерлік. Оларға кешірімді болу, білу кейінгі үрпак парызы. Әркімнің өз жетер жері бар.

Уақыт қатаң сыйныш — көп нәрсөні айқындаиды, ұақыт дана — көп нәрсөні кешіреді. Бірақ, мәселе бүгінгі күнде. Адасқанымызды осы бүгін аңгармасақ, әлі сагым соңында алданып жүрсек, онда біздің алға ұмтылғанымыз қайсы? Абай айтпап па еді —

Сонда ақып белін буынып,
Алды-артына қаранар.
Дүние кірін жуынып,
Көрініп ойға сөз салар,—

деп. Қазақ зияллыларына «дүние кірінен жуынатын» кез келген сияқты. «Әділет пен ақылға сыннатып, көрген білгенін» өзіміз туралы ешкімнің ықпалынысыз, анау айтты, мынау айтты демей-ақ, қазақтауғының қалыптастыру парызымыз. Біздің көптеген қоғамдық-саяси, мәдени ой-пікірлеріміз, уайым-түсініктеріміз еліктеуден,

өзге ілімге табынудан туған. Сондай проблеманың бірі казак ағартушылығы туралы тенденция.

Ағартушылықтан қазақтың ұтқаны шамалы, негізін ұтылды, дамудың тығырық жолы социализмге түстік. Қазір шегініп келеміз. Әлі өзіміз жол айырының жеткен жоқпыш. Өзгениң етегіне жармасып, оған елікеп бөгде жолға түскенімізден сабак алар мезгіл жетті, бірақ іс жүзінде тағы да бір ағартушылықтың жана бір түріне тап келіп отырмыз.

Қазак зияллылары қауымының бір тобы Батысқа еліктеп, ұлттық дамудың төл өзегін шығарып, халықтың тағы да теріс жолға итермеледе.

Қазақстанда ұлттық идеяға құрылған ағартушылық жаңа ғана бой қөрсетіп келеді. Ағартушылық — ұлттық сана-сезімді ояту үшін қызмет атқаратын мәдени-саиси күбыллыс. Бұғандегі миссионерлік-ағартушылық саясаттың жемісі айқындалып отыр. Ол ұлттық идеяға қарсы тәрбиеленіп өсken қазак зияллылары. Олардың ынтасты — Батыс мәдениеті.

Батыс өркениеті өз аймағы үшін құнды. Батыс — мұсылман рухына келе бермейтін басқаша христиан әлемі. Батыс мәдениетін білу пайдалы екеніне сөз жоқ. Бірақ бұл тағы да ұлттық дамуды шектеу факторы болып табылатынын ескерген жөн. Батыспен қазақ мәдениеті бәсекеге түсінеді керек. Біз ұлттық генофондымызды (қорымызды) шашып алған халықпыш. Өзімізді өзіміз танып, дамуымыз үшін уақыт қажет. Халық болып топтасып ес жинау керек. Бар-жоғымызды түгендер алу егемен болған елдің атқаратын басты ісінің бірі. Кезінде көне түркі мәдениетін араб-парсылар әкелген, одан бері де Казақстанда орыстардың Шығысқа жылжуы нәтижесінде келген христиан мәдениеті үстемдік етіп келді. Алдагы уақытта осы үрдіс қайталанып журмей ме деген күдіктің ойға келуі занды.

Қорыта айтқанда, қазак зияллы қауымының алдында рухани түрғыдан тағы да жол таңдау мәселесі кесе көлденен түр. Абай: «Адасқанның алды жөн, арты соқпақ» деген. Адасып журіп жөн тауып, сонымыздан үрпагымыз ерсе, өз жолымызды қалдырсақ деген пікірдемін.

Эрине, Анахарсистен Абайға дейін жогарыда аты аталаңдардан да өзге ғұламалар, ойшылдар, мәдениет қайрагкерлері болған. Бұл ете ауқымды тақырып. Кенес өкіметі жылдары біз Абайды өзі өніп-өсken топырағымен зерттей алмадык. Абайдан әрі қарай тереңдесек түрлі әлемнің тарихына тап боламыз. Ол деген сөз пан-

түркізм болып шықпак. Большевизм пантюркизм дегенді өзі ойлап тапты да, оған қарсы күрес ашты. Анығында ешқандай пантюркизм емес, түркі тілдес халықтардың ортақ мәдениетін, тарихын зерттеуге ынталылар болған. Бұгінде түркі мәдениетін, оның генезисін зерттеу мүмкін болған жағдайда, біз Абай туралы сөзді сонау тұпта-мырдан (генезистен) бастауды жөн көрдік. Бұл тек көңіл қалауы емес, оған мұрындық болған екі мәселе еді.

Біріншіден, екі мын бес жұз жыл ішінде (яғни Анахарсистен Абайға дейінгі аралық) үзілмей бізге жеткен түркі тілі. Эрине, түркі тілі өзгермеді, сол қалпын сактады деп айту артық болған болар еді. Сонымен бірге түркі тілі жойылып кеткен деп те ешкім айта алмайды. Бұл бір мәнгілік тілдің бірі. Заманында түркілердің өз әліппесі болған, келе-келе ұмытылған, оның себептерін жоғарыда айттық. Бұгінде жана заманда қайта жанғырып отыр.

Түркі тілінде Рабғузи, Бақырғани, Ахмед Юғнаки, Хайдар Дулати, Жаланыри, Түркістани, ат-Түрки, Жамал Карши, Қашқари, Сығнаки, Баршылығи т. б. өз шыгармаларын жазған. Бұл адамдар қазақ хандығы немесе казак ордасы ту тіккенге дейін өмір сүрген өнер майталмандары.

Тіл мамандарымен тағаспаймын, бірақ бір мәселенің басы ашық. Ол түркі тілі деп жүрген тіліміздің сонау сақтар заманынан сакталып келгені. Сеси тұста ерекше айтылатын проблема Анахарсис тілін зерттеу. Біз Анахарсис түркі тілінде сөйлемді деп болжам (гипотеза) ретінде айтып отырмыз. Ендігі қажетті нақтылы дәлелдер. Сақтар тілі туралы түркологияда менінше жансақ пікірлер белең алышп кеткен. Оның ең бастысы сақтар тілін ирандық тіл тобына жатқызуышылық.

Түркі тілінің субъектілерін тарихта әр түрлі атайды: сақтар, ғұндар, қыпшақтар т. б.

Екіншіден, жиырма бес ғасыр бойы үзілмей келген этностық сана бүгінгі күнге жалғасып отыр. Теорияда белгіленген, тарих дәлелдеген шындық сол этнос адамдарының тіл бірлігін талап етеді, себебі тілсіз этнос, яғни адамдардың тарихи-әлеуметтік қауымдасуы болмайды. Сондықтан этнос пен тіл тарихи бірліктे қауымдасады. Түркі тіліне ие болып келген этностар аттары: сақтар (скифтер), қыпшақтар (түркілер) содан кейін түркі тілдес бүгінгі күнгі өмір сүріп отырған халықтар. Демек, түркі тіліндегі сөйлемеген этностар тарихтан мұлдем жойылып кетпеген, тек тарихи атаулары өзгеріп

отырған. Қазақ халқы сол түркі олемінің бір тарауы. Ал, жоғарыда аты аталған ғұламалар осы этностардың «өтпелі кезеңдеріндегі» өмір сүргендер. Олардың бәрі Ренессансстық тұлғалар. Мысалы, Анахарсис сақтарға сол кездегі өркениетті қала Афиныдың мәдениетін, өнерін, саяси басқару жүйесін әкелсе, Иолтыгегін түркі олемінің ең шарықтау шегінде өмір сүріп, оның өзге күйге ауысар сәгін, оның себептерін таска тустирген. Ол азаттық қозғалыстың жырышы. Демек, этностық сана-ның насихатшысы. Оның болмысы түркі қағанатымен біте қайнасқан. «Күлтегін» жырынан «қалың елім!» деген Абай зары естіліп тұр. Сондықтан да біз Анахарсистен Абайға дейін дегендегенде өзге ғұламаларға ариайы тоқталмадық. Мұнымыз мүмкін дұрыс, мүмкін бұрыс. Оны кейінгі зерттеушілер аныктар. Себебі, үчың озі ариайы зерттеуді қажет ететін күрделі тақырып.

Біздің мақсатымыз Анахарсистен Абайға дечін деген мәдени-тариhi концепцияны бір ғылыми салығы, оны мектеп оқулықтарына енгізу, сөйтіп жас үрпактың 25 гасырлық рухани, тарихи-мәдени көпістігімізді игерүше қолайлы жағдайлар қалыптастыру.

Араларында 25 ғасыр жатқанмен, Анахарсис пен Абай дүниетанымында үксастық бар. Бұл үксастықтың мәні екеуінің де күдік философиясына (яғни скептицизме) жақындығы. Анахарсистің скептистер қатарына жаттынын жогарыда айттық. Ал, Абайға келсек, ол ешқашанда гылым, болмыс, Адам туралы айқын, үғым-га женіл пікір айтып «көсемсінбеген». Орың, осіресе қара сөздерінде жауаптан сұрағы көп. Ол ақылға сын айтқан. Ақылдың мөлшерін біле білген. Егер де ақыл өлшеулі болып, ол арқылы ғаламды тану мүмкін болмаса, не болғаны? Бұл күдік философиясы. Еуропа тілімен айтқанда, скептицизм. Бірақ, бұл әншнейін күдік, әншнейін бір нәрсениң жоққа шығарушылық емес, ақыл арқылы жасаган қорытынды. Тек ақылды жанғана ақылдың шегін сезіне алады. Сак ойшылы Анахарсис те, қазақ ойшылы Абай да сондай жандар.

Когамда ешқашан да ақиқат туралы айқын теория болмағаны анық, болуы да мүкін емес. Біз көбіне болжамды аксиомалық теория деп қабылдаймыз. Уақыт оның теріс екенін әманда дәлелдеп, айқындан береді. Көбіне — теория болжам, болжам — теория болып қабылданып, біріншің орнына бірі журе береді. Сондықтан да біздің айтып отырғанымыз, әрине болжам, бірақ оның теорияның қызыметін атқаруына кім кепілдік бере

алады. Теорияны теріске шығаратын да теория. Ондай теория болмаса біздің айтқанымыз болжамға айналады. Қысқасы, қалай болса, олай болсын әйтеуір бұл мәдени тарихи концепция қажстке жарапы сөзсіз. Бұл пікірлер теріске шыгарылғаны дәлелденсе, онда біздің ойдың шындыққа жетуге қызмет еткені. Рас, осы жөн екен, тек толығырақ зерттелсе деп тілек білдіргендеге бұл еңбек алғашқы соқпак.

Енді кітаптың келесі екі бөлімі туралы бірер сөз.

Абайдың өз сөзімен айтсақ, «Абайға әркімнің де бар таласы». Орбір зиялды қазактың Абай туралы пікір айтуы түсінікті және орынды. Ақын барша қазақ жүртynына ортақ болғанмен, әркімнің өз Абайы болуы да мүмкін. Ор адамның, әр үрпактың Абайды өзінше қабылдауына таң қалуға болмайды. Сапаның мазмұны субъектінің түсінігі арқылы айқындалады. Мен де осы ғұрғыда Абай шыгармашылығын зерттеуге ден қойдым.

Абайсыз қазақ мәдениеті, фиолософиясы туралы сөз айту мүмкін емес. Сондықтан Абайды тану қазақты тану деген проблемамен өте тығыз байланысты. Бірақ, ақынды танудың тәсілі қандай болуы керек. Абай туралы айтылған, жазылған жалпылама сөзден көп нәрсе жок.

Мен Абайды тануда өзгеше тәсіл қолдандым. Оның аты еуропаша герменевтика, арабша — бари ирманийас. Бұл түсінік туралы ғылым немесе түсінікті түсінудің тәсілі.

Түсінікті түсіну деген сөз, біреудің ойлау тәсілін менгеру. Мысалы, Абай Алла тағала адамзатты ма-хаббатпен жаратқан дейді. Бұл ақынның түсінігі, біздің міндет осы түсінікті түсіну әрі түсіндіру. Сол себепті екінші бөлімді «Түсініктер туралы түсініктер» деп атадық. Мұнда Абай өлеңдеріндегі бірден оқырман санасына жол таба алмайтын түсініктерге түсінік беруге талаптандық.

Үшінші бөлімді «Сөздер туралы сөздер» деп атадық. Бұл бөлімде Абайдың қырық бес қара сөзі туралы пікірлер айттық.

Осы екі бөлімдегі айтар түсінігіміз нақтылы Абай шыгармасындағы — бір сөзіндегі, не бір өлеңдегі, не өлеңнің бір шумағындағы, не өлеңнің бір жолындағы түсінікке құрылған. Абайдың айтқандарын өзге гуламалар пікірлерімен салыстыруды мақсат егпейміз. Біздің мақсатымыз Абай түсініктері туралы нақтылы түсінік айтуды.

Е К И Н И Ш I Б О Л I M

ТҮСІНІКТЕР ТУРАЛЫ ТҮСІНІКТЕР

«АЛЛАНЫҚ ӨЗІ ДЕ РАС, СӨЗІ ДЕ РАС»

Бұл өлеңде Абай Алланы тану проблемасын қозғаған. Қазақ топырағында Абайға дейін Алланы тану мәселесімен шұғылданған ойшылды мен білмеймін. Өзін сопылармыз деп атаған тақуалар (әулиелер) да «Алла бір, пайғамбар хак» дегеннен аспағанға үқсайды. Неге «Алла бір», неліктен «пайғамбар хак» деп мәселе нақтылы қойылмаған. Бір сөзбен айтқанда, сенім мен таным арасы ажыратылмаған. Абай болса, Аллаға сену мен оны тану бір ұғым деп қарамайды. Сенім — діни қафіда, таным — гносеологиялық ұғым. Алғашқысы, діни идеологияға негіз болса, соңғысы діни философияның категориясы. Бірақ, Аллаға сену және оны тану мәселелері діни сана ауқымындағы ұғымдар. Сондықтан осы проблемалармен айналысқан, пікір айтқан адамдарды, біз бүгінгі күні діни ойшылдар деп жүрміз. Олай болса, Абайды да діни ойшыл (философ) десек, оны не мадақтаған, не даттаған емес, нақтылы шындық туралы айтылған пікір болса керек.

Абай Алланың насихатшысы емес, оны танушы, зерттеуші ойшыл.

Алланың өзі де рас, сөзі де рас.

Рас сөз еш уақытта жалған болмас,— деп Абай мәселені діни сана ауқымында қарастырып, бірақ Алланың растығына айрықша көніл бөлген. Ақын «рас» деген түсінікпен нені айтқалы отыр. Бұл бір мәселе. Сонымен бірге Алланың өзі ғана рас емес, сөзі де рас дегендеге нені меңзеп отыр. Бұл біріншіден туындайтын екінші мәселе.

«Рас» деген қандай болмасын заттың, құбылыстың мәнін, әрі сапалық мөлшерін білдіре алатын олшем,

Заттың рас болуы да, болмауы да мүмкін. Алгашқыда рас болып айқындалған зат, келе-келе мәнсіздене рас емеске айналуы ықтимал. Бірақ, рас заттың рас өмеске өтуі де рас. Демек, растың бір-ак мәні бар, ол оның растығы. Бұл «рас» үғымының бір қыры.

«Растың» екінші қырына келсек, онда растың расығын тану мәселесіне тірелеміз. Бұл философиялық мәселе. Растың растығын тани алмасақ, ол жөнінде не айтуда болады. Онда Алланың барлығына сенуден өзге амал жоқ. Бірақ Абай Алланы рас дегендес, оны ақиқат дең отырған жоқ, танылатын мүмкіндік, болмыс ретінде қарастырған.

Абайдың өлеңінің екі жолында «рас»-ты үш рет колдануы тегін емес. Ол өлеңді қабылдаушының ойына өріс бергендей. «Алланың өзі де рас емес, сөзі де рас», ал кепісінше ойланып көрелік. «Алланың өзі де рас емес, сөзі де рас емес»,— сонда рас не болғаны. Ақылың бар, сана-сезімің бар ойлан, түйсін. Алладан өзге қандай расың бар. Абай расқа үшінші жағынан келген. Ол оның тарихи мәнділігі. «Алланың өзі де рас...» осылай өткен тарихта болған, қазірде солай, болашакта да солай бола бермек. Рас бұл мәнінде мәңгіліктің өлшемі. Алла рас, демек, ол мәңгілік шындық, оның растығы — мәңгіліктің інде.

«Расың» төргінші қыры. Рас мәңгіліктің өлшемі деңдік, бірақ болмыста өткінші жайлар да бар смес пе? Олардың барлығы да рас. Демек, «рас» дегенде біз оның мәңгілігін мойындағы отырып, сонымен бірге оның өткіншілігін мойында масқа болмайды. Сонда бүгінгі «рас» болған нәрсе, ертең «рас емеске» айналуы мүмкін бе? Жоқ, рас емеске айналатын нағыз растың өзі емес, ол адамдардың «рас» пен «рас еместі» ажыратада мағандықтарынан туған, жаған нәрсені «рас» дең кателесулері. Рас әманда рас. Сондыктан Алланың ешқашан жалған (рас емес) болуы мүмкін емес.

Абай өз замандастары да, кейінгі ұриақ біздерді де Алла туралы жеңіл әңгімеден аулақ болуға шақырған. Абай үғымында ол «ақылға» сыймас шындық, сондықтан ол Алла мен Адам арасындағы жалғастыруышы күш — махабbat деген тоқтамга келген.

Денепің барша қуаты,
Өнерге салар бар күшін.
Жүректің ақыл суаты,
Махабbat қылса тәңірі үшіл.

Алланың растығын Абай махаббат арқылы дәлелдемек болған, оның «махабатсыз дүнне бос» дейтіні де сондыктан.

Сонымен жалған болмайтын рас не дегенге, Абай ол Алланың өзі және сөзі дейді. Бұл мәнде «рас» болмыстың синонимі. Әлемдегі рас, ол болмыс. Болмыс еш уақытта жалған болмақ емес. Абай дүниетанымында Алла — шындық. Демек, шындық рас болса, Алла да рас. Шындық дегеніміз, қарапайым тілмен айтсақ, өмір, яғни өмірде бар екеніміз, істеген ісіміз, сөйлеген сөзіміз рас болса, онда Алланың сөзі мен өзі де рас. Қысқасы, шындықты мойындау Алланы мойындау. Бұл Абай гуманизмінің көзі. Алла ісіне мойын ұсынып, мұсылман болудың Абай айтқан шарты — адамға адамшылық жасау.

Алла ішінді айтқызбай биледі, ойла,
Бепдесіне қастықпен кішә қойма
Распенен таласпа мұ'мии болсаң,
Ойла, айттың, адамдық атын жойма'..

Ушінші жолдағы «Распенен таласпа...» деп отырғаны, ақынның Алла сөзіне күмәнданба дегені, себебі, Алла жолына түссен адам атынды жоймайсың. Алла жолында болсаң адамдықтан шықпайсың. Абай сонымен Алланы абсолют-шындық ретінде ұсынады, ал оның сөзін жеткізушилер туралы өзгеше пікірде. Ол «Замана, шаруа, міnez күнде өзгерді, оларға кез-кезімен нәби (пайғамбар) келді». Міне, осы тұста Абай өзі айтқан Алла жолы мен пайғамбар жолының айрығына келді. Нәбілер келеді, кетеді, ал Алла — мәңгілік. Нәбілердің келіп-кетуінің себебін Абай диалектикалық тұрғыда ту-сіндірген. Замана, шаруа, міnez болғандықтан үнемі өзгеріп отырады. Мұқагали айтқандай: «кереметті өзгертіп кереметтер, керемет шақ тағы да кез келеді». Өзгермейтін бір Алла, ол абсолют. Өзгеретін оны танушылар, оның құдіретіне бас июшілер. Аласатын Алла емес, адамдар.

Енді «Алланың сөзі де рас...» деген мәселеғе нәбілдерге қатысты тоқтала кетейік. Алла «еш жерде өзгермейтін» мәңгілік рас қалпында қалса, онда неге бірінен соң бірі нәбілер келмек. Ойлану керек. Өлеңнің бірінші, екінші жолдарында Абай «Алланың өзі де рас, сөзі де рас. Рас сөз еш уақытта жалған болмас», деп шегелеп тастайды да, ушінші шумақта «Замана, шаруа, міnez күнде өзгерді, оларға кез-кезімен нәби келді» — дейді.

Кайшылық бар ма, әрине бар. Бірақ, бұл сырт көзгө түсөр қайшылық. Мәселенің мәніне үнілсек, былай болып шыкпақ. Алланың сөзі ешқашан өзгермек емес, бірақ, замана, шаруа, мінез болғандықтан өзгереді. Сол өзгерістерге сай «өлшемді сөзбен» кез-кезіне срай нәби келеді. Егер әр пайғамбар сөзі мәнгілік болса, ол нәби емес Алла болғаны. Нә билер Алла сөзін жеткізушилдер. Сондықтан қайшылық Алла сөзінде емес, нә билер сөзінде. Тағы қайталаймыз, пайғамбарлар сезі шектеулі.

Мәлшерсіз, өлшемсіз, шектеусіз тек Алла сөзі, қалғандардың создерінің бөрінің белгілі мәлшері бар. Байқайсыз ба, ақын «Алла мінсіз әуелден, пайғамбар ҳақ» — дейді. Алла туралы оның растығынаң өзге сөз айтудың еш қажеті жоқ. Ол мінсіз, әңгіме осымен аяқталу керек. Пайғамбарға мұндай мінездеме беруге болмайды. Абай оны «ҳақ» — дейді, себебі, ол Алла сөзін сейлеуші, бірақ ол да өз кезегімен, Алла өмірімен келген, олай болса оның да өзгеге кезек беруі ғажап емес. Абайдың дінге реформа жасау қажеттілігін көре білгендігін осы тұста мойындаған жөн. Әрине, «сонғы пайғамбар» деп аталған Мұхаммедке мұндай күдік туғызы діннен шығушылық.

Абай Платонның Сократ маған дос, бірақ одан ақиқат зор дегеніндей, өзі мұсылман бота тұрып, діннен шыгарлық ой айтқан. Себебі, ол данышпан, оның ойлау деңгейі бірден дін шенберінде шектелуі мүмкін емес. Бұл Алла, нәби туралы Абайдың төл көзқарасы. Ол ешкімді қайталап отырған жоқ, оқыған-түйгендерін өлең сөзбен өз ой елегінен сткізіп, санасында салмақтаپ, халқына ұсынып отыр. Мұндай ойларды айтудағы жауапкершілікті Абай жақсы білген, ол Алла туралы сөз женіл деп отырған жоқ, қайта ұлы тақырыпқа тереңдеп, жаңаша ойлау жүйесін жасауға талпынған.

Ислам дінінде иман келтіріп, мұсылман атану үшін Алланың бір, пайғамбардың ҳақтығын мойындау шарт. Абай бұл шартты бұзып отырған жоқ: «Алланың, пайғамбардың жолындамыз, ынтамызды бұзбастың иманымыз» — дейді. Бірақ, Абай дүниетанымында Алланың орны бір басқа, пайғамбар орны бір басқа. Ақын мәнгілік туралы, өмір мәні туралы сөз қозғағанда тарихта аты-есімі бар жеке адамдарды негізге алмайды. Ол мәнгілік үғымдарды қолданады. Олар Алла мен Адам. Нә билер де адамдар. Сондықтан Абай философиясында, әдеттегі Ислам дініндегідей Алла — Расул — Адам болып көлемейді, мұнда ортадағы буын жоқ. Абай Алла мен Адам турал-

лы айтады. Бұл діндегі демократия. Адам дамуындағы кедергілерді жою. Алла шексіз, оны танымақ болсаң өзінді де шексіз дамыта бер, сонда адамдық атынды жоймақ түгіл, кәміл мұсылман болғандығы.

Абайдың айтуынша, Алла өзінің әр пендесіне шамамен, мөлшермен ізгілік, даналық беруші. Бірақ, Алла адамдарға осыларды беріп кана қоймай, оны гүлдендіріп, рауаж (реттеу деген ұғым) беріп, оларды пайдәга асыру үшін мүмкіндігін берген.

Осы мүмкіндіктерді әр адам қалайша іске асырмақ. Бұл жолда олар Алланың растығын мойындан отырып, кімдердің сонынан ермек. Ондай ертушілер үшеу: пайғамбарлар, әулиелер және хакімдер.

Ал, «Кәміл мұсылмандар» осы үшеуінің қайсысының сонынан еруі керек. Егер пайғамбарлар мен әулиелер айтқанындағы құлшылық жолына түсіп, өз нәпсілерін пида қылса, дүние ойран болмақ, себебі, «бұлай болғанда малды кім бағады, дүшпінды кім тоқтатады, киімді кім тоқиды, астықты кім егеді, дүниедегі Алланың пенделері үшін жаратқан қазыналарды кім іздейді».

Сондықтан «кәміл мұсылмандарға» хакімдер қажет. Олар діні үстазымыз болмаса да, құдайдың елшісі Мұхаммед пайғамбарымыздың: «Адамның жақсысы адамға пайда келтірген адам» — деп айтқаны бар. Хакімдер қызметі осы бағытта.

Абайдың осы ойлары ортодоксиялық ислам шенберінен шығып жатыр. Ол Алланы танудан адамгершілік, ізгілік туралы ойлар тарқатқан. Оны Еуропада гуманизм деп атайды.

Абай ұғымында Алланы сую адамның жеке басындағы асыл қасиеттерді қастерлеу, адамгершілікті негізгі қафидага айналдыру, ал оған үшін ең алдымен өзінді өзің тазалауың қажет. Алланы сую ізгілікке байланысты жол. Өзің күнә арқалап тұрып Алланы сүйе алмайсың, алдымен күнәнан арыл, өзінді өзің ластан арши, одан әрі барып хәк жолына түс. Бұл жолға түссен бойындағы қуатың, акытың, сезімің өріс алмақ, санан сәулеленбек. Алланың сүйікті құлы болуға Абай фаталистік мәнде емес, адамның бостандығы үшін шақырады. Адамның жеке басының бостандығы ол адамға тән қасиеттерді дамытқанда ғана болатынын ұлы акын жақсы түсінген.

Абай Алла тануда «Әмір» деген ұғымга мән берген. «Сен асықкан екен деп, Алла әмірін өзгергес» дегендеге, ақын өмірде болмыс заңдылығын айтып отыр. Ал, болмыс заңдылығын адамдарға танытушылар хакимдер. Абайдың хакимдерді діни ұстаз болмаса да қадірлеуі сондықтан.

Абай ұғымында Аллаға жетудің жолы көп. Адам баласы нәсіліне, дініне қарамастан түтпің түбінде тоғызысуы, тіл табысуы ықтимал. Ол үшін әлемде хакимдер сөзі үстем болып, олар билік жүргізсе, сол заман Алла-иң растығын мойындау заманы болмак.

«ЗАМАНА, ШАРУА, МІНЕЗ КҮНДЕ ӨЗГЕРДІ»

Абай өзгерісті мойындаған. Дүние бір қалыпта түрмайды, ол күнде өзгереді. Неге десекіз замана, шаруа мінезді. Демек, өзгерістің себебі, оның шаруа мінезділігінде. Мұны қалай түсінуге болады. «Шаруа, мінез» деген поэзиялық метафора ма, жок сөле себеп-салдарға қатысты айтылған философиялық ұғым ба?

Алдымен «өзгеріс» деген сөз мәнін талдан көрейік. Қазіргі қазақ тілінде студенттерге философиялық дәріс бергенде көбінесе «қозғалыс» деген сөзді жіңі қолданамыз. Абайдың бұл өлеңінде «қозғалыс» деген сөз жоқ.

Козғалыстың түбірі «қозғау» десек, онда Абай колданған «өзгеріс» деген ұғымға қарағанда «қозғалыс» тым қарабайыр түсінік. Неге дейсіз гой. Козғалыстың түбірі «қозғау» болса, қозғалыстың өзінен-өзі өрбитін құбылыс емес, біреудің күші, әлдеғенің әсері арқылы болатын таза механикалық сипат алғаны. Ал, бізге көрегі қозғалыс деген ұғымның сыры ішінде болуы, өзінен-өзі қозғалыста болуы. Қозғалыс болған соң, ол әманда қозғалыста болады. Бұл мәнгілік қозғалыстың сыры өз ішінде, адамға беймәлім болатындығын мойындау керек. Осы мәнде алғанда қозғалыс дегенге қарағанда Абай айтқан «өзгеріс» әлде қайда мазмұнды. Себебі, ақын адамзат күнде өзгергенде, замана күнде өзгергенде, күллі макұлық өзгергенде біреудің ықтиярымен, еркімен болып отырган жоқ. Бұл өзгеріс өзінен-өзі болып отыр. Абай оның себебін ашпаған. Егер ақын осы ұғымға сұнғы берсе, өлең емес философиялық трактат жазып кетер еді. Абай ақын, ол өз қызметін атқарған. Өзгеріс-

те болатын дүние туралы өлең жазған. Оны түсіну, түсіндіру біздің міндег.

Құллі мақұлықтың, заманның, адамзаттың өзгерісте болуының өз ішкі себебі бар, қыскаша айтқанда, өзгеріс деген тұрмыс, тіршілікке ынталану. Өмір сүруге талпыныс. Бұл қасиет табиғаттың өзінің бергені. Демек, Абай «өзгеріс» дегенде, оның себебін табиғаттың өзінен тапқан. Өзгерісті ешкім ақылмен жасамайды, ол болмай қоймайтын қажетті іс. Өзгерісті бұлайша қабылдау — оны философиялық ұғым деп мойындау. Бұл бір.

Екіншіден, ақын өлеңді қабылдауда бір жұмбақ проблема ұсынады. Ол проблеманың мәнісі мынада. Дүниеде өзгеретіндер бар да, өзгермейтін де бар. Абайдың мына ойларына назар аударайық:

«Алла өзгермес, адамзат күнде өзгерер...»

«... Кағида шаригаты өзгерсе де,

Тағриф алла еш жерде өзгермеді».

«Құллі махлұқ өзгерер, алла өзгермес...»

Абай Алленың өзгермейтінің нақтылап, басын ашып айтқан. Сонда Аллада шаруа, мінез болмаганы гой. Алла туралы өлшем мен Адам туралы өлшемнің мәні екі басқа болғаны ма? Алла мен Адамға ортақ өзгеріс зандылық жок, неге Абай оны айтқысы келмейді.

Алла Абай ұғымында абсолют, мәнгіліктің есімі. Одан өзгелер өзгеріске түсе беретіндер. Сөйтіп, біз өзгерістің абсолюттік және относителлік (шарттылық) қасиеттерін түсінуге тірелдік. Бұл қазіргі гылымға, философияға тән қасиет. Окулықтарда тек қана «өзгеріс» демей «қозғалыс» деп жүрміз. Қозғалыстың абсолюттігі және относителлігі туралы диалектикалық принцип көпшілікке мәлім.

Абай өзгеріс туралы неге қадалып айтып отыр, оның себебі, күнде өзгерер заманға жол бастар көсемнің көректігінде.

Замана, шаруа, мінез күнде өзгерді,
Оларға кез-кезімен нәби келді.

Өзгеріс тек қуаныш емес, қайғы, адасу, қауіп әкеслуі де ғажап емес, сол үшін әр заманға кез-кезімен нәби (пайғамбар) келеді. Пайғамбар деп өз заманының қоғамдық санасын өзгертіп, жаңа ойлау жүйесін жасайтын тұлғаны айтамыз.

Адамзат баласына Адам ғаләйхімсәлам бастап келген пайғамбарлардың нақ санын бір Алла біледі, ал Құранда аттары білдірілген пайғамбарлар мыналар:

- | | |
|-------------|------------------------------|
| 1. Адам | 14. Мұса |
| 2. Идрис | 15. Һарүп |
| 3. Нұх | 16. Дәүіт |
| 4. Իуд | 17. Сүлеймен |
| 5. Салих | 18. Илияс |
| 6. Ибраһим | 19. Әллясаг |
| 7. Лұт | 20. Юныс |
| 8. Ісмагил | 21. Зұлкәфил |
| 9. Әїсхак | 22. Зәкерия |
| 10. Яғқұп | 23. Яхя |
| 11. Юсып | 24. Фиса (ғаләйхімұссолам) |
| 12. Әйүп | 25. Мұхаммед (ғаләйхімсөлам) |
| 13. Шұғайып | |

(М. Соймен. Фылымхал, Істанбул, 1991, 17-бет).

Нәбілер кез-кезімен келіп, Алла атынан елшілік құрғандықтан Абайдың Алланың қағида шаригаты өзгере-ді деуіне дәлелі бар. Ал сөздің турасына келсек, Алланың қағида шаригаты өзгереді деудің өзі діннен шығушылық. Алла өзгермейді, ал қалайша оның қағида шаригаты өзгеруі керек. Бұл жерде қайшылық бар ма? Эрине бар. Алла өзгермейді дей тұра, онын шаригаты өзгереді дейміз. Қайшылық өзгерістің өзінде. Өзгеріс дегеніміздің өзі қайшылыкты құбылыс. Бір жағынан, ол мәңгілік (өзгермейтін Алла), екінші жағынан, ол әманда өзгерісте (адамзат, заман, шаруа, мінез, күллі мақұлық). Мәселенің қындығы сонда, өзгермейтін Алла мен өзгермелі дүние арасындағы байланыс қалай болмақ.

Алла өзгермегенмен, оның күнде өзгеріп жаткан адамзатқа айттар сөзі өзгеруі шарт. Олай болмағанда Алла мен Адамзат байланысы үзіледі. Сол үшін нәбілер бірінен соң бірі келмек. Әр нәби өз дүниетанымымен келгенімен, анығында айттар сөзі біреу-ақ, ол Алланың растығы. Басқа айттар сөзі жоқ. Абайдың Алла өзгермес деп отырғаны міне, осы мәнде.

Алла — ақиқат, мәселе оны тану керек. Тану жолы көп. Нәбілердің айтып жүргені сол жолдар. Тұптің түбінде оның бәрі Алланың растығын қабылдауға бастап апарады. Абай Алла туралы ойларын тек ислам діні шенберінде қарастырмай, кең магынада алған. Бұл дінге жасалған реформалық әрекет деп қарауға әбден болады. Себебі, біз бүтінгі күндері мұсылмандық деген үғымға «өзгерген түсінікпен» келуіміз қажет сиякты. Абай діні ой-толғамнан Адамға қызмет ететін асыл қасиет-

терді уағыздайтын ұғым-түсініктер іздеген, ташаган ие жетіспеген жерлерін өз оймен толықтырған. Оған дәлел сөси біз талдаң отырған өлең.

«МАХАББАТПЕН ЖАРАТҚАН АДАМЗАТТЫ»

Өмір мәні және болмысы туралы толғана келіп Абай:

Махаббатпен жаратқан адамзатты,
Сенде сүй оғ Алланы жаңнан тәтті,—

дейді «Алланың өзі де рас, сөзі де рас» деп басталатын өлеңнің бесінші шумағында.

Алла ислам дінінде құдай есімі. Алланы суюге насихаттаушылар Абайға дейін де көп болған. Ақынның айтып отырғаны сен Алланы адамзатты махаббатпен жаратқаны үшін сүй деп отыр. Демек, мәселе махаббатқа тірелген.

Абай бұл тұста махаббатты Адамға емес Аллаға қатысты айтып отыр. Алла адамзатты махаббатпен жаратқан. Олай болса махаббат Адамға дейін болған шындық. Демек, Махаббаттың субъектісі — Алла. Ол Алланың құдіреті, қуаты, рухы. Бірақ, ол өзіне де танылмаған, сезілген тылсым, өзірше шындыққа айналмаған мүмкіндік.

Бұл тылсым, Алла құдіреті адамзатты жаратқанда айқындалмақ, сонда махаббат Алланың өзінің көріну, айқындалу формасы. Алла өз әрекеті арқылы, яғни махаббатпен адамзатты жаратқаны арқылы танылыш отыр. Біз оның өзге қажеті, сипаты туралы сөз қозғамаймыз, себебі, оны білмейміз, Алланың өзге сипаты бізге құпия.

Осы Алланың бір ғана сипатын (атрибутын) танудың өзі әр адам санасына салмақ салатын іс. Алланың жаратушы екенін мойындау адам ақылына тұғыр, ойына өріс береді.

Адам Алланы «мүмкін бар шындық» деген дәрежеде қабылдай алады, одан әріге адам санасы, ақылы жетпейді. Өлшеулі ақыл өлшеусіз Алланы танымақ емес. Алла адамға нақтылы сана берген. Ол өзінің адамзатты махаббатпен жаратқаны туралы ақиқат.

Енді былайша сауал қоялық. Алла адамзатты дүниеде жаратпаса не болар еді?

Адамзат жаратылғаннан кейін махаббат Алланың көрічу формасына оның бір сипатына (атрибутына) айналған. Сондықтан Абай махаббатпен жаратқан

адамзатты деп отыр. Адамзатты жаратқан Алла деу тым қарабайыр түсінік, дұрысы Абай айтқан Алла адамзатты өз махаббатымен жаратқан. Олай болса, Алланы жанымыздан да тәтті суюге біз парыздармыз. Алланы сую арқылы біз оған қарызымызды өтемекпіз. Сондыктан Аллаға бас иіп, сую дәлелді мәселе.

Абай дүниетанымында Алланы тану мәселесінде махаббат ерекше орын алған. Осы тұста заңды сұрақ туады. Абай мұндай мәселелерге қалай келген? Бұл сұраққа тікелей жауап беруден бұрын діни философиядағы «махаббат» мәселесіне тоқталып өтейік.

Әлемдегі ешбір діни философия махаббат мәссесіне соқпай өтпеген. Христиан дінінде «құдай дегеніміз—махаббат» деген қагида бар. «Махаббат туралы ілімдердің негізгі тұптамырлары тоғысатынына еш таңқалуга болмайды. Себебі, махаббат адамдық өлшемнің белгісі. Абайдың «махаббатсыз дүние бос» дейтіні де содан. Махаббат туралы ой міндетті түрде өмір мәні, болмысина бастап апарады.

Әлемдегі аса ірі діндердің ең жасы ислам діні ауқымында махаббат мәселесі төңірегінде өте салмақты жұмыстар атқарылған. Махаббатты Алланы тану ісіндең басты түсінік ретінде алғаш дәлелдер негізін қалаған Рабиа әл-Адавийя (713—801) болды.

Есімі аңызға айналған Рабиа (Рабиға) бар өмірін тақуалықпен өткізген. Жасынан жетімдік көріп өсіп, күндікте болған Рабиғаны, қожалары тақуалығына бас иіп, оған еркіндік берген. Еркіндікке ие болған Рабиға өмірінің соңына дейін махаббат туралы ілім салумен өткен. Оның махаббаты жаратушыға бағытталған.

Рабиғаның ізбасарлары: ал-Бистами, ал-Халладж, ибн-Араби т. б. махаббат философиясын өте жогары деңгейге көтерді.

X—XI ғасырларда махаббат философиясы өнерге, нақтылы айтқанда, поэзияға, әдебиетке трансформацияланды. Шығыстағы 1001 түн хикаясы, атақты шайырлар Фирдоуси, Низами, Руми, Хафиз т. б. махаббат поэзиясының жыршылары болған.

Махаббат тақырыбына арналған «Ләйлі және Мәжнүн» хикаясы махаббат философиясының поэзиядағы көрінісі болатын. Олай дейтінім, Шығыс мәдениетінің білгірі Е. Э. Бертельс Мәжнүн туралы айта келіп, оның махаббаты тек Ләйліге ғана бағытталмағанын бір автордан кезіктіргенін айтады. Мәжнүн үшін бәрі Ләйлі, тау да, тас та, үйдің қабырғасы да, ондағы заттар да,

яғни Мәжнүн өмірге ғашық, оның махаббаты біртұтас тіршілікке, болмысқа бағытталған. Мәжнүнді ғашық сткен өмір. Оның Ләйліге ғашықтығы мегафоралық сипатта. Бұдан Рабиғаның философиялық сырын аңғаруға болады.

Рабиғаның махаббат философиясының өмірге келіп, одан бергіде кеңінен таралып кетуіне себептер болды. Рабиға тұсында ислам діні әлемге таралғанына бір ғасырдай мезгіл болатын. Осы мерзімде ислам жақтаушылары өздерін халықтан алыстап, дінді саясатқа айналдыра бастаған еді. Бұл халық наразылырын туғызыды. Міне, сөйтіп діни наразылық философиясының бір іурі — Рабиғаның ұхаббат философиясы дүниеге келді. Мұнда еш «сауда» жок. Дін басылары бұл жалған дүниеде құдайға құлшылық етсең, ақысына бақи дүниеде жаңың жәннәтта болады дейді. Рабиға болса оны жоққа шығарған. Ұхаббатта сауда жок. Рабиға философиясы бойынша Адам мен Алла бір. Адам Алланы ешбір дәмесіз, шын жүректен суюі керек. Алладан өз ұхаббаты үшін әлдене қайыр дәмету бұл ұхаббат философиясына жат.

«Ұхаббат философиясында» байқап отырысыз, тақуалық басым. Адам Аллаға ұхаббатын білдіргеннен өзге әрекетпен айналыспауы шарт. Абай бұл үғымға, ол «ұхаббат философиясын» Алланы тану құралы ретінде қабылдаган. Абай тақуалық (аскеттік) емес, өміршендік прагматикалық философияны жақтаған. Ол Алланы суюге шақырғанда, адамның өзін-өзі танып, тазартуын мақсат тұтқан. Өзін-өзі танушы жан өзгеге бөгде көзқараспен қарауы мүмкін емес.

Рабиғаның «ұхаббат философиясы» келе-қелс ислам философиясындағы шешуші күшке айналды. Анығын айтқанда, суфистік дүниетанының негізі осы — Рабиғаның «ұхаббат философиясы».

«Ұхаббат философиясы» араб-парсы, Орта Азия және Қазақстан әдебиеті мен мәдениетінің орасан зор ламуына ықпал жасаған дүниетаным. Себебі, ұхаббатты жырлау әдебиет пен өнерде демократияның, еркін ойдың өрісі болды. Сондықтан да орта ғасырдағы араб-парсы поэзиясына әлемде ешбір елдің поэзиясы тең келмейді. Міне, осы дағы ислам діні шенберінде болған.

Кезінде «ұхаббат философиясы» исламның дертке үшыраған кезінен сауықтыған болатын. Абай заманында қазақ түрмисында ислам саяси дертке үшыраған еді. Данышпан Абай дінге тағы да бір тың көзқарас

керек екенін сезген, оның есімі Алланы тану мәселесіне сайған. Себебі, Алланы тану адамның өзін-өзі тануына бастайтын жол.

Абай махаббаттың адамның кеселді қылыштарынан тазартатын күш екеніке кәміл сенген. Бірақ, қазақ дасына «махабbat философиясы» «махабbat поэзиясы» болып сіңген болатын. Алла мен Адам арасындағы махабbat трансформацияланып (турленіп) әйел мен еркек арасындағы ғашықтыққа ауысқан. Солай болғанмен, мәселенің тұп қазығы сол қалпында, яғни адам бойындағы асыл қасиеттерді саудаға салмау. Адаңдардың (қыз бен жігіттің) бір-біріне қалтқысыз берілуі, ғашық болуы бұл құдай жолы.

Ғашықтық тақырыбы қисалар түрінде Шығыстан да көліп жатты. Өз ақындарымыз да жырлады, оны ел жаттап алып айтатын болды. Сөйтіп, «махабbat философиясы» поэзия арқылы қазақ санасына толық сіңісті. Бірақ, Шығыстың одан бергіде қазақтың ғашықтық жырларында Рабифаның жападан-жалғыз отырып Аллаға ғашық болып бәйіт айтуды өзге күйге түсті. Ғашықтық сезімін қыз жігітке, жігіт қызға арнады. Махабbat адамдар сезіміне ауысты. Алайда тақуалық, яғни махабbat үшін өзін құрбан ету, өмірін арнау қалды. Ғашықтық жырларда екі жастың бақытқа жетуі өте сирек. Қебіне ғашық болғандар мерт болады. Мысалы, Қозы Көрпеш пен Баян, Төлеген мен Жібек. Демек, махабbat үшін құрбан болу, ол «махабbat философиясынан» қалған дәстүр. Бұл Еуропа халықтарында жок.

Дүниетаным, халықтық сана дегендер тарихи ұғымдар. Абайдың «махабbatпен жаратқан адамзатты» деген даныштан сөзі XIX ғасырда өмір сүрген барлық қоғозда түсінікті. Оны XX ғасыр қазағы түсінбеуі мүмкін. Олай дейтінім Абай заманында адамның жаратылуы туралы суфистік діни әдебиеттер арқылы келіп, ел арасына кеңінен таралған мынандай ақыз болған.

Аңыздың қысқаша желісі:

Бүкіл әлемде жалғыз Алла ғана бар болған дәүір өткен. Ол заманда хайуанаттар да, адамдар да болмаған. Әлем иесі бір Алла. Осындай кезде Алла ойға шомса керек. «Әлемде жалғыз өзім болғандықтан, менің құдіретімді сезінетін ешкім жоқ». Алла тағала осылай ойлағанда әлемді мұң basқан. Әлемді мұң басып, болмыс түмшаланған күйде қаншама дәүірлер өтті.

Күндердің күнінде Алла өз құдіретімен дүниеге құс жаратты, оған қорек болсын деп жер бетінс мол етіп

дән шашып гастанды. Құс күніне бір-бірлеп дәнді шоқып жейді, көп мерзімнен кейін дән таусылып, құс өледі. Құс әлемге иелік ете алмады.

Алланы тағы мұң басты. Құс мәңгілік болмады, ол әлемге иелік жасауға талпынбады, барға разы бол, өз бетімен харекет жасамады. Себебі, Алла тағала құсқа ғұмыр бергенмен, несібе ұсынғанмен, оған өмірге деген құштарлық бермеген еді.

Алла енді өзгеше тәсілге көшті. Балшықтан тағы бір мақұлық жасады, оның есімін «Адам» деп атады. Денесіне жан, оған қоса ақыл берді. Адам Ата өзін жаратқан жарылқаушысына жалынып жалбарынатьын болды. Себебі, Алла оған өмірге деген құштарлық сезімін берген еді. Өмірге құштарлық сезімін біз махабbat деп атайды. Адамзатты Алла махабbatпен жаратқан дейтініміз сондықтан. Махабbat Алланың өзіне деген сағыныши болатын. Сағыныштан жаралған Адам өзін жаратушыға жалынып-жалбарынуы, махабbatын білдіруі орынды,— деп аяқталады аңыз. Бұл аңыз қазақ санасында әр түрлі мәнерде айтылып жүрді. Бірақ мәнісі сол, Алланың адамды махабbatпен жаратқаны туралы.

Махабbat Алланың қасиеті, сипаты ретінде шексіз, өшлиесіз шындық. Демек, ол туралы таным да шексіз. Махабbat мәңгі таусылмайтын тақырып. Өмірдің мәні— махабbatта. Келс-келе адамның Аллаға махабbatы рух махабbatы және тән махабbatы болып бөлінген. Ол туралы Абай «Гашықтық, құмарлықпен— ол екі жол»,— деп нақты айтқан, себебі құмарлық негізінде інспі деген бар. Ол туралы сөз алда.

«АЛЛА МІНСІЗ ӘҮЕЛДЕН, ПАЙҒАМБАР ХАҚ»

Аллада мін жок, мін—адамда. Мәселенің нақ осылай болуы да Алла әмірі. Олай болса, адамға ақыл мен мінді қоса бергсін Алланың өзі. Демек, Алла мінсіз болғанымен оның жаратқан мақұлығы мінді болса кінә кімде? Бұл сураққа жауапты қиналып данышпандар жазған том-том кітаптардан іздеудің еш қажеті жок. Оған жауапты Абайдың өзі берген.

«Алла мінсіз әүелден, пайғамбар хак»,— дей келіп, адамның мінді болатын жайларына тоқталған:

Мұ'мин болсан, үйренін сен де ұқсап бақ,
Құран рас, алланың сөздір ол,
Тә' упли іе жетерлік гылымың шақ.

Бұл жерде әңгіме алланың мінсіз, пайғамбардың хақ екендігін түсініп, мойында, қабылдауда. Оны жасамасақ, оған ақыл, сана, сезімін жетпесе мінді боласың. Мұндай талап Алла жаратқан адамдан өзге макұлыктарға қойылмайды. Оларда сана еркіндігі жок, олардың бар болмысы өмір сұру, атап айтқанда, хайуандық тұрмыс кешу. Ал, адамдарға өмір иесі Алланы, оның мінсіз екендігін тану парыз. Алланың сезін, Құранды ғылымың жетсе ұқ, егер шамаш жетпесе ғылыммен айналыс. Демек, тек тұрмыстан өзге адамға қатысты іспен айналыс. Міне, осы тұста адам мінсіз болып тұра алмайды. Оnda қызығушылық, құмарлық, жалқаулық, айуандық мінездер бар. Оларды да Адамға Алла берген.

Алла өзі мінсіз болғанмен адам мінді. Бұл да қажеттіліктен туған. Егер Алласымен қоса Адам да мінсіз болса не болмақ? Оnda Алла мен Адам арасында өзге-шілік бола ма? Сондықтан Алланың мінсіз, адамның мінді болғаны жөн, сонда өмір болмақ, мәселелер туындағақ, жақсылық пен жамандық, зұлымдық пен әділеттілік, адамгершілік пен айуандық сияқты ұғымдар тайталасы, қысқасы өмірге құмарлық, қызығушылық болмақ.

Алла пендесіне ерік берген. Оны қалай өрбіту қажеттілігін адамның өзі шешеді. Осы жолда адамдар әманда адасқандықтан Алла өз нәбілерін жіберіп отырған. Соңғы нәби біздің пайғамбарымыз Мұхаммед. Абайдың пайғамбар хақ деп отырғаны осы Мұхаммед-нәби.

Әрине, Алла мінсіз болса, оның адамдарға жіберген елшісі пайғамбардың хақ екені даусыз. Алла қателес-пейді, адасатын адам, оған жөн көрсетіп, жол сілтейтін пайғамбар, сондықтан ол хақ. Бірақ, «хақ» деген мәселе ақиқат деген ұғымды бермейді. Себебі, ақиқат иесі де, нақты өзі де—Алла. Пайғамбар сол·акиқатты (Алла сезін жеткізуши) жеткізуши, олай болса әр пайғамбарға заманына орай Алла тағала «қажетті ғана ақиқатты» адамдарға жеткіз деп тапсырып отырған. Адамдарға бар ақиқаттың қажеті жок, олар онымен не істерін ғілмей шатасады. Адамдарға адасып тұрған сәтіне сол күйден алып шығатын ғана «қажетті ақиқат» керек. Осы істі атқаруыш пайғамбарды «хақ» деп мойындау міндет.

Алла—акиқат, мінсіз, пайғамбар хақ, ол адамдарға «қажетті шындықты» жеткізуши. Адам осы жайларды үғуышы, қабылдауышы, соған қарай сенімге енүші, жер иесі, өмір иесі. Себебі, Алла да, пайғамбар да Адам үшін қажет, керісінше емес. Жер бетінде Адам болса,

ғана «Алла мінсіз, пайғамбар хақ»— деген үгым, сенім қажет. Бұл үгым адамның да мінсіз болуына ынгалаңы үшін керек. Осы жайды Абай қатты ескертеді.

Демек, адамның мінді болуы Алла жолынан тайып, күнәлі болды деген сөз. «Мін» мен «күнә» деген үгымдарды осы мәнде Абай синоним ретінде колданған. Бірақ, Алла адамға өзі ерік берген соң, ол пенделікке бармай тұра алмайды. Пенде дегеніміз бойында міні, күнәсі бар адам. Өмірде пенделікке бармаган, мойныңа күнә артпаған жанды табу сірә да бола қоймас. Адамның дүниенің қызығынаң безініп тақуалық (әулиелік) жолға тусуінің өзі, күнәсінан тазару үшін жасалатын ғибадат. Әулиеліктің өзі бір жақты үгым Неге десеніз тек жаратқанға сиынып, дүние қызығын тәркі етіп, мұлдем тақуалыққа тұсу бүтіндей ақиқат жолы емес. Адам үшін ең басты ақиқат өзіне лайықты өмір сұру. Айталық, жер жыртып егін салу, әйел алып пенде бол үрпақ өсіру т. б. Бұл жолда адам адасады, шаршайды, қамығады, қуанады, оның қайсыбірі жақсылыққа, қайсыбірі жамаңдыққа бастайды. Бұның бәрі занды. Ал, осы қиғаш болмыста Алланың мінсіз, пайғамбардың хақ екенін мойындау адам санасына сәуле береді, көңіліне өріс береді. Бірақ, ол үшін Алла туралы тек сенім ғана қалыптаспай, оны тануға талпыныс жасау керек. Сананы сенім өсірмейді, оны дамытатын таным Алланы тану шынылдықты тапу, оның керемет құпиясын барлау, ақиқатты ангару. Алланың сырьы бізге беймәлім тылсым.

Біз терең түсініксіз, ақылмен жаи баласы жетпейтін құпияны тылсым дейміз. Тылсым болмаса түсінікті нәрсе болмас еді. Себебі, түсінікті нәрсе түсінікіздік болған соң ғана өмір сүреді Сонда түсінікіздік деген не? Бұл сұракқа жауап беруден бұрын түсінікті деген не нәрсе екеніне тоқталайық. Түсінікке ең қарапайым анықтама берсек, былай болады. Адам өзіне беймәлім құбылысты қабылдап, ол туралы өзіндік сана қалыптастырады, оны біз түсінік дейміз. Түсінік қабылдаушыга байланысты субъективтік әрі объективтік мәнге не болады. Ориен, түсінікті былайша бөлу шартты, әйтпегенде ғаза субъективті, таза объективті түсінік жоқ. Қебіне мәселе беймәлім құбылысты менгеруге байланысты. Субъект ғылым сырьын қай деңгейде менгерді, содан түсінік қалыптасады. Түсініктің үстірі болуы, оның қалынылдықты болуы тылсым сырьын парықтаудан ту

Тылсым сырьы өзіне белгілі. Оны адам баласы

ешқашан меңгермек емес. Тылсым тиянақты шындық емес Ол әманда өзгерістегі шындық. Өзі сияқты сыры да құбылмалы. Оның өзгерісінің құпиясы өзіне ғана белгілі. Тылсымға қатысты ҫұрақ қою мәнсіз іс. Оның өз себебі өзінде. Ҫұрақ адамға, оның түсінігіне орай қойылады. Ҫұраққа жауап беруші де, ҫұрақтың өзін қоюшы да адам. Дүниеге ынтық жан да адам. Ҫұрақ қоюшылар өмірге ынтық жандар. Үнтықтық тылсымға қатысты, Өмірге ынтық жан тылсым сырына ғашық, сол үшін ол бар ғұмырын сарп етуші. Тылсымға бас ию соқыр сенім емес, шексіздікті мойындау. Шынында, шексіздік, шек қою не оны шексіз деу қыска ақылдың мүмкіндігін тұған ұғымдар. Себебі, тылсымның есімі, аталауы — тылсым. Оны өзгеше ұғыммен белгілеу мүмкін емес. Оның өлшемі біреу, ол оның өлшемі тылсымдыңда, санамен, ақылмен жетіп ғанудың мүмкіндігінің жоқтығында. Тылсым осындай өз сырьы өзінде болған сон, көптеген ғұламалар, кесемдер, нәбіller оны белгілі бір мәнге айналдырып, мазмұнға не етуге талпынған. Бірақ, бул ынта-тілектердің бәрі заман көшіне шыдамай ескіре берген. Тылсым туралы шындықтың бет пердесі ашылатын заман болады деп айта алмаймын. Егер тылсымды тану мүмкін болса, онда ол тылсым болудан қалады. Сондықтан тылсымның өзімен-өзі болуы өзіне лайық, оның тылсым екенін сезіну бізге адамдарға лайық. Тылсым адамның қасиетін сақтайтын құш. Адам өзінің құдіретін дәрменсіздік тылсыммен бетпе-бет келгенде сезінеді. Адам құдіреті сол, ол тылсымның бар екенін, рас екенін мойындаушылығында, ал оның дәрменсіздігі тылсымның сырьын аша алмай әуре-сарсанға түсініде. Дегенмен, Адамды өмірге ғашық етер күш есімі — Тылсым.

Тылсым — мінсіз Алланың сырьы.

«ОСЫ УШ СЮ БОЛАДЫ ИМАНИ ГУЛ»

Абай «мұсылмандық», «иман» деген ұғымдарға тेңең талдау жасаған ойщыл. Оны осы «уш сую» деген түсінік арқылы қарастырайық. Ақынның айтып отырған бірінші суюй:

«Сен де сүй ол алланы жанин тәтті». Яғни әңгіме Алла тагаланы сую туралы (Ол жөнінде «махаббатпен жаратқан адамзатты» деген сөзде айтқан болағынбы) Екіншіден:

«Адачизаттың бәрін сүй бауырым деп»

Мәселе бүкіл адам баласын дініне, тіліне, түр-түсіне қарамай сүю керек, ушіншіден: Алланы, адамзатты сүю дәстүрін хақ жолы, әділеттілік деп, әділеттілікті сүю дейді. Осы үш сүоді ақын имани гүл дей келе, ойнын былайша өрбітеді:

Ойлан дағы, ұшесүін таратып бақ,
Басты байла жолына, малың тұгіл,—

дейді.

Осы мәсслелерді таратып, осындай жолға түссең дінге енгенің, мұсылман болғаның. Егерде осы үш сүоді түсінбей, тек ораза, намаз т. б. мұсылман парзызымен ғана өүестенсөн, ол дін болмайды. Ол жөнінде ақынның өз сөзімен айтқанда:

Руза, намаз, зекет, хаж—талассыз іс.
Жақсы болсан, жақсы тұт бәриң теніс.
Бастапқы ұшін bekітінен соңғы төрті,
Қылғаимен татымды бермес жеміс.

Абай сөзсіз діни реформа жағына араласа бастаған ойбыл. Ол қагидаға сеніп, соган сай қызмет етпеген жан. Не нәрсе болсын ақылына, оның өмірге қажеттілігіне, өміршөндігіне қатты назар салған. Абайда қазақтардың бодандыққа түсіп, ойлары нокталанған заманың өзінде өзге халыққа, дінге деген наразылық жоқ. Керісінше адамдардың түсіністігін аңсау, биік гуманизм бар.

Абай мұсылмандыққа, дінге адамдық өлшеммен келген. Ол адамға қажетті істің бәрін—мұсылмандық, адамға қарсы әрекеттің бәрін — дінсіздік санаған.

«ҚӨП ҚИТАП ҚЕЛДІ АЛЛАДАН, ОНЫҢ ТӨРТІ...»

Алла мен Адамның арасындағы елшіні ислам дінінде пайғамбар деп атайды. Құранда есімі аталаған пайғамбарлар көп, бірақ Алладан ариайы кітап түскен иәби саны төртеу. Олар: Мұса, Дәуіт, Иса және Мұхаммәд.

Жарагушыдан ең алғаш келген кітап — Таурат. Құранның Исіра сүресінің екінші аятында былай жазылған: «Мұсага біз таурат жібердік. Ол Исраил әuletтепіне жолбасшы кітап еді. «Менен бөтен ешиарсені Тәнір етіп габынбаңдар» деп жазылған онда Исраил әuletтепін» (Құран Қәрім, Алматы, 1991, 236-бет).

Екінші кітаптың аты—Забур. Ол туралы Құранның «Сәба сүресінің» 10-аятын қараңыз. «Дәуітке біз ықыласымызben ізгіліктер (Пайғамбарлық Забур кітабын, таулардың және құстардың бағыныштылығын, гемірді балқыту, одан сауыт жасау сияқты), хикметтер, сый, тілек тілеген сендер оған үн косындыр,— дедік. Ол тасбик тартқанда темір балқып кететін болды.

Ушінші кітап — Інжіл. Бұл кітаптың тусу себебін Алла тағала өз атынан «Хадис сүресіндегі» айтқан; «Анығында біз пайғамбарларды айқын мұғжизалармен жібердік және олармен бірге адамдар арасында әділег таратсын деп кітап, заң түсірдік (25 аят).

Біз Нуһті, Ибрағимді шын пайғамбар етіп жібердік. Пайғамбарлықты және кітапты олардың әүлеттеріне сыйладық. Олардың ішінде дұрыс жол тапқандары бар. Бірақ, көшілігі тәңірді тәркі етті. Пайғамбарлармызды одан соң да үзбей жіберіп түрдүк. Қейін Мәриямұлы Иса келді. Оған Інжілді бердік (27 аят).

Төртінші кітап — Құран. Мұсылманның қасиетті кітабы Құранның түсінің нақтылы себебі бар. Ол «Магида сүресінде» айтылған: «Алла деген Мәриямұлы Иса Гой» деушілер, сөз жоқ, көпірлер...» (72 аят).

«Алла—үш тәңірдің біреуі ғана деушілер мүлде кәнір болды. Тәңір—біреу, одан басқа Құдірет жок...» (74 аят).

Мәриямұлы Иса, тек көп пайғамбарлардың бірі ғана, одан бұрын да талай пайғамбар өткен.

Христиан дінінде Иса құдай деп танылған. Христиандар үш тәңірге сенеді: Құдай-әке, қаснетті-рух, құдайұлы. Бұл жағдайда Исаңың анасы Мариям да Тәңір рес蒂нде қабылданады.

Құранда құдай біреу, ол — Алла. «Құран адам баласын ескертуші кітап Сол арқылы Алланың бірлігін білсін, ақыл иелері содан тағылым алсын (Қараңыз: «Ибрағим сүресі», 52 аят)», деп жазылған.

Құранның түсінің қажеттілігі туралы бірнеше сұрелдерде айтылған, мысалы «Нижір сүресінде»: «Құран шынында біз түсірдік және оны қорғайтынымыз да рас (9 аят). Сенен бұрынғыларға да алдынғыларын беліп-беліп пайғамбарлар жібергеніміз анық (10 аят). Ал олар келген пайғамбардың қайсысын болса да масқаралаудан танбады (11 аят). Мұның өзі күнәшарлардың жүргегіне біз салған әдет (12 аят). Олар пайғамбарларға сенбейді, бұл да бұрыннан қалған әдеттер» (13 аят).

Осы ой «Нақыл сүресінде» де қайталанған. «Ей, Мұхаммед! Құдай ақы, сенен бұрыны әүлестерге де шындығында (пайғамбар) жібергенбіз. Бірақ, оларға шайтан ең істерін сүйкімді көрсетті...

Адамдардың таласып-тартысатын нәрселерін түсініру үшін және иман айтатын қауымға тұра жол көрсету үшін біз саған Құран түсірдік» (65 аят).

Мұхаммедтің не айтып уағыздайтыны да Алла тағаланың өзі айтқан. «Сен айт: Алланы жалғыз де (1 аят). Алла — мәңгілік (2 аят). Ол тумаған да туылмаған (3 аят). Оған ешбір тенденс жоқ» (4 аят).

Бұл айтылған аяттарда Алланың басты-басты сипаттары атап көрсетілген. Олар мұсылмандықтың негізгі үғымдары.

Алладан келген кітап көп, олай болса тағы да кітап түсуі мүмкін бе деген сұрап та орынды.

Құранда Мұхаммед ең соңғы пайғамбар, бірақ Абай үғымында нәбілердің келуі тоқталмақ емес. Бұл идея мазмұны жағынаң реформаторлық «таза дінді» аңсаудан туған. Абай ақынат мәселеісіне келгенде ешқашанда бір сенім, бір дін саласында қалмаған. Ол Алланың кітаптарына да осындаі көзқараста болған. Алладан түсінен әрбір кітап ақынатқа жөн сілтеу, бағыт беру. Алайда, жол көрсетіп, бағыт анықтауда да заман шылауына орай адасушылық болуы да занды Ондай жағдайда Алла келесі нәбиге келесі кітабын жібереді. Алладан көп кітап келгеннің себебі сол.

Ал, Құраннан кейін Алладан тағы жаңа кітап түсеме, жоқ па дегенге мен әзірше жауап бере алмаймын. Оған әзірше алғышарттар жоқ. Кітап жоғарыда әдетте нәбиге (пайғамбарга) туседі.

Пайғамбарды аңсау идеясы бар. Ол XX ғасырдың басында пайда болды. Қезінде Сұлтанмахмұдтың «Файса кім?» деп сұрап қоюы да сондыктан.

Пайғамбарды аңсау оның келуінс қажеттілікті туғызады. Ондай қажеттілік әзірше жоқ, бірақ пайғамбарлықты аңсау бар. Ол өткен замандардың санаасының дәстүрі.

Әдетте дәстүрдің өміршегі де, уақыт өткен сайын маңызы кете бастайтыны да болады. Бұл дәстүрді қайсының жатқызуымыз керек. Оны мерзімді кезінде айттармыз. Біздің білетініміз пайғамбарлар әманда «өтпелі кезеңде» келетіні Ондай заманың нышандары бар. Бірақ, пайғамбарлыққа қажеттілік жоқ. Мұндай корытындыға келіп отырғанымыз, пайғамбарлықтың екі мәні

бар Пайнамбарлық міндетті түрде сенімге иелікделген іс. Адамның пайғамбарға сенуі оның еркінс тұсау болмақ. Асылы адам адамға табынудан тыс болғаны дұрыс. Адамға табынып, одан пайғамбар, тіптен, құдай жасауға тырысқандықтан адағызаттың жетіскені шамалы. Пайғамбар да адам, бірақ ол Алла атынан сөйлеуші, адам мен Алла арасындағы елші. Мәселе, сонда осы Алла мен адам арасындағы елшілік керек пе? Әр адамның өзі-ак Алла жолын өзі тапса қалай болар еді. Абай осындай бағыт ұстаған ойшыл, бірақ бәріміз Абай бола алмайтынымыз тағы бар. Сондықтан Алла сөзін жеткізуші адамды (нәбиді) қажет етеміз. Нәбиді қажет етушілік озық ойлыларға жат қылық. Ол көпке керек.

Пайғамбар дегеніміздің өзі қоғамдық санада реформа жасауши ойшыл. Мұндай ойшылдар болмаса тағы да болмайды. Көпке тек ел басшысы емес, ой көсемі, данышпан да керек. Сондықтан қазіргі заман пайғамбары тек таза ойшыл болса, оны ел басшылары қабылдамайды. Себебі, данышпан қоғамдық ел басқару жүйесіне ацы сын айтатын адам. Мұндай сынды саяси жағдай көтермейді. Бұл бір.

Екіншіден, ел басқару ісінде данышпан адам болуы ықтимал ма лекен мәселеге келсек, менің айтарым пайғамбардың ел басшысы болуы екі талай іс. Себеп, әкім шілік жүйенің өз логикасы бар. Бұл жүйенің қалыптасқан қағида, принциптері бар. Мұның бәрі даналықтын логикасымен дәлме-дәл келмейді. Ел басқару саяси іс. Оның қыры мен сыры әманда даналықты қажет ете бермейді. Саясаттың шақтылы тарихи кезендегі тіршілік камына сай жүруі занды. Даналық (пайғамбар) болса мәнгілікке катысты. Ол күнде өзгеріп, адамзатты апатка, қайғы-қасіретке бастамауы керек.

Бізге қазіргі заманға керегі қалыптағы, түсініктегі пайғамбарлық емес, ғұлама ойшылдар. Абай айтқан хакімдер керек. Олар ешкімге де сеніп бас имейді және өзгелердің де өздеріне құлдық урып, сенуін талап етпейді. Олар адамның ойлау еркіндігіне мүмкіндік қана жасайды, бағыт ұсынады. Олардың айтқанын қабылдау немесе қабылданау еркімнің өз жұмысы

Абай Алладан келген көп кітаптардың мәніне зерсалып, ой қозғағанда айтары осы мәнде деп түсінем. Өйткені, Абай үшін Алла мәнгіліктиң есімі де, өздеріне ариайы кітап түскен пайғамбарлар еткінші. Оның нәбиддер кез-кезімен келген деп тұжырым жасауы пайғам-

барлықты болмыстың өзгерісінс орай болатын құбылыш дең түсінгені. Бұл биік түсінік.

Пайғамбар (нәбі) қашшама дана болғанмен. өзінен соң келетінге қараганда шектеулі жаң Шектеулік нәбидің кемшілігі емес, оның адам (пенде) екендігінің көрінісі әрі заман кеңістігінің мүмкіншілігінек тұган. Әр заманың өз пайғамбары бар. Осы жайды ескерген Абай пайғамбарлыққа өз тараپынан сын айтқан ойшыл.

Абайдың осы талданын отырған өлеңін мұқият оқыған жаң менің айтқан пікірлеріме құлаққағыс жасар деген тілектемів

«ОСЫ ЖҰРТ ЕСКЕНДІРДІ БІЛЕ МЕ ЕКЕН?»

Ескендір тақырыбы, былайша айтқанда, Абай заманың өзінде-ак әбден жауырланған көне әңгіме еді Шығыс пен Батыста бірінде Ескендір, бірінде Александр болып көптеген шығармаларға өзек болған. Осында жағдайда Ескендір туралы тағы бір шығарма жазудағы Абайдың мақсаты не еді. Белгілі әңгімені қайталап, поэма «құрастыру» ақынға жат дастүр. Талғампаз, эстетикалық мұраты биік ақын кішігірім нәрсеге былғанбаса керек-ті. Өзге шығармалары сияқты бұл поэма да ақының жүз ойланып, мың толғанғаның тұганы анық Сонда ақынның сана төркініндегі жетекші ой не болды екен? Осы ақын «жұмбагын» шешу үшін поэмандың гүнғыш жолына назар салайық. «Осы жұрт Ескендірді біле ме екен?» — жол соңында сұрақ белгісі. Демек, Абай көзінің бір нәрсесге күпті. Логикалық тәсілді колданып «Осы жұрт Ескендірді біле ме екен?» дегенді мынандай мазмұн арқылы қарастырасақ: «Осы жұрт Ескендір туралы шындықты біле ме екен?». Бұдан Ескендір туралы көп шындықтың болғаны айқыналады. Алайда, ақынға Ескендір туралы өзге шындықтардың қажеті жоқ, оған жұрт билетін, яғни, қазақ халқы билетін шындық қажет. Абай «жұрт» дегендे әлем халықтарын емес, нақтылы өз халқын айттып отыр. Бұл жерде екі мәселенің басы ашылғалы түр. Біріншіден, Ескендір туралы жүртта (казақ халқында) қандай шындық бар, екіншіден, осы шындық неліктен ақынды қанағаттандырмайды. Егер халық санаасындағы Ескендір туралы шындық Абайды қанағаттандырса, ол поэмасын «осы жұрт Ескендірді біле ме екен» деген сұрақтан бастамас еді. Осы екі мәселеге қысқаша тоқталмақпаз.

Ескендір туралы шындық жұрт (халық деген мәнде — F. E.) санасына негізінен екі жолмен көліп қалыптасқан. Бірі ислам дінімен байланысты болса, екіншісі Шығыс поэзиясы арқылы сиғен.

Ислам дінінде, атап айтқанда Кұранда Ескендір пайғамбарлар санаатында. Діни кітантарда: хадис, тәспірлерде Ескендірлі — Зұлқарнайын немесе «Қос мүйізді» деп мифтік персонажға айналдырган. Ескендірдің Кұранға қалайша пайғамбар болып енгені болек әңгіме, ал оның Зұлқарнайын немесе «Қос мүйізді» атануы туралы мынандай аңыз бар. Ескендір жан-жағына согыс ашып, көрші елдерін жаулап ала бастаганда өзін халықтарды бұрын қанап келген патшалардан азат етуші деген лақап таратады. Осы лақапка Египет басшылары сеніп, оны қөптеген жылдар бойы елді езіп-жаныштаған келген иран-тықтардан азат етуші деп карсы алды. Бірақ, ол үшін Ескендір қан жагынан Египет фараондарына туыс болуы шарт еді. Қөп ұзамай ондай қауесет те тарап кетеді. Ескендір Филипптің баласы емес екен. Македонияның патшасының ханымы Олимпиадамен құйеуі Филипп үйде болмаған күні Египет құдайы Амон-ның (Амон Ра) кейнінде Египет фараоны Нектанеба II жолығысады. Ескендір сонда тұған болса керек. Осы жай заңданырылғаннан кейін Ескендірді құдай етіп, оған Зұлқарнайын деген атақ берген Себебі Египет құдайы Амон Ра-ның қос мүйізі болған деседі. Қалыптасқан дәстүр бойынша, ол кезде Египетке фараон болған адам Күннің баласы, яғни Амон Ра-ның баласы. Міне, осы атақпен Ескендір Кұраннан орын алған. Осы сюжетке құрылған халық арасында аныздар, ертегілер көп.

Діни түрғыдан көлсек, Ескендір жағымды персонаж. Ол пайғамбар, ол аулие, ол әділ патша Міне. халық санаасында Ескендір образы әткен ғасырда осындай мәнде болғач.

Тарихи парадокстің бірі Ескендір парсылармен соғысып, ғолардың діни орындарын талқандауына қарамастан діни азыздарда ол Иран патшасы Дарий III Кодоманның баласы болып шыгады. Сонымен, не керек, кысқаша айтканда, Ескендір дінкін кітантарда, есірелесе Кұранда тарихи тұлға ретінде бейнеленбеген. Ол мифтік, азыздық герой.

Ескендір өзін құдай, пайғамбар санауы Ислам діні түріл Христинан діні қалыптаспаған кезден бұрын болған. Ол жөнінде Лұқпанның «Александри нәмесе жалған

пайламбар» деген сүбөгінде де маглұмат бар. Бұл еңбек шамамен жыл салдауымыздың 150—180 жылдары жазылған.

Ескендір ің құдай, пайғамбар ағануы Ислам дінінен бұрын болғанмен, бізге оның Зұлқарнайны болып жетуі Кұранға қатысты.

Абай осы «Құрандағы шындыққа» қарсы шығып отыр. Ол Ескендірді пайғамбар деген мойындамақ түгіл, оның «әз тұғас» экесиен безген (оның себептері бар — F. E.) опасызыздығын басып ашып:

«Филини патша баласы, ер көңілді, Мактан сүйгіш, қызғаншақ адам екен», — дейді.

Абайда Ескендір жағымсыз көніпкер. Ол мақтанишак, ол қызғаншақ, бұл пайғамбарға лайықты немесе құдай сүйетін қылықтар емес. Мұндай адамнан жирену керек. Міне, Абайдың ұлылығы осы жерде. XIV ғасырдың екінші жартысында қазақ тұрмысында ауылда жатып алғып «Құдай сөзіне» (құдай сөзі — құран сөзі деген бар) қарса шығу дегеніміз діннен шығудың нақ өзі. Мұндай «тыйбат сөз» үшін талай ғұламалар жаза тартқан. Абай болса халық санаасына түбебейлі өзгеріс енгізуге әрекет жасаған.

Кейбіреулеріміз Абай өлеңдерінде, қара сөздерінде дс «Алла» туралы көп жазған, ол оның Ислам дініне деген ынтасы, сол дін ауқымынан шыға алмағандығы десіп жүрміз. Өте үшқары пікір. Абайдың мұсылман-дығын әл қажымай-талмай зерттеу керек. Бұл ешкім бармаган тын тақырып. Абайдың Алла туралы ой-тұжырымы Ислам діні ауқымынан әлде қайда асып түр десек артық айтпасызы.

Ескендір образы қазақ даласына көркем мәдениет арқылы молынан тараған. Шығыс поэзиясының дүл-дүлдерінің Ескендір туралы қалам тартпагандары кемде-кем. Олардың шығармалары қазактарға ежелден мәлім. Ақакты Әбілқасым Фирдауси қазактар құмартса оқыған «Шахнамасында» Ескендірді парсы патшасы Дараптың баласы етіп, оны Меккеге барғызып, мұсылман етіп қояды. «Ескендір-номес» деген атпен Низами де дастандар жазған. Бұл дастандарды жұрт білген-білмегенін айту қазір киши. Бірақ сол дастандардағы сюжеттерді қазақ ақын-жыраулары жырлағандары анық. Шығыс клас-сиктері Ескендір туралы жазғандарында бірін-бірі то-лық қайталап жатпаған, оған Ескендір туралы сансыз ақыздар мүмкіндік те бермеген. Ескендірдің жауулап алмаган жері жоқ, нендей ғұлама жаңдармен жүздесіп

сұхбаттасқан, соның бәрі әр шығармада өзек бола берген. Мысалы, Низами шығармаларында Ескендірді үнді ғұламасымен әнгімелестіре, тізе тенесіріп қояды. Сонымен бірге ақын Ескендір жорығының қайшылықты жағын да суреттеген. Әрине, әр ақын Ескендірді өзінше жырлаған, ол басы ашық мәселе, ал ен қызығы неліктен Шығыстың түгел дерлік ұлы ақындары Ескендір тақырыбына қайта-қайта бұрыла берген. Соның ен соңғысы Абай. Бұл мәселе тұрасында да галымдар тұрасында да іекті топшылаудар барышылық.

Ескендірдің мифтік персонажга айналып, аса ірі ақындардың киялына тұрткі болуына тағы бір себеп, оның өмірден өте жас шағында өтуінде ме дег ойлаймын Тарихтагы Александр — Ескендір біздің жыл санауымызға дейінгі 356 жылы туып, 323 жылы өлген. Бар-жогы 33 жыл өмір сүрген. Грек жұрты қырыққа келген адамды ақмәге келді, қазакша айтқанда «акыл голтырыды» деген сөнаган, ал Ескендір болса ақмәге жеңіней кеткен. Оғыз — орда бұзагын жас, ақыл тоқтататын жас емес. Соңықтан Ескендірдің ессеюі, грекше айтқанда, ақмәге голың өс өмірінде ечес, кейінгі ойшылдардың, әсіресе ақындардың үлесінне тиген. Шығыс ақындарына Ескендір бейнесі гуманизм табиғатындағы қайшылықты ашу үшін қажет болды. Ескендір өте құйшилықты тарихи тұлға. Әкесінің орнына патша болған сон Ескендір бойында қанішерлік, жауыздық, басқыншылық обден күшіне енеді. Бала күнінен алған тәрбие қанішер Ескендір бойынан ара-тура жылт етіп көрініп, сөнни отырса керек. Ал осы нәрсө кейін ақызға айналып. Ескендірдің жағымды жан етіп көрсетуге ислігізгі себеп болуы обден ықтимал.

Шығыс ақындарын Ескендірдің тарихи нақтылы тұлғасы қызықтырымаған. Олар көбіне алемге тараң кеткен Ескендір туралы ақыздарды негізге алған. Бұл көркемдік тәсіл. Сонымен Фирдауси Низами, Жәми, Ахмедилер Ескендір үшін емес, керісінше, Ескендір бұлар үшін қызмет еткен. Реті келгенде айтта кеткен жөн—дәл осында жагдайға ХХ ғасырдың басында Гайса — Христос образы да ұшыраған. Революцияның қайнаган кезінде Александр Блок «Он екі» деген поэма жазып, шығармасын он екі адам бастап келе жатқан Христос деген аяқтайды. Осы кезеңдерде Сұлтанмахмут Торайғыров «Гайса кім?» деген әлен жазған. Бергін келе Гайса бейнесі Михайл Булгаковтың «Маргарита және Шебер», Шыңғыс Айтматовтың «Жан пид», Ю. Домбровскийдің

«Қажетсіз залтар» романда шыгарма идеясына арнай болған

Азамат Баласының өтпелі дәуірінде «Файса кім?» деңгей сияқты Ԉұрақ әманды туып отырса керек. Осында Ԉұраққа жауап іздегендеге Шығыс ақындарына қолайлыш бейне Ескендер болғанға ұқсайды.

Адам баласының санаасы қайшылыққа толы. Қезінде дін өзіне қажет «тұлға» іздегендеге өз заманының озық ойлы адамы Файса-Христостан «құдай» жасап алса, ал керісінше, жауыз нағаша Ескендерден бір заманда Ислам діні пайғамбар, Шығыс ақындары ғаділ әмірші жасап алды. Абай осы қайшылыктарға қарсы шықкан. Тарих-ка ғаділ көзбен қарау 'Абай ушін басты міндет. Абайдың сыйишилдігінің бүл бір ғана көрінісі.

Абай ұстаз тұтқан Навои, Фирдауси аруақтарына синау отырып, олардың жасаған Ескендер образына түзету енгізеді. Ақын олармен, былайша айтканда, шығармашылық сайынса түседі.

Абайда атақта, абырайға, беделге бас шю деген мұлдем жок. Бұл тегі ұлы адамдарға тән қасиет болса керек. Ақын тек өзінен бүршіни қазак ақындары Шортанбай, Дулаттарға ғана сын көзбен қарап қоймай, әуел баста пір тұтқаимен Гете, Байрон, Пушкин, Лермонтовтарға да сыйишилдік көзқараспен қараган. Бұл мәселе-ні алда бөлек әңгіме етпекпіз. Ескендерге қатысты Фирдауси, Низамилерге де ақын сыйишилдікпен келген. Абай дәл біздей көп оқымағанымен, оның бізге қараша-да ойлау еркіндігі әлдекайда мол болған. Бізде нағыз ойлау тәуелсіздігі деген болды ма? Бір жағынан таптық сана мұддесі, екінші жағынан тұрпайы атеизм санаға, қиялға еркіндік берді ме? Біздің ақынды бүгінгі күнге дейін жарытып түсінбей жүргеніміз де сондықтан. Бізде дайын қалыпқа салып ойлау әдет болып келді. Қазак ғалымдары үшін қалыптың екі түрі болады: бірі — рухани мәдениетті маркетік-лениндік тұрғыда талдау, бағалау, оған сыймай жатқан жерлерін сылып тастау да, екіншісі — орыс ғалымдарының төл рухани мураларын зерттегендеге жасаган із-соқпаларға, қысқасы, дайын схемаға салып талдау және бағалау, оған сыймай жатқан жерлерін тағы да сылып тастау. Осы екі дерпттен әлі күнге арыла алмай келеміз. Оның басты себебі — қазак ұлтын, оның рухани мұрасын зерттейтін төл теориясы жок. Ал Абай заманында мұндай дерпттер болмағандыктан ақын өз пікірін жасақанбай айта алған. Ол Құранға да, Шығыс классиктеріне де сын айта алады.

Абай реалист, сондыктан ол Ескендірдің нақтылы тарихи тұлғасын ашып беріп отыр. Ақын Ескендір туралы тарихи деректермен таныс болғандықтан ең алғашқы шумағында бар шындықты ашып берген:

Осы жүрт Ескендірді біле месекен?
Македония шаһары оған мекен.
Филипп патша баласы, ер конілді,
Макган сүйіш, қызғашшак адам екен.

Әрі қарай көпшілікке белгілі оқиға желісі өрби береді. Біз «Ескендір» поэмасының бір шумагы туралы ойларымызды осымен тәмамдаймыз.

«АДАСҚАННЫҢ АЛДЫ — ЖӨН, АРТЫ — СОҚПАҚ»

Бөтен сөзбен сөз арасын былғамайтын ақын исеге «адасқанның алды — жөн...» деген. Қалыптағы түсініктे адасқанның алды белгісіздік емес не? Адасып бара жаткан адам жөн таба алмағандықтан адаспаушы ма еді. Бұл өлеңде текстологиялық қателік болмаса, «адасқанның алды — жөн...» деген түсінікті қалай түсінбекпіз.

Абай өлеңдеріндегі «түсініксіз» ой тұжырымдарына әбден көндіккендіктен, ақынның айтпақ ойын табуға кірістім. Ойлай-ойлай келе тиянақты түсінік «адасу» деген үғымға тірелді. «Адасу» деген не? Оның адаспағандықтан айырмасы неде? Осы бағытта ойға шомба-ныңда тапқаным мынау болды. Адамзат баласы сонда әлімсақтаң күні бүгінге дейін адасумен келеді. Тарихтан адаспай жөн, жол тапқан не пайғамбарды, не дана-оішылды таппадым. Бәрінің жол тантым, адам баласын азат еттім дегені теріске айнала берді. Сонда адасушылық заңдылық болғаны ма?

Ақылы, сезімі бар адамның адасуы таң қаларлық іс емес, себебі ондай жаңда құмарлық құшті болады. Құмарлық дегеніміз білмекке ынталану, ұмтылу, орындалмайтын істі атқаруға талпыну, құпия, сырь ішіндеңі болмысты танымакқа әурелену. Осы аталған істермен айналысқан адам әманда адасады. Адасу адамның өз әлін мөлшерлей алмаудан туады. Бұл бір. Екіншіден, адасу танып білмектен туады. Осы тұста бір дана адамның шейхтен сұраған сұрағы ойыма келіп тұр: «Спроси-ли: «Кто познавший?» — ответил: «Познавший подобен птице, вылетевшей из гнезда в поисках пищи и не нашедшей ее, устремившейся (обратно) к гнезду и на-нашедшей дороги. Она в смятении, хочет направиться домой и не может» (см.: Е. Э. Бертельс. Суфизм Қаз.

фийская литература М., 1965. с. 257.) Таным, білім жолына түсекен адам құс сияқты өз ұсына қайтып жол таба алмайды. Ол адасады, бірақ адасқандықты сезуди өзі білім екенін мойындау керсі. Адасқаның сезбендерде білім жоқ. Білімділік белгісі адасқандықты сезіну.

Тарихта ең алғашқы адасқандар Адам Ата мен Хауа-Ана Хауа-Анамызды білмекке құштарлық жеңіп, дәмін тауға болмайтын жемісті жеді. Сейтіп, пейіштен азабы да, қызыры да жеткілікті жер бетіне қуылды. Маңдан терімен күй көріс камына кірісті Адам-Ата өз қателігін мойындаپ, Алласына жалбарының, нұсқасын ғазарумен өмірін өткізді. Адасқан пендесіне Алла тагала кешірім жасады. Содан бері Адам үрпагы адасумен келеді. Анығында жығылып-сүрініп барлы, құламай тік журіске жаттықкан бала тәріздес адамзат га адасын жүріп бір жен табары, бірақ ол тапқаң жөні күндердін күнінде «жөн смескес», айналып, адасуы тағы бастайлады. Абайдың айтып отырганы осы хал болуы керек. Адасқанның алды жөн болатыны, ол өзінің адасқаның біліп отыр. Адасқаның білген адам жөн табуга да қауқары жетеді. Ал адасқаның білмегендер туралы сөз жоқ. Қең адасады Ақын ол жөнінде адасқан көнін атының басын бүратын адамды құрметпен — «единница» дес атаган.

Адасу негізінен сенімге байланысты. Таным мен сенім бастары бір қазанға сыйтын құбылыстар емес. Бұл екеудің көбіне зорлықпен бірге қарастырып отыр. Мұндай дистур араб, ислам философиясында, ортағасырлық Батыс Еуропада, кеңес өкіметі заманында біздің жақта болған. Философия сенімге қызмет еткен Абай болса Алланы мойындағы отырып, «замана, шаруа мінез күнде өзгерсір», — деген. Өзгерісті мойындау сенім шекарасын бүзушылық. Адамзат тарихында зер салып қарасақ адасқан жалғыз Адам-Ата емес, одан кейінгі барлық нағибелер.

Алладан төрт кітап келген, яғни төрт дін (сенім) болған. Алғашқы кітап Дәүітке келген. Уакыт өте берді, бұл сенім тозып, енді келесі кітап Мұсаға келді. Ол сенім де тозды, одан кейін кітап Гайсаға келді. Алты гасырдан кейин «ең соңғы» пайғамбар Мұхаммедке «Құран» келді. Сөзді қысқаша қайырсақ Дәүіт те, Мұса да, Гайса да ақасты немесе оған сенушілер әдасты. Адасқандар, әзілдегі Мұхаммед салды. Бертін келе жердің іске жаралған жаңа дін «Маркетік-Лениндік» ілімге тәбышті, енді. Бүгін бұл ілімнің соңына ергендердің

адасқаны аныкталып отыр. Демек, сенің адамды адастырады. Адам санасына сенімді сіциру идеологиялық тәсіл. Идеология дегеніміз — жалған сана.

Бір сенімге берілген адам, халық міндетті түрде көсемді қажет етеді, олар плюралистік ой нелерін керек-сінбейді. Сөйтіп, сенгіш көп езіне тоталитарлық (әкімшілік) басқару жүйесін құруға ынталы болады да тұрады «Көpte ақыл жоқ» — деген қорытынды осындаиджағайдан шыққан

«Озық ой» иелері оманда сенімге құрылған идеологиялық жүйемен қайшылықта келеді. Егер ондай қайшылық болмаса, скеудің біреуінің болмағаны. Не сенімге құрылған тоталитаризм жоқ, не ол қоғамда қозгаушы күш бола алатын «Озық ойдан» болмағаны.

Адасқандарын сезетін де осы озық ойлы жандар. Алайда, тарихта осындаи ұлдардың өз ұғымдарында жолы болып айтқандарын ақыл алған патша, хан, сұltан бола қоймаган. Себебі, озық ойлы жандарда сенім болмайды. Олар сенімнен жоғары адамдар.

Сенім туралы Фридрих Ницше «Заратустра осылай леген» шығармасында мынадай терең пікір айтқан:

«Сіз Заратустрага сенесіз бе дейсіз? Бірак мұнда Заратустраны неге тықылаймыз? Сіз маған сенесіз, бірақ басқа барлық дінге сенушілер туралы не айтамын! Сіздер мені таба отырып, өздеріңізді әлі іздеген жоқсыздар. Барлық дінге сенушілер осындаи және сондыктан да барлық діннің маңызы жардымсыз. Енді сіздерден мені жоғалтып өздеріңізді тауып алуға шақырамын және сонда сіздердің барлықтарыңыз менен қол үзгендеган, мен сіздерге ораламын».

Осы ойларды Ф. Ницше Заратустра айтты деп, парсы ойшылының беделін пайдаланып отыр. Әйтпегенде, бұл ойлар Ф. Ницшениң өз пікірі. Ол мәселені терісінен қойған. Заратустрага сенудін еш қажеті жоқ, ол үшін тіптен үялу керек. Біреуге, тіптен құдайға сену де аса құнды іс емес. Асылы, адам езіне-өзі сенгепі жөн. Тек сонда ғана адамда нағыз сенім пайда болады. Ол төнім адасудан сактауы ете ықтимал. Одан өзге адаснаудың еш амалы жоқ. Біреуге сеніп көш ішінде кетсең, адасқанынды, яки адаспағанынды қайdan білмексін. Абай Алла туралы көп айтқанмен, оған сенуге шақырмайды (оны суюге шақырады), оның растиғын мойындауды талап етеді. Ол «Сенбे жүртқа, тұрса да канша мактап» деп басталатын өлеңінде:

«Өзіңде есп. өзінді алып шыгар
Еңбегін мен ақылтың екі жақта,—
дейді.

Ницше мен Абай сенім туралы дәл бір жерден шыбып отыр. Екеуі де сенім жүректе болуын мойындайды. Жүректе сенім болғанда Заратустраға, Аллага да орын бар. Сондықтан Абай:

Жүргегіңе сұнгі де, тубіш көзде,
Сонан ташқан — шын асыл, тастай көрмс,—

дейді.

Өзге жүртты былай қойғанда, қазактардың Маркс, Ленин ілімдеріне деген сенімдерінен не шықты. Сенгіштікпен әуре болып рәссау болдық. Тіптен адасқандығымызды үққымыз келмеді.

Осындаған адасу болатынын Абай біліп, бізді сақтандырған еді. Ол «Жүртпен бірге өзінді қоса алдасып, салпылдаап сағым қуған бойыңа еп пе?» — деп айтты, бірақ амал қанша, жетпіс жыл бойы біздің зиялды қауымның дені «салпылдаап сағым қуып келді».

Жарапар, адасуға мысалды өткен күннен келтіріп отырмыз, ал бүгінгі күні адаспай жол тауып отырғанымызға кім кепілдік бере алады. Ұақыт өткен соң келер үрпақ адасушылар деп бізді де мысалга келтіруі ғажап смес.

Бұл мәселеге тура жауап беру ауыр. Ең алдымен мына проблеманы шешіп алған жөн. Адасқанда жөн табатын көп пе, жоқ әлде Абай айтқан единицалар ма?

Көпшілік сенгіш, оларға идея, көсем керек. Демек, сенім керек. Яғни, көпшілік сенімсіз өмір кешпек емес. Сенгіш көлшілік 'көсем қайда бастаса соган барады. Мысалы, неміс халқының Гитлердің сонынан еруі, «Совет халқының» Сталинге берілуі айғакты жайлар. Немесе Батыс Еуропаның Гайсаны құдай деп, әлемді христиан және өзгелер әлемі деп болу адасушылық емес пе? Немесе, пайғамбарымыздың адамдарды мұсылмандар, кәпірлер деп болуі қайсыған жатады. Күні кеше жер бетіндегі өмір сүріп жатқан елдерді екіге: социалистік және капиталистік елдер деп бөлдік. Бұларға жатнағандарды «үшінші әлемнің» елдері дедік. Осыны ақиқат, білім деп қабылдаап, оқыдық. Бұл адасушылық емес пе еді.

Демек, көп адасады, адаспауға мүмкіндігі бар единицалар, олар «озық ойдың», алдыңғы қатардағы ойдың өкілдері. Олардың да дәрмені тек ауысқаңда жөн табу.

Абай өзгеріс туралы айтады да, даму хақында ой өрбітпеген. Даму туралы біз көп айттык. Қазір мәселе-нің байыбына барсак, даму деп жүргеніміз де адасу-шылық болып шағады.

Даму жақсы ма, жаман ба? Ойлаймын, дамуга баға берудің еш қажеті жоқ, оны болмай қоймайтын өркениет көрсеткіші деп мойындаған абзal. Даму объективті процесс, оның өз себебі өзінде. Мәселе оны түсініп, та-нуда. Адам санасы даму логикасын менгере ала ма? Қант бұл мәселеге күдік келтірген. Абайда ақыл өлшеу-лі дейді. Сондықтан дамудың жақсы, жамандығын, дұ-рыстығын біз анықтай алмаймыз, бірақ тырысамыз.

К. Маркстің тарихи еңбегі сол, ол тарихтың бар құ-пиясы, өзіндік сырын ашып, оны коммунистік қоғам орнату мүмкіншілігіне дейін адамзатты адасуышылықтан құтқарып, «көзін ашып, көкірегін оятып кетті». Бұл қа-телік болатын, одан көптеген зиянды салдар пайда бо-лып, қалыптасып, адамдар түсінігінде орнығып алды. Сонын бірі жауапсыздық, себебі, Маркс ілімі бойынша, болашақта бәрі белгілі, бәрі анық. Ешбір адасуға жол жоқ. Бұл адам еркіндігіне тұсау болған ілім еді. Адам-ның еркіндігі шектелді. Оған тағы жер бетінде жұмақ ұсынылды. Болашақты қорегендікпен білу емес, керісін-ше, оны білмеу адам еркіндігі үшін қажетті жағдай. Бұл адамның, іс-әрекеттің жауапкершілігін керек етеді, үйқы-дағы сананы оятады.

Сондықтан Абай айтқан адасуышылық заңды. Өмірде адасқандар емес, адаспағандар қауіпті. Алдыңғылар болашақты білмегендіктен аяқтарын андып басып, үне-мі адасқандықтарын сезіп, жауапты іс-қимыл жасауға талпынады. Абай ол осындаі адамдар туралы адасқан-ның алды жөн, арты соқпак деген.

Менен кеменгер, ойшылдар кімдер деп сұраған-дарға айттар едім: біріншіден, олар екіге белінеді, біреу-лері адамға болашақты сызып берген, тарихты түсінді-ріп, адам баласының барап жерін, басар тауын белгі-леген қиялшылдар (К. Маркс т. б.); екіншілері, бола-шақты беймәлім деп, болмыстық тану мүмкіншілігінің шектеулі екендігін түсінгендер (Қант, Абайлар). Маған соңғылары үнайды. Себебі, олар адамға өмір сұру мүм-кіндігін адамның өзіне қалдырған. Әр адамның өмір сүруге деген құштарлығы бар. Әр адамның өз қуаты бар. Соның іске асырылу мүмкіншілігіне біз шектеулік қоюға хақымыз жоқ.

Нағыз ойшыл дегеніміз адамзат баласының адасқандығын түсінген жандар. Олардың өмірі білмеккे құмарлық принципіне негізделген. Білмекке құмарлық белгісіздіктен туындаиды. Белгілі нәрсеге адам құмар болмайды.

Болашақ туралы белгісіздік — қоғамдық ойдың жетілуінің ең негізгі және басты шарты. Ғылым белгісіздікпен айналысады. Белгілі нәрсені зерттеуден ешбір ғылыми ой шықпайды. Егер Абай адасқанның алды жөн десе, міне, осыны жөн деп тану — білім.

Болашақ жөнінде сөүегейлік айтқаннан оның белгісіздігін, жұмбақтығын мсыйндау әлдекайда құнарлы түсінік. Осы түрғыда К. Маркс пен Бұхар жыраудың болашақ туралы ойларын салыстырсақ, мен жыраудың айтқанын қалар едім. Себебі, К. Маркс адамзат коммунизмге жетпекші болашақ тарихты белгілеп берген.

Ал, Бұхар болса болашақ сырь күпия, «қылы-қылы заған болар, қарағай басын шортан шолар»,— дейді. Демек, болашаққа жауапсыздықпен қараудан сак болуды өте қатаң ескерткен. Шіркін, біз осы жырау айтқан қағиданы басшылыққа алсақ 'басымыз да, ойымыз да нокталанбас еді.

Адасқандық ақиқатты іздсуден туады. Адасу бар, адасқандық бар. Соңғысы философиялық ұғым

Адасқандық адасуды білгендіктен туады. Сондыктан да адасқанның алды жөн, арты соқпак.

Соқпак жол емес, ол үнемі ақиқатқа бастамай көмекі тартып, адамзат тағы да адасуы ғажап емес. Адам баласы адасып журіп жөн тауып, тағы да соқпак салмақ. Мезгіл өте ол соқпак та көмекілене бермек, бұл біреудің ойлап тапқан қайталана беретін ермегі емес, өмір дүние болмысының заңдылығы. Абайдың айтып отырганы да осы мәңгілікке қатысты ой.

«ӨЛСЕ ӨЛЕР ТАБИҒАТ, АДАМ ӨЛМЕС»

Адам туралы Адам-Ата заманынан бері айтылып келе жатқан аныз да, ақиқат та көп. Мың сан ғұлама хакімдер, нәбілер адам болмысы хақында не айтпады дейсін. Әлемде адамнан өзге күпия жок. Алла да, табиғат та адам арқылы ғана түсініспек. Адам күпиясын актармақ болып нәбілер, пайғамбар, жердегі құдайлар неше тұрлі діндер ойлап тапты. Адамды дін арқылы, яғни, оны өзге тыс құдірет арқылы түсіндіруге жасалған таілпұнис адамзат санасында өз жемісін берді. Сонымен,

негізі дінни жүйелер қалыптасты. Олардың деңі адамды жаратуши бар, оның құпиясын сақтаушы бар деген қорытындыға келді. Сонымен, адамның құпиясы өзінен тыс абстракцияға айналып, оны адамның өзі зерттей бастады. Адам өзін өзге күш, шындық арқылы зерттеуге кірісті. Міне, осы тұста «жалған өмір» және «мәңгілік өмір» деген қағидалар бой көрсетті. Сонда не жалған, не мәңгілік? Адам ғұмыры қысқа, қас пен көздің арасында, қас қағым сәт. Демек, бұл сәт жалған, ал мәңгілік деген не? Абай осы сауалға араласқан.

Ол табиғат өледі, адам өлмейді деген қағида ұстанған. Мұны қалай түсінуге болады. Адам да табиғаттың жемісі, соның төсінде өніп-өскен саналы тіршілік иесі екендігі туралы пікір Абайға дейін белгілі болған. Ақын оны қабылдан отыр, яғни адам да табиғат, сонда өлеңтін адамның «тәні». Осы адамның табиғаты, яғни тәні жалған ғұмырлық. Ол табиғаттағы кезектесіп келетін қыс пен жаз, көктем мен күз сияқты өзгеріс заңына бағынып туады және өледі. Қазақ мұны ертеден ұққан, «тумак бар да өлмек бар», «өзекті жанға бір өлім» деп анықтап тастаған. Абай қазақтың бұл мақалдарын, ондағы айтылған ойларды жақсы білген. Бірақ, қайтала маған. Ол адам өлді демейді, табиғат өлді дейді. Демек, өлген адамның өзі емес, оның жалған ғұмырға шакталған табиғаты, тәні. Осылайша Абай жалған ғұмырдан мәңгілік ғұмырға ой салған. Оның айтудың адамның тәні өлгеннен кейін, ол «адам ойнап күліп қайтып келмес» дейді. Демек, ол адам енді бұл жалған өмірде бұрынғы күйінде, қалпында өмір кешпек емес. Жалған ғұмыр жалғандығын жасайды. Адамның табиғаты өледі. Адамды енді, қазақ тілінде, «марқұм» деп атайды. Адам болмысының бір құбылысы мәңгілікке жабылады. Марқұмға біздің ортамызда орын жоқ. Оның орнын өзгелер басады. Бір адам о дүниелік болса, орнына дүниеге жаңа үрпақ келеді. Бұл әлемдік зандаулық, оның сырына ешкім жеткен емес. Сырына жете алмаған дәрменсіз сана осы адамның о дүниелік болуын да Абай айтқандай білместіктен «өлді» деп ағаған. Тәннің өлуі, жанның кеудеден шығуы адамның рухының өлгенні емес. Ақын «мен» өлгеннен «менікі» өлмек жоқ дейді.

Өмір болмысын, адам болмысын барша жүргің түсінуге Алла тағала жазбаған. Ол ерекшелердің үлесі. Сондай дананың бірі Абай «мені» мен «менікінің» айрылғанын «өлді» деп ат қойыпты өңкей білмес», — дейді.

Әрине, «мені» меч «менікінің» айрылғанын түсіну үшін «мен» дегеннің не екенін ақылга салайық.

Абайдың «мен» деген отырғаны адамның тәні, табигаты. Бірақ, бұл жерде бір гносеологиялық кишиншылық бар. Алдымен соған тоқталайық. «Мен» ұфымы тек адамға қатысты қолданылады. Ол жан-жануарларға беймәлім, олардың «мені» жоқ. Тағиғат оларға «менді» бермеген. Әр адамның өз «мені» бар. Сонда «мен» деген тек табиғат емес, ол сана көрінісі, оның өлшемі. Әркімнің «мені» сол субъекті танымының сатысы. Мысалы, ақылесі аудықтан жандардың «мені» туралы әлдеқандай пікір айту өте киын. Ол болек әңгіме. Менің айтпағым Алланы танууга немесе табиғатты тануға талпынған жандардың «мені» туралы.

Абайдың «менінде» уш мән бар, олар тән, жан, рух. Тән жалғандық, ол биологиялық заңдылықтардан тұрады. Ислам діні адамның тән тазалығына қатыс көніл болған. Тәні таза адамның жаны таза. Рух тән тазалығын қажет етеді. Тәні сау адамның жаны сау. Осы тән тазалығына ие оркімнің «мені». Адам өз болмысына жауапты, бұл жауаптылық оның «мені» арқылы айқындалмақ.

«Мен» деген адам болмысын бейнелейтін фалософиялық ұфым, демек, ол тек тәнге немесе жанға қатысты емес, ол рухтың да өлшемі. «Мен» тән мен жан, рухтың синтезі. Ақынның «мені» тән, жан және рухтың өткіншілік сипатын білдіреді. Тән өлген соң жан және рух өзге күйге көшеді. Енді «мені» мен «менікі» айрылады. Тағиғат (тән) өлген соң жан мен рух өздеріне өзгеше өмір сүру формасын іздейді. Тәннен айрылғанымен олар обьективтік мазмұндарын жоймайды. Керісінше, олар мәңгілік мазмұнға ие болып, шексіз шындықпен бірігіп кетеді. Алайда, олардың қандай формада өмір сүретінің бізге (адамдарға) жұмбак. Адамдар кеудеден жан «ұшып» шыққаннан кейін, рух «эрзуақ» күйіне көшеді деп болжамдар жасайды. Бұл турасында әр халық, әр дін өздерінше миғтер қалыптастырыған. Оның бәрі болжамнан аспайды. Адамға рухтың болмысын тақу берілмеген. Сондықтан да ғұлама Платон рухты идея ретінде қабылдауга шақырган. Идеяның ерекшелігі сол, оның өзі танымының алғашқы себебі, қажет десеніз қозғаушы күші. Бар болғаны сол. Идеяны туғызыған себепті іздел босқа таусылудың еш қажеті жоқ, оның себебін өз ішінен іздеу керек. Абай ұфымында Алла идея, демек, Алла неге пайда болған, калай пайда болған дегенді қарас-

тырудың еш қажеті жок. Ал, идея — Алланың өзіне тән себеп, сипаттарын тануға адам баласына жол ашық. Адам танымы Алла дегенмен асып жығыла алмайды. Таным мүмкіндігі Аллаға дейінгі жол. Мұны Батыс Еуропада мистика деп атайды. Ал, шынында адамның «мені» мен «менікі» айрылганда мойындайтын ақиқатымыз осы. Өйткені, «мен» жойылғанмен «менікі» жойылмақ емес. «Менікі» жойылса, өмірдің мәні бұзылмақ, сүрген өміріміз, атқарған ісіміз, жасаган жақсылығымыз, есірген үрлағымыз бәрі-бәрі қажетсіз болып қалған болар еді. Жоқ, олай емес, «мен» (табиғат) өлгенмен, «менікі» (рух) өлмек емес. Адамның өзі жер бетінде толып жатқан діндер, әлемдік философиялық схемалар, системалар құруға негіз болды. «Мені» мен «менікінің» айрылатынын адамдар өте өрте заманнан білген, сезген, түсінген, бірақ соның анық-қанығына акылмен (логикамен) жету мүмкін болмай келеді. Әлем тарихында қашшама ғұлама өтсе, бәрін де осы ой мендеткен. Оркім өзінше айтты. Бірақ ақиқатқа жеткен ешқайсысы жоқ. Абай да ақиқатқа жетіп отырган жоқ. Оның айтып отырғаны философтарға жаңалық та емес, алайда «өмір» мен «өлім» туралы қазақ санасына сіністі болған түсініктеге сын айтып отыр. Ақын мәселені теренген козғаған. «Мені» мен «менікі» айрылуы туралы проблема қазақ этносына ислам философиясынан, араб-парсы мәдениетінен бұрын белгілі болған. Түркі халықтарында «аруақ» деген түсінік, олардың дүниетанымының негізгі арқауы болған. «Құлтегін» жырында адам олді демейді, ұша барды дейді. Демек, адам Абай айтқан «менікі» күйіне көшіп тәңірімен тұтасып кете бара-ды. Түркілерде Тәңір, Аруақ дегендер әлемнің тұтастығын білдіретін ұғымдар. Олар адамнан тыс емес, оның әлемдік өлшемдері.

Абай ұғымында адамды «өлді» деп ат қою білместік. Рас, адамды қеудесінен жаны шыққан соң «өлді» деп ұмыту, оны санаттан шығарып тастау көптеген адамшылық қагидастына керагар түсінік-ұғымдар қалыптастырады. Ол адамды құрметтемеуге бастайтын жол. Ал, құрмет адамға ғана лайықлауазым. Бүкіл әлемде тек адам ғана құрметті. Бұл ұғым адамнан өзгеге қолданылмайды және қолдануға болмайды. Осы құрмет «мені» мен «менікі» айрылганда да жойылмауы керек. Тірі адамды қалай құрмет тұтсан, жаны аспанға ұшып, өзі рухқа айналған аруақты құрметтеу еш кемшілікіз болуы керек. Адам өлмейді, оның тәні жанынан бөлініп,

болмысы рухқа айналады. Осы қагиданы Абай бір-ак ауыз өлеңмен өрнектеп берген:

Өлсө өлер табиғат, адам өлмес,
Ол бірақ қайтып келіп, ойнап-кулмес
«Мені» мен «менікінің» айрылғанын
«Өлді» деп ат койыпты өңкей білмес.

«ӨМІР, ДҮНИЕ ДЕГЕНИҢ АҒЫП ЖАТҚАН СУ ЕКЕН»

Болмыс, Адам табиғатын түсіндіруге талпынған ойшылдар «су» мәселесіне жиі тоқталған. Ерте дүние ғұламасы Фалес дүниенің түп негізі су деген. Үнді, Қытай ойшылдары әлем құпиясын ажыратқанда басты-басты төрт дүние элементін айтқан, олар: от, ауа, жер, су.

Су көбіне өзгеріс, қозғалыс бейнесі ретінде қолданылған. Қөне грек фиолософи Герилій ағып жатқан өзенге екі рет түсуге болмайтынын айтқан. Бұл дүние ағып жатқан су, оның бір болған қөріністері енді қайталаңбайды деген тұжырым. Дүниенің осындағы тынышсыз (релятивтік) сипаты адамды терең толғанысқа салады. Қазақ философияларында «Терме» жанры осы «өмір, дүние дегенің ағып жатқан су екен...» деген негізге құрылған. Бұл қазақ философиясында ертеден бар түсінік. Бұған Абайдың қандай өзіндік қосқаны бар, соған тоқталайык.

Дүние ағып жатқан су екен,— деп ақынның ағынан жарылуы, ең алдымен оның білім, парасаттылығын көрсетеді. Адамзат санасында бар білімді Абай менгерген, оған өз түсінігімен жеткен. Одан әрі айтартымыз ақын бұл сананың адамға өмір туралы женіл-желлі түсінік әкелмей, қайғыға салатынын айтқан.

Өмір болмысына тереңдеген адам, одан ешқашан қызыққа кенелмеген. Өмір туралы ой Будданың ел кезіп кетуіне әкелген. Диогенің «бөшкеле» өмір сүруіне жеткізген. Сондықтан Абай «өмір, дүние дегенің ағып жатқан су екен. Жақсы-жаман көргенің, ойлай берсен, у екен» — дейді. Осы ойдың генезисіне зер салсақ, мұндан түсінікті сопылар дүниетанымынан кездестіреміз.

Өмірдің «жалған өмір» атануына да бір дәлел осындағы ұғымдар болса керек. Дүниені релятивтік принциппен түсіндіру «мәңгілік өмір» идеясына әкелген. Бұл идея көп діндерге ортақ. Жалған, яғни қысқа, шолақ өмір және мәңгілік өмір туралы ойлар көктен түспеген, адам болмысынан туған. Адам ғұмыры қысқа әрі қайталаңбайды, ағып кеткен су сияқты, бірақ судың мәңгі

жойылмайтыны сияқты адам рухы да мәңгілік. Су ағып кетіп, су емес күйге айналғанымен, өзінің қаснеті арқылы білінеді. Айталық, өсімдік, жан-жануар өмір сүрулереі нәтижесінде өз қызметін айқындайды. Дәл сол сияқты адам ғұмыры қысқа болғанмен, оның рухы адам кейпінде болмаса да әлемнен жойылып кетпейді. Оны қазак арауқ дейді. Мен «аруақ» деген идеяны тек ислам дінімен анықтағанға қосыла қоймаймын. Аруақ философиясы діндерден бұрын қалыптасқан, кейінірек діни философияларда логикалық талдауға түскен адам болмысындағы мәңгілікті бейнелейтін құбылыс.

Аруақ туралы ой болмаса өмір, дүние хакында үғым тым келте болар еді. «Жалған» мен «мәңгілік» өмір арасы, қарапайым тілмен айтқанда, жер мен көктей, осы кеңістікті тілге тиек еткендер — «ауыр ойды көтеріп, ауыратын жандар», оларды біз данышпандар дейміз.

Өмір, дүние туралы толғаныска түскен адамның тиенақты тұжырымға келуі екіталай іс. Дүние болмысы туралы мінсіз ой қалдырған данышпан жок. Олардың бәрі терен сөздер айтқан, бірақ ешқайсысы өмір мәнін ашып бере алмаған. Өмір құпиясы Кант тілімен айтсақ, «өзіндік зат», біздің айтып жүргеніміздің бәрі дүние гуралы бағыт-бағдарлар.

Сондықтан ойшыл-данышпандарға дүние болмысы туралы толғаныс қайғыға бастап апаруы заңдылық. Мен одан басқа жолға түскен ғұламаны кездестірмедім. Өмірдің мәні оның сірә, жұмбактығында, адам санағынан тыс құпия болғандығында болса керек. Өмір мәнін бір данышпан ашып кетсе, өзге данышпандарға не қалмақ. Осы тұрғыдан алғанда данышпандықтың өзі — өлшеулі ақыл, шектеулі сезімнің синтезі. Данышпан айты деген сөз ақиқат емес, соған баар жолдың бағыты.

Бізге данышпандардан керегі сол. Ал, адамға бұл дүниеде не керек. Оған өмір керек. Басқа еш нәрсенің қажеті шамалы. Өмір деген адам болмысы, оның тіршілігінің кеңістігі, өрісі. Зерделі жан өз болмысын бағдарлай алуға талпынады, ол «өмірдің алды ыстық, арты сүйк, Алды ойын, арт жағы мұңға жуық». Өмір сүру қажеттілігін мойындауы керек.

Өмір сүруге ынта еткен адам қандай нәрсенің керектігін өзі-ақ анықтай алады. Тек адамға өмір сүруге еркіндік берілуі керек. Еркін адам өмір сүру қажеттілігін өзі сезебек.

Адам еркіндігін күзетуші — періште, оның еркін алып, адастыруши — шайтан.

Әр адамның бойында періште бар, шайтан бар. Өмірде періште — жан немесе шайтан — адам болмақ емес. Адам болғаннан кейін, оның табиғатында періште де, шайтан да бар. Мәселе, қайсысының билік құруында.

Адамға керек істі періште де ұсынады, шайтан да ұсынады. Адам қайсысын қабыл алмақ. Мәселенің қындығы сонда.

Шайтан сөзіне еріп, аяғын шалыс баспағач адамды дүниеден таппайсыз, егер де ондай жан болса, оның өмірдегі шайтандықты білмегені. Бұл оның рухани кемтарлығы. Керісінше, періштесі болса да, оның дымын шығармластай етіп, аузын буып, бойын мұлдем шайтан билеген жан өмірде кездеседі. Сонда байқайсыз ба, адам баласы періштеліктен гөрі шайтандыққа бейімдеу. Неге дейсіз ғой. Бұл сұраққа да барлық заман данышпандар жауап берумен келеді. Бірак, айқындылық жок. Құнды-құнды пікір бар, алайда нақтылы тұжырым жок. Ойлаймын, бұл сұраққа жауап берілсе, адамның құпиясы айрандай актарылмақ, өмір мәні ашылмақ. Бұл ешқашан болмайтын іс. Адам құпиясы, өмір сырь мәнгілік жұмбак, сондыктан да Абай сияқты данышпандар осы мәселелерге келгенде қата болып:

Қаламын мен, қапамын
Куаныш жоқ көнілде,
Кайғырамын жатамын,
Нені іздеймін өмірде,—

деуі орынды. Тек қана бір ескертис, осылайша ой толнау үшін адам тіршілік қарекетінен биік болуы керек. Ондай жанды біз данышпан деп атайдыз.

«ЕДИНИЦА КЕТКЕНДЕ, НЕ БОЛАДЫ ӨҢКЕЙ НӨЛ?»

Біз тарихты жеке адамдар (ұлы адамдар, хандар, патшалар, қолбасылар т. б.) жасамайды, тарихтың қозғаушы күші халық деген санамен өскен үрпақтыз. Шынында да тарихтың авторы халық, оған еш дау жоқ. Бұл ақиқатты Маркстен көп бұрын өмір сүрген казақ ойшылы былайша бейнелеген:

Күйрігы жоқ, жалы жоқ,
Құлан қайтып күн көрер?
Аяғы жоқ, колы жоқ,
Жылан қайтып күн көрер?
Хан мен билер қысқанда,
Халық қайтып күн көрер?

Онда халық түнерер,
Халыққа қысым күш берер,
Халықтың көгі күшке енер.

(Ертедегі әдебиет нұсқалары Ағаты, 1967 ж., 105 сел).

Халық деген мағыналы әрі қажетті сөз. «Халық айтса қалып айтпайды», деген мақал да тегін шықпаған. Бірақ, біздің халық туралы түсінігіміз шағалау. Халық деп материалдық ігіліктерді өндірушілерді айтып жүрміз. Бұл марктік-лениндік ұфым. Асылында халық ауқымды түсінік, оған ел билеуші хан, патшадан бастап малшыға дейін бәрі енеді.

Бір халықты қанаушылар және қаналушылар деп бөлу көп-көрнеу зорлық. Халық тұтастықты білдіретін ұфым. Оны бөлшектеген кезде халық деген жойылады. Осы тұста тағы ескере кететін жай — әр халықтың өзіне лайықты басшысы, өзіне сай азаматы болмақ. Біз кейде, отырып алып әлдебір халықтың саясатына не өкімет басшысына кінә тағып жатамыз, ол қате, себебі әрбір халықтың өз бітім-болмысина, салт-санасына, ұфым-түсінігіне сай басшысы болады. Осы мәселе туралы Абай отыз жетінші қара сезінде быттай деп түйін жасаган: «Адам баласын замана өсіреді, кімде-кім жаман болса, замандасының бәрі винозат».

Кеңес өкіметі жылдарында хатық теген үгымнан хан, бай, би, батыр, хазірет т. б. алынып тасталды. Бұларсыз халық болушы ма еді, әрике жік. Халық деген үгымды жүрдай етіп, бір жақты түсіну Абай заманында да болған. «Сібір қырғыздарын басқару» туралы Пайшаның 1822 жылғы жарлығынан кейін қазақ шын мәнінде халық болу хұқынан айрылған болатын. Өзін-өзі басқара алмаған жұртты халық деп атау қыни. Халық еркі оның өзін-өзі басқаруынан көрінеді. Өз ханы, өз бій болмаған қазақ жұрты азып-тоза бастады. Міне, осы жағдайды терек аңғарғач Абай «халық» деген үгымнан «көп» деген үгымды мейлінше айрықша айқындан берген. Қоپті ақын образды түрде нөлге тенеиді. Еденица болмаса, өнкей нөл не болмақ. Нөлдің касына нөлдер қоя берсең еш мағына шықпайды. Оған мән беретін единица. Сондықтан Абай «Көп шуылдақ не табар, билсемесе бір кеме!», — деген қорытындыға келген.

Абайдың «көп» деп айтылған сөз мәнісін өзімізге жақын түсінікке айналдырысак, ол «люмпен», «толпа» деген ұфымдарга келінкірейді. Бір ғажабы қазақ тілінде «толпаның» «тобыр» деген баламасы бар. Айайда,

ақын тобыр демей «көп» тұралы айтқан. Мұнда да бір мәніс барға үқсайды. «Көп» сіро «тобыр» дегеннен мағынасы өзгеше болса керек. Оған дәлел, Абай «көп» деген үғымды әр мәндегі қолданған. Ал, тобыр болса, оның қолдану мәнісі біреу-ақ. Сондыктан ақын «көпті» «тобыр» демей, оның әр қырынан келген. Ол туралы ақын: «Көптің бәрін көп деме, көп те бөлек» деп, көптің мәнде-ри көп екендігі туралы сөз айтып кеткен.

Көптің бірінші мәні. Ақын оны «тобыр» деген үғымда қолданған. Көп шуылдақ не табар, билемесе бір кемел, дегендегі көп — тобыр. Немесе «наданның сүйенгені көп пен дүрмек», дегенде көп тобыр мәнінде қолданылған.

Абай халықтың тобырға айналмайтындығын, ал көптің тобырға айналуы мүмкін екендігін екі шығармасында ашып берген. Біріншісі «Масғұт» поэмасы.

Поэмалың оқиға желісі көвшілікке аян болғанмен, еске салып өтейін.

Масғұт халифке уәзір болып тұрғанда, түсінде Қыдырып аян береді:

— Ей, балам, пәлен күңі жауын жауар,
Сол жауынның суында кесапат бар:
Жеті күп жынды болар суын ішкен,
Жеті күп өткениен соң және онадар.

Содан Масғұт бұл хабарды халифке жеткізіп, алдын ала таза су алыш, дайындық жасайды. Қыдырып айтқан күні жанбыр жауып, оның суы арасқан өзен, құдық сулары кесапатқа үшырап, жүрт ақылынан ауады. Жындылар үйқы, құлқіні ұчытып, шулап, сендей соғылып жүріп алған соң, олардың алдына барып халиф ақыл айтса, олар хан мен уәзір ақылынан адасқан, сондыктан бұл екеуін өлтірейік деп шуласты. Істің насырға шапқанын сөзген хан уәзіріне ақыл тап деп өтінеді. Уәзір айтты:

Күтылар хал болмады мына ұтаң,
Бізде шілесек болмайды жынды су да
Өтірер өнкей жынды бізді кетпі,
Жынды деп есі дүрыс бізді қуган

Екеуі жынды суды ішп сатды,
Күтырып көп алтына жестіп барды
Өткей жынды байқамай айтыппыз деп,
Құлдық үріп, бұларга көт жалбарды.

Міне, көпгін тобырлық (толпа) сипаты. Тобыр халық емес. Себебі, ақылынан адасқан көпті халық деуге бол-

майды. Халық қалып айтпауы үшін, ол ақылынан ада-
сусы керек. Поэмадағы ханы, үәзірі бар, жұрт әрине халық. Ол не іс істесе де ақылмен, санамен шешілген. Ал көп ақылынан ауса, онда халықтық сана жойылады, көп есірік деген дәртке душар болады. Бұл мәнде біз «тобыр» туралы айта аламыз. Көп екен деп тобыр сөзіне құлақ асуға болмайды. Абай осы халді былайша айтқан:

Көлтің бері осындаң, мисал етсең,
Көп ачты деп атланып, үрга күтсөң
Рапіл бол көп нәрседен бос қатасың,
Андалай көп сөзімен жүріп кетсөң.

Көптің тобырлық сипатын Абай отыз жетінші сөзінде ашып берген: «Сократқа у ішкізген, Иоанна Аркти отқа өртеген, Гайсаны дарға асқан, пайғамбарымызды түйенің жемтігіне көмгендің кім? Ол — көп, ендеше, көпте ақыл жоқ. Ебін тап та, жөнге сал».

Біз өмір сүрген социализм деген когам да бар істі көптің қолына беріп, оны колектив деп атап әділеттілікті саяси ойынға айналдырыды. Мұндағы көп, Абай айтқан «акылынан ауған» большевиктің жынды сұндан ішкен тобыр болатын. Оны біз халық пікірі дедік, шын мәнінде халық өзін-өзі жаңа-жана танып, есін жиып келеді. Поэмада көлтің ақылының ауысы жеті күнге созылса, біздін елде жетпіс жылға созылды. Онда есі дұрыс хан мен үәзір жынды суды ішіп алып аман қалса, қазақтың есі дүрыстарын большевизм қырып салды, слүрейлі жандар еріксіз «жынды» болуға келісіп, көппен бірге дүрмекке түсті де кетті. Революция дегеніміздің өзі тобырдың іс әрекеті, оның саяси өкіметі, пролетариат диктатурасы. Абай Сократқа у ішкізгенді білгенде Француз революциясын білмеді деуге болмайды, ол реголюцияны білген, бірақ оның көптің ісі екенін де түсінген. Шын «акымақ көп, ақылды аз» — дейді. Осы «Іөп ақымақ» деп отырганы халық емес, ол тобырды айтып отыр. Сол тобырдың әрекеттерінен бізді сактандырган, амат не тарих Абай айтқандай болмады, тобыр 1917 жылы өз дегеніне жетті.

Абай халқын көл кесапатынан қашып та сақтагысы келіп, шырылдаганмен болар іс болып, казаң, халқы, сірә мәндайына жазғаны болу керек, ез тағдърын жыңғыс алмай тарих тәлкегіне түсіп шықты. Ақылның өз тілімен айтсақ, «Ермен шықты ит қылып, бидай шашқан егініңе».

«Көптің» екінші молі. Абай «кәп» деген ұғымды ғек тобыр емес, көвшілік, жүрт, қала берсе халық деген мәнде де қолданған.

Көптің бәрі көп деме, көп те бөлек,
Көп ит женіп көк итті, күнде жемек.
Гадәләт пен мархамат — көп азығы,
Кайда көрсөн, болып бақ соған көмек.

Көп туралы екі ой айтылып отыр. Көп адасқанмен оның қамын ойлау, оған қызмет ету өзге мәселе. Мархамат пен әділдік көп үшін керек. Оларды көптің азығы дейді ақын. Әділеттілік қашанда жүрт еңсесің көтеріп, санасын оятатын күш. Олай болса көпке адал қызмет ету, оның мұддесіне орай іс істеу адамдық борыш. Себебі, «Көптің қамын әуелден тәнірі ойлаған, мен сүйгенді сүйді деп иен сүйсін». Тәнірі ойлаған көптің қамын, сен де ойласаң, сол тәнір жолында болғаның. Көпке қарсы шығу тәнірге қарсы болу. Колыңнан келсе, «қарекет қыл, пайдасы көпке тисін», — дейді Абай. Халықтың «көпке топырак шашпа» деген макалы осы мәнде үндес келеді.

Көптің үшінші мәні. Көп адасады, қателеседі. Алтын мен жезді ажырата алмайды. Мұндай жағдайда не істеу керек. Абай бұл сауалға он төртінші сөзінде жауап берген. Ол жүректі кісі деген кім дегенге талдау жасай келіп, қазақтың жүректі кісі деп батырды айтуы жеткіліксіз екенін айттып, нағыз жүректілік деп адасқан көптің атының басын бүрүфа жараған әділетті және ақылды азаматты айтады. Мұндай адамдар ел ішіндегі — единицалар және тұлғалар. «Единица нөлсіз-ак, өз басындық болар сол» — деп Абай халықтың біртуар азаматтарын — единица деп атаған.

Адасқан көптің басын бүрattyн адамдарды қазақ халқы көсем деген, ол хан, сұлтан, би болуы мүмкін. Казақ сөз қадірін біліп «жүзден шешен, мыннан көсем шығады» деген. Қөсемге қарағанда, ел ішінен шешен жиі шығады. Адасқан көптің атының басын бүрattyн — единицалар, көсемдер сирек кездеседі. Олай болса, оларга құрмет те ерекше болмақ.

«МҰҢЛЫ ШАЙТАН — ҚҰДАИДЫҢ ҚУҒАН ЖАНЫ»

Алдымен «Шайтан» туралы. Бұл өзі не? Дүниеде бар нәрсе ме, әлде қиялдан туған түсінік пе? Өзге діндегі ұғымдардыбылай қойғанда, исламда шайтан деген шын-

дық. Тіктен бес уақыт оқылатын намаздарда әмандар шайтанды қорғау қалыптасқан дәстүрге айналған. Шайтан туралы Құранның 113, 114 сүрелерінде айтылған. Соган қарағанда «Шайтан» дегеніміз бірер сөзбен айқындал тастантын шаруа емес.

Шайтанның бір есімі — Ібліс. Ол көбінесе шайтандардың «бастығы» ретінде айтылады. Абай «мұцылы шайтан — құдайдың қутан жаны» дегендеге осы Іблісті айтып отыр.

Біз Шайтанның мұндан бұрын неліктен күнәшар атанғанына тоқталайық.

Ислам дініндегі аңыздарга (мифологияға) қараганда Шайтан Аллага қарсы шыққан. Бірақ, бұл мәселеде бір анықтық қажет сиякты. Ібліс туралы әңгімелерді мұқияттыңдаған адам оның жалпы Аллаға қарсы емес, Алланың өз құдіретімен балшықтан адам жасап, оған жерді «меншікке» бергеніне қарсы. Себебі, Шайтан перштегер сиякты оттан жарапған. Оларды да ез құдіретімен Алла жаратқан. Оның үстіне Шайтан бұрынғы перште. Ол Адамға иман келтірмегені үшін «шайтан» атанған. Алла тағала балшықтан адам жасап, барлық перштегерге оған иман келтіріндер дегендеге тек Ібліс қана Алла әмірін орындаудан бас тартқан. Ол менмендікке салынып, оттан жарапған жан балшықтан жартылған адамға тағым етуге болмайды деген. Шынында Іблістің осындай шайтандық жолға түсі де Алла әмірі, оның күпиясы. Сірә, жаратушыға перштегердің және шайтандардың болғаны қажет болғанға ұқсайды. Себебі, Алла қаһарына ұшырап, перштегер мекенинен күңіндалғанмен, ол жаратушысынан ақырзаманға дейін адамдар ісіне араласып, азғындық, бүлік жасауға рұхсат алған. Ондай ерікті шайтанға Алла тағаланың өзі берген. Сондықтан Ібліс әрекеті Аллаға қарсы емес, адамға қатысты. Ол адамдар арасында гана әмір сүрмек. Демек, адам бар жерде шайтан бар. Адам қандай іс істемесін, оның әрекеттеріне міндетті түрде шайтан араласпак. Шайтан араласпаған адам ісі кемде-кем. Шайтан сәбиге жолай алмайды, себебі, оның күзетшісі — перште. Шайтан адамның есі кіріп, күнә жасауға мүмкіндігі болған жастан бастап, оның әрекетіне бел шешіп араласады.

Әзәэіл-шайтан дүниенің кызығы болып көрінеді. Дүние кызығына құмар жан шайтанның жайғап құшынан бір-ак шықпак.

Ойлаймын, не болса да Алла әмірімен орындалмақ, онда шайтан әрекеті де өзге құштің ықпалы емес. Сірә, шайтан топырактан жаралған адам рухының сыйнысы ретіндегі шындық па деген пықрге еркісіз келесің.

Адамның есі кіріп, ойлау қабілеті оянғанда, оның даму еркіндігі ашылады. Бұл адамға Алланың берген қазынасы. Еркін адам еркін ойлайды, еркін іс істейді, бірақ бұл еркіндік өзін өмірге екелген құдірет иесін ұмытып кетуіне жол бермеуі шарт. А ұластың ұмытқан жан шайтандықка душар болады.

Міне, осындаш шайтан туралы діни-мистикалық түсініктер бар. Тегінде, атеистер «шайтан» проблемасын тым жеңілдетіп, нақтылы шайтан туралы құнарлы ойдан адам назарын тыс қалдыраған. Шайтан гуралы қарама-қарсы пікірден ғері ол жөнінде Абай айтқан ойлар жүйесі негізінде береді.

1. Шайтан, өзәзіл, ібіліс т. б. түсініктерсіз адам рухын түсіну мүмкін емес. Себебі, шайтан деген ұфым тек қана «адамға» қатысты қолданылады. Адам жоқ жerde шайтан туралы пәлен деп сөз айту бос әурешілік. Демек, шайтан адам болмысина тікелей қатысты болғандықтан, онсыз адамзаттың рухани даму туралы сөз жоқ. Бұл мәселе, шайтан туралы түсінікке ерекше назар салуды талап етеді. Сонымен «Шайтан» кім, әлде не?

Менінше шайтан туралы айтудан ғері шайтандық істер хақында сөйлеу жеңіл. Өйткені, шайтан өзінің кім екенін іс-әрекеті арқылы білдіреді. Ал, оның істері де-рекісі емес, нақтылы адамның іс-әрекеті арқылы көрінбек. Қысқасы, шайтан өзінің шайтандық істерін өз басынан өткізбейді, оның көрініс табатын жері адамның сөзі, мінезі, күлқы, іс-қимылдарында. Сонымен, шайтандық дегеніміз адамның іс-әрекеттерінде анықталғандықтан, шайтан дегениң өзі адамнан тыс құбылыс ретінде бар ма деген сұрақ туады. Мүмкін шайтан адам баласының бір қыры, оның санасының көлеңкесі, сезімнің қойыртпагы, есінің ескіргені, қиялышың құбылтмалы көрінісі емес пе екен?

Шайтан өмірге адаммен бір келіп, адамның санасы оянғанда бой көрсететін көрініс.

Шайтанның ең ұнатқан, ұялаған жері адам баласының нәпсісі. Себебі, нәпсі ақыл, санаға ырық бермейтін адамның өмірге құштарлығынан туатын құйтырқы сезім. Нәпсіге ие болып, оны нокталау үшін адамзаттың ойлап таппаған айласы қалмады. Әулиелік те, дәруіштік те, монах болып та, жаратқанға ғашықтықтың бәрі-бәрі

бсы нәспсінің жену үшін жасалған қарекеттер. Нәспсінің желіп тақуалық жолына түскендерді бар заманда «әулие» деп пір тұтқан. Сонда нәспсінің жену адамның өз бойындағы шайтандықты женіп, одан арылды. Бұл осал шаруа емес.

2. Бізге шайтан туралы идея аса қажет. Ол болмаса адам табиғаты ашылмайды. Өйткені, шайтанга қарама-қарсы түсінік бар, оның есімі періште. Демек, періштенің мәні шайтан арқылы анықталмақ. Бірі зұлымдық иесі болса, екіншісі пәктік иесі. Сонда бұл да адамың бір-біріне қарама-қарсы бағытталған екі мінезі. Осы екі мінез синтезінен нақтылы жанның адамшылық әрі адамгершілік сипат, қасиеттері көрінбек. Адамға баға осы екі мінездің қайсысының басым екендігінен анықталады.

Шайтан да, періште де нақтылы жағдай әр адамның басындағы қүйлер арқылы айшықталғанмен, оғар әрқайсының ерік, санамыздан тыс өмір сүретін рухани субстанциялар, яғни объективтік идеяның көріну формалары. Оларды бұлайша объективтендіріп, құнарландырып тұрған бастаулар әр адамның шайтандық, періштелік істері. Бұл істер көркем образдар, салт-дәстүрлер, ырым-ғұрыптар, естеліктер, аныз-хикаялар арқылы толығып, өндөліп отырады Тіптен, сөйте-сөйте нақтылы шайтан образы, періште образдары жасалған. Олардың мәдениет тарихында есімдері бар. Шайтан образы Ібіліс, орыс мәдениетінде Демон, періштері Жәбірәйіл, Әзірәйіл, Мекайыл, Исрағіл т. б.

3. Абай шайтан туралы сыйнан адам шайтан да смес, ол періште де емес екендігін ашық айтқан. Ол «ел бұзылса солады, шайтан өрнек»,— дейді. Демек, ел бұзылмауы керек. Егер ел бұзылса оның еркіне шайтан ие болмақ. Елді бұзып отырған адамдардың шайтандық қылыштары, сондықтан қазактардың арылатын кеселді ісі шайтандық.

Абай заманында ел бұзылған. Билігі басынан кетіп, өзге жұртқа бодан болған халықтың бұзылуы түсінікті. Билемешілер әманда өз тәртібін орнатушыға мүдделі. Тұрғылықты халық өз бітім-болмысын, салт-дәстүрін, құнкөріс қарекетін сактап қалуға ынталы. Абай өмір сүрген мезгілде осы екі бір-біріне қарсы бағыттар ел ішінде көріністер беріп жаткан. Кара халық кімнің етегінен үстарын білмей адасуда болды. Ел біліктілері, естілдері өзі есалаң қүйде еді. Орысша оқып, оның тұрмысына еліктең, дініне кіріп мұлдем карасын батырайын десе, қазақтығын қайды қоймақ. Қазакты тұрмыста қала

беруге тағы да болмайды. Сондыктан не істеу керек? Дұрысы түрмиста жаңа тәртіпке бейімделген жөн, яғни «пысық» болуы керек. Пысықта ел, халық деген сана жоқ, оның бар сий-арманы женелі пайда. Ол үшін туған өкесін сатуға даяр. Бұл заңдылық отаршылдыққа түскен барлық халықтың басында болған.

Ел бұзылды, оның себебі қазақ халқы отаршылдыққа, құлдыққа түсті. Езілуге, езгенге жаны сүйсініп өзінің құл болғанын бұлдайтын ездер болады. Сондайлардың алдынғы тобы Абай тұсындағы өсіп шықты.

Абайдың «ел бұзылса салады шайтан ериек» — деп бейнелеп айтқан ойын таңдасадақ, шайтан өрнекті салатын екі күшті айқын аңғарамыз. Бірі жоғарыда айтқан жаңбырдан кейінгі саңырауқұлақтар сияқты қаптап өсіп шығатын пысықтар. Олардың шайтандығы надандықта. Надандық шайтанның азығы. Наданның сүйгешін көп пен дүрмек, дейін Абай. Надандық пен ақылсыздық бір емес. Надандық адам рухына керегар жасалатын іс-әрекет. Надандық тек білмestікпен жасалмайды, ол білгендіктен де туаты, бұл мәнде надандық жауыздыққа айналады. Саналы түрде ақылмен қорытылып жасалған іс надандық емес — жауыздық. Осындай шайтан өрнектер (надандық, жауыздық) Абай заманында болған.

Ел бұзылған кезде пайда болатын тағы бір шайтан азығы — үрэй. Ол адамның еркін билеп алатын аса қауіпті дерпт. Отаршылдар қазақ халқын күштеп басып алғандықтан, үрэй үстемдігін әбден орнатты. Әу деп бас көтерсөң кезеулі мылтық, тар түрмеге душар боласың. Адамды күнәсіна сай жазалап соттау дәстүрі бұзылды, жаңа тәртіп орнықты. Адам өзін не үшін жазықты, не үшін жазықсыз болатынын білмей дал болды. Сондықтан «тыныш жүру» деген философия қалыптасып, үрэй бойды кернеп алды. Қайда барса алдынан «Қорқыттың көрі шыққан соң» қазақтың қара таяқтары (оқығандары) орыстардың өздері шығарған, елге әкелген түсініктеріне орай ойлар құрастыра бастады. Сөйтіп, агартушылық атын жамылып миссионерлік саясат жүре бастады. Оған қазақ оқығандарының кейбіреулері қол үшін берді. Бұл істе білгендік те, білмегендік те бар болатын. Бойын үрэй билеген қазақ оқығандары көбінесе жақсы мен жаманды айыра білмейтін. Реті келгенде айта кете-лік. Осы үрэй большевизм заманында мейлінше өршіді. Бойын үрэй билеген қазақ зиялыштары бөгде жүрттың сезіне қогадай жапырылды. Үрэй — қазақ зиялыштарының драмасына да, трагедиясына да айналды.

Абай айтқан «шайтан өрнектің» зары большевизм болды. Ақын заманында қазақ елі бұзылғанмен, қырғыннан аман еді, әлде болса ел ішінде есті адамдар бар еді. Кейін кенес өкіметі жылдары Абайдың түсіне де енбейтін «шайтан өрнек» құрылды. Оны ақынның ұрапқтары көрді, шетін біз көрдік. «Шайтан өрнектің» есімі — идеология. Қандай болмасын идеология, ол жалған сана. Қандай болмасын идеологияның негізінде үрей жатыр. Үрей бар жерде шайтан әмандада өрнек құрып жүреді. Үрей — шайтанға жасалған мүмкіндік. Үрейден арылмай адам еркін адам бола алмайды. Үреймен енген сеним адамды адастырады, шатастырады,— дейді хакім Абай.

Абайдың «мұңлы шайтан» деген ойына зер салсақ, кәдімгідей шайтанға аяушылық білдіресің, себебі, «мұң» моральдық түсінік. «Мұңлы жан» — ауыр ой дертіне ұшыраған адамға қатысты айтылады. Мұнның түкпірінде қайғы жатпак. Қайғыдан мұң туады. Қайғысы мұңға айналатындар азшылық. Қайғы тарқап мұңға айналмай бұрынғысынша өмір сүре беретіндер көвшілік. Мұң адамның дүниеге көзқарасын, дүниетанымын білдіретін өлшем. Көвшіліктегі дүниеге көзқарас та, дүниетаным да жок. Көвшілік әдетте өмір дурмегіне әлек болып жүре береді. Ал, өмірге, дүниеге көзқарас, одан дүниетаным орныға бастағанда адамды мұң басады. Сонымен мұң дегеніміз субъектінің көзқарасына, дүниетанымына қатысты қолданылатын моральдық-философиялық ұғым.

Абайдың айтып отырған «мұңлы шайтаны» туралы сөз, нақтыласақ, шайтанның дүниетанымы хақындағы әңгіме.

Шайтанның дүниетанымы арнайы әңгіме бола қоймаған тақырып. Бұл өкінішті жай. Өмірді, Алланы, Адамды шайтансыз түсіндіру, тану мүлдем болмайтын іс. Шайтан Адамның болмысы мен санасының аса қажетті сипаты (атрибуты). Шайтанды, шайтандықты айтпай өмір қызығы туралы сөз бола ма? Адам шайтандыққа салынып не оның шырмауына түсіп күнәлі болмаса, онда дінде (діндерде) не қадыр-қасиет қалмақ. Қандай болмасын дін адамның күнәсінегізделген. Күнәсі болмаған, болмайтын адамға діннің еш қажеті жоқ, ол өзінен-өзі Алланың жолындағы жан. Барша діннің бар қуаты адам бойындағы болатын және болуға мүмкіндігі бар күнәлардан тазарту не сақтандыру. Адамды күнәға бастайтын шайтан. Соңда шайтан Адамға керек пе, жоқ па?

Сірә, мұндай сұрақ қою артық. Адамға ауа, су т. б. қажет пе, шайтандық та сол сияқты, адамның «алпыс екі мың» тамырларымен жүретін, ет пен терінің арасын гана жайламай, кейде оның еркін, жүргегін билеп, менгеріп салтанат құратын шақтары бар. Осы мезгілде шайтандық қауіпті. Шайтандық өз үстемдігін құрса, тек адамзатқа қауіп емес, шайтанның өзіне де қауіп. Себеп, шайтан өзінің шайтандық әрекеттерін періштемен тайталаста жүріп жүзеге асырмақ. Егер ол періштені жеңіп өз өрнегін салып, жеке даралыққа жетсе, онда өзінің бойындағы мұнға айналып тас бекітіліп қалған періштелігі оянып, шайтан өзімен-өзі куреске түсіп кетуі өте ықтимал. Абай айтып отырған жоқ па, мұнлы шайтан құдайдың қуған жаны деп. Бұл тегін айтылған сөз емес. Оның Ібіліс атасын «лағынет қамытын» киоі, Адам дүниеге қелуіне байланысты, оның Адамды мойындауынан басталған. Куғынға өз күнәсі үшін түскенмен шайтан қуылған, былайша айтқанда, жапа шеккен жан. Бойында күнәсі, мойнында «лағынет қамығы» бар. Бірак, ол Адамның бұрынғы періштесі емес пе? Осы жағдайда шайтанды мұнлы ойға жетелейді. Абайдың «мұнлы шайтан» дейтіні содан. Анығына келсек, шайтанның жағдайы ауыр. Біріншіден, ол шайтандығын мөлшерден тыс асырып жіберсе, дүние ойран болмақ, адам азып, мұлдем құрымақ. Адам болмаған соң шайтан да жоқ. Бұл мәнде шайтанның өз әрекеті түптін түбінде өзіне қарсы бағытталған. Екіншіден, шайтан өз күнәсін мойындан Аллаға жалбарынып, Адамға иман келтірсе, онда періштер қатарынан шығып, шайтандық істерін пышақ кескендей тыяды. Мұндай жағдайда тек Шайтан ғана емес, Адам баласы өмірге қызығушылығынан, ынтызарлығынан айрылады. Адам өмір сүруге үмтүлмай, өмірден (жалғаннан) тыс өмірге құлшынады. Ол дүниені апатқа бастайтын түсінік. Сондықтан шайтан тек өзі үшін ғана емес, Адам, дүние үшін де қажет. Демек, шайтандықта тек Адам болмысъына қарсы ғана емес, оған керекті де қылықтар бар. Мәселе, шайтандықтың мөлшерінде, адам баласының осы мөлшерді белгілей білуінде. Ойлаймын, Абай, мүмкін «мұнлы шайтан» дегенде шайтанның осы халін сезген болуы керек.

Шайтан Алланың ерекше жаратқан жаны. Алла еш құбылысты өз махаббатынсыз өмірге келтірмеген. Дүниедегі бар нәрсенің бәрінің өз қажеттілігі, керектігі бар. Рет-ретімен қалыпгасқан бұл дүниеде басы артық

еш нәрсе жоқ. Шайтан да керек. Періште де керек. Бұл Алланың Адамға берген еркі.

Шайтанды мүң басатыны, ол Алла өзін қажеттілік-пен жаратқанын, сол мөлшерден аспау керектігін біледі, сол білгендігін қайғыға түсіп, қамығады. Біз жоғарыда айттық, мұңың түбі қайғы деп. Абайдың «Мұңлы шайтан — құдайдың қуған жаны» деп толғанып отырганы да тегін емес.

«Мұңлы шайтан — құдайдың қуған жаны» деген ән шумақты өлең М. Лермонтовтың «Демон» деген поэма-сынан үзінді. Абай поэманды толық аударуды мақсат етпеген, оның айтғағы адам баласы туралы. Шайтан (Демон) қандай айла-тәсіл қолданып адамды аздыруға ииет қылдырғанмен, ол адамның құпиясына тан-тамаша қалады. Былай қараганда, ақылы да, ғұмыры да қыска, бірақ өмірге соншама ынтық бұл неткен жан деп шайтанды қайғы жейді. Іблістің бұл халін Абай, оның өз монологімен білдірді.

«Ақылға, өмірге де адам кенде,
Өлмес өмір, кайрат, күш — бәрі менде.
Күнінде жұз қуанып, күліп жүрген
Осы адам уайымсыз не еткен бенде?»

Абай түсінігінде шайтанның өзі адам құпиясының бір сипаты. Бұл сипат Алла мен Адам арасындағы байланысты бейнелейді. Шайтан Адам ақында емес, Алла алдында күнәлі жан. Бірақ, оның күпәлі болуына себепкер адам. Шайтаннын Адам тек сақтана алады, ол Алланың құдіретіне қатысты іс. Алла шайтанды жойып жіберуге әмірі жетеді, бірақ оған құдай бармаған. Демек, шайтанның болмысы табиғи қажеттілік. Шайтан адамның еркін ынталы, ол адамды аздырып-тоздыруға тырысады. Адамның еркін сақтаушы, құзетшісі — періште. Оның қызметі адамның сезім, санасына кіршік түсірмей, оны ігі істерге бастау. Демек, періште болмысы да табиғи қажеттілік, адамның зердесі осы екі істің бірін таңдауы керек. Шайтандықты таңдаудың еш қажеті жоқ, ол Алла әмірімен адаиниң тамыр-тамырына еніп, орын теуіп алған, әр адамның бойындағы шайтани бар. Ал періштеге келсек, ол да адам бойында бар. Оның тұрағы адамның жүрекі. Сондықтан жүрек тазалығы деңгендегі біз періштеміз үшін қам жейміз. Егер жүрек қарайса, онда періштенің төменишікten қайғы жегендігі, шайтанның жүректе өрмек құрғандығы.

Миңе, осындағы тұжырымдар Абайдың періште мен шайтан туралы айтқан ойларынан туындаиды. Эрине,

періште де, шайтан да тек адам санасы арқылы танылатын рухани құбылыстар емес. Ойлаймын, бұл мәселе де априорлық мән барға ұқсайды. Сондыктан періште мен шайтан туралы ойларды тайга таңба басқандай етіп, қарапайым түсінікпен үгындыра салған адамдардың айтқанына, жазғандарына күмәнім бар. Себебі, шайтан, періште адамның құпиясы мен құдіреттің басты сипаттары. Сондыктан Абай адам сыры адамға емес, Аллағағана мәлім деген қорытындыға келген.

«БЕЗЕНДІРГЕН ЖЕР ЖУЗІН ТӘЦІРІМ ШЕБЕР»

Шебер Алла есімі. Әлемді жаратушы да, сның иесі де, иак өзі де Алла. Өмірдегі барлықтың бәрі Алла әмірімен болмақ. «Мың сан ғалам» деп аңыз тілімен айтсақ, соның бәрін бар етіп, өмір сүргізіп, біріне-бірін тәуелді еткізіп тіршілікке қуат, нәр беріп тұрған Алла.

Дүние деген түсініктің өзі жоқтықтан емес, барлықтан тұрады. Жоқ нәрселерден дүние құрастыру бос зура, дүниенін растығы оның бар нәрсе, заттардан құралғандағында. Барлық дегеніміздің өзі дүние. Жоқ нәрсенің бір-ақ мәні бар, ол оның жоқтығы, ал бар заттың мәні көп, себебі, шындық қасиеті қисапсызы, өлшевеіз. Бар нәрсенін тек барлығын мойындағы қана құтылмасаң, онын баршама сипатын түгендеу адамзат баласының қолынан келер іс емес. Бар заттың, яғни, дүниенің сырь тек бір Аллаға мәлім. Егер Алла бар болмыстың атауы десек, дүниенің өз сырь өзінде. Сондыктан, өмірге форма беруші бір затты өзгеден озгеше етіп, дүниедегі заттар мен құбылыстардың әрқайсысына тек өзіне тән қасиет беріп қайталанбайтындағы етіп жаратушы құдіреттің шеберлігі алдында бас имейтін жай болмас.

Адамның өзі әлем құпиясы, оның өзі шебердің қолынан шықкан рухани зат. Нагыз шебер Алла болса, адам осы шеберліктің сапалық өлшемін көрсете білетін қасиетті тұлға. Демек, Алланың шеберлігі әлемге ие болуга талпынысы. ытасы, нұрлы ақылы, жылы жүрегі, ыстық қайраты бар адамды жаратуымен анықталады. Адам мен Алла бірі шеберліктің аса үздік туындысы болса, екіншісі жаратушы, яғни шексіз шеберліктің иесі. Шебер деген Аллаға ғана лайыкты. Әдетте ои саусағынан өнер тамған жандардың шеберлігіне таң-тамаша болған жүрт, айтпаушы ма еді, бұл шеберлік адамға табиғаттың, Алланың, құдайдың бергені деп. Осы түсінік барлық діни қағидаларда бар. Христиандар да та-

лант құдайдан десіп жатады. Адамға қалатыны оқып-үйрену, жаттығу. Талант, дарын құдайдан. Мен талант, дарын, данышпан деген үғымдарды бір сөзben шеберлік деймін. Абай жер жүзін безендірген тәңірім шебер деп отырғанда, саусағы майысып іс тігуді не ағаштан түйме туюді айтып отырған жоқ. Ол қара жер мен аспанның ортасындағы дүниеге нұрын төгіп түрған Шеберді айтады. Сенда шеберлік дегеніміз сана мен заттын, ақыл мен сезімнің, рух пен тәннің, мүмкіндік пен шындықтың тұтасып барып, ажырамастай бір құбылысқа айналған кезінде аңғарылған адам еркінен тыс, Алланың құдіретін білдіре алатын өлшемнің мөлшері.

Шеберлік деген шексіз десек, ол адам болмысынаи тыс түсінік. Шеберлік адам дамуының еркіндігінің кеңістігі. Шеберлік адам үшін шектеулі, адамзат үшін шексіз. Шексіздік деген Алла сыры, оның мәні адам үшін де, адамзат үшін де жұмбак. Адамға қатыстысы таң қалу, таңдау, ләzzат алу. Біз көбіне шеберлікті ләzzат алу сияқты жатымды сезімдер арқылы анықтауға дайын тұрамыз. Асылында шеберлік мәнінде құмарлық жатыр. Діни ақыздарда Алланың өзі адамды құмарлық-пен жараткан. Содан барып әлемге махабbat орнаған. Біз сөз етіп отырған «Жазғытыры» деген елеңде Абай құмарлық туралы:

Күн — күйеу, жер — қалыңдық сағынысты,
Құмары екеуінде сондай құшті,—

дейді.

Осы құмарлықтың нәтижесі негізінде. масатыдай құлпырар жердің жүзі; жайрандасып жас құлер құрбысымен; көрден жана түрғандай кемпір мен шал жалбаңдасар өзінің түрғысымен; жыршы құстар әуеде өлең айттып, киқу салар қаз бен қулар, күн күйеуін жер көксеп ала қыстай, біреуіне біреуі қосылыспай. Қоңілі күн лебіне тойғаннан соң, жер толықсып, түрленер тоты құстай.

Мұның бері тәнір ісі, соның берерлігі. Абай:

Тамашалап қарасаң тәңірі ісіне,
Болың балқып, ериді іште жігер,—

дейді.

Біз жоғарыда адам шеберлігі шектеулі, Алла шеберлігі өлшеусіз дедік. Осы қагиданы құмарлық арқылы түсіндіріп көрейікші. Мысалы, адам қанша шебер, ұрпак өсіруге соншама ынтық болғанымен, өз ақылымен,

зердесімен ойлау арқылы қолдан адам жасауға қаунары жоқ. Баланы Адамға Алла берсі. Табиғатсыз адам жасау адамның қолынан келмейді. Егерде Адам өз құдіретімен Адам жасауға жеткенде дүние бұзылып, адам адам емес күйге өтері хак, сірә ақырзаман деген сол боллар. Себебі, адамның Алла сырын ақтарып, онымен тайталасқа түсіне құқы жоқ. Мұндай жағдай бола қалғанда Адам мен Алланың кім екенін тану күн төртібінен түседі.

Асылы Адам мен Алланың арасындағы қашықтықтың әмандада сақталғаны жөн. Ол қашықтық адам әркінің даму кеңістігі, адам кеңістігі. Бұл кеңістік ауқымы ұлғайған сайын Алла да адамнан қашықтай берсе керек. Себебі, Алланың шебер екендігіне адам сенген сайын, оның шексіздікті сезінүй айқындала түспек.

Абай «Жазғытуры» деген өлеңіндегі әншнейін көктем суретін бейнелеп қана бермеген. Олай болғанда Абай Абай болушы ма еді. Ол «Жазғытурыда» Алланың ше берлігін жырга қосқан. Мұндай лирикалық геройлар Күн-күйеу, Жер-қалыңдық, кісімсінген Жұлдыз бен Ай, жылы жел, Аспан-әке т. б. мәнгілік ұфымдар. Осының бәрінің рет-ретін тауып «Безендейрғен жер жузін тәнірім шебер» — дейді Абай.

«УАЙЫМ — ЕР ҚОРҒАНЫ, ЕСІ БАРЛЫҚ»

Уайым, қайғы мәндес ұфымдар, бірақ уайым үнемі қайғыға бастамайды. Уайымы бар адамның қайғысы болмауы ықтимал. Кейде уайым мен қайғы тұтасып кетті ғажап емес. Сонда уайым деген не?

Абайға салсақ: «уайым — ер қорғаны, есі барлық» — дейді. Демек, уайым ойлылықтың көрсеткіші. Уайымдай білген жан дүние парқын сезінетін адам. Ойшыл, данышпандардың бәрінде уайым болған. Ол санаға тұрткі, ой ойлауға бастауыш адам қасиеті. Уайым, сірә, жануарлар дүниесінде бслмаса керек. Ел арасында ботасын іздеген бол інген туралы аңыз бен күй бар. Эйтсе де ол адам сезімі арқылы бейнеленген жай. Боз інген күйі түйеге емес, адамға арналған емес пе?

Қазақ уайым дегенді екі мәнде қолданған. Соның бірі мына мақал: «Уайым тубі тұңғылық, бағасың да кеңесін, тәуекел тубі жел қайық, мінесің де отесің». Бұл мәнде уайым адамның дәрменіздік, уайымнан іс әнбейтінің айтса, сонымен қатар оның терең ой екеніне меңзөу салады. Қысқасы уайым ойға байланысты. Уайым

әншнейін ойлау емес, адамның өз басына, еліне жауапты адамғана уайымдайды. Абайдың ер қорғаны уайым деуі сондықтан. Санасыз адамға уайым тән емес. Олар уайым орнына өкініш білдіреді.

Ақылды адам өткен іске өкінбейді, қапаланбайды, одан болашаққа сабақ алады. Есті адам уайымдайды, яғни бүгінгі күн және болашақ туралы толғанысқа ту-седі, өзінің жауапкершілігін сезінеді. Уайымдау өткен өмір туралы емес, ақыл қорытудан, ойды сана елегінен өткізуден аңғарылады. Кейде адамдар білмектікten әл-денеге уайымдан отырымын деуі мүмкін, бұл тұста оның санасында уайым ба, әлде өкініш пе екенін білген жөн. Мүмкін ол жан уайым мен өкінішті шатастыруы ықти-мал. Сондықтан көбінесе уайым жеке адамға қатысты айтылғанмен, оның мазмұны жеке адам мүддесінен тыс болады. Бұл мәнде уайым ел алдындағы жауапкерші-лікті, жеке адам мен ел арасындағы бірлікті, білімді-лікті білдіреді. Уайымы жоқ жанның қара басынан өзге жауапкершілігі жоқ. Ол ер қорғаны болатын үл емес, есі бар дана да емес. Абай уайым туралы осы мәнде айтса керек.

«АДАМЗАТТЫҢ ҚӨРКІ — МАЛ»

Данышпан Абай қазақтың әр сөзін өзінің түпкі ал-иашқы мәнінде қолданып отырган. Соның бір айғағы ретінде «мал» деген сөзге назар аударайық.

Қазақтың аузызекі тілінде мал орнына «скот» деген мәнде қолданылатыны баршаға аян. Ал Абай өлеңде-рінде, қарасөздерінде мал тек жоғарыда айтқан мәнде емес, үғым ретінде қолданылған. Мысалы, ақын «Аш қарын жұбана ма майлы ас жемей» деген өлеңінде «мал» туралы былай дейді:

Жалға жұр, жат жерге кет, мал тауып кел,
Малың болса, сыйламай тұра алмас ел.

Байқап отырсыз, Абай «мал тап» дегенде нақпа-нақ жылқы, сиыр т. б. айтып отырган жоқ, жалпылама бай-лықты, меншікті айтып отыр. Ол байлық алтын ба, кү-міс пе, акша ма, мәселе онда емес. «Мал» деген эй-теуір барлықтың, байлықтың жалпылама көрсеткіші.

Мына келесі шумакта да «малды» байлық мағына-сында қолданған:

Тәуекелсіз, талапеыз мал табылmas,
Еңбек қылmas еріншек адам ботmas.
Есек к... жусаң да, мал тауып кел,
Колга жұкпас, еш адам кеміте алmas.

Жоғарыда айтылған он шумақты өлеңде Абай «мал» деген ұғымды жеті рет қайталаған. Соның әрқайсысында да «мал» сөзі кәдімгі күнде айтып жүрген сиыр, жылқы, қой, түйелердің жалпылама атауы ретінде емес, капитал, байлық деген мәндеге айтылған. Қысқаша айтқанда, «малды» экономикалық ұғым ретінде бейнелеп берген. Абайдың реалист ойшыл екендігінің бұл тагы да бір күсі.

Сонымен «мал» «байлық» және «капитал» сиякты ұғымдармен мәндес болып отыр. Тілшілер «капитал» дегенді қазақшаға қалай аударамыз деп таласып жатыр, ал бұл мәселені капитализм қазақ даласына еркін ене бастаған кезде өмір сүрген Абай қиналыссыз-ақ ұғынықты етіп жазып берген.

Абайдың «мал» ұғымын экономикалық мәндеге қолдануға негіз бар.

«Мал» — араб тілінде «меншік», «капитал» деген ұғымды білдіреді. Сөзіміз далелді болу үшін Мөскеуден 1991 жылы жарық көрген «Исламның әмбебап сөздігіндегі» «мал» деген мақалаға назар аударайык.

«Мал (ми. ч. — амвал) — собственность, имущество (у оседлых арабов — «деньги», «достояние», у бедуинов — «верблюды», «скот»). По объяснениям средневековых авторов, мал делится на четыре категории: «немой» (драгоценные материалы и деньги), «говорящий» (рабы и скот), товары и недвижимость. В более узком смысле мал — финансы, денежные средства (многие трактаты о финансах и налогах так и назывались — Китаб ал-амвал), отсюда понятия байт ал-мал и мал ал-муслимин (средства, принадлежащие всей общине мусульман); в некоторых случаях мал означает налоги в деньгах в отличие от натуральных. В той или иной форме мал вошел во все языки мусульманских народов.

Средства, вложенные в производство или торговлю, назывались ра'с ал-мал («главные средства», капитал) в отличие от прибыли (галла, рибх); так же назывались себестоимость изделия в отличие от продажной цены, в которую входит к прибыль. Ныне ра'с ал-мал совершенно идентичен понятию «капитал» (Ислам. Энциклопедический словарь. М., «Наука», 1991, с. 158).

Әрине, Абайға дейін мал бұл мәнде колданылмаған десек, қате айтқан болар едік. Қазактар бір-бірімен есен-саулық сұрасып, қауышқанда да «мал-жаныңыз аман ба?» десетін. Бұл жерде де казак малды адамның қазына-байлығы, иелігі ретінде колданып отыр. Қорадағы түйе, сиыр, жылқының, амандығын сұрау тым жабайы, қарапайым түсінік. Малыңыз аман ба деген әлде-қайда философиялық мәселе, айта қаларлыктай мәдениеттің үлгісі. Сондықтан бүгінгі нарық экономикасына енгелі жатқан жүрт бір-бірімен есендік сұрасқанда дәстүрлі «мал-жан» хакында рәсім жасаса еш сөкеттігі жоқ, керісінше ұлттық мәдениетті білліре алатын дәрежеде болғаны.

Абай мал табуды тек енбек деп қана қарастырмай, оны адамгершілікке, адамның еркіндігіне бастайтын жол, мүмкіндік ретінде қарастырады:

Кұлық, сұмдық, урлықпен мал жылмас,
Сүм нәпсің үйір болса, тез тыйылмас.
Зиян шекпей қалмайсың ондай істен,
Мал кетер, мазаң кстер, ар бұйырмас,—

деп таза, адал енбекті жоғары багалайды.

Өз үйіңен тоярға қолың қыска,
Ас берер ауылды іздел жүрсің босқа.
Бір жілік лен бір аяқ қымыз берген,
Дерене сені жұмысады бір жұмысқа.

Ақынның айтуынша, малың болмаса басында еркің жоқ, қолбаласың, өзінді-өзін сыйлаудан қаласың, асаған, үрттағанға мәз болып ез атанаңың. Басында еркің болсын десен мал табудан арланба, қандай енбек болмасын колыңа жұғып қалмайды. Осы Абай айтқан экономикалық прагматизм халқымызға әбден керек-ак. Еізде жұмыс таңдау, жоқ нәрседен арлану бар. Шет елдерде (дамыған елдерде) қандай жұмыс болмасын құрметті, тек өлшеулі нарқы болсын. Біз, қазактар Абай айтқандай мал табуға әлі әзір емеспіз, өнімсіз «такқұмарлығымыз» бойдан әлі арылмаған. Ол қардың суы сияқты тез суалатын іс. Экономикалық прагматизмнің ұлттық санага орнауын бүгінгі заман қажеттілігі талаң етеді.

«МАЛГА ДОСТЫҢ МҰНЫ ЖОҚ МАЛДАН БАСҚА»

Абай экономикалық прагматизмді (қажеттілікті) жақтаған ақын. XIX ғасырдың аяғында XX ғасырдың басында Қазақстанға сауда капитализмі еркін ене бас-

таған. Бұл әлеү меттік қозғалыс басында татар сауда-герлері болса, кейін бірте-бірте қазақ жастары да ара-ласа бастаған. Абай:

Пайды деп, мал деп туар ендігі жас,
Еңбекпен малып сатып түзден жиңіс,—

дегенде жастардың сауда ісіне ықыласын бейнелеген.

Қазақтың саудаға араласуы сөзсіз татымды іс, бірақ Абай байлықтың екінші жағы, көлеңкесі туралы сөз қозғайды. Ол:

Мал үшін тілін bezеп, жанын жалдаң,
Мал сұрап біреуді алдап, біреуді арбал

жүргендерді жақтырып отырған жоқ. Ақын арманы малды еңбекпен табу. Жастар жалған жолға түспей, адайл еңбекпен мал тауып жұртқа жақса дейді.

Бауды мақсат тұтып ар-намысын аяқ асты еткендердің қатары өсіп келеді. Оларды ақын сынайды:

Мал жып арамдықген үрлап-қарлап,
Кусың десе, қуанып жұр алшаңдаң.

Абайдың осы пікірлері мына нарық ілігіне ітілген бүгінгі қазақтарға да тұра келіп отыр. Жанын сала қалай болса да байимын деушілер адамдық пен арамдықтың арасын ажыратса алмауы ғажап емес. Мақсат тек баю болса, онымен іс өнбейді де бітпейді. Ондайларды Абай:

Мактап қуғаң, мал күмәр нең үға алсың,
Шылпаса иштәң б реу талғап-та наң,—

деп сынап-мінейді.

Ақын мал табудың өзін ақыл нәтижесі деп білген. Сондықтан мал тапқан адам әқыл тапқан. Қерісінше, ақыл тапқан адам мал да габады. Бұл адамдық, адалдық жолы. Қекірегі ояу, саналы жұрт осы жолмен жүрмек керек. Бұдан өзге құдайдың атқан жолы бар. Ол жолда:

Үрлықпен мал табам деп,
Егессе ауыл шабам деп,
Сүйтіп құдай атады.

Шіркін, Абайдан сөз қалған ба, айтылмаган. Ақының осы өснегі біздің бүгінгі заманга тұп-тура келіп тұр. Елге шықсан ауыл ішінде үрлық көбейгенін естисің де налисың. Үрлықпен өскен жан азып-тозуға бет алған адам. Мәдениетті елдерде үрлық деңен болмайды. Ол азғындықтың бір белгісі.

Абай «малға достың мұны жоқ маңдан басқа» дегенде, біз жиі айтып жүрген «мещанство» туралы айтып отыр. Малдың досына айналу кісіліктен қалу, байлықтың байлауы, құлына айналу. Бұл да халық үшін қауіпті жағдай. «Малдың досы», яғни мещанинге мәрттік, азаттық, пәктік жат сезімдер. Олар әдетте сатқындыққа, қара бастың қамы үшін не түрлі қылықтар жасауға дайын.

Тарихтагы небір қылыш замандарда фашистік және одан да асқан айуандық саясатқа жаңын сала қызмет еткен осы ұсақ, майда-шүйде алыспатарлар болған. Абайдың соңдықтан да «малға достың мұны жоқ маңдан басқа» — деуі әбден орынды. Бұл ақынның мал табу жолына түскендерді жолда кездесер қауіптен сақтандыруы. Ақынның айтуынша малдан өзге мұны жоқ адам топас, надан жан. Наданнан надаңдықтан өзге ешіорсе де шықпайды. Ол құлқынның құлы, малдың досы, адамның дұшпаны

«Мұн» дегеніміз адамның жеке басының тағдыр-болмысына қатысты санағы мен сезімінің түмшалануы, түйіктан жөн жол табу үшін адамның ой мұхитына батуы, зор толғанысқа түсуі. Ал, мал үшін мұнлы болу ақымақтың ісі. Мал деген — дүние, байлық, ол туралы Абай көп сөз айтқан. Айтальық, ол «дүние де өзі, мал да өзі, ғылымға көніл берсөніз», — деп байлықтан ғылымды биік қойған.

Байлық деген дурмек, қисапсыз әрекет, бірақ сошында қалар із жоқ. Тарихта пәлен деген бай болыпты деген сөз қалмаған. Оны білген байлар өз өмірінде байлығымен тарихта атын қалдыру үшін бала оқытқан, мешіт салдырган, қажылыққа барған, ғалымға, ақынға қажетті жағдайлар жасаған. Осындай әрекеттеріне байланысты ана бай, мына бай деген тақаптар қалған. Мұндай байлардың мұны тек мал болмаған. Олар байлықты ел қамына жаратқан. Малды болсаң осындай жолда бол, адамдық атың ошпеіді. Ал, тыпырлаған төрт аяқтының досы болып, өзгені ұмытсан, сенен адамға, елге рахым жоқ. Мұндай жандар әдетте бір беткей, топас, сараң келеді және сөйлеген сөздерінде үзілді-ке-сілді қорытындылар жиі кезлеседі. Бұлар шексіз әлемді бір түйір тарының қаузына сыйғызып, бір-ак түсінікпен өмір кешпек. Ол түсінік Абай айтқан маңға дос болу, одан басқа мұнның болмауы.

«ПЫСЫҚ ДЕГЕН АТ ШЫҚТЫ»

ХХ ғасырдың басында ұлттық консолидация басталған кезде отар елдің жаңа қоқтеп келе жатқан интеллигентиясы арасында болатын «арам шөптер» — бюрократтар қазак түрмисында айрықша көрінді. Оларды Абай «пысықтар» деп атады. Пысықтар тақыр жерде пайда болған жоқ, оларға сұраныс болды. Патша өкіметті өзінің отаршылдық саясатын тиімді түрде жүргізу үшін чиновниктерді қалыптастыруды қажет етті. Пысықтардың екі түрі бар, бірі:

Казақтың кайсысының, бар санасы?
Қылт етерде дап-дайын бір жаласы
Пысықтың белгісі — арыз беру
Жоқ тұрса бес бересі, а ітш аласы

Ақын «пысықтың» осы түрінің әлеуметтік бейнесін ашып береді:

Пысық кім дең сұрасан —
Калаға шапса дем алман,
Өтірік арыз көп берсе,
Көргендерден ұялмай.

Қессетің пысық көбейді,
Құшік иттей үріп жүр,
Кісіден кеммін демейді.
Қу тұлменен күтіртыйп,
Қылып жүрген өнері;
Харекеті — әрекет
Өзі онбаган антурған
Кінгे ойлайды берекет
Кімді ұялып аяйды?
Расы жоқ сөзінің,
Ырысы жоқ өзінің,
Өңкей жалған мақтапмен
Шыңыңң бетін бояйды
Бұл сөзімде жалған жоқ,
Айттылмай сөзім қалған жоқ
Абайлачыз, байқаңыз —
Елдің жайы солай-ты

Мұндайларға халықтың азып-тозғаны керек. Олар үшін халық қайғысы деген бос сөз. Отызыншы жылдары халықты жаппай ашаршылыққа әкелгендердің ішінде осындағы «пысықтар» да бар емес пе еді. Жуырдағы «Желтоқсан» оқиғасынан кейін де осындағы «пысықтар» өрбіл шыға келмедин мә? Абай айтқандай, атын шығын қалсын деп, «пысық» журналистер, галымдар, партия, кеңес қызметкерлері халықты қуырып жібере жаздады.

Олар халықтың жанды жерлері — тіліне, біліміне, тарихына өніп-өсіп ке. Е жатқан жағастар, студенттерге ауыз салды емес па?

«Пысықтардың» екінші түрі — мемлекеттік бюрократиялық машинаның «винтик-тетіктері». Абай заманында олар болыстар, тілмаштар т. б.

Мәз болады ботысың,
Арқаға ұлық қаққанаға.
Шелтірептің орысың
Шенди шекпен жапқанаға,

домек, шен-шекпен үшін қызмет ету, халық мүддесін соған айырбастау — бұл да пысықтық. Бір нәрсени ескерген жөн, «пысықтық» ұлттық емес, әлеуметтік тип. Олар барлық халықтарда ұшырасады. Бірақ біздің тарихымызда өзіміздің пысықтар зардабы өте ауыр болды. «Пысықтық» қазақ топырағында өте кордаланып кетті, оның себебі, пысықтық рулық санага жайгасып, одан рушылдықты өрбітті. Сөйтіп, мұлдең күшсіп, халық бойындағы дертке айналды. Өз халқын өзі жем еткен «пысықтарға» деген сұраныс әр заманда да болып тұрды. Бір орталыққа бағынған әкімшіліктің бюрократиялық жүйесі «пысықтардан» құралуы заңды да еді. Осында «пысық-болыстың» бейнесін Абай былайша суреттейді:

Үрысса орыс,
Елге болыс
Үйдел үрген итке ұсал.

Үйден үрген ит ешқашан нағыз ит болып жарытқап емес. Абай заманында халық біртұтас елдіктен, ұлттық мүддени нысанана алып өзін-өзі басқаруынан айрылған болатын. Біртұтас қазақ жері жырымдалып губернияларға бөлінді. Оның басында генерал-губернаторлар отырды, одан кейінгі әкімшіліктек патша чиновниктері болып, қазактар улесіне болыстық тиді. Шокан кезінде болған аға сұлтандық та бертін келе жойылды. Этнос мүддесі мемлекеттік тұрғыда қаралудан қалды. Сөйтіп, консолидация процесіне тоқтау салынды, ұлттық даму тежелді. Осының зардабынан рушылдық өрбіді. Күн тәртібінде ұлттық мүдде емес, ру мүддесі тұрды. Рулар жерге таласты. Жақсы жердің түгел дерлік игілігі отаршылдар қолында қалды. Қалған жерге рулар таласты. Жесір дауы, жер дауы деген әбден асқынды. Бұдан отаршылар сш қындық көрмеді, қайта керісінше, рулар таласы

бұлар үшін екі жақты қолайлы болды. Біріншіден, өз-өзімен араздаған ел патшаға қарсы енді бас көтермейтін болды, екіншіден, таласқандар әділдік іздеп, орыс чиновниктеріне келіп, ісім онға бассын деп пара беретін болды. Абай айтқан «пышықтар», өз бас пайдасын ойлаған болыстар-бiler пайда болды. Абай портретін жасаған, отаршылдық халді басынан кешіп отырганда санырау құлақтай өсіп-өнген «пышықтарды» сталинизм диктатурасы кезінде «Шолақ белсенділер» деп атаған. «Пышықтар» мен «шолақ белсенділердің» ұқсастықтары көп. Әсіресе, оларды туыстыратын тоғышарлық пен нағандық. Бұл екеуі де халық мұддесі мен ұлттық мұдде өз жеке бастарында аса қажетті болғанда ғана соның жоқтаушысы болып шыға келді. Ал қарақан басы үшін өз халқын сатып, ұлттық қазына-байлышын тоздыру олар үшін түкке де түрмады. Пышықтар және шолақ белсендердің іс-әрекеттері адамгершілік негіздеріне карсы бағытталды.

«АЛЛА ДЕГЕН СӨЗ ЖЕҢІЛ»

Төрт шумак өлеңде Абай біршама мәселелерді қозғаған. Ол алдымен «Алла» дегенге үстірт, женіл қараудан сақтандырған. Алла тек ауызben айттылған ақиқат емес, ол жүрекпен қабылданатын шындық. Алла туралы сөз айту дегеніміз көңілдің шындығын талап етеді. Бұл бір мәселе. Келесі шумакта ақын «жүректің ақыл суаты, махабbat қылса тәнірі үшін» — деп, махабbat туралы сопылық дүниетаным түрғысында түсінік берген. Махабbat иесі — Алла, оны ұғыну үшін жүрек нәрленуі керек. Ол жайды Абай «жүректің асыл суаты» деген. Үшіншіден, Алла ақыл арқылы танылмайтын шындық екеніне баса назар аударған. Бар нәрсені ақылмен тану мүмкін еместігін Батыс Еуропада көптеген ғұламалар айтқан. Бірақ, Абай бұл мәселеде Батыс ойшылдарына еліктеп түрған жоқ. Ол бар нәрсенің барлығы туралы ой айтқанда ислам дүниетанымынан тыс кетпеген. Ислам философиясында Алланы ақылмен танудың мүмкін еместігі әлденеше рет айттылған. Абай бұл жағдайды «ақылға сыймас ол алла, тағрипқа (түсінү білу) тілім қысқа ah!» — деп суреттеген. Тіл қысқалығы, ақыл мүмкіншілігінің образзы бейнеленуі. Бірақ, бар нәрсеге шубә жоқ, себебі, оның барлығын жүрек арқылы сезбекпіз. «Ақыл мен хауас (сапа, түр) барлығын білмейдүр жүрек, сезедүр» — яғни сезімдік таным Абай дүниетанымында

ерекше айшықталған. Осы басы ашық мәселе туралы өзінше қисынды ой айтпак болғандарға «Бекер босқа езедүр» — деп Абай үзілді-кесілді пікір айтқан. Себебі, бар нәрсені жок деп қашшама «ойшылдар», Абай тілімен айтсақ, босқа сөзді езіп, аяқ астынан мәселе тауып, ақылсынғанды ақын оқып та көрген, олармен кездесіп те байқаған. Абай «Алланың» барлығы туралы таласты бекер сөз етпеген. Ақын түсінігінде Алла шұбасız шындық, дүниедегі бардың есімі.

«ҚАНЫ ҚАРА БІР ЖАНМЫН, ЖАНЫ ЖАРА»

Абай заманы, өзі, әрі тұстастары туралы ақиқат шындықты ашық айтқан. Өзі туралы көnlінің ток кезі тек жастық шағы. «Жасымда албырт өстім, ойдан жырақ» — деп, ол ойсыз өткерген өмірін ғана қаны қараймаған, жаны жарапанбаған дәүірге жатқызған. Ал, санасы сараланып, ой кіргеннен бастап кешкен ғұмыры — азап. Өзін-өзі азапқа салу данышпандар болмысы. Ақылды жанның қайғысы өмір кешуі мүмкін емес. Оның үстіне ғұлама тек дана, ойшыл ғана болып қалмай, періштеге қызмет ететін ақын. Абай әрі ойшыл, әрі ақын, сондықтан мынау қиуы кеткен тұрмысты көріп отырып, үлгісіз болашаққа құлаш ұғран еркін арман — қиялсыз, жетелеген жетім ботадай әлдебір күштің жетегінде кетіп бара жатқан халқын көргенде қандай асқақ шабыт, романтика болуы мүмкін. Бірақ осы сөз болып отырған өлеңде Абай қоғам, халық туралы айтып отырған жок, бар мәселе жеке өзіне тіреліп тұр. Рас, бұны лирикалық геройдың толғанысы ретінде түсіндірер әдебиетшілер. Жоқ олай емес. Бұл жерде мәселе лирикалық геройда емес, тіпті қажет десеңіз осы өлеңде ешқандай лирика жоқ. Әрине, бұл жеке адамның (субъектінің) дүниетанымдық толғанысы және де әлдекандай дерексіз, аты-жөні жоқ біреудің емес, Абайдың нақтылы дүниетанымдық ой-тұжырымдары. Ол ештемеге алаң болмай, әлек болмай, өзін ішкүса қылған ойларын актара салған. Оны өзі де аңғарып өлеңді «Сырымды тоқтатайын айта бермей» — деп аяқтайды.

Ақынды қинап отырған жеке өз басының қайғысы болса, мәселе сонша күрделеніп «қаны қара бір жанмын» — деп күңіренбес еді, жағдайдың ауырлығы сонда: осынау бір қайғылы болмысты өзінен өзге біреулер түсінсе немесе ақынның айтқанына еріп, оны тындаса, тіптен болмаган жағдайда ойдағысын толық айтып ке-

түге ерік берсе гой. Жоқ, не тыңдамайды, не ермейді, не ақынға ерік бермейді Сонда осыншама ойды еркіті тұнышқытырып тұрган не, әлде кім? Мәнің ойымша ол — Тағдыр.

Адам өзін-өзі женуі ықтичал, ал тағдырын және алмайды. Біз тағдыр дегенді сырттан танылатын күш деп қате түсініп келдік. Рас, тағдыр фаталистік мәндегі күш, бірақ бұл оның бір элементі ғана, одан өзге тағдырды құрастыратын, жасайтын күштер бар. Абай солар туралы айтқысы келіп, шарасыздық білдіріп, өзін-өзі қиналыска салып қанының қарайғанын жасырмаған. Әрине тағдыр деген мынау екен деп Абай жіліктеп берсе, оған қарап біз тағдырга ғынқтама берсек, тағдыр үрүмни сыйнышқа айналдырган болғар едік. Мәселе, олай емес, тағдыр адамды талқыға салады, оны толғандырады, ойландырады, қапаландырады, қуантады. Неге бұлай болады деп бір сөзбен айттылатын жай емес. Жалпы мәселенің тас-талқанын шығарып, оны түсінікті, ұғынықты қылып тастауға әуестенушілік ақылдылықты белгісі емес. Ақылды адам ақылдың шектеулігін сезінеді, сондыктан да ол тағдырды да, болмысты да өзінше жете түсіне алмай қапа болады. Бұл заңдылық. Бірақ оны үғып-түсінуге әркімнің өресі жете бермейді. Әлемдегі баршама құбылысты түсіндіріп берген адамды мен ақылды деп айта алмаймын. Ақылды адам әлемнің тылсым екендігін, яғни сол тылсым дүниедегі өз орнын анықтауға ынталанған жан. Әлем сыры Алланың құпиясы, обьективті ғылым тілімен айтсақ, табиғаттың құпиясы. Адамға табиғат (Алла) білмекке құмарлық берген. Бірақ құмарлықты өлшеусіз беріп, білуді шектеген, сондыктан адам болмысында құмарлық пен білместік арасында қайшылық бар.

Абай білмекке өте құмар жан, алайда ол өз құмарлығын әманда тежеуге мәжбүр. Өйткені ол жүрегінің мұз болатынын, амалсыз тағдыр бір күн кез болатынын, өткір тілінің де мұқалатынын біледі. Ақын өзінің бұл өмірдегі орнын анықтауға тырысып бағады. Байыппен қараған кісіге ақын өмірден түңілмеген, бірақ өмірдің мәнсіздігі туралы ой қозғаган «ішім толған у мен өрт, сыртым дүрдей, мен келмеске кетермін түк өндірмей»— деп кәдімгі Батыста айтып жүрген экзистенциализмге де салынған. Бұл жақсы ма, жаман ба, ақынды мактаганымыз ба, әлде даттағанымыз ба? Ойлаймын, екеуі де емес. Әңгіме Абай дүниетанымы туралы, бұл мәселенің қойылышы сонымен құнды. Бізге қажеті әлемге Абай

көзімен қарау. Сол арқылы ақынды тану. Абайдың өлеңдеріндегі түсінігі күрделі, ал сол түсінікті түсіндіру мүмкін емес, біздің айтып отырғанымыз үнемі Абай түсінігі болып шықпауы заңды, себебі біз ақыннан кейін әлемдік мәдениеттен өзге кітаптар оқыдық, философияның арғы-бергі тарихымен таныстық. Сондықтан Абайдан кейінгі айтылған ойлар ақынды талдауда еріксіз арала-са береді. Олар Абайды тануда кей сәттерде өте болысады, ал кей мәселелерде бөгет жасайтындары бар. Мысалы, Абайдың «Қаны қара бір жанмын, жаны жара»— деген ойын түсіндіруде қазіргі Еуропалық философияның еш қажеті жоқ. Қаным қарайды деп атам қазақ ертеден айтып келеді. Оның мәнісі бар. Қанның қараюы басқа түскен ауыр қайғыны білдіреді. Бұл қазаққа түсінікті қайғы тек жалғыз адамға ғана тән емес, ол қайғыны жүртшылық ортақ болып бөліседі. Абай болса өзге жүрттан оқшауланып «қаны қара бір жанмын» — деген. Мұнда ол өзінің бір, яғни жалғыз екендігін баса айтып отыр. «Моласындағы бақсының жалғыз қалдым тап шыным» — дейтіні де сондықтан.

Жалғыздық даралықтың, данышпандықтың белгісі. Мың сан адамдардың ішінде жүріп жалғызырау, ол адамның өзгелерден тым ілгері кеткендігі, тенін таппагандығы, айтқан сөзін естір күлақтың болмағандығы. Жалғыздық Абайдың рухани күйзелісі, оның қанын қарайтып, жанын жарапап тұрған да сол.

«МЕН» ӨЛМЕККЕ ТАҒДЫР ЖОҚ ӘУЕЛ БАСТАН»

Өлім мен өмір (мәңгілік) әлімсақтан шешуін таба алмай келе жатқан бұл ғаламның ең өзекті мәселесі. Осы проблема төнірегінде қашшама діндер, философиялық жүйелер, теориялар құрылмады десенізші. Ғалымдардың, хакімдердің бәрі-бәрі өмір, өлім туралы тамаша ойлар айтты, осы нәрселердің себебін іздестірді, бірақ толық жауап берген ешқайсысы болған жоқ. Бұл мәслеге Абай да жауап бермен, тіптен ондай алдына мақсат та қоймаған. Оның айтпағы санадағы «мен» және «менікі» дегендерді бір-бірінен айырып беру. «Мен» дегенді қарапайым мәнде емес, философиялық, дүниетанымдық қунарлы ұғым ретінде қарастырған қазақтан шыққан Абайдан өзге ойшылды мен білмеймін.

Абай «Көк тұман — алдындағы келер заман» — деп басталатын сегіз шумақты өлеңінің үшінші шумағында

«мен» және «менікі» деген түсінік берген. Әрине, онымен философиялық түйінін беру, шығыс поэзиясы дәстүрінде болғанымен, нақтылы түрде «мен» мен «менікін» ажыратуды біз Абайдан кездестіріп отырмыз. Әуелі Абайдың «мен» дегеніне тоқталайық. Ол: «ақыл мен жан — мен өзім»,— дейді. Сонда сырт көзге қарағанда мен деген ақыл мен жанның синтезі болмақ. Бұл дұрыс, бірақ ақиқат емес. Неге дейсіз гой. Біріншіден, ақыл мен жан дегеннің өзі не? Ақыл туралы біліп жазсақ та, білмей жазсақ та көп жаздық, көп айтамыз. Ол адамның зердесінің, саналылығының, ой қабілетінің өлшемі. Әдетте дұрыс шешім қабылдан, әлденені көре білгендерді ақылды адам деп айтып жатамыз. Ал «жан» туралы сөз жұмбақ, онын не екені туралы тым құрыса дұрыс түсініктің өзі қалыптаспаған. Тілімізде «шыбын жан», «жаным жаралы»,— «жанымдай жақсы көрем» деген т. б. түсініктер бар. Бұл қарапайым қатынастарда қолданылатын сөз тіркестері, бұларда дүниетанымдық философиялық сипат жоқ. «Жан» туралы ең құнарлы түсінік, оның тірі адамға қатысты айтылатыны, яғни адам дүниеден өткенде қеудесінен жаны шығып кетеді. Тірі адамның жаны бар. Тіпті адамды қайтыс болды дегенде анықтауыш ретінде қолданылатын ұғым «жан». Қеудесінде жаны жоқ, демек, ол адам қайтыс болған. Ал, Абай ақыл мен жанды бірге айтып, «мен» деген ұғыммен аныктай отырып, «мен» өлмекке тағдыр жоқ әуел бастан» деп, оны мәңгіліктің өлшемі ретінде қолданған. Сонда қалай болғаны, ақылдың да, жанның да мәңгілік болғаны ма? Рас, ақыл да жан да мәңгілік, бірақ олардың өмір сүру формалары өзгеше болмақ. Тек қана ақыл жансыз болмайды, ал жан ақылсыз бола ма? Ол жағын Абай айтпаған.

Екіншіден, «мен» деген ұғымды ақыл мен жанның бірлігі бере алмайды. Ақыл мен жанның бір-біріне қарым-қатынасы, байланысы бір мәселе. Осы қарым-қатынасқа мениң қатысы бар. Демек, «мен» дегенде ақыл мен жанның, оған мениң қатынасын еске алу керек, сонда барып «мен» ұғымы қалыптасады. Абай бұл мәселені «Ақыл мен жан — мен өзім, тән — менікі»,— деп айшықты бейнелеген. Ақынның мен өзім деп отырғаны, өзінің ақылы мен жанына қатысты. Абай тәнді — менікі дейді. Тәнді жаннан бөліп алады. Адам болған кезде тән мен жан бірге. Бұлардың бөлінуі өмірдің соңында болмақ. «Мен» мен «менікі» — тұтас кезде адам тіршілік иесі. Олар, бірақ бір кезде сөзсіз бөлінбек, ақын осы

халді баяндап отыр. Ойымыз түсінікті болу үшін шумакты толық келтірейік:

Ақыл мен жан — мен өзім, тән — менікі,
«Мені» мен «менікінің» мағынасы — еki.
«Мен» өлмекке тағдырың жоқ әуел бастан
«Менікі» өлсө өлсін, оған бекі.

Адам басына «арнаулы ақырғы күн» төнгенде «мен» мен «менікінің» мағынасы өзгеріп сала береді. Тән өлеңді, яғни менікі өледі, жан мен ақыл «менге» айналып ғұмыр кешеді. Бұған тағдырың да күші жетпек емес. Тегі ойлаймын, Абайдың «мен» деп отырганы адамның рухы болса керек. Адамдар барда рух мәнгілік, адамдардан тыс жерде рухтың мәнгілік атануы, ол біздің ақылымыздан тыс сана.

Абай «мен» дегенді айтқанда ешқандай лирикалық герой емес, нақтылы өз хақында айтып отыр. «Мен» өлмекке тағдыры жоқ әуел бастан» — дегендегі Абай нақтылы өзі туралы айтқан. Сөзсіз, Абай секілді ұлы жандардың «мені» ешқашан да өлмек емес. Бұл табиғаттың заңдылығы. Ұлы адамдар бойларына ерекше қуат жинай білген жандар. Сондықтан олардың табиғаты, тәні өлгенімен «мені» өлмейді. Ол қуат үрпақтарға қажет. Мұндай тәртіп болмағанда адамзат болмысында даму, қозғалыс болmas еді.

TİPİ ADAMНЫҢ İСІ — ҮMІТ

Үміт деген тірліксіз, мәнсіз ұғым. Әлденеден үміт ету үшін басты мәселе адамның тірі болуында. Қазақ «тірі адам тіршілігін жасайды» — дейді. Бірақ, Абай тіршілік дегендегі әйтеуір кеудеден жан шықлағанды тірлік деп мойындармайды. Тірлік ақын ұғымында әрекетті қажет ететін қуат. Бойынан қайрат, жігері кетпеген жан-ның көнілі тынышталмай қымыл-әрекетпен жүреді. Адамның қуаты оған тыным бермейді. Міне, осы жағдайда үміт туралы айтуға болады. «Үміт» — деген болашақ туралы ой. Үміт ойдың бағыты. «Үмітсіз шайтан» — дейді халқымыз. Адам баласы болған соң, ол үмітсіз емес, кейде тіптен ауыр науқаста, хал үстінде жатқан жан да әлденені ойлап, өмірден үміттенеді. Үміт оты сөнген жерде ғұмыр жоқ. Үміт жарық сәуле іспеттес. Бір күндік ғұмыры қалған адам кемінде уш күндік өмірі туралы ой ойлайды. Адамның дүниеге келуі өзіне қатысты емес, ал ес жиып, санасы толған сайын оны алға жетелейтін —

үміт. Ол деген сөз болашақтан жақсылық іздеу, талпыну, жақсы адаммен кездесу, білім-ғылым жолына тұсу, сөйтіп өзін байытып, өзін өзгеге сыйлатып, өзін зор тұтпақ. Адамда Абай айтқандай мақтаншақтық та бар, үлкендік те бар. Өзін үлкен санаған адам тегін жан емес, демек, онда намыс бар. Егер осы намысқа сай білім, өнері, асыл қасиеттері болса, ондай жанға құрмет те ерекше болуы заңды. Осындай үлкен адамдардың өмірден үміті де зор. Олар көбінесе мәңгілік мәселелерді үміт етеді. Мысалы, Абайдың өзі айтпап па еді, «өлді деуге сия ма ойландаршы, Өлмейтүғын артына сөз қалдырган?» — деп. Демек, Абай сияқты ұлылардың үміті артағыға сөз қалдыру. Ол өз қамы емес, үрпак қамы. Мұндай үміттерді аскак үміттер деп айтуымыз керек. Сонымен бірге күнделікті тұрмыска, күйбен тіршілікке де орай үміттер болады. Өмірдің ақиқаттығы сонда, ол тек ұлы адамдардан, аскак үміттерден тұрмайды. Өмірде көзге көріне бермейтін күйбен тіршілік те бар. Онсыз өмір жоқ, ақиқат та жоқ. Мұндай тіршіліктен жиренуге болмайды. Қаралайым адамдардың қаралайым тұрмысы ұлы майдандарға, ұлы ерліктерге бергісіз. Өйткені күнбе-қүнгі тіршілік сән-салтанаты жоқ, кәдімгі өмір. Бірақ, бар мәселе осы тұрмыста. Сондықтан кімнің деболмасын бұл өмірде бір үміті бар, оны біреу арман дейді, біреу қиял дейді, біреулер бақыт дейді. Абайдың айтуынша тірі адамның ісі — үмітінде, яғни үміттену үшін ең алдымен тірлік қажет. Тірлік пен үміттің арасы — ғұмыр. Бар шындық, бар ақиқат осы ғұмырда.

Абайдың «Асқа, тойға баратұғын» — деп басталатын сюжетті өлецінің алғашқы шумағын оқығанда осы ойлар санама орала береді.

Өлец он шумақтан тұрады. Бірақ өлеңге негізгі арқау болып тұрған осы үміт мәселесі. Өлеңде қыз бен жігіттің бірін-бірі ұнатып ғашық болуы айтылады. Бұл күнделікті тұрмысымыздың кездесіп жататын жай. Бірақ, қыздың үміті аяқ асты болады. Жігіт жау қолынан жаралы болып дүниеден өтеді. Тойда киемін деген ақ көйлегін қыз кебінім деп киіп, ол да өледі. Міне, үміт—қызды өмірді киоға бастады. Қыздың ойы гашық болған жарына о дүниеде косылмақ. Ойлаймын, үміт өмір сұруге ғана бағытталған ынтық сезім емес, ол өмірді жоққа шығаратын куат. Сонда бұл өмірден артық өмір болғаны ма, жоқ әлде ол сананың қателігі ме? Неге адам үміт үшін өмірін кияды. Неге адам біреу үшін жанын береді. Бұл қандай ақиқатқа жатады. Біз тірі адамның

ісін үміт дейміз, дүниеден өткін жаниң қандай үміті болмақ? Үмітке жету үшін құрбандыққа барудың өзі үміт пе?

Осындай сұрақтарға Абай соңғы шумақта жауап бергенге үқсайды.

Шыны ғашық жар болса,
Неге өлдім деп нальмас.
Онда екеуі кез келсе,
Бірін бірі танымас.

Бірінші, екінші жолдағы сездер бізге бұрыннан таңыс, ғашықтардың бірінсіз-бірі тұра алмай, бірге өлгендері қазактарға ертеден таңыс. Оның ең айшақты қорінісі «Қозы Қөрпеш — Баян сұлу» жырындағы екі жастың өлімі. Ал, үшінші, төртінші жолдағы ойлар, оқырманға тосын естіледі. Бұл қалайша, ғашықтар о дүниеде кездесіп, қосыламыз деген үмітпен өздерін құрбан етсе, Абай ғашықтар о дүниеде кездескенмен, бірін-бірі танымас дейді. Неге олай. Мәселе, Абай айтқандай болса ғашықтардың бірі үшін бірінің құрбан болуның несі мұрат. Сіра, бұл жерде екі мәселе бар секілді.

Біріншіден, шын ғашықтар мәселенің байыбына барап, олай болса қалай, бұлай болса қалай деп ойламайды. Оларда жалпы ой жоқ. Олар өмірді тұтастық деп түсінген. Бірі өліп кетсе, екіншісі үшін тұтастық жоқ, яғни өмір жоқ. Ғашықтар — өмір деп өзінің сүйген арманы мен оған деген ыстық сезімін ғана мойындайды. Өзге шындық ғашық үшін жоқ. Тірі кездегі үміті сүйгенине қосылу еді, енді ол іске аспағанда, өзі тірі тұрганда сол үміті гі өзгеше жүзеге асыруды мақсат етіп қояды. Онысы ғашық жарының соңынан бірге өлу, бұл ол үшін қиналыс, налыс емес — арман. Арманға өзін құрбан етіп жету де өмір заңдылығы. Бұл ғашықтардың дүниетанымы, оны сырт көз адам үқпайды.

Екіншіден, Абай ғашықтар түсінбеген ақиқатты ашын берген. Ақынның айтуыша, ғашықтық осы өмірдің қызығы, о дүниеде мұндай ғашықтық жоқ. Қеудеден үшып шыққан жан өзге күйге ауысуы, оның болмысы өзгеру мүмкін. Ғашықтық осы дүние азабы. О дүниеде өзге азап, өзге қызық болуы ықтимал. Біз оны білмейміз. Нақтылы білетініміз «Қыз» және «Жігіт» деген қара жердің бетіндегі тірліктегі үғымдар. О дүниеде қыз да, жігіт те болмауы мүмкін. Абайдың:

Онда екеуі кез келсе,
Бірін бірі танымас,—
деуі тегін емсс.

Бұл дүниенің адамы о дүниеден еш хабарсыз болған-дықтан, осы Абай сөзіне тоқталып, рас о дүниеде ғашықтар бірін-бірі танымас, себебі жер бетіндегі қызық пен азаптың мәні өзгеше, мәнгілік ғұмырдың ақиқаты да өзге болар деген тоқтамға келері сөсіз. Біз ғаламның құпиясына қол сұға алмаймыз, бірақ білетініміз тірі адам тіршілігін жасаудан талмайды, ол әрекетті — үміт дейміз.

«МЕНСІНБЕУШІ ЕМ НАДАНДЫ»

Абай надан, надандық туралы көп айтқан. Сонда надан деген кім, надандық деген не? деген сұрақтар еріксіз санамызға ой ұялатады. Бұл сұрақтарға жауап іздеу мақсатында Абайдың өз түсінігіне тоқталайық.

Надандық туралы пікірлерін Абай әр өлеңдерінде үздік-үздік ой, сөз ретінде орай айтқандығынан біз, ақынның пікірлерін бірнеше топқа бөліп қарастырамыз.

Біріншіден, Абай өмірде надандарды көп дейді. Егер өмірде надандар көп болса, өмірдің тамүққа айналғаны емес пе? Өмірде наданның көп болуы қандай зандалыққа жатады? Әлде көзіл күйіне байланысты айтып отыр ма екен? Ол «Келдік талай жерге енді» деп бастайтын өлеңінде:

Айтуға көзілім тербенді.
Өзім жалғыз, надан көп,
Үқтырасын сен не деп,
Әулекі, арсыз елге енді? —

дейді.

Осы өлең жолдарының мазмұнына үңілсек Абай «өзім жалғыз, надан көп» дегенде, «көп надан» деп, тобыр (толпа) мәнінде айтқанға үқсайды. Әрине, көп надан тобыр болмағанда не болмақ. Тобыр әлден жетесіздіктің көрінісі. Тобырдың психологиясы таяз, ол бар нәрсені жоқ етуге, жақсыны жаман, акты кара етуге даяр, кім болса соның сонынан ере беретін киратып-жоюшы күш.

Абай «сегіз аяқта да» надандарды тобыр деп үккен.

Құлағын салмас,
Тілінді алмас
Көп наданнан тұңлдім,—

дейді.

Біз тобыр кімнің болса соның сонынан еруге дайын күш дегенді айттық. Ал, Абай болса тілінді алмаса көп

надан дейді, оны қалай түсінешіміз? Мәселенің күрделілігі сонда, көп надан (тобыр) есті адамның сөзін естімейді. Себебі, есті адам дүниені қиратушы емес, оны ғұлдендіруші. Ал, мұндай сөзді тобыр (көп надан) естімейді, оған құлағын салмайды. Қөп надан бірігін тобырға айналғанда хайуандық басталады. Бұған дәлелді ақынның «Көңлім қайтты достан да, дүшпаннан да» деген өлеңінен табамыз:

Естілер де ісіне қуанбай жүр,
Ел азды деп надандар мұңаймай жүр.

Елдің азғанына надандар қуанбаса, мұңаймайды. Өйткені надандарға бейбіт өмір қауіпті, олар тыныштық кезде ак қардың үстіне қонған қарғадай бірден көрініп қалады. Ал, ел азып-тозып, ойран-асыр болып жатқанда надандық өріс алып, кімнің-кім екенін ажырата алмайтын заман туады. Бұл көп надандарға, олардың іс-әрекетіне өте қолайлыш жағдай.

Көп надан (тобыр) бүлікші күш. Абай «Менсінбеуші ем наданды» деп бастайтын өлеңінде:

Таппадым көмек өзіме,
Көп наданмен алысып,—

дейді.

Немесе «Құр айғай бақырган» деген олсінде:

Өнкей надан, антұрған,
Канша айтса, жан ба екен? —

деп надандықты сынайды.

Бұл жерде бір жайды да ескерген жөн. Байқасаңыздар Абай көп наданды, яғни тобырды өзіне қатысты айтып отыр. Сонда Абай оларға нені түсіндіре алмай, қандай сөздерін өткізе алмай қынжылуда. Бұл жерде Абай көпті надан деп, көпке қиянат жасап отырган жоқ па, өйткені, Абай сияқты ұлы адамның сөзін үғып түсіне қою, оның замандастарына женіл іс емес. Сірә, бұл да шындық болса керек.

Өмірді Абай көзімен көріп, Абай түсінігімен түсіну әркімнің қолынан келе ме? Адамдардың бәріне Абай болудың қажеті бар ма? Ұлы адамдар мен қарапайым адамдар арасында әдетте «алты айлық» жол жатуы заңдылық. Мұны да ескеру керек. Білмектіктің бәрі надандық болмаса керек. Ой кеңістігінің тарлығы да кешірімді нәрсе, кешірілмейтін іс адамның хайуанша тұрмыс кешуі. Сондықтан надандықты бағалауда субъективтік пікірдің болуын да жоққа шығаруға болмайды.

Абай надандар көп дегенде олардың тоptық іске келгенде бір-бірінің аузына түкіріп қойғандай тоptаса кететініне наразы. Тоptық әрекеттің тобырлық санаға аппаратының қиналады. Айтқанды ұқпай өңкей надан антүргандыққа барады. Бұл адамның адамшылдығына үлкен сын, елге қауіп, болашаққа бөгет, ақылға құрық, қайратқа тұсау.

Екіншіден, ойсыз адамды Абай:

Көзінен басқа ойы жок,
Адамның надан әуресі,—

деп мінейді. Ойсыз адам санаты іс-әрекетке бармайтын, сөздің ұлағатын ұқпайтын, мән-жайдың жай-жапсарын анықтай алмайтын жан. Ондай жандар көзіне көрінгенде ғана «көретін» көкірегі сәулесіз адамдар Сондыктан ондайларды надан деп дұрыс айтыған.

Ойсыз адамда қайғы, мұң деген болмайды. Оны екі аяқты хайуанға қосып койған жөн. Адамның басты қасиеттерінің бірі оның ойлылығы. Ойлы адам қайғының не екенін, қуаныштың не екенін біледі, сезеді. Бұл сезім адамды толғанысқа салады. Адам өмірдің мәні туралы ойланады.

Ойсыздықтың өмірде екі түрі бар. Бірі нақтылы мән-дегі ойсыздық, яғни адамның ақыл-есінің кемістігі. Екіншісі, көдімгі ойсыздық. Ол не жалқаулықтан, не жетесіздікten туындаиды. Біреулердің айтуынша, өмірден түнілушілік те ойсыздық болып саналуы мүмкін, алайда өмірден түнілу де ойдаң жемісі болса керек. Бірақ, ақиқаттың өзі ғұмыр екеніне санасы жетпей, өмірден әншайін қырсыздықтан туцілсе, ондай адамды надандар қатарына қосу әбден орынды. Өмір Алланың адамға берген қуаты. Ал қуаттан қашу нағыз надандық. Сондыктан Абайдың былай деуі әбден орынды:

Наданың көңілін басып тұр,
Караңғылық пертесі

Адамның көңілін неге қараңғылық басаңы Одан құтылудың жолы қандай? Бұл сұрактарға Абайдың жауабы даяр. Адамға жақсылық жасау адамшылықтың негізі. Абай осы идеядан ешқашаш тыс кетпеген Тек сонда гана адамның көңіліне сәуле түседі, қараңғылық сейіледі. Ал, адамды тану, Алланы танып мойындау, оған ғибрат ету саналылықтың белгісі. Ол алғырылғыты, зеректікті, парасаттылықты, сан-салалы білімділікті қыс-

қасы, ойшылдықты қажет етеді. Алғыр, зерек, парасатты, білімді, ойшыл адамның көңілін ешқашан қараңғылық пердесі баса алмайды.

Абай ойсыз адам надан, ойлы адам надан емес деген қорытындыға келгенмен, ақынды дәлме-дәл, сөзбе-сөз түсінуге болмайды. Ақын өлеңдерін мұқият оқыған адам, оның кесіп-пішіп пікір айтпайтынына көзі жетеді. Қандай мәселені болмасын Абай барынша айқындаپ, айшықты етіп бейнелегенмен, онын түпкі айтпақ ойы тереңде. Мысалы, наданды барынша әшкерелеп өткенге қосып отырғандағы Абайдың мақсаты, адамның надандығын айтып кою емес, одан, яғни надандықтан құтылудың жолдарын көрсетуде. Надан адам ойсыз адам дегенде Абай қайткенде надандықтан құтылудың жолын нақтылы айтып берген. Олар адамның білімге, өнерге ынталанып әрекет етуінде. Ол үшін, әрине ой, сана, сезім байлығы керек.

Үшіншіден, Абай надандық білімсіздік белгісі деген пікір айтады. Бұл бізді білімсіздік дегеннің өзі не деген сауалға жауап іздеуге шакыратын пікір. Білімсіздік дегениң өзі анық түсінік емес. Біз, әдетте білімсіз деп үстаз алдын көрмеген адамдарды айтып журміз. Әрине, кейбір жайларда үл дұрыс та шығар, бірақ кейде жоғары білімді жандардан да білімсіздікті кездестіріп журміз. Бұл заңдылық Абай заманында да көрінген. Абай сондықтан білімсіздікті екі мәнде айтып отыр: оқығандар және де оқыса да көңіліне тоқымағандар. Абай білімділіктің өлшемі ретінде әманда алашылықты алады. Мұндай жағдайда біліп тұрып білімсіздік көрсеткенді Абай надандар қатарына жатқызады. Ақынның:

Айт羞и мен тыңдаушы қебі надан,
Бұл жұрттың сөз танымас бір парасы

немесе:

Ақынлары ақылсыз, нағаш келіп,
Көр-жерді өлең қыпты жоқта қарман,—

деген пікірлеріне аса сақтықпен қарау керек. Біз кейінгі кезде Абай жұрт туралы, ақындар туралы олай-бұлай деген екен деп, жалпақ сөзben жайдақ ойна түсе береміз. Әманда есте болуы керек, Абайдың айту хұқықи бар миселерге, біздің хұқымыз болмауы мүмкін. Айталық, Абай «бұл жұрттың сөз танымас бір парасы» — дейді. Ақын жұрт кімнің сөзін тыңдамайтынын айтып отыр. Әрине, ақынның сөзін Олай айтуда Абайға толық негіз бар, ол өз сөзінің салмағын біледі. Ол өзін қазақтар

үшін кім екенін толық ұғынған. Сондықтан оның «айтушы мен тыңдаушы көбі надан» — деуіне негіз бар. Сол сияқты «ақындары» ақылсыз надан келіп» — десе, Абайдың тағы да бұлай айтуға еркі бар. Себебі, ол ақындық дегек не екенін біліп қана қоймаған, оның үлгісін өзі жасаған. Бұл сөз Абайға лайықты, надандықтың мөлшерін анықтау Абай сияқты тұлғаларға жарасымды.

Жалпы наданды менсінбеушіліктің өзі — надандық. Надан да адам, сондықтан оған да мән беру әлілеттілік. Мұндай дүниетаным тақуаларға тән. Абай тақуа болмаса да осы бағытқа көшкен. Адамға өшіккендік тек өшпендейлік туғызатынын, оның жүргегін мұздататынын сезген Абай:

Мақсұтым — тіл ұстартып, онер шашпак,
Наданиң көзін қойып, көnlін ашпак,—

дәйді.

Абай «менсінбеуші ем наданды, ақылсыз деп көр тұтып» — деп наданды менсінбегенді өзіне мін санайды. Ақынның осы пікірі осы біздің қайсымыз надандықтан саумыз деген ойға жетелейді. Бұл ғұмырда надандыққа шалықпаған жан бар ма? Тіптен Абайдың өзінің-ақ наданды менсінбегені жөн бе? Бұл сұраққа, асылы, жауапты әркімнің өзі бергені лайық.

Абай сөзінде ауруды берген құдай, ауыртқан құдай смес деген-ді. Сол сияқты надандықты берген құдай, адамды надан еткен құдай емес. Сонда қалай болғаны, адамның надан атануының себебі неде? Ахмет Яссаяудің айтуыша, Алла тағала пендесіне ерік берген. Осы ерік адамның дұшпаны. Пендерге ерік не үшін берілген.

Алласын танып, сүюі үшін — дәйді Абай. Адамға ерік берілмесе ол қарекетсіз хайуан болған болар еді. Ерікті адам өз әрекетіне өзі жауапты. Мәселе, сонда ерікті адам дұрыс жолға түсе ала ма, жоқ па? Ерік әлі іске аспаған мүмкіндік. Мүмкіндікті шындыққа айналдырып, өзін-өзі әшкере ету адамның өз қолындағы ісі. Адам өзін-өзі қалайша көрсете алады, мәселе сонда. Надандық барын сезген жан надан болмаса керек. Сірә, надан атанбаудың да амалы сол надандық дегенді сезе тани білуде.

Надандықтың көбіне білместіктен туатынын Абай «сегіз аяқта» былайша өрнектеген:

Басында ми жоқ,
Өзінде ой жоқ
Күлкішіл кердең наданның;
Көп айтса көнді,

Жұрт айтса болды —
Әдегі надан адамның

Өзіндік ойы жоқ адамның кеудесі қуыс. Ол әркімнің айдауында, әркімнің шылауында жүреді. Ондай жанның басында еркі жоқ. Еркі жоқ адамның надандықтан күтылуы екіталаі іс. Абай өз заманында осындағы ойсыз, күлкішіл кердендерді көріп, бойын аза кернеп «Наданның сүйенгені көп пен дүрмек» — деп ашына жазған.

«СЕН АСЫҚҚАН ЕКЕН ДЕП, АЛЛА ӘМІРІН ӨЗГЕРТПЕС»

«Әмір» деген ұғым IX ғасырдан бері таласқа түсіп келеді. Бұл адамның еркіне қатысты ұғым. Адам әрекетінде ерікті ме, жоқ, әлде, не болса да Алла әмірі ме?

Егер адамның барша іс-әрекеті тек қана Алла әмірімен болса, адамда не ерік қалады. Сондықтан ойшылдар әмірдің онтологиялық мәнін мойындаған, яғни әмір заңдылықтың синонимі. Ол болмай қоймайтын шындық, бірақ әмір бізге, адамдарға, «Алла әмірі» болып қабылданады. Шындығында әмір Алладан да тыс абсолюттік ақиқат. Олай болса, мәселе Әмір мен Алланың адамға бүйрығының сәйкес келуі немесе сәйкес келмеуі туралы болуы керек. Абай айтуынша, адам асыққанмен Алла әмірін өзгертпейді. Себебі, «әмір» іске асқалы тұрған шындық, ол болмай қоймайтын заңдылық, әмір қажеттілігі.

Демек, «Алла әмірін» адамдар мойындаған қоймай, оны тануға әрекет еткендері жөн. Абайдың «сен асыққан екен деп, Алла әмірін өзгертпес» деген тұжырымын таным үшін айтылған сөз деп қабылдаймыз. Адам Алла әмірін танып-білсе асығыс іс жасамайды, қажеттілікті қабыл алыш, соған орай әрекет етеді. Демек, мәселе Алла әмірін тануда. Міне, осы жолда адам ерікті. Адам еркі мен Алла әмірін Абай осылайша түсіндірген.

«ҒАШЫҚТЫҚ, ҚҰМАРЛЫҚПЕН — ОЛ ЕКІ ЖОЛ»

Адамның тылсым сезімдерін бейнелейтін тілімізде қадау-қадау ұғымдар бар. Олар махабbat, ғашықтық, құмарлық және нәпсі. Осылардың бәрі адамға қатысты ұғымдар болғанымен, бір-бірінен айта қаларлықтай айырмашылықтары бар. Біз көбінесе оларды синонимдес мәндегі ұғымдар ретінде қолдана береміз, онымыз ауызекі сөзде сыйымды болғанымен, адам болмысын ашуда

әрқайсына нақтылы токталып, талдау жасауға міндеттіміз. Себебі, адам табиғатының қырсыры мол. Адам өзінің бойындағы қасиетін қалай, қандай жағдайда, неғе байланысты қолданады, сонысымен оның болмысы аныкталмақ. Мысалы, адам баласын құртуды мақсат етіп, әрекеттенуші де адам, одан қорғанып дүниені дін аман сактау үшін күресущі де адам. Мәселенің бәрі — адамда. Адамға адамиан өзге жау жоқ. Осы дилемманы Маркс тап күрсегі арқылы шешпек болған. Тап дегеніміздің табиғатында тобырлық психология жатыр. Адам әмандада тобыр болып өмір сүрмейді, оның болмысы дара-лығында. Эрбір адам жеке бір әлем, оның өз өмірі, өз түсінігі бар. Сол сиякты жеке адамның тек өзіне ғана қатысты сезімдері бар. Соның ішіндегі адамның аса қуатты сезімі оның дүниеге құмарлығы.

Құмарлық адамзаттың биологиялық түрі ретіндегі қорғаныс қуаты. Мұндай қуатты адамға табиғаттың өзі берген, негізі биологиялық заңдылықтармен аныкталмақ. Адамның құмарлығы (куаты) болмағанда, ол жер бетінен әлдеқашан құрып кеткен болар еді. Құмарлық адамдарға да, жануарларға да ортақ сезім болмайды, екеунің арасында еш байланыс жоқ.

Адамдарға тән құмарлықты «нәпсі» деп атайды. Ақынның «Құмарлық бір нәпсі үшін болады сол» — деуі де сондықтан. «Нәпсі» деген өте күрделі мәселе, оны біз «мүмкіндік» деген философиялық категория арқылы туғандағы көрелік. Нәпсі адамның мүмкіндігінің кеңістігі. Ол, бір жағынан, адам болмысының түмшаланған көрінісі. Нәпсі мүмкін іске асады, мүмкін іске аспайды. Оны тежеу адамның еркінде. Екінші жағынан, нәпсі адамның тағдыры. Мысалы, нәпсіні тимақ болып оны теріске шығарғандарды әулие, сопы, монах, архат т. б. деп атаған. Олар нәпсіні тәркілегендер, сөйтіп тағдырға мойын ұсынып, әрбір қас-қағым сәт сайын нәпсімен күресушілер. Нәпсіні менгеру адам болмысындағы аса қызын іс. Тарихтағы санасыз катализмалар осы нәпсіні менгерудің мөлшеріне қатысты қалыптасқан ұғымдар. Адамның күнәкар атануы да осы нәпсіге қатысты. Нәпсінің үялаған жері сана емес, тіптен сезім де емес, ол адамның тарихи-табиғи болмысының ең төменгі қабатында. Нәпсіні зәулім үйдің іргетасымен (фундаментімен) салыстыруға болады. Ол туралы психоаналитиктер Зигмуд Фрейд, Эрих Фромм т. б. көптеген еңбектер жазған. Нәпсі тұрағы қазақстан ғалымдарының терең зерттеулері болмайды, Мұхтар Әуезовтың осы проблемага арналған

«Қаралы сұлу» әңгімесі бар. «Қаралы сұлуда» махаббат, ғашықтық туралы сөз жоқ, әңгіме тек нәпсі туралы гана болған. Әңгіменің қысқаша желісі күйеуі барымтада өлтөн жас келіншек ешқашан тұрмысқа шықпауға, еркек «бетін» көрмеуге өзіне-өзі ант береді. Бірақ ол сөзінде тұра алмай, кездейсок қездескен Болат шалға беріледі.

Абайдың да айтып отырғаны осы ғашықтықтан өзге құмарлық жолы.

Ғашықтық нәпсіні менгеруден туады. Ғашық жандарда жалғандық, сатқындық болмайды. Ғашықтық адамдардың, яғни әйел мен ер адамның бірін-бірі шексіз бағалауы. Ғашықтық бір жағынан сезім еркіндігі, яғни сүйгенін әр адамның өзінін таңдауы. Екінші жағынан, ғашықтық әр адамның еркінің шектелуі. Ғашық адамға өзінің сүйгені бүкіл дүниенің жиынтық бейнесі, символы. Ғашықтардың бірі үшін бірінің құрбандаққа ойланбай баратындары сондықтан. Ғашық болу әрбір адамның қолынан келе бермейді, ол үшін тән әрі жап сұлулығы қажет. Сондықтан Абай:

Гашықтық келсе, женер боныңды алып,
Жұдeter безгек ауру сықылданып.
Тұла бол тоңар, сұыр, үміт үзесе,
Дәмеленсе, өртенер күйін-жанып,—

дейді.

Ғашықтық адамдардан рухани пәктікті талап етеді. Пәк адам ғана ғашықтық отына түсे алады, себебі ғашық болу тәүекелге бару, қажет болса дүние қызығынан безініп басты бәйгеге тігу. Ғашықтық жолы өте ауыр. Абайдың құмарлық пен ғашықтықтың екі жол дейтінде терең мән бар.

Ғашықтық адамгершіліктің өлшемі. Ғашықтық — сезім, оны саналылыққа жатқызуға болмайды. Бірақ ғашықтық адам болмысында екі арнада өрбіген: бірі Адамның Аллаға ғашықтығы (бұл мистикалық дүниетаным), екіншісі адам мен адамның арасындағы (бұл сезім) ынтықтық.

Аллаға немесе құдайға ғашық болғандарды ислам дінінде сопылар, әуліелер деп атаған. Бізге жакын нағыз сопы, әулие Ахмед Яссави. Сопылар ғашықтықты иман деп қабылдаған. Яссави «ғашық еместердің иманы жоқ, ей жарандар» — деп жар салған. Аллаға ғашық болған жан нәпсінің женғен, дүние кірінен тазарған адам. «Дүние кірі» деген түсінікті Абай «нәпсіге» қатысты қолданған.

Сүфизмде ғашықтық мистикалық дүниетаным. Әулиелер Аллаға ғашық жандар. Әулиелер үшін Аллаға ғашықтық тек дүниетанымға емес, тағдырдың жазғаны болып саналады. Әулиелер Аллаға ғашық болғанда мәңгілік бақи дүниеде жұмаққа бармақшы бол дәмеленгендер емес, олар жаратқанмен жүздесіп дидарласуды өмірдің мәніне айналдырыған аскеттер. Әулиелерде осы жалған дүниеде жақсылық жасасам, бақида жұмаққа барам деген «сауда — сана» жоқ. Жұмаққа ену үшін жасалған жақсылық әулиелер үшін күнә. Олардың Аллаға ғашықтығының ешқандай прагматистік мазмұны жоқ. Бұл қалыпты санаға сыймайтын түсінік, сондықтан да әулиелер дүниетанымы біздер үшін — тылсым. Оны Еуропада мистика деп атайды. Мәселенің шындығы сол мистиканың өз болмысында екі арна бар. Бірі «жалған» дүниеден бақи ғұмырды, жұмақты артық қойып, тек сенімге құрылған дүниетаным, екіншісі жалған дүниені бақи ғұмырдан артық қойып, оның сырының тылсымдығын мойындайтын дүниетаным. Сопылар дүниетанымы осы соңғыға қатысты. Бұл ғашықтық туралы бірінші арна.

Екінші арна еркек пен әйелдің арасындаға сезім. Еркек әйелге не керісінше әйел ереккек ғашық болады. Одан өзге адамдар арасында, айталақ, әке мен бала, туыс пен туыс арасында ғашықтық болмайды. Ондай жайларды білдіретін өзге түсініктер бар. Абайдың «Ғашықтың тілі тілсіз тіл» дегендеге айтып отырганы осы жайлар.

Абай өлеңдерін мұқият оқыған адам, оның ғашықтық пен махаббаттың өздеріне гана тән ерекшеліктерін білгеніне шүбә келтірмейді. Ақын махаббат туралы айтқанда, оған өзгеше мән берген. Махаббат адамның жыныстық ерекшеліктеріне қарамастан бола беретін сезім. Махаббатта да саналылық жоқ. Абай «махаббатты» көбінесе гносеологиялық, яғни танымдық мәнде қолданған.

Дж. Тримингэм «Исламдағы суфистік өрендер» деген кітабында ғашықтық пен махаббаттың айырмасын білдіретін суфизмінің «жеті сатысын» толық бейнелейтін схема жасаған. Осы схемадағы тәртінші буында жанның жеті сатысы бейнеленген, олар: (1) ақыратқа жетем деуші нәпсіден тазару мақсатында (шахават) әдеттегі адамның ойлары мен қылықтарынан арылып, (2) оны махаббатқа айырбастап, одан әрі (3) ғашық отына түсү, (4) сөйтіп хақ пен тұтасып (вусла) және (5) өзге түрге өтіп (фана), (6) алланың рахматымен және қажырлықпен, (7) мәңгілік (бақи) дүниесіне өту. Осы жеті саты-

ның өзіне тән түсініктері бар, махаббаттың түсі сары, ғашықтықтың түсі — қызыл. Демек, махабbat пен ғашықтықты бөліп қарау Абайға дейін, өсіреле суғизмде айшықты түрде болған. Махабbat дүниетаным емес, ол болмысты танудың тәсілі, ал ғашықтық болса — дүниетаным. Бұл бір. Екіншіден махабbat ғашықтықтың хаққа емес, адамның адамға бағытталған сезімі. Абай махаббатты екі мәнде қолданған: біріншісі, махабbat жаратушының адамдар сезіміне трансформацияланған нұры, екіншісі, еркек пен әйел арасындағы сүйіспеншілік. Бұл мәнде махабbat пен ғашықтықты Абай синонимдес ұғымдар ретінде қолданған.

ҮШІНШІ БӨЛІМ

СӨЗДЕР ТУРАЛЫ СӨЗДЕР

Ойыма келген нәрселер немесе сөз басы
(Бірінші сөз)

Бірінші сөз мазмұны жағынан өзге «сөздерге» алғы сөз, кіріспе ретінде жазылған. Сөзді ықылас сала оқыған адам екі үдай сезімде қалуы ықтимал. Бір жағынан бірталай өмірін алысып, жұлысып, айтысып, тартысып әурешілікті көре-көре өткізген, өміріне наласы бар, қажыған, жалықкан, атқарған ісінің баянсыздығынан көріп, ендігі алда қалған күндерге дәрменсіздік білдірген, уайым дертіне үшыраған адамды көресіп, екінші жағынан осы басынан өткізген тұрлаусыз істерден философиялық мәнде ақыл қорытқан данамен жүздесеміз.

Абай өз заманының адамы, атқарған негізгі қарекеттерінің басты-бастыларына өлеңдері мен кара сөздерінде талдау жасаған. Олар: ел бағу, мал бағу, ғылым бағу, дін бағу және бапта бағу. Ел бағудан түніліп, мал бағу қолынан келмейтінін айта келіп, неліктен ғылым бағу мүмкін еместігіне нақтылы дәлелдер келтіреді. Өз ортасында ғылым сөзін сөйлейтін адам жоқ, олай болса білмегенді кімнен сұрайсың, білгенің кімге дәрі. Жағдай осылай болған соң ғылымның өзі жан азабы. Сопылық қылып дін бағу үшін Абай тыныштық керек дейді. Не көңілінде, не көрген күнінде тыныштық жоқ, қайдағы дін бағу, қайдағы сопылық деген ой айтады. Сопылық туралы Абай отыз сегізінші сөзінде тоқталады. Алайда, бұл сөзінде дін туралы, сопылық хақында ойын толық ашпаған. Дін бағу үшін тыныштық керек дейді ақын. Ал анығында елге тыныштық әкелетін рухани күштің бірі дін емес пе? Сөзде бұл мәселе көмескі. Бала баға алмайтындығы туралы дәлелі анық. Балаларыма ілгері

өмірінің, білімінің пайдасын көрерлік орын тапқаным жоқ, кайда бар, не қыл дерімді біле алмай отырмын, не бол деп бағам — дейді Абай. Осы ойларға терең үцілсек, ақынның өмірден тұңлуі емес, адамға оның характеріне, өміріне кеңістік бола алмай тар қапасқа айналған қофамдық болмысқа наразылықты аңғарамыз. Осы наразылықтан ақын мына тоқтамға келеді: «акыры ойладым: осы ойма келген нәрселерді қағазға жаза берейін, ак қағаз бен қара сияны ермек қылайын, кімде-кім ішінен керекті сөз тапса, жазып алсын, я оқысын, керегі жоқ десе, өз сөзім өзімдік дедім де, ақыры осыған байладым, енді мұнан басқа ешбір жұмысым жоқ».

Абай ойна келген нәрселерін еркін айту үшін, өзі арнайы жанр ойлап тапқан. Ол сөз жанры. Ақынның қара сөздері нағыз еркін ойдаң жанры. Мұнда ешқандай бір дәстүрге, тәсілге бағынушылық жоқ. Ой еркін айтылған, мазмұн өзіне лайықты форма тапқан. Көптеген философтар ойларын формаға бағындырып немесе жүйе құрып әуре болғанын білеміз. Абай болса ондай істермен айналыспаған, өзінің айтқысы келген ойларын еркін білдірген. Абай ашқан «сөз» жанры өкінішке орай қазақ мәдениетінде өріс алмады. Сірә, оған кінәлі, Шәкәрім тілімен айтсақ, «нақтылы ойдаң» заманы болса керек. Адам өз ойындағысын айтқаны үшін кінәлі болған заманда, әрине сөз жанрының өрістеуі, Абай дәстүрін жалғастыруы мүмкін емес еді.

Абай дәстүрі, яғни сөз жанры бүгінде жаңғырып, жалғасуы керек, оған алғышарт бар. Қазіргі плюрализм деп жүргеніміз, кезінде Абай қолданған ойлау тәсілі. Қара сөздерді мұқият оқыған адам, ақынның кейбір тұста өзіне-өзі қайши келетін тұстарын да аңғарады. Бұл шын мәнінде Абайдың өзіне-өзі қарсы шығуы емес, оның ойларының үзбей даму үстінде екендігінің айғағы. Жазған сайын ойы өрістей берген Абай кей сәттерде түйікка барып тіреліп, мәселенің шешуін оқырманға тастанады. Оқырманға сұрақ қояды. Бұл, оның үрпактарымен сырласуы. Өмірдің бар құбылысына Абай ешқашан дағын жауап беруге тырыспаған. Ол қыншылықтар турали, тұрмыс қайшылығы турали айтқан. Оған Абайдың қырық бес қара сөзін оқып шықкан оқырманның көзі әбден жетер деген үміттемін.

ӨЗІНДІ ӨЗГЕЛЕРДІҢ ҚӨЗІМЕН ТАНЫ

(Екінші сөз)

Бұл сөзде қазақтың өзі туралы түсінігі өзге халықтарға берген мінездемесінен аңғарылатынын Абай нақтылы дәлелдеп берген. Өзге халықтар хәқында ел арасында түрпайы, ақиқаттан алшақ түсініктердің кең таралуы қазақтардың өзін-өзі танырлық санасының төмендігінде. Біз әлемдегі ең тәуір халықпаз деу этноцентризмге әкелетін анайы түсінік. Абай осы санадагы қарадүрсіндікten тазару жолын ұсынып отыр. Қазақтардың тәжікке, ногайға, орыска қарап, оларды мазақ, күлкіге айналдырғанын бала күнімде естуші едім, дейді ақын. «Сонда мен ойлаушы едім: ей, құдай-ай, бізден басқа халықтың бәрі антұрган, жаман келеді екен, ең тәуір халық біз екенбіз деп...» Енді қарап тұрсаң—дейді Абай,— сарттың екпеген егіні жоқ, істемейтін кәсібі жоқ, орыстың да өнерін тез менгеріп алған, өзара жауласуы жоқ, тіптен қазақтың өлісінің ахиреттің, тірісінің күмін сол жеткізеді. Ал ногайлар кедейлікке де шыдайды, солдаттық да шыдайды, молда, медресе ұстап, дін күту де соларда, еңбек егіп мал табудың жөнін солар біледі, тазалық та соларда. Біз күзғын тамағымыз үшін оларға біріміз жалши, біріміз қош алушылармыз. «Орысқа айтар сөз де жоқ, біз (олардың) құлы, қүңі қадарлы да жоқпаз». Ал сонда ең тәуір халықпаз деген мақтан қайда қалды. Абай бұл сөзді қазақ халықын кемсіту үшін емес, жаңына, наымсқа тигізе әдейі айтып отыр. Халықтың бойында жаксы қасиетті ешкім мансұқ етпек емес, ал жағымсыз қылыштарды айту одан арылудың тәсілі. Неге сарт сияқты егін екпеске, неге ногай сияқты дін бақпасқа, сауда жасамасқа, неге орыс білімін алып, олармен терезені теңестірмеске. Абайды қажап отырған осы ойлар. Қазақ бұл халден құтылу үшін не істеу керек, алдымен өзіңе өзгелердің қөзімен қара. Ондай дәрежеге көтерілу үшін шаруа күып, өнер тауып, мал тауып зор болсан, корлықтан құтыласың. Тек сол жағдайда ғана өзге халықтар туралы қазақтардың да ұфымы өзгермек. Абай осы шағын сөзде үлттық дамудың басты-басты бағыттарын таратқан. Ақынның осы идеялары күні бүгінге дейін іске толық аспай отырғанын мойында масқа шама жоқ. Егер дер кезінде Абай насиҳатына құлақ қойған қауым болғанда, отызыншы жылғы аштықтан қырылар ма едік. Сарт, татарлар дін аман

қалғанда біздің халықтың тәң жартысы қырғынға ұшырады. Абайдың «шаруа қылып мал тап, өнер тауып зор бол» дегені бүгінгі күнің өміршөң талабы.

«БИ ЕКЕУ БОЛСА, ДАУ ТОРТЕУ БОЛАДЫ»

(Үшінші сөз)

Бұл сөзде Абай билік туралы сөз қозғаған. Бас еркінен айрылған қазақ халқы, ақын заманында азыл-тоза бастаған болатын. Ертеректе хандары мен билері, батырлары мен жыраулары болған кезде адамдардың бір-біріне қаскунемдігі, бақталастыры тағы басқа арам пиғылдыққа бастайтын мінездердің өсіп-өнуіне тарихи-элеуметтік негіз жоқ еді. Қісілігі жоқ адамдар ұлы жиын мен кеңеске шақырмақ түгел, ауылдың алқа-қотан сұхбатына да қатыстырылмаған. Ол кезде әрбір қазақ халық қамына, оның мақсатына сай қызмет атқарған. Бүгінде халқымыздың тарихын бағдарлап отырсақ, қазақ жігіттері негізінен ат үстінде күн кешкен екен. Азаматтың басты қасиеті жауынгерлігінде болған. Кейін халқымыз Ресейге бодандыққа өткен соң, қазақтың жауынгер болып, ат жалын құшып, құстай ұшып, телегей-теніз атамекенімізді қорғау қажеті күн тәртібінен түсті. Ұсақ тіршілік басталып, халқымыздың болмысында болмашы мінездер мен қылыштар өріс ала бастады. Ел басқаратын хан, ақыл айтушы би, жыраулардың қоғамдағы қызметі жойылды. Олардың орнын діні, тілі, гүсінігі жат орыс шенеунігі басты. Қазаққа қалғаны болыстық, оның өзін Абайдың айтудынша, үш жылға ғана сайлады. Бірінші жыл «сені біз сайладық...» — деп слідің бүлданғанымен өтеді, екінші жылы кандидатпен аңдысумен, ал соңғы жылы сайлау жақындал, тағы болыс болсам деген тіршілікпен өтеді. Абай орыс патшасының осы бір «кесімді билігі» туралы ашына пікір айтқан. Жағдай осындай болғанда, болыстыққа орысша білімі бар адамды уездін начальникпен бірге военный губернатордың өзі тағайындағаны жөн дейді. Себебі, итке тастаған сүйектекте «болыстың» өзі тозып отырған халықтың арасындағы іріткі. Болыс болсам деп ағайындар жанжалдасып, партияласып әбден халықтың мазасын кетірептін пысықтарды көргенде Абай бұрынғы «Қасым ханының қасқа жолын, Есім ханының ескі жолын», Әз Тәуkenің «Жеті жарғысын» білмек керек дейді. Эрине, Абай бұлардың бүгінгі өмірge келетінін алып, жарамсызын

теріске шығарса деп армандай келіп, осыларды іске асыратын кісілердің жоқтығына қиналады.

Қазақ жайын жақсы білген адамдар: «Би екеу болса, дау төртеу болмақ» — деп айтыпты дейді Абай. Сондыктан би жұп болмай, тақ болуы керек. Яғни билікке әр болысттан үш кісіні сайласа, бітімге келу ұзамас еді. Бұлай болғанның өзінде де қазақтар арасындағы дау жанжалдың бітпейтінін Абай жақсы білген. Себебі, билік билерден өткен. Олардың орнын шала-шарпы орысшасы бар пысықтар басқан. Ел ішінде әділеттілік орнығынан қайыр болмағандықтан, Абай болыстың жоғарғы жақтан бекітуін құп көрген. Одан ақын екі жағымды іс боларын айтады. Бірі, қазақ балалары білім алуға үмтілар еді, ол да керекті, пайдалы іс. Екіншіден, тағайындалған болыс сайлаушыларға міндettі болмай, ұлықтарға міндettі болар еді. Мұны кейбіреулер Абайдың орыстың отаршылдық саяси жүйесін құптағаны деп те айттар. Ал, іс мәнісіне келсек, болыстықта таласып босқа әуре-сарсақ болғанша, қазақтардың егін егіп, мал тауып, білім-ғылым жолына түскендері әлдеқайда пайдалы. Абай мәселені осылай қойған. Билік туралы Абай өзге сөздерінде де, өлеңдерінде де көп айтқан. Солардың берінің мәнісі айтылған пікірге сяды.

Абайдың бұл нақыл сөзінің мазмұны қазіргі көсем-сөзге (публистика) жатады. Ақын болыстықтың кызметтің саяси-әлеуметтік негіздері хақында өз ойларын айтып, нақтылы ұсыныстар жасаған. Бірақ, ол заманда қазақ жайын ойлаған кім болды дейсіз. Орыс шенеуніктеріне қазақтардың болысқа таласуы, мінездерінің ұсақталып, азып-тозып, шапқылап келіп бір-біріне жала жауып, ұлыққа пара беруі өте пайдалы іс болатын. Осы көріністі Абай нақтылап қағазға түсірген.

«АДАМ... ЖЫЛАП ТУАДЫ, ҚЕЙІП ӨЛЕДІ»

(Төртінші сөз)

Адам оманда тылсым табиғаты мәнгі жұмбақ болып қала берерлік күбылыс. Абай осы тылсым құдіреті несінің екі күйіне талдау берген. Олар Күлкі және Қайғы. Дүниеде күлмейтін не қайғыланбайтын жан бар ма? Бұл алма кезек болатын көніл күйлері емес пе?

Абайдың айтып отырғаны өзгеше мәселе. Өмірде күлкіге салынып қайғы ойламайтын: «қаңбақ жандар» болады, күлкіні біле білмейтін мұнды жандар болады.

Абайдың пайымдауынша, күлкінің өзі мастық, ал әрбір мастың сөйлеген сөзі бас ауыртады. Құлкіге құштар жан шаруадан, яғни адал қарекетінен қалмақ. Уайым-қайғы ойлағыш адам о дүние шаруасына да, ахиретке де жинақырақ болады. Бірақ адамның құлмей үнемі қайғыда жүруі мүмкін емес. Ондай адам іш құса дертіне душар болмақ. Құлкі жауып өткен жаңбырдай көңіл күйін шайып етеді. Құлкісіз тірлік жоқ. Абай осы мәселенің шешуін ұсынады.

Ақын надан адамның қылышына құлсещ рахаттанып құлме, ыза болғанынан күл, оның өзі қайғы, жақсы жанның қылышына құлсещ рахаттанып, жақсыдан ғибрат алдын деп күл дейді. Расында дүниеге жылап келіп, кейіп өтетін жанның өмірі қарекетсіз, тек құлкімен өтеді дегенге кім сенбек. Болмыстың мәнін түсінбеген адамда уайым-қайғы бола да қоймайды, олай болса ондай жанда сана да жоқ. Ішкеніне, жегеніне мәз, қуыс кеуде. Кейбіреулері ойласа керек, малым бар, не болса соны сатып алам деп. Рас, дүние кірін сатып алуға, біреуге пара беріп ғаділет жолынан тайдыруға ондай жанның қүші жетпек, бірақ адамның тұптің тубінде басына түсер таусыншақ күн туғанда, ол бір күндік ғұмырға зар болмақ.

Осы іс мәнісін ұққандықтың өзі адамға ой салатын, адап қарекетке бастайтын қайғы емесペ?

Өлімнен Қорқыт бабамыз да қашып құтылмаған. Түсінген адамға өлім қайғы емес, өмір уайым. Осындай жайларды түйіндей келе Абай: «Әуел құдайға сыйынып, екінші өз қайратына сүйеніп, енбегінді сау, енбек қылсақ, қара жер де береді, құр тастамайды» — дейді.

Адам өз қайратына сүйеніп қарекет етсе, құлкінің де қайғының да мәнісіне түсінбек.

«ІЗДЕГЕН ЕЛІМІЗ СОЛ МА?»

(Бесінші сез)

Ақын бұл сезінде халық санасына сіңісті болған мешеулік философиясына талдау жасайды. Қазактардың «Ә, құдай, жас баладай қайғысыз қыла көр» деген тілегін қалайша түсінуге болады дейді ол. Жас баладай болу деген не ұфым. Демек, салиқалы іс-әрекетке бармай, барға риза, жоқты ескермей, балалық түсінікпен өмір сүрушілік. Мұндай түсініктерді Абай қазак мақал-мәтелдерінен де табады. «Ер азығы мен бөрі азығы жолда», «Алған қолым береген», «Байдан үмітсіз — құдайдан

үмітсіз», «Қарның ашса — қаралы үйге шап», «Түстік өмірің болса, күндік мал жина», «Малдының беті жа-рық, малсыздың беті шарық» т. б. Бұл мақалдардан ақын қазактардың қайғысы мaldа екен, бірақ олар мал үшін қам жемейді, малды қалай табуды білмейді деген корытынды жасайды. Малдыларды алдаң-арбап не олармен жауласып, құлық-сұмдық жасау ұят та, қайғы да емес, ал малды қалай табуды ойлап ынта жасау — қайғы. Одан да жас баладай қайғысыз болғанды ұна-тады. Абай халықтың дәстүрлі мал шаруашылығынан кәсіби өзге әрекеттерге өтуін мақсат етіп отыр. Халық ынталасы тек мaldа. Ал мал табу, оның жолдарын ойлас-тыру саналы әрекетті қажет етеді. Ол мәселелеге халық-тың әлі бара алмай жас баладай қайғысыз болуын ар-мандауы ақынды қынжылтады. Абай бұл сөзінде, өрелі, өзекті мәселелерді қозғап отыр. Қазақтың ғылым. білім, әділет үшін қам жемей, тек мал үшін қайғыруы жетім-сіз іс. Ғылым, білім болмаса сана түмшаланып, урлық, құлық-сұмдық, тіленшілік сияқты келенсіз қылыктар жойылмақ емес. Бұлардан арылмасақ жас баладан не-міз артық дейді. Ақын жас баладай қайғысыз болса ел бола алмайтынын айтып, біздің жолымыз бұл емес деген түйін жасайды. Бұл тұста қазақтың Абай заманында «карға тамырлы» халық болудан қалып, бодандыққа мықтап түскен кезі еді.

Ел болу не болмау ісі орыс әкіндерінің қолында қал-ған. Қазақтар бықпырт тиғендегі бөлшектеніп болыс-бо-лыс болып өмір кешіп жатқан кез. Халық мінезіне ұсак қылыктар еніп, ел дертке ұшыраған. Ел сөзін сөйлейін десе бір орталыққа бағынар халқы жок, халқының еркі жоқ заманда асыл ойларын кімгс бағыштарын білмеген Абай «іздеген еліміз сол ма?» демегенде не десін. Ақын қайғысы бодандыққа түскен елдің мұң-зары.

АҚЫЛ БІРЛІГІ

(Алтыншы сөз)

Бұл сөзде Абай қазақтың «өнер алды — бірлік, ырыс алды — тірлік» деген мақалы төңірегінде философиялық мәнде ой өрбіткен. Тегінде мақалды бәріміз айтамыз, бірақ оның ішкі мазмұнын зердемізге салдық па? Абай бірлік қандай елде болмак деп ашық сауал кояды. Басы бодандыққа түскен, ел болып өзін билемеген халықта қандай бірлік болмак, оны қазақтар біле бермейді, олар-

дың ойынша бірлік ат ортақ, ас ортақ, киім ортақ, дәүлет ортақ болса болғаны. Абай бұл тоғышарлық, тар ёрістілікті сынайды. Олай болған адамдар не кедей, не бай болмай ортақ дәүлет біткенше мал табудын орнына жатып ішер жалқауға айналmasына кім кепілдік береді. Ал мұндай бірлік қар суындай уақытша ғана кезеңді қамтиды. Ағайын бірлік етсе, онда ол өз бетімен қарекет етіп, пайда таптай пәле іздеумен айналыспақ. Бұл бірлік те ортақ дәүлет таусылғанда ыдырайды. Абай мұны жоққа шығарып, нағыз бірлік ақыл бірлігі дейді. Ақын ақыл бірлігі не дегенге тегін тоқталмаған. Оның көп қырлары бар. Мысалы, ақылға салып ел қамын ойлау нағыз бірлік. Абай тегі осы бағытты меңзеп отыrsa керек. «Бірлік» хақында осындай ой айтқан Абай мақалдың екінші жартысындағы «тірлік» деген үғымды талдайды. Тірлік деген не? Бұл бар заман ойшылдарының қойған сауалы. Абай әншейін күнін көргеніне мәз болып, қорқып-үркіп өмір сүргенді тірлік деп есептемейді. Ондай өмір сүрген жандардың өзі тірі болғанымен көкірергі өлі. Мұндай тірлік иелері өмірге дүшпан болады. Адал еңбекпен мал таппаған, паразиттік күн көріске түскен жолда жігер болмайды:

Кеселті жалқау, қылжақбас,
Әзір тамак, әзір ас,
Сыртың — пысық, ішің — нас,
Артын ойлап ұялмас.

Бұлай тірі жүрмін дегенише Алланың ақ өлімінің өзі артық — дейді Абай. Тірлік туралы ақын философиясы таза прагматизмге (мал табуға) ғана емес, адам бойындағы парасаттылыққа бастайды. Ар, намыс, ұжданды сатып тірлік етуді Абай сынға алған. Абайдың осы қатысады інісі Оспанның қазасына орай жазған «Оспанға» деген өлеңінде бар. Оnda «Жайдары жүзің жабылмай, жайдактап қашып сабылмай, жан біткенге жалынбай, жақсы өліпсін, япымай!» деуі ақынның кей жағдайда өлімнің өмірден биік болуын айтқаны. Ит тірліктің өмірге еш қажеті жоқ. Сондыктан да «ырыс алды — тірлік» дегенде тірлік алдымен мақсатқа лайықталған таза еңбекпен анықталса керек.

ТӘН ЖӘНЕ ЖАН ҚҰМАРЫ ТУРАЛЫ

(Жетінші сөз)

Құмарлық деген өте мәнді үфым. Ол адам баласын хайуаннан өзгеше етіп тұрған, табиғаттың бізге берген ерекше қасиеті. Құмарлық — тән құмары және жан құмары болып бөлінеді. Адам баласы дүниеге келгенде осы екеуі екі мінез, бірдей көрінеді. Абай оларды туда біткен мінезге жатқызыған. Тән құмарлығы дегеніміз ішсем, жесем, үйықтасам деген биологиялық қажеттіліктерден тұрады. Бұл мінез хайуаннтар әлемінде де бар. Бірақ адам баласының ішсем, жесем, үйықтасам дегенінің өз ерекшелігі бар. Бұл ерекшеліктің мәні — адам баласының өте ұзак мерзімге дейін өз бетімен күнелтіп кетуге мүмкіндігінің шектеулілігінде. Дайын тاماқ, төсек, күтімге бойы үйреніп, оны дағдыға айналдырып, адам баласы көбіне тән құмарлығының құлына айналып кетуі осыдан. Сірә, адамның өсе келе жанды тәнге бас ұрғызуының себебі мында болса керек: «қөзбен көрген нәрсенің де сыртын көргенге-ақ тойдық. Сырын қалай болады деп көнілге салмадық, оны білмеген кісінің нессі кетіпті дейміз... Құр қөзбен көрген біздің хайуан малдан неміз артық? Қайта бала күнімізде жақсы еkenбіз. Білсек те, білмесек те, білсек еken деген адамның баласы еkenбіз. Енді осы күнде, хайуаннан да жаманбыз». Адамның хайуаннан жаман болатын кезі бала кездегі екі мінездің катар журмей біреуінің үстем болып, екіншісінің көмескі тартуында. Ол бала кездегі жан құмарының ер жете келе тән құмарына тәуелді болуында Сонда жан құмары деген не? Ол білсем, көрсем, үйренсем еken деген түсінік. Бұл адамның бала кезінде ерекше байқалатын мінезі. Бала көзі көріп, құлағы естіген заттың бәрін білгісі келіп, «ол немене?.. бұл немене?», «бұл неге бүйтеді?» — деп сұрап тыныштық таппайды. Осы бала күнгі жан құмарлығы ержеткен соң, ақыл кіргенде, орнын тауып ізденіп, кісісін тауып сұранып, ғылым тапқандардың жолына неге салмайды еkenбіз?

Бұл сөзде қойылған мәселелерге жауап беруден гері сұрақ қою көбірек. Ол түсінікті Жан құмарлығы тек білсем, көрсем, үйренсем деген істермен шектелмейді, ол туда біткен қасиет. Сондықтан, ол адамдарда бірдей болмайды. Эр адамның табиғатының мүмкіндік болмысы, шама-шарқы бар. Қөшшілік заттың ішкі сыртына мән бере білмейді, оларды заттың сыртық көрінісі қанағаттандырады. Ол турасында Абай кесімді пікір айтқан:

«Дүниенің көрінген һәм көрінбegen сырын түгелдеп, ең болмаса денелеп білмесе, адамдықтың орны болмайды. Оны білмеген соң ол жан адам жаны болмай, хайуан жаны болады».

Адам мен хайуан әуел бастан өзгеше. Абай адамды хайуанмен салыстырғаны шартты түсінік. Хайуан білмейді, білемін деп таласпайды, сондыктан оған біз нағандысың, не ақылдысың деп ешнэрсе айта алмаймыз. Хайуан хайуандықтан өзге қылыққа, іс-әрекетке бара алмайды, оның кеңістігі шектеулі, мүмкіншілігі белгілі. Адам болса өзгеше, оның кеңістігі шексіз, мүмкіншілігін біліп болмайсың. Себебі, онда сана бар. Оның көрінісі— жан құмары. Солай бола тұра адамдар жан азығын ойламай, құр білемізге салынып, нағандықты білімдік деп өңештейміз. Міне, бұл көкіректегі сәуленің жоқтығы, деп Абай налыс білдірген.

Бұл сөзде «құмарлық» деген ұғымға барлау жасалған. Оны бүге-шілесіне дейін талдауды Абай мақсат тұтпаган, оның айтпағы жан құмарының тән құмарлығына артықшылығы туралы ой.

АҚЫЛ МЕН НАСИХАТҚА КІМ ЗӘРУ?

(Серізінші сөз)

Абай бұл сөзін сұрақпен бастайды. Осы ақылды кім үйренеді, насиҳатты кім тыңдайды? Шынында ақыл, насиҳат кімге керек. Ақын өз заманының әлеуметтік тегін жіктең береді. Алдымен ақыл, насиҳат ел басшылары болыс, билергс керек пе? Жоқ оларға ақыл мен насиҳаттың еш қажеті жоқ, қайта өздері елге ақыл, насиҳат айтамыз деп болыс, би болып сайланған. Тіптен ақыл үйренийін дегені болса да, олардың қолдары тимейді. Ұлықтан сөз естімеу үшін оған жағыну керек, ел тентегін тыю керек, елді бір қалыпты басқару керек, оның үстіне өз қалтасынан шыққан шығының орнын толтырмақ болған тірлігі не болысқа, не биге ақыл үйренуге мұрса бермейді.

Мүмкін ақыл мен насиҳат байларға қажет шығар. Дәүлет қонып дүниенің жарым басында тұрған байларға ақылдың керегі жоқ дейді Абай. Олардың ақылы— малы, бәрін паралап сатып алады, діні, құдайы, халқы, жұрты, білімі, ұты, ары, жақыны, бәріде мал. Тіптен ақыл үйренем десе де мал қамымен қолдары тимейді.

Малды багып-қағу, оны үрыдан сақтау, мұның бәрімен әлек болып жүргенде ақыл, насихатты кім керек етпек.

Ұры мен залым, сұрқияларға ақыл әу бастан артық. Ақыл осыларға керсік-ау деген қойдан жуас кедейлерге келсек, олар өз қарабасына жетісіп, күндерін көре алмай жүр. Кедейге білім не керек. Ақылды ана ел атқамінерлеріне айт дейді олар. Сонымен ақыл, білім елге қажет болмаса, ақылды адамның жұрт үшін керегі бар ма деп Абай сөзін сұрақпен бастап, сұрақпен аяқтайды.

«ОСЫ МЕН ӨЗІМ – ҚАЗАҚПЫН»

(Тоғызынышы сөз)

Ақын тоғызынышы сөзін осылай бастайды. Олай болса, қазақтың қай қылығын қостап, оны жақсы көрмекпін, немесе нендей қылықтарынан жиреніп, оны жек көруім керек. Ақын оған жауап бермейді. Қазақтың жөндепіп, көңілге қуат қыларлық іске көшеріне, ақынның сенімі жоқ. Халқына, оның ұсақ-түйек тіршілігіне налып, қапа болған Абай «мен өзім тірі болсам да анық тірі де емеспін» — дейді. Ақынның айтқандарын дәлме-дәл түсінуге болмайды, оның күйзелісі Асан Қайғы іспетті болашақ-қа үмітпен қарау. өз дертінді өзің анықтау, өзінді-өзің аяусыз сынау, сөйтіп кеселді дерттен құтылу жолында әрекет ету. Бұл өмір философиясының қағидалары. Өмір мен өлім болмысын қатар алып келе жатқан қазақтың философиясында сонау Қорқыт, одан бергі Асан Қайғыда молынан кездесетін ойлар жүйесі Батыс философиясында экзистенциализм деп келетіні айқын. Қазақ тұрмысында өлім туралы өлмес ойлар қалдыру дәстүрі болған. Сондықтан да Абай «бы да жақсы, өлер кезде» эттеген-ай, сондай, сондай қызықтарым қалды-ау!» деп қайғылы болмай, алдыңғы тілеуді тілеп, артқа алаң болмай өлуді айтады. Сонда өлімнің қайғысыз болуы, оның мәніне жеткендік емес пе? Бұл мәселенің бір қыры, екіншісі — өлімнің қайғысыз болуы өмірдің мәнсіздігін, өкінішті екендігін де мойындау емес пе? Бұл сұрақтарға жауапты адамзат баласы әманда қойып келеді, нақтылы жауап жоқ, себебі, өмір мен өлім мәнін адам баласы ешқашан шешпек емес. Бұл табиғат күпиясы, оны адамның мойындауынан өзге өш лажы жоқ. Абай осы қысқа сөзінде осы бағытта ой өрбіткен.

«БАЛАНЫң ЖАҚСЫСЫ — ҚЫЗЫҚ, ЖАМАНЫ — КҮЙІК»

(Онынды сөз)

Бұл сөзде әнгіме арқылы өмірдің мәні, яғни баламен әкенің арасындағы қарым-қатынас, болашақ туралы ой айтылады. Ақын қазақ санаасына сіңісті болған түсініктен біреулер құдайдан бала тілейді, ол баланы не қыллады,— дейді. Бала адамның бауыр еті деп өзі айтқандай, дүниеде адамға балалы болғаннан артық қуаныш бар ма? Бала өмірдің мәні де, сони де. Қазақ балалы үй базар деп бекер айтпаған. Мұның бері Абайға да оқырманға да айғақты жайлар. Бірақ, осы мәселеге Абай өзге қырынан келген. Ақын көпшіліктің құдайдан балағана тілеп, оның жауапкершілігіне жете мән бермейтініне на-зар аударады.

Біріншіден, біреулер өлсем балам орнымды бассын дейді. Бұл тілекке ақыл уәж айтады. «Балам орнымды бассын демек не сөз? Өзіңнен қалған дүние иесіз қалар дейсің бе? .. Өліп бара жатқанда өзгеден қызғанып айтканың ба? Өзгеге қимайтуғын сенін не қылған артықша орның бар еді? Баланың жақсысы — қызық, жаманы — күйік, не гүрлі боларын біліп сұрадың? Дүниеде өзіннің көрген қорлығың аз болды ма? Өзіннің қылған иттігің аз болды ма? Енді бір бала туғызып, оны да ит қылуға, оған да қорлық көрсетуге мұнша ишеге құмар болдың». Ақын бұл жолдарында ұрпақ алдындағы жауапкершілік туралы сөз қозғайды. Осы мәселелер тәңірегінде бала тілемей тұрып кім ойлаған. Эйтеуір балалы болу шарт. Шынында да балаң жаман болса, қалған өмірің тозақ болады. Балан жақсы болса, қызыққа кенелерің сөзсіз. Бірақ, өзің бұл ғұмырыңда аз азап, аз қорлық көрдің бе? Жалпы өмірінде азап, қорлық көрмеген адам бар ма? Эрине жок. Эйтеуір адамға бірдеме жетпей жатады. Не мал тапшы, не жан тапшы. Болмаса тағы бір нәрселер де жетіспей жатады. Өмірдің азап екені тұра сөз. Біла тілейсің құдайдан, оның азапсыз өмір сүруіне кепілдік бере аласың ба? Жаныңды қинатып оны несіне өмірге әкелмексің. Дүние есігін аштың дегенің азап әлеміне ендің дегенмен бірдей. Немесе бұл дүниенің михнаты аздай, оған коса өзің қаншама иттік істер жасадын, күнәлі болдың. Енді балаңда да сол иттік істерді жүктемексің бе? Иә, ойлану көрек. Алайда ойланып-толғануға уақыт жок, тез арада құдайдан бала тілеп ала қойған жөн деп санайсың. Одан әрі өзің-өзің азап аласың. Бұл

өмір заны. Одан ешкім құтылып көрген жоқ. Баласы мен ата-анасы арасында қайшылық түсініспестік болмаған заманды мен білмеймін. Екеуінің арасындағы қайшылық әмандада болмақ. Бұл әлімсақтан келе жатқан дәстүр. Олай болса құдайдан бала тілесен, арадағы болатын түсінбестікке дайын бол. Абай бұл жерде әке мен бала арасы былай болуы керек деген ерекше қағида ұсынып отырған жоқ, тіптен гибрат айтып та отырған жоқ. Ол өмірдегі міндетті түрде орын алатын үрпактар арасындағы қыншылық, жеке бастың жауапкершілігі туралы мәселе қозғаган.

Екіншіден, біреулер баланы құран оқысын деп тілейді. Өлген адамның соңында қалған ең жақын туыстары, әсірепе баласы құран оқып марқұмды еске алу мұсылмандықтын бір шарты болып саналады. Сірә, құран оқуды тек дін деп те қабылдаған жөн болмас, бұл аруақты еске алу, оны естен шығармау деген адамшылыққа қатысты мәселе. Абай бұл мәселе туралы терең әрі өткір ойлар айтқан: «Артымнан балам құран оқысын десен, тіршіліктегі өзінің жақсылық қылған кісің көп болса, кім құран оқымайды? Жаманышылықты көп қылсаң, баланың құраны неге жеткізеді? Тіршілікте өзің қылмаған істі, өлген соң саған балаң кәсіп қылыш берे ала ма? Алнрет үшін бала тілегенің — балам жасында өлсін дегенің. Егерде ержетсін десен, өзі ержетіп, ата-анасын тұзактан құткараарлық бала қазақтан туда ма өкен? Ондай баланы сендей әке, сенің еліндегі ел асырап өсірмек пе екен?». Өте парасатты ойлар. Жақсы адам бұл өмірде де, ахиретте де жақсы. Ондай адамды баласы түгіл ел болып құрметтемек. Сондықтан тіршілікте өзің жасамаған жақсылықты балаң жасай алар ма екен?

Үшіншіден, балам қартайғанда асырасын дейсін. Бұл да бос сөз дейді Абай. Ол мұндай тілектің мәнсіздігін былай дәлелдеген. «Әуелі — өзің қаруың қайтарлық қартайға жетемісің, жок па?»

Құдай емессің, басың жұмыр пендесің, ғұмырың аз ба, көп пе кім қайдан білсін. Балаң артыңан қала ма, әлде жазмыштан озмыш жоқ, өзінсін бұрын дүниеден өте ме? Бұны бір делік. Екіншіден, қартайғанда балаң сені асырай қойса жақсы. Бала мейірімсіз, қатыгез болып туса не болмақ Үшіншіден, малың болса кім асырамайды, дейді Абай. «Малың жок болса, қай асырау толымды болады? Баланың мал табарлық болары, мал шашарлық болары — ол да екіталай».

· Абай бала тілегенде не болатынын осылайша талдай келіп, бар мал-мұлік, байлықты баланың ғылым іздеуіне жүмсау керек деген тұжырым айтады. Ғылымсыз ахиретте жоқ, дүние де жоқ, сондықтан баланы ғылым жолына салу керек.

Абай осы сөзіндегі кезекті айтпақ ойы мал тауып баюды емес, ғылым тауып зор болуды тағы қайталаған. Бұл ой ақынның өлеңдерінде жиі кездеседі. «Ғылым таппай мақтанба» — деген өлеңінде де осы ойды өрбіткен. Абайдың ғылымы тек рационалдық мазмұнда емес, оның ғылым туралы түсінігі кең. Ақын айтуында ғылым ақыл мен сезімнің синтезі. Ол ғылымды дүниетаныстық мәнде қолданған.

ШАРАСЫЗДЫҚ

(Он бірінші сөз)

Қазақ даласына отаршылдық ұрлық, бұзақылық әкелді. Халқымыздың болмысында орысқа бодан болмай тұрган заманда мұндай қылықтар болмады дей алмаймыз. Адам адам болғалы, ұрлық бұзақылық жойылмай келе жатқан жат қылықтар. Абай заманында осындај жат қылықтар қоғамның мерезді дертіне айналды. Момын елге бұл да бір ауыр нәубет болды. Неліктен осылай болды деген жайға келсек, нағыз ұрлықпен айналысатын ұрылар емес, ұлықтар екеніне көзіміз жетеді. Ол қалай дейсіз ғой? Ұрылар ұрлықпен мал табам деп жүрсе, ұлық оларға тыйым салмайды. Себебі өз есебі бар. Күні ертең алдына әділдік іздел мал ұлаған ұры да келеді, малынан айрылған даугер де келеді. Ұры итежеккенге айдалып кетуден қорқып басын арашалау үшін ұлыққа пара берсе, даугер адап малын қайырып алу үшін ұлыққа пара береді. Ұрлық ұлық үшін табыстың көзі, олай болса ұрлықты жоюға ұлықтар мүдделі емес. Бұзақылар болса ел тыныштығын бұзып, дау-дамай туғызып, тағы да қара халықты ұлықтарға кіріптар етіп жүр. Ертеде ұрлықты, бұзақылықты елдің естік кісілері тиуышы еді. Енді билік орыс әкімдерінде болғандықтан соларға жағынам деп ұрлық, бұзақылық дертіне байлар да душар болды. Олар нені болсын малмен сатып алам дейді де, жиган-терген дәулетін талан-таражға салып елдің де қадірін кетіріп, өз басын да дауга салып далбаса тіршілікте күй кешеді. Абай осы екі жат қылықты

жұрттың бәріне ортақ дейді. Бұдан сау адам қалмаса, сонда елді кім түземек. Ел ішінде ант, серт, адалдық, ұят сынды парасатты мінез-құлық әлсіреп барады. Осыны дұрыс жолға салатын қолында малы, аузында сөзі бар қазақ байлары десек, олардың өзі бұзақылардың сөзін сөйлем бұрыс жолға бастауда. Өз бас билігі өз қолынан кеткен жұрттың халі осы болмақ. Абайды жегідей жеп отырған ел басына түскен дерт, содан күткарудың жолын гаппағаннан туған шарасызың.

ҒИБАДАТ

(Он екінші сөз)

Иман термині қазақ санасына ислам діні арқылы енгенмен, келе-келе ар, білімнің (этиканың) басты ұғымына айналған. Халқымыздың жақсы жанды иман жүзінде дейтіні де содан. Мұсылмандық ғүсінікте иманды адам ғибадатсыз болмайды. Ғибадат дегеніміз мұсылманның өткеретін парыздары. Абайдың айтуыша кімде-кім иман келтіріп қадір-халінше ғибадат жасап жүрсе, оны әүп алу керек. Себебі адем білгенін істейді, білмегенін одан талап етуге болмайды. Бірақ, дейді Абай, ол кісі осы білгенін жетті, енді әрі үйренудің қажеті жоқ деген түсінікке келсе, оны құдай ұрды, ғибадаты ғибадат болмайды. Білуге құмарлықты шектеу, талаптанбау имансызың. Құл Абайдың ислам дініне жасап отырган реформалық әрекеті. Білуге құмарлық имандылық мәнісі деу асқақ ой, ол адамның өзінің шексіз дамуын мойындау деген сөз. Иман келтірсең өз әрекетіне салғыртқарма, салғырттық көз болушылық. Абай иман арқылы адамгершілік табиғатын ашуға талпынған. Иманды Абай діни сенім мағынасында ғана емес өзге мәнде де қолданған. Мұнда ақын дүниетанымына зор ықпалын тигізген сонылық философияның әсері айқын аңғарылады. Иманды сенім смес. таным тұргысында талдау ислам философиясындағы дәстүр. Абай құл жерде осы қағида-ны тек қайталаумен шектелмей, халық түсінігіне орай қазақтардың тұрмыстағы, қарекетіндегі салғырттық дінінде де орын алып отырганын көріп қынжылғандық-тай туған ойларын оргаға салғаи.

ШЫН ИМАН

(Он үшінші сөз)

Ол екінші сөзде айтылған ібадат, иман мәселесін Абай осы сөзде әрі қараи жалғастырган. Иманға түсінкітеме бере келіп, ол иман келтіріп илануға екі түрлі нәрсе керек дейді: Я, Әуел не нәрсеге иман келтірсе, соның хактығына ақылмен дәлелдеп илану, оны якини иман (шын иман) деп атайды. Бұған жету онай шаруа емес. Терең оқу керек. Ғұлама болу керек. Қазақ арасында ондайлар не жоқ, не жоқтың қасы. Екінші біреулер біреулерден естіп, молдалардың айтуымен иланады. Мұны таклиди иман (біреуге еріп иман келгіру деген сөз) дейді. Бұларды біреу өлтірем деп корқытса да көңілі қозғалмастай берік болуы шарт. Абай мұндай иманды сактауға корықпас журек, айнымас, көңіл босанбас буын керек деп тұжырымдайды.

Ел ішіндегі иман келтірушілердің дені таклиди иман болғанымен, беріктігі жоқ, өмірдің ықпалына қарай өтірікті шын деп айт беруден тайынбаушылар. Ондайлардың «Құдай тағаланың кешпес күнәсі жоқ» деген түсінігі бар. Сонда әңгіме қайдағы иман туралы болмак. Бұл мәселеге Абай жауап бермеген, бірақ істін бет пердесін ашқан. Иман туралы ойланып-толғанып бір шешімге, гибрат жасауға келу әркімнің өз шаруасы. Адамның сеніміне зорлық болмаганы ләзім. Якини иман келтіру үшін логикалық тәсіл арқылы Алланың барлығын ақылмен тану шарт. Ал егер ақылың оған жетпесе, дәлелің болмаса, Аллаға сенгеннен басқа иман келтіруден өзге не бар. Міне, Абайдың иман туралы өз тұжырымы осы тұрғыда болып келеді. Халық арасында ол осы екі иманды таба алмаған. «Якини иманы бар деуге ғылымы жоқ, тақлиди иманы бар деуге беріктігі жоқ..»— дейді Абай. Онысымен қоймай кеңпейіл қазак «Құдай тағаланың кешпес күнәсі жоқ»— деп жалған мақалды қуат көреді. Міне, осындағы казакты енді танып көр. Абай да ойын осы тұрғыда ғана өрбіткен. Иман туралы ой өрбітіп, казактың неге шын иманды танымаганы туралы дәлел айтпаған.

«ТІЛ ЖҮРЕКТІҚ АЙТКАНЫНА ҚӨҢСЕ»

(Он төртінші сөз)

Жүрек туралы қазақ көп айтады, бірақ оның баршама қажеттерін нарыктамайды. Жүректі кісі деп ел көбіне батыр адамды айтады. Ал жүректілік жігерлілікten, қайраттылықтан, ақылдының сезіне иланудан анғаралатынына мән бере білмейді. Халықтың азып жүргені ақылсыздығынан емес, ақылдының сезін тыңдамағандығынан. Абай айтып отырған қазақтың тағы бір кемшілігі, жаманшылықта бір ілігіп кеткен соң бойын жинап алғып кетерлік қайраттының аздығында. Ақынның осы ойларына зер салсақ, халқымыздың отызынышы жылдардағы қырғыны еске түседі. Шіркін, Абайдың айтканын еститін құлак болғанда, мүмкін халық мұншама қырылмас па еді. Қарекетке бастайтын қайрат, жігер болмағандықтан іс өнбейді. Жаманшылықта үріну деген сөз мақтанға салыну, өз бойын бір тексермей қат-қабат тіршілікте көнбіс қалыпта езіліп жүре беру болып шығады. Жаманшылықтан бойын жинап алған адам — көштің соңынан ере бермей, адасқан көштен атының басын бүрүп алуға жарапған жүректі кісі. Бұл қазақтың жүректі кісі дегенінен өзге құнарлы түсінік. Елдің азып-тозып бара жатқанын сезген Абай содан шығудың жолы халықтың түсінігінің өзгеруі деген тоқтамға келген. Ол үшін «Тіл жүректің айғанына қөңсे, жалған... шықпас» еді.

«ӨЗІҢНЕҢ ӨЗІҢ ЕСЕП АЛ!»

(Оп бесінші сөз)

Өмірде ақылды кісі бар, ақылсыз кісі бар. Оларды бір-бірінен қалайша ажыратуға болады. Абай айтуыша: «Әуел — пенде адам болып жаратылған соң, дүниеде ешбір нәрсені қызық көрмей жүре алмайды, сол қызықты нәрсесін іздеген кезі өмірінің ең қызықты уақыты болып ойында қалады». Демек, адамдар бір-бірінен дүниедегі іс-әрекеті арқылы ерекшеленеді.

Адам дүниеге қызықпаса өмірдің сәні болмайды. Өмірге қызыгу адамның өмір сүруінің ең басты шарты. Дүниенің қызығы адамды алға жетелейді, бойындағы қадір-қасиетін айшықтайды. Қызық деген нәрсе танымшап басталады. Баланың тілі шығып, ойынға, оқуға енген кезінен бастап дүние қызығы басталады. Жас же-

тіле келе сол қызықты нәрсені іздеген уақыты еске түсө береді. Міне осы тұста есті кісімен есер кісіні әжыратуға болады. Есті адам өмірінің әр күнін босқа жібермей, тиянақты іс атқарып, қызықты нәрселерді өз ғұмырының қызығына айналдырып, өткен өмірінде өкініш болмайды. Есер адам болса, баянсыз істер атқарып, қызықты нәрселерді құнсыздандырып, өмірін босқа өткізіп өкінумен болады. Мұндай жандар «жастықта бұл қызықтан соң және бір қызық тауып алатын кісімсіп, жастықты тозбастай, буыны босамастай көріп жүріп бірер қызықты қуғанда-ак мойыны қатып, буыны құрып, екінші талапқа қайрат қылуға жарамай қалады екен». Талапқа қайрат қылу үшін ақыл керек. Ақыл дегеніміздің өзі дүниe қызығын парықтау арқылы анықталмақ. Бағасыз, құнсыз нәрселерді қызықтап ғұмыр кешу надандық. Нагыз қызықты қызықтау салауаттылық. Сонда қызық дегеніміздің өзі не?

Абай «қызықты» дүниетанымның үғымы ретінде қолданған. Ол қызық дегенде адамның адамшылық болмысын ашатын оның іс-әрекеттерін айтқан. Айталық, «өмірдің бір қызығы бала деген». Балалы болу, оны тәрбиелеу қызық. Ретімен жас кезде ойнап-кулу де қызық. Алғыр, албырт жас кезде білімге үмтүлу өмірдің өз зандылығы.

Қызықты өмір сүру үшін талап аз, оған қоса қайрат керек. Бұл әркімнің қолынан келе бермейді. Демек, есті (акылды) кісінің талабына қайраты сай болуы қажет.

Пенде болған соң адам әр нәрсеге қызығады. Ақын құмарлық дертке айналып, оған жетемін деп жүргенде бір мастық пайды болады еken дейді. Ал бұл «мастық бойдан оғатты көп шығарып, ақылдың көзін байлан, төңіректегі қараушылардың көзін ашып, «ананы, мынаны» дегізіп, бойды сыннататуғын нәрсе еken.

Адамның мастықтан (әйфориядан) аман болуы да қын іс. Мастық кейде желік туғызады, көпірме бос сөздікке апарады, оғат кимыл-әрекеттер жасатады. Сондыктan Абай адамдардың өзіне-өзі сын көзімен қаруын ұсынады: «Егерде есті кіслердің қатарында болғың келсе, күнінде бір мәртебе, болмаса жұмасында бір, ең болмаса, айнда бір, өзіңнен өзің есеп ал! Сол алдыңғы есеп алғаннан бергі өмірінді қалай өткіздің еken, не білімге, не ахиретке, не дүниеге жарамды, күнінді өзің өкінбестей қылықпен өткізілісін? Жоқ, болмаса, не қылып өткізгенінді өзің де білмей қалыптысың?».

Әрине ақылсыз, есеп кісінің мұндай шаруамен ісі жоқ, өмірінің қызықты шағын итқорлықпен өткізгені пайда болмайды.

Абайдың бұл сөзі, әсіресе философия үшін өте мәнді. Оның дүние қызығы, құмарлық, мастық деп отырғанда-ры — ұғымдар (категориялар). Мысалы «қызық» деген ұғым туралы мол әңгіме жасауға болады. Қоғамдық ойлау жүйесінде аксиологиялық деген білім саласы бар. Оның зерттеу объектісі орысша айтқанда «ценность», қазақшасы осы Абай айтқан «қызық» болса керек.

ҚҰДАЙҒА ҚҰЛШЫЛЫҚ

(Он алтыншы сөз)

Қазақ санасына құдайға құлшылық мықтап сіңбе-ген, көп жағдайда әдетіне айналған. Дүниеде себепсіз құбылыс бар ма? Жоқ. Қазақтың дін мәселесіне немқұ-райлы қарағандығының екі себебі болса керек. Біріншіден, халқымызға ислам діні барлық болмысымен енген жоқ. Дін таратып, оның тазалығын сақтайтын мешіт дегендер көбінесе қалалық жерлерде болды, оның өзінде оларда татарлар билік жүргізді. Ел ішінде ауыл мол-даларынан басқа діни үгіт-насихат жүргізетін мамандар және діни кітаптар тапши болды. Екіншіден қазақ тұр-мысына сол замандарда ислам дінінің қажеттілігі шамалы болатын. Қөшіп — қонып жүрген халықта түйеге артып, атқа өнгеріп кететін нәрселер ғана қажет. Бұл ғасырлар бойы қалыптасқан жауынгерлік тұрмыс-салт. Ушіншіден, қазақ дүниетанымның қолтеген қағидала-ры діни дүниетанымның қызметін де атқара беретін. Де-мек, ислам қазаққа қажеттілік болған емес, қазақтар исламнан өздеріне керегін алды, мысалы Орта Азияда сопылық тақуалық дәстүрінде ортодоксалдық сипат алса, қазақ жерінде сопылық, халық поэзиясында өріс тапты. Айтпағым, ғашықтық жырлардың дамуына тигіз-ген сопылық дүниетанымның әсері.

Қыскаша айтқанда қазак халқы көбінесе өліп-талып, исламға беріліп құлшылық етпеген. Осы ерекшелік құ-дайға құлшылық жасағанынан ак байқалады. Сахараның кеңдігі қазақтарға іс-әрекет еркіндігін берген. Еркін адам құдайға да құлшылдық егуден бой тартып әрекет еркіндігін сактаған.

«МЕН ЖҮРЕКТІ ЖАҚТАДЫМ»

(Он жетінші сөз)

Бұл сөз шығыстың философиялық дәстүрінде жазылған. Батыс философиясында рационализм және сенсуализм атты дүниетанымдық жүйелер қалыптасқан. Осы екі бағыттың бірі ақылды жоғары койса, екіншісі сезімдік танымды асыра мадақтайды. Шығыс философиясында ақыл мен сезімді мұндай қарама-қарсы қоюшылық жок. Шығыс ойшылы Абайды біз сондықтан не рационалист, не сенсуалист дей алмаймыз. Оның тағы да бір себебі, Абай әманда ақыл туралы ойын таратқанда жүрек пен қайратты қоса айтады. Өлеңдерінде ақыл, қайрат және жүрек деп жырлаған ақын, қара сөзінде осы үшеуіне тағы да айналып соққан. Бізге бұл сөздің оқиға желісін кімнен, қайдан алғанын анықтау керек емес, осы үшеуі туралы Абайдың айтқан өз ойлары қажет.

Он жетінші сөзінде ақынның: қайрат, ақыл, жүрек және ғылым туралы ойлары таратылған. Сөзде үшеуі өз өнерлерін бұлдан бір-бірімен айтысады. Эрине, алғашқы адам болмысы мен ғұмырында бұл үшеуінің алагын орны өлшеусіз, өте қажетті нәрселер. Сондықтан олардың бірінен-бірінің асып түсүі мүмкін емес-ті. Сөзді мүқият оқыған кісі, шын мәнінде қайрат, ақыл, жүрек, дегендер туралы бай түсінік алады. Бұл түсінік екі тәсілмен берілген. Біріншіден, өздерінің кім екендігін қайрат, ақыл, жүрек өздері айтады. Екіншіден оларға төрелікті ғылым берген, Яғни өз мәндерін өздері ашқан.

Қайрат, ақыл және жүректің басын қосқан ғылым болды. Сонда ғылымның өзі не? Оған Абай түсінік бермейді. Ғылымды кітаптың сөзі деген. Олай болса дүниеде ғылымнан асқан ешнэрсе жок. Бірақ, ол ғылым мен ақылды бөліп қарастырган, ақыл ғылым сөзін түсіндіруші, ұғынуышы гана. Ғылым дегенде Абай, оның мистикалық сипатын жоққа шығарып отырган жок, оны кітап сөзі дегенінде үлкен мән бар. Ақын кітап дегенде мұсылман қауымы Алланың сөзін айтып отыр. Ғалым адам ол сөзді елге жеткізеді, оны Абай нақлия деген. Ғалым әрі хакім адам Алла сөзінің мәнін түсінуге талпыныс жасайды, оны Абай нақлия атаған. Бұл жөнінде арнайы оның отыз сегізінші сөзінде айтылған. Біздің айтпағымыз, бұл сөз нақлия түрінде (ғибрат) жазылған, нақлия болса ғылым туралы айтуымыз керек еді. Бұл сөздің тағы бір ерекшелігі қайрат, ақыл, жүрек, ғылым

объективтік идея формасында баяндалған. Мұндай тәсіл Платонға да тән. Қайрат, ақыл, жүрек және ғылымды жеке-жеке субстанция ретінде қарастыру Шығыс философиясында қалыптасқан дәстүр. Сондықтан бұл сөздердің мәнін Батыс философиясынан іздеудің еш қажеті жоқ. Бұл ислам философиясындағы гиоссологиялық ізденістердің көрінісі.

КЕРБЕЗ

(Он сегізінші сөз)

Адам баласының бойын түзсп, ұнасымды киім киіпүі табиғи нәрсе. Келісті киім адамға өң беріп, көнілін көтеріңкі етеді, әрі өзге кісілерге жылы әсер қалдырады. Әсем киіну адамның сұлулықты қабылдау қабілетіне де қатысты. Сондықтан Абай таза киініп, дұрыс жүруді құп ала отырып кербездікті де сынға алған. Ол кербездіктің екі түрі болады дейді. Біреуі адамның бет-пішініне қатысты, яғни сақал-мұртын, жүріс-тұрысын, қас-қабағын сәndeумен әуреленушілік. Екіншісі киімге, атына әуреленіп: «...эттең дүние-ай, осылардың атындей ат мініп, киіміндеги киім кигеннің не арманы бар екен?!» дейтүғын болмаққа ойланбақ».

Мұндай істерді Абай масқаралық, ақымақтық ретінде бағалаған. Сондықтан, ол: «Кербез дегенді осындағ кер, кerdeң немеден безіндер деген сөзге ұксатамын. Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озбак» дейді. Ойды ой қозғайды Абай бұл сөзде кербездің тұрмыстағы мәніне талдау жасаған. Ал, осы кербез деген сөз туралы ойласаң, тіптен бұл өзі жаман түсінік те емес. Оның жатымсыз болатыны кейбіреудің кербез атанаға тырысуышылығынан. Не ақылы, не ғылыми, білімі жоқ тек әншейін кербез атана боскеуделік. Өмірде өзі де кербез, ой да кербез ерекше жандар болады. Ой кербездігі білімділіктен туса керек. Былапыт сөйлемейтін, алыстағыны андан, аузынан шыққан сөзі алтынға айналған қазақтың атақты билеріндегі қасиет осы ой кербездігі емес пе? Абай «Өлең сөздің патшасы, сөз сарасы, қыннан қыстырыар ер данасы» — деуі де ой кербездігіне бастайды. Сірә, нағыз кербез Абайдың дәл өзі. Мен мұндай қорытындыға мұрасын зерттеу үстінде келдім, оның себебі, ол кербездіктің барлық болмысын жазып қалдырған. Олай болса Абай ойшылдардың ішіндегі кербезі.

Кербез деген ұлағатты сөз. Оның құнын әлдекімдер түсіргісі келгенімен, іс бітпейді, кербездік — субелі естетикалық категория. Кербездік сұлулыққа ұмтылу, ізденуді талап етеді, ойы топас, көкірегі қараңғы жандар кербездіктің не екенінен хабары жоқ тек еліктеушілер. Абай осылар туралы айтқан. Қеудесі кең сарай ғұламалар — нағыз кербездер. Себебі, кербез деген адамның адамнан артықшылығын білдіретін ұғым, ғұламалар болса ерекше жандар, олар өзгелерден ақылымен, гылымымен озғандар. Солардың бірі осы сөзді жазушы, кербез туралы ой айтушы хакім Абай.

ЕСТИЛІК

(Он тоғызыншы сөз)

Қазакта бір мақал бар: «Көре-көре көсем боласың, сөйлей-сөйлей шешен боласың». Естілік дегеніміз мақалда айтылғандай адамның туа біткен қасиеті емес, дүниені тану нәтижесінде болатын нәрсе. Есті болу үшін естілердің сөзін ескеріп журу керек дейді ақын. Жалпы естіліктің жеке өзі іске жарамайды. Естілерден естіп білген жақсы нәрселерді ескере, жаманнан сақтанса сонда іске жарайды. Абай естілердің сөздерін ескеретін адамдардың тапшылығына қынжылады. Сөз танымайтын жұртқа сөз айтқанша, өзінді танитын шошқаны баққан жақсы деген екен бір хакім дейді Абай.

Сөзді ұғып, сөз тыңдайтын адамдар Абай заманында аз болған, қазір де солай. Білімге бой үргандардың, естілердің сөзінде жұмысы жоқ, сондықтан естілік дегеннің өзі қоғамдық сана, пікір деңгейін білдіретін өлшемнің бірі.

ЖАЛАҒЫУ

(Жиырмасыншы сөз)

Абай тақуалықты (сопылық) мойындаған, ол адамның еңбегін, тұрмыс үшін жасайтын қарекеттерін хош көрген. Себебі, тақуалық адамды өмір қызығынан бездіреді. Тақуалық жалған өмірге түнілудің, оны тәркі етудің бір түрі. Абай мұндай дүниетанымды қабыл алғанмен осы сөзінде «жалағыу» туралы пікірлер өрбіткен.

Өмірдің мың сан көрінісінен, қисапсыз әрекеттерден жалағыу тақуалыққа бастайтын соқпақтың бірі. Мұны

Абай деп басқан. Ол «Жалығу деген әр нені көрем деген, көп көрген, дәмін, бағасын — бәрінің де баянсызын біліп жеткен, ойлы адамнан шыгады»— дейді. Ойлы адам әр нәрсенің түпкі мәніне зер салса, ойсыз жанның өмірі сауық-сайранға толы. Соған қарап, ақын ақымақтық, қайғысыздық та бір ғанибет пе деп ойлаймын дейді.

Абайдың бұл көтеріп отырган мәселесі әлімсактан шешуін таппай келеді. Анығында дұрыс өмір сұру деген не? АナンЫ-мынаны ойлап, баршама жайдың жайжапсарын, себеп-салдарын зерттеумен күн өткізу ме, әлде ойын-құлқімен, сауықпен күн кешу ме? Қайсыы дұрыс, қайсы бұрыс. Ақын бұл сұрапқа жауапты өлеңдерінде берген. Ол наданиң сүйгенді көппен дүрмек деген. Бірақ, шолақ ғұмыр адамга бірақ рет беріледі екен, оның өзі жаныңды жеп, қайғымен өтсө не болғаны. Сондықтан өмір қызығынан жалаққандар, оның шолақтығын білгендер тіршілікін де жалағады. Оидайлардың атқарап әрекеті негізінен — тақуалық, яғни құдай жолына түсу. Одан бергі де ойлы адамның жалықпайтын бір ісі бар. Оның ақын не екенін айтпаған. Адам (ойлы адам) білімнен, ғылымнан жалықпайды, суреткер өмір көріністерін бейнелеуден жалықпайды, қысқасы шебер өз ісінен танбайды.

Жалығу дегенде Абайдың айтып отырғаны тек өмір қызығы емес, теренцірек мәселе. Ол «дүние бір қалыпта тұрмайды, адамның қуаты, ғұмыры бірқалыпта тұрмайды»— дейді. Эрине, қуаттың азаюы, ғұмырдың қысқаруы адамның ісіне, мінезіне өзгерістер әкелмей тұрмайды. Бірақ, мен ойлаймын білмекке құмарлыққа, сірә ойлы адам жалықпаса керек.

ҮЛКЕНДІК ЖӘНЕ МАҚТАНШАҚТЫҚ

(Жиырма бірінші сөз)

Мақтан дсген өте күрделі норсе. Мақтан іздемеген адамды мен көрмедім. Мемлекеттік лауазымдар, атактар, дәрежелер, берілетін сыйлықтар бәрі-бәрі мақтанға қатысты. Осы мәсслені Абай былайша талдан берген. Ол мақтанның екі түрлісін байқадым дейді: біріншісінің аты үлкендік, екіншісі — мақтаншақтық.

Абай үлкендік дегенге мынаңдай түсінік берген: «Үлкендік — адам ішінен өзін өзі бағалы сеп қылмақ. Яғни надан атанbastығын, женіл атанbastығын, мақтан-

шак атакбастығын, әдепсіз, арсыз, байлаусыз, пайдасыз, сұрамшак, өсекші, өтірікші, алдамшы, кеселді — осындай жарамсыз қылыштардан сақтанып, сол мінездерді бойына қорлық біліп, өзін ондайлардан зор есептемек. Бұл мінез — ақылдылардың, арлылардың, артықтардың мінезі». Мұндай адамдарды мақтаншак не мақтан сүйгіш жандар деуге болмайды. Кімнің кім екенін анықтап, дәл басып, ашып айтып, соған орай құрмет ету, талап ету мақтаншақтың емес ақылдылықтың, артықтықтың белгісі олай болмағанда ақын айтқан «єдиницалар» көппен бірге араласып кетіп, ел басшысыз, кеменгерсіз, батырысыз қалмак.

Абай айтқан «ұлкендік» деген ұғым ар бөлімінде (этикада) әлі өз орнын таптай жүр. Қазақ тұрмысында ұлкендердің орны ерекше болатын. Ұлкенді силау деген жасы ұлкенді сыйлау дегенмен анықталмайды. «Ұлкендік» деген адамгершілік, кіслік, арлылық деген ұғымдардан тұрады. Осы ұғым халық тәрбиесінде ерекше қызмет атқарған. Ұлкендер айтты деген сөз қазақтар үшін заң ретінде қабылданған. Адам ұлкендікке тым ерте жетуі әбден мүмкін. Мысалы, Қазыбек би бозбала кезінден-ақ Қаз дауысты Қазыбек атанды. Демек, оған «ұлкендік» тым ерте келген. Абай ұлкендік дегенде осындай жайларды ескерген.

Ұлкенге сый да, құрмет те еркше. Оны мактау адам бойындағы асыл қасиеттерді тану, бағалау. Абай мақтанның екінші түрін мақтаншақтың дей келе оның үш түрлі болатынын айтқан: «Біреуі жатқа мақтанаңарлық мақтанды іздейді. Ол — надан, ләкин надан болса да адам». Жатқа мақталса дегенде елім мақтаса екен деп ойлайды. Елі не үшін мақтауы керек екенімен оның жұмысы жоқ. Ел мақтауы үшін ұлкен болуы керек, халықка адал қызмет ету қажет. Ондай ойсыз әншейін мені басқа ел мақтаса екен деушілік, әрине надандық, бірақ ондайларды Абай адам санатынан шығармайды. Себебі, бұл сөз ел басқарған адамдарға катысты болса керек. Қанша дегенмен ел басқаруға да көп нәрсе, қасиет керек. Ел басшысы надан болғанмен — адам.

Мақтаншақтың екінші түрі «өз елінің ішінде мақтанаңарлық мақтанды іздейді. Оның надандығы толық, адамдығы әбден толық емес». Мұндай мақтаншақтың ойы ағайыным мақтаса екенге саяды. Ағайыны мұны не үшін мақтамак. Ағайыннан мақтау іздегенді Абай надандығы толық адам деп бағалаған. Мұндай жанның адамдығы да толық емес, қуыс кеуде.

Мақтаншақтың ең соракы үшінші түрі өзге кісі қостамайтын мақтанды іздейтін адам. Оны Абай «ол — наданың наданы ләкин өзі адам емес» — деп сипаттайды. Ағайын ішінде мақсатқа өзін өзі мақтап жетем деу әрине адамдық қасиетке жатпайды. Мұндай мақтаншақтың адамның ақылсыздығының, талапсыздығының, жалқаулығының белгісі. Кедей тыраш келеді, жалқау мақтаншак келеді, себебі, кедейлік пен жалқаулық ағайында болмайды. Мұндай мақтаншақтың бойынан Абай санап берген: әдепсіз, арсыз, байлаусыз, пайдасыз, өсекші, өтірікші, алдамшы сиякты кеселді қылықтардың бәрі табылуы ықтимал. Ең жаманы мақтаншақ осы қылықтарды біліп-танаپ оны қорлық деп есептемейді. Себебі, мақтаншак дегеніміздің өзі Абай айтуынша «демесін» демейді, «дессін» дейді. Кай әрекеті, не қылышы, ісі ұнап біреу оған «десін» дейді, онда мақтаншақтың шаруасы жек. Әйтеүір өзі туралы біреу «десе» болғаны.

Абай осы сөзінде үш ұғымды талдаган. Олар мақтаң, үлкендік және мақтаншактық. Осы үшеудің адамдар арасындағы қызметтері де үш түрлі. Абайдың айтуынша: «аз ба, көп пе, адам баласы бір түрлі мақтаңнан аман болмағы — қын іс». Қазак айтпаушы ма еді: «Жақсы сөз жарым ырыс» және «Жақсының жақсылығын айт нұры тасысын, жаманың жамандығын айт құты кашсын» — деп. Абай үлкендік дегенді осы мәнде колданған. Жақсының жақсылығын айтудың өзі өнеге, ғибрат. Мақтаншактың надан екенін айту — тәрбие. Осы түрғыда ақынның айтқан мына бір тұжырымы жастар үшін үлкен үлгі-өнеге: «Жамандықтан жиренсең, ашыларсың жылма жыл. — Тез үйреніп, тез жойма, жас уақытта көңіл — гүл».

«КІМДІ СҮЙДІҢ, КІМНІҢ ТІЛЕУІН ТІЛЕДІҢ»

(Жиырма екінші сөз)

Байды даттап, кедейді мадактап өскен біздерге Абайдың бұл сөзіндегі түпкі ойы ерсі көрінуі ғажап емес. Бұл сөз кезінде «Абайды байышыл» ақын деуге сұлтау болған. Ал мәселе байыбына терснірек барған адам сол замандағы халықтың әлеуметтік болмысына жасалған талдауға тап болады. Абай халық тұрмысындағы әркімнің орын анықтап, соған сай кімді жактап, кімді қадірлемекпін деген ойға қалады. Байды қа-

дірлейін десе, онын не өз басына, не малына еркі жоқ, елде кеселді қулар көбейіп, соларға жем болып жүр. Мырзаларды қадірлейін десе ондай мырза елде жоқ, олар қара басының пайдасы үшін мырзасының жүр. Болыс пен биге келсек бұл құдайдың калауымен емес малга сатып алған шендер болғандықтан қардың сұзы сиякты тұрақсыз. Мықтыны силайық десек жақсы іспен, мәртікпен ел аузына іліккен жоқ, жаман іске бәрі мықты. Естіні қадір тұттайық десек, есті кісі елде жоқ, арамдыққа, құлық-сұмдыққа келгенде бәрі есті. Ғаріп-қасар бейшараны сыйлайын десең түйеге мінерлік қауқары жоқ, енді қалғаны қу мен сұм, олар елді шулатпай өздері де тыныштық таппайды. Сонда кімнің тілеуін тілемін дейді Абай. «Ырыс баққан, дау бақпас» деген мақалға тоқтап Абай өз байлығына өзі ие бола алмай, ку, сұмға, ұры-карыға, болыс, биге, орыс әкіміне жем болып жүрген қазақтың момын байларын аяп, соның тілеуін тілегенді жөн көрген. Бұл біздің «қазақ байла-ры» кімдер еді деген сұрапқа жауап. Қазақ байлары неге осылай ауыр халде өмір кешкен, себебі жалпы қазақ тұрмысының жұтандығында, саяси бас еркінің жоқтығында, заң жүйесінің отаршылдар мұддесіне орай ғана қызмет стуінде. Сондықтан да қазақ байы бір жұттық. Қолдағы дәулетті заңды түрде сактау, қорғау ме-ханизмі жоқ. Бұл бірінші корытынды, екінші Абай осы сөзінде қазақ тұрмысының элеуметтік құрылымын ашып берген, кімнің кім екенін айтқан. Олар: байлар, мырзалар, болыс пен билер, мықты, есті кіслер, ғаріп-қасар бишаралар (люмпендер), қу мен сұмдар. Осылардың әрқайсысының қазақ елінде өз орындары болған, соны Абай рет-ретімен ашып берген.

Абай ұғымында халықтың құты қазақ байлары, олардың іс-әрекетіне қарап, жиған-терген мұлігіне қарап елдің болмысын анықтауға болады. Қошпелі халық тұрмысында байдың орны ерекше. Оларсыз ауылда әре-кет жоқ. Әр ауылдың өз байы бар, соған қарап адамдар бір жүйеге тартылған. Сондықтан Абай қазақ байла-рына жанашырлық білдірген.

«ЖАМАНҒА САЛЫСЫП ЖАҚСЫ БОЛА МА?»

(Жиырма үшінші сөз)

Қазақ көнбіс халық. Ол өз көнбістігіне дәлелдер ойлап тапқан. Қуанбайтын нәрсеге қуанады, жұбанбай-

тын іске жұбанады, сөйтіп өзіне-өзі разы болып, тұрмысын тоқ санаң жайбаракаттық салынады. Жайбаракаттық жалқаулыққа, талапсыздыққа, жігерсіздікке бастайды. Абай мұндай кеселді қылыштардың басқа ҳалықтарда бар жогы туралы айтпаған, ол қазакты ондырмай жүрген бір қуаныш, бір жұбаныш бар дейді.

Абай қазактың қуаныш деп жүрген қылышына талдау жасаған: «Оның (қазактың) қуанышы: елде бір жаманды тауып, я бір адамның бұл өзі қылмаған жаманшылығы шықса қуанады. Айтады: құдай пәленшеден сақтасын, ол да адаммың деп жүр гой, оның қасында біз сәулелі кісінің бірі емеспіз бе, оған қараганда мен таза кісі емеспін бе?— деп. Оған құдай тағала айтып па пәленшеден тәуір болсаң болады деп? Я білгендер айтып па, әйтеір өзіңден наданшылығы асқан, я жаманшылығы артылған кісі табылса, сен жаманға қосылмайсың деп? Жаманға салысын жақсы бола ма?» Жаманды тауып одан жақсымын деу, қуану әрине надандықтың белгісі. Надандық қуанатын іс емес, керісінше одан арылу керек. Дүниеде жаманмен жарыспай, өзінді жақсылармен тенденстір, сонда қуанышың баянды болмаз. Мен мынадан ілгерімін, мынадан жақсы тұрмысым бар деп, адамның өзін-өзі шектеуі ешқандай қуаныш болмаса керек. Қуаныш дегенімізді тудыратын нар тәуекел іс. Қуаныш деген іскерлікті талап етеді. Жоқ нәрсеге, сәтті іске қанағатшылдық жалған қуаныш әкелмек. Бұл тұста тағы бір ескеретін нәрсе, қуаныш ұзақ өмір сүретін сезім емес. Ол қыска мерзімде өмір сүреді. Ұзаққа созылған қуаныш іс-әрекетке тұсау болып адамды тоқмейлілдікке салып, бойкүйез, жалқау етеді. Қуаныш қуануды талап етеді, ол адамды ілгері жетелеуші — сезім. Қуаныш жеңістін қуәсі, бірақ әрі қарай өрбімеген қуаныш өз мәнінен арылып мұнға айналады. Сондыктан біреуден ілгерімін сол жеткілікті деген тоғышарлықтан туған қуаныш нағыз қуаныш емес, надандық. Абайдың осындағы қуаныш қазақты ондырмай жүр дегені әбден орынды. Осы бір қарапайым тұрмыста жиі кездесетін тоғышарлар психологиясы қай заманда болмасын қазактың кеселді қылыштарының бірі. Ол Абай заманында да орын алған, бүгінгі күнде де кездесіп отыр. Осы қылыштан қалай арылу керек. Ол үшін Абай қазақтың қуаныш деп жүрген надандығына талдау жасаған. Қуаныш қанағат емес, армандаудан, оның іске асуынан туатын адам баласының өткінші сезімі. Қуаныш тез тотығады,

сондықтан куана білген адам әманда жақсылыққа бастайтын іске әзір болуы керек.

Қазақтың жұбанышы да, куанышы сияқты тоғышарлықтан туған. Ол туралы Абай былай дейді: «... жалғыз біз бе, елдің бәрі де сүйтіп-ақ жүр ғой, көпшен көргсін ұлы той, көпшен бірге болсақ, болады — дагы деген сөзді жұбаныш қылады. Оған құдай тағала айтып па, көптен қалмасақ болады деп, көпке қаһарым жүрмейді деп пе? Қөпке тұзағым жетпейді деп пе? Ғылым көпке келіп пе?». «Көпшен көрген ұлы той» — деген халық санасында кеңінен тараған тұсініктің халықтық сипатта айналуының өзіндік себептері де бар шығар. Қауымдасын өмір сүрген қазақ үшін көпшен бір болу өмірдің шарты, бірақ ол адамың жеке басының қасиет-ерекшеліктерін жоққа шығарады. Қөп деген үгым халық деген емес, тобыр дегенге сай келеді. Ғылым көпке келмейді, дана адам әманда жалғыз, көптен тыс. Себебі, хикметті (даналықты) көп сезбейді, жеке адам меңгереді. Қөп сол дананың сонынан ереді. Бірақ, мәселенің ауыры сонда, көп дана сөзін ұға бермейді. Қебіне, көп данышпанға қарсы топырақ шашуға дайын тұрады. Абай сөзінің сонында біреудің қалыңдығына барғаңда аузының сасықтығын жасыру үшін, тұқымымызбен аузымыз сасық болушы еді дегеніндей, көптен ұзап кеткің келмесе «сен де аузынды сасыта бер деп» бітіреді.

Ақын жұбаныш туралы айтқанда өз ойын сұраптар арқылы білдірген. Бұл оқырман санасына салмақ салу, мәселенің шешімі әр адамның өзінде болсын дегені. Осы тұста Абайдың дәстүрлі қазакы тұрмыспен жаңа заман тірлігі, қарекеті арасындағы қайшылықты көре білгені анық. Жаңа заман, яғни XX ғасыр жеке адамның әрекетін талап етті. Қауымдық қатынастар орнына бірте-бірте жеке адамдар арасындағы қатынастар орнығып, индивидуализация дәуірі басталғанын Абайдың сезін-бейі әрине мұмкін емес-ті. Осы сезінудің бір көрінісі рестінде ақын казакты ондырмай жүрген бір куанышы, бір жұбанышы туралы пікір айтқан.

ҚАЗАҚШЫЛДЫҚ

(Жиырма тәртінші сөз)

Абай өз басының қамын емес, халкының түрмисын ойлап, оның болашағына көз жіберіп қапа болады. Біздің қазақтың достығы, дүшпандығы, мақтаны, мықтылығы, мал іздеуі, өнер іздеуі, жұрт тануы ешбір халықта үқсамайды, дейді ол. Сонда қазақтар несімен ерекше. Бірін-бірі аңдый, үрлікқа әуестеніп ұсақ тірліктің құлдарына айналуымен ерекшеленеді. Жұз адамның сонынан екі жұз кісі пәле іздел жүргені. Осылай бола берсе қазақтар бірін-бірі құртып тынбақ. Одан кім пайда табады, кім ұтылады, оны ақылға салатын жан және де жоқ. Сонда дүние жүзіндегі жұрттың қоры болып жүре бермекпіз бе? деген сұрақты келер үрпакқа есiet етіп қалдырған. Қазақтың мұндай халге түсіune басты себеп, оның ұлттық мұддесінің қалыптаспағандығында. Жұрт қайткенде де сол бір құзғын өңештің қамын ойлап күйкі тірлікпен күн кешуінде. Қазақ өркениетті халық болсын деген ойдың патша әкімдерінс жат екені анық, ал ел ішінен бел шешіп сыбанып ұлт болуға шақырған азамат және де жоқ. Есті, мықты дегендер болыс, би болсам екен дейді. Ел қамын жсеген ер де жоқ деп ақының қапа болуы сондықтан.

«МЕН АЙТҚАН ЖОЛ — МАЛ АЯР ЖОЛ ЕМЕС»

(Жиырма бесінші сөз)

Орысша оқыған адамға дүние арзанырақ түседі— дейді Абай. Орысша оку арқылы, білімді одан әрі тे-рендетуге мүмкіндік болады, міне осы себепті орыстар дүниенің тілін біледі деген қортынды жасаған. Бірақ қазақтар баласын орысша оқытқанда алдына осындаиды мақсат қоя ма, жоқ олар орыс тілін біліп алғып, соны кару етіп бірін-бірі аңымак па? Бұл жиренетін ниет. Осы ниет күримай орысша оқып жүрген баладан жақсы кісі шықпайды деп қынжылады Абай. Әйтсе де, солай болғанда да орысша оқығандардың оқымағандардан ісік-көш ілгері. Сондықтан Абай мәселені тұрасынан қояды. Балаңа қатын әперме, бар малынды салып оқыт. Әйтпесе, балаң «бір ит қазақ болып қалған соң, саған рахат көрсете ме, өзі рахат көре ме, яғни жұртқа рахат көрсетер ме?».

Қазақты алға бастайтын жол оқу. Баланды аясаң оны орышша оқыт, көкірегі ашылады, тынысы кеңейеді, ел қатарлы, өзгеге кор болмай кәсіп қылады,— дейді гуманист Абай.

Осы сөз хакында әқынның көптеген пікірлері айтылады. Ақынның айтуынша орыс білімі дүние кілті, оны білмесең надан боласың. Абай орышша оку дегенде оны дүниенің тілін білу үшін құрал ретінде ұсынып отыр. Мақсат орышша білуде емес, оны білім, ғылым, өнер жолына түсу үшін пайдалануда, одан өзге ол кезде жол жок, қазақтарға ағылшын, неміс, француз тілін үйрен деудің мүмкіндігі жок еді. Батыстағы білім қорына шығудың жолы тек орышша оку. Абай реалист, демек ол шындықты нақтылы мәнінде түсініп отыр. Бұл құр әншнейін орышшага бас шұлғу емес. Орыстар дүниенің тілін біледі, ал сен оның тілін білсең қөкірегің ашылады. Қөкірегі ашылса әрі қарай қандай жолға түсерінді өзің де білетін боласың. Мәселе, мына күйден арылу керек, от басы ошақ қасы тірліктен құтылу керек. Ақын ойы осыған сайса керек.

«ҚАЗАҚТЫҢ ҚАЗАҚТАН БАСҚА ЖАУЫ ЖОҚ»

(Жиырма алтыншы сөз)

Бұл тиянақсыздық туралы сөз. Тиянақтылық саналы әрекетті талап стеді. Санасыз әлденеге балаша мәз болып, ессіз қуанғандықты Абай сынайды: «Біздің қазақтың қосқан аты алдында келсе, күреске түсірген балуаны жықса, салған құсы алса, қосқан иті өзгеден озып барып үстаса, есі шығып бір қуанады. Білмеймін содан артық қуанышы бар ма екен? Эй жоқ та шыгар». Әрине мұндай істерді қызық, көріп иесінің қуануы орынды, бірақ бар қуаныш осымен шектелмese керек. Абайдың айтып отырғаны қазақтың тұрмысының, қарекетінің шектеулілігі. Дүниедегі қызықтың бәрін танып білмеуі, ауыл төңірегінен үзап шықпай, сол білгеніне мәз болуы ақынды шамданырады. Ол өзге жұрттың қала салып, бала оқытып, дінді қорғап, білім жолына түсіп, зор қуанышқа бөлөнгенін көріп «қазақ қандасының» тұрмысының жұпышынығына, санасының жұтандығына, түсінігінің тарлығына, сезімнің шектеулілігіне налыс білдірген. Абайдың тіптен «қазақтың қазақтан басқа жауы жоқ» — деген пікірге келуінің өзі томага-түйық тіршіліктің тынысынан шыққан ой. Қарекетсіз қазақ

әлденені бір үлкен іс қылып, өзинше қуған болып «ана өзгелерді ызаландыреам екен демек. Біреуді ызаландырмақ — шарнұратқа харам, шаруаға залал, ақылға теріс. Әншнейін біреуді ыза қылмақтың несін дәulet біліп, қуанады екен? Жә, болмаса, ана ыза болушы соншалық, неге жер болып қалады екен?».

Абай бұл мәселеге де адамгершілік тұрғысынан келген. Шынында да жүйрік ат бүгін бар да ертең жоқ. Сол сияқты мықты жігіт бүгін осы елден, ертең басқа жүргітан шығады. Бір жыққан, бір озған, үнемі озып журмейді, сондықтан несіне шектен шыға қуанып, несіне үялышп, «үялмас нәрседен үялады, үяларлық нәрседен үялмайды. Мұның бәрі — надандық, ақымақтықтың әсері». Әрине, Абайдың айтқаны дұрыс, бірақ, қазақ жүйрік атқа, үшқыр құска, білек күшіне қуанбағанда несіне қуанбак, мәселе мөлшерде, сол қуаныштың шегінде, одан өзге пайдалы іс-әрекеттің жоқтығында. Дүниеде «қызық» деген бар, «куаныш» деген бар. Жүйрік ат, ит, қыран құс — қызық. Ол да өнердің бір түрі. Алайда әлемде өзге де қызықтар бар, соған ұмтылған жолды қөксей Абай: «Не жаманшылық болса да бір әдет етсе, қазақ ол әдетінен еріксіз қорықканда я өлгенде тоқтайды, болмаса ақылына жеңгізіп, мұным теріс екен деп өздігінен тоқтаған адамды көрмессін» дейді. Ақынның бұл айтқаны орынды. Бір беткейлік ақылдылық емес, ойсыздық. Ал әрбір ойсыз адам өз мінін өзі көрмейтін сезімсіз жаң. Сезімталдық әр нәрсенің паркын аңғаруышылықтан туады, әйтеуір бабам жасаған әрекет скен деп, дәстүрден озбау көбіне тиянақсыздыққа бастайды.

«ӨЛШЕУСІЗ ҰЛЫ АҚЫЛ»

(Жынырма жетінші сөз)

Бұл сөз Сократ Хакім мен оның шәкірті Аристодим дегендегінің екесу ара әңгімесі негізінде құрылған.

Сократ аты әйгілі көне грек заманының ғұламасы. Ол туралы мағлұматтар жеткілікті. Біз оны әсіресе Платон арқылы толығырақ білеміз. Сократ адамшылықтың негізі білім деп насхат айтқан ойшыл. Ол ақылға сенгеш, қезінде құдайлар беделіне көлеңке түсsetіндей пікірлер айтып, сол үшін жазаланған. Ал Аристодим дегендегер бірнешеу болға. Бірақ, олардың ешқайсысы да философия тарихында айтулы орын алмаған. Сондықтан

Аристодим туралы тәтпіштеудің қажеті шамалы, Мәселе, Аристодимде, тілтен Сократта да емес, әңгіме желісі құдайға құлшылық туралы.

Сократ өзі құдайға құлшылық қылмағанымен, осы мәселе хақында Аристодиммен сұхбат құрған. Ондагы ойы Аристодимді сынаққа салу емес, құлшылық туралы ақиқатқа жету. Көне грек жүртінда оқығандардың ойлау тәсілі сұхбатқа (диалогке) негізделген. Олар ешқашан дайын пісіп-жетілген ақиқат ұсынбаған. Ақиқатты сұхбаттаса, сөйлесіп отырған адамымен кеңесе отырып іздеген, оның өзінде ақиқат мынау демей, іс шешімін оқырманға қалдырып отырған. Бұл оқырман ой өрісін шектемейтін, керісінше кеңшілік беретін тәсіл.

Сөз басында Сократ хакім мен Аристодим құдайға құлшылық пен адам өнеріне таңырқау мәселесіне токталған:

— Эй, Аристодим, ешбір адам бар ма, сенің білуінше, қылған өнерлері себепті адам таңырқауға лайыкты?— деді.

Ол айтты:

- Толып жатыр, қазірет.
- Бірінің атын аташи,— дейді.

— Гомерге бәйітшіліктігі себепті, Софоклге трагедиясы себепті, яни біреудің сипатына түспектік, Зевксиске суретшілігі себепті таңырқаймын...

— Олай болса, кім артықша гажайыблануға лайыкты, жансыз, ақылсыз, құр пішінді жасайтын суретші ме, я жаң иесі, ақыл иесі адамды жаратушы ма?— дейді.

Аристодим соңғысы лайыкты дейді, бірақ жаратушы өз жаратқандарын біліп, хикметпен жасаса. Егер жаратылған нәрселер өздігімен болса, онда жаратушының не кереметтігі бар. Сейті Аристодим жаратушы құдіретіне құдік келтіреді. Бұл Алла ісі туралы сөз. Сонымен бірге адам ісі де таңқаларлық, ол да керемет. Себебі, суретшілер де «жаратушылар», олар да жана нәрселер жасаушылар. Мысалы, Гомердің поэмалары, Софоклдің трагедиялары, Зевксистің суреттері өмірде тек бар нәрселерді ғана баяндаپ, суреттеп коймаган, өздерінің шығармашылық қуаттары арқасында өмірде болуға тиісті, болуы мүмкін жайларды ашып салған. Соңдықтан да оларға адамдар таңырқауға лайыкты.

Сократ Аристодимге: дүниеде пайдалы нәрсе көп, соның қайсыбірінің пайдасы көрініп тұрады, кейбірінің пайдасы көрінбейді, соның қайсысын хикмет көресің деген сауал тастайды. Аристодим бастапқысын хикмет

көрем дейді. Сонда Сократ былай дейді:— жә, олай болса, адамды жаратуши хауаси хамса заһри (сыртқы бес сипат, бес сезім мүшсі) бергенде, таҳқиқ ойлап, олардың пайдасының барлығы түгел оған мұқтаж боларлығын біліп бергендігі әшкере түр ғой. Әуелі көзді көрсін дсп беріпті, егер көз жоқ болса, дүниедегі көрікті нәрселердің көркінен қайтіп ләzzат алар едік? Ол көз өзі нәзік болған себепті, керегіне қарай ашып, жауып тұруы үшін қабак беріпті. Желден, үшқыннан қаға берсін болсын үшін кірпік беріпті. Мандай теріні көзден қағып тұруға керек болғандығынан, басқа тағы керегі бар қылышп қас беріпті. Құлақ болмаса, не қанғыр, не дүңгір дауыс, жақсы үн, күй, ән — ешбірінен ләzzат ала алмас едік. Мұрын ііс білмесе, дүниеде болған жақсы ііске ғашық болмақ, жаман іістен қашық болмақтық қолымыздан келмес еді. Таңдай, тіл дәм білмесе, дүниеде не тәтті, не қатты, не дәмдінің қайсысынан ләzzат алар едік? Бұлардың бәрі біздің пайдамыз емес пе?

Көзді, мұрынды мұндай ауызға жақын жаратыпты, ішіп-жеген асымыздың тазалығын көріп, исін біліп, ішіп-жесін деп. Бізге керегі бар болса да, жеркенерлік жер бар тесіктерді бұл бастағы ғазиз білімді жерімізден алыс апарып тесіпті, мұның бәрі хикметпен біліп істелгендігіне дәлел емес пе?— депті».

Бұл дәлелдерге тоқталып Аристодим адам жаратуышына шүбә келтірмеді. Нағыз шебер суретші Зевксис емес, нағыз шебер — Алла тағала жаратуши. Ол дүниенің асқан шеберлікпен жаратқан. Бірақ, шеберліктің құпиясы, жаратушының өз сыры. Сондықтан ол туралы сөз айтылмаған.

Сократ хакім мен Аристодим сұхбаттарын жалғастыра келіп, ақылдың түрлеріне тоқталған.— «Ей, Аристодим! Қалайша сен бір өзіңнен яғни адамнан басқада ақыл жоқ деп ойлайсың?— деді... Жә, сен бұл ақылға қайдан ие болдың? Әрине, қайдан келсе де, жан деген нәрсе келді де, соңан соң ие болдық». Абай бұл тұста Сократтың этымен ақыл туралы бірнеше аса құнды пікірлер айтқан. Біріншіден, адамның ақылынан өзге ақылдың болуы туралы түсінік. Ол қандай ақыл. Абай оны адамға жанмен бірге енеді дейді. Сонда жан ақылдың сауыты. Ақынның «акылдың жүрек сауыты» дейтіні сондықтан ба екен? Жанның тұрағы — жүрек. Демек, ақыл болуы үшін алдымен жүректің қажет болғаны. Ақыл адамға жанмен енсін, сонда адамнан тыс ақыл деген не, оның тұрағы қайда. Бұл проблема.

Екіншіден, жан ақылдың сауыты болса, жан дегеннің өзі не? Неліктен ол адамға енеді, оның себебі неде? Жан хайуанда да бар, бірақ онда ақыл жоқ.

Үшіншіден, адамға жанды, онымен қоса ақыл беруші өзге біреу бар, оның есімі Алла тағала. Ол ақылды, бірақ оны адам тани алмайды, ол жанды, бірақ оның жанын адам түсінбейді, адам Алланың тек кереметін, құдіретін сезінуші, қабылдаушы, түсінуші соған бас июші.

Сократ хакім шәкіртіне ақыл туралы ойларын тेңрәндете түседі: «Бұл ғаламды қордің, өлшеуіне ақылың жетпейді, келісті қорімдігіне һәм қандай лайықты жа-растықты законімен жаратылып, оның ешбірінің бұзыл-майтынын көресің. Бұлардың бәріне таңғажайып қа-ласың һәм ақылың жетпейді, осының бәрі де кез кел-гендікисен бір нәрседен жаралған ба, яки бұлардың иесі бір өлшеусіз ұлы ақыл ма?».

«Ғалам» деген кең ауқымды түсінікті Абай жиі колданған. Сірә, біздің кеңістік деп жүргеніміз осы ғалам болса керек. Ғалам шексіз, яғни оны шектеулі адам ақылы менгермек емес. Оған сай келетін «өлшеусіз ұлы ақыл». Ол деген не? Оған да адам ақылы жетпейді. Он-дай ақыл бар, әйтпегендеге бұкіл ғаламның «пәнденің ақылына өлшеу бермейтүғын мықты қөркем законын» қалай түсіндіруге болады.

Аристодим Сократ хакімнің айтқандарына иланып, үстазына былай деді: «Ол құдайдың ұлықтығына іңкә-рім жоқ. Бірақ сондай ұлық құдай менің құлшылығыма не қылып мұқтаж болады?».

Сократ құдайға құлшылықтың керегінің бірінен-бірі туындағы себеп-салдарды айтады. Алла пендесін тек мықты қөркем законмен жаратып қана қойған жоқ, ол үшін қам жейтіп қорғаушы, сақтаушы. Бұған Аристо-дим — ол менің қамымды жетітүғынын мен қайдан бі-лем,— дейді. Оған Сократ хакім мынандай дәлелдер айтады:— Жә, олай болса, һәмма мақлұққа да қара, өзі-не де қара, жанды бәрімізге беріпті. Жанның жарығын бәрімізге де бірдей ұғарлық қылып беріп пе? Адам алдын, артын, һәм күнін — үшлеудің де тегіс ойлап тексереді. Хайуан артын, осы күнін де бұлдыр біледі, ал-дыңғы жағын тексермекке тіпті жоқ. Хайуанға берген денеге қара, адамға берген денеге қара. Адам екі аяғына басып тік тұрып, дүниені тегіс қөрмекке, тегіс тексермекке лайықты һәм өзге хайуандарды құлданарлық, пайдасын қөрерлік лайығы бар. Хайуанның бірі аяғына

сеніп, бірі қанатына сеніп жүр, бір өзіндей хайуанды құлданарлық лайығы жоқ... Бірақ адам баласы болмаса, бұл ғажайып ақылды және ғажайыппен һәм жасаған денеге кіргізіп, мұнша салахият иесі қылганы хикметпен өзге хайуанға сұлтан қылғандығына дәлел емес пе? Ол дәлел болса, адам баласын артық көріп, қамын әуелден алланың өзі ойлас жасағанына да дәлел емес пе? Енді адам баласының құлшылық қылмаққа қарыздар екені мағлұм болмай ма,— депті.

Бұл жерде екі мәселеге баса назар аудару қажет. Бірі жанның жарығы хайуан мен адамда бірдей еместігі, екіншісі, ақылдың адамның дene бітіміне сай келуі. Мұндай үйлесімдіксіз ақыл туралы ешқандай сөз айтуда болмайды. Бірақ, осы үйлесімділік үшін де адам Алласына қарыздар. Ол қарызды пенде құдайына құлшылық жасау арқылы өтемек.

Осымен талдауды аяқтауға да болар еді, егер сөз басындағы мынандай жайды ескермесек. «Ол (Сократ) өзі құлшылық қылғандарға кулуші еді» дей отыра Сократтың шәкірті Аристодимді құдайға құлшылық қылмаққа қөндіргені айттылады. Бұл қайшылықты қалайша түсінуге болады. Рас, Сократ құдайға құлшылық етпеген жан. Олай болса шәкіртін неге ол іске бастап отыр. Бұған Абай жауап бермеген. Мәселені ашық тастаған. Сірә, онысы да дұрыс болған. Себебі, мәселе құдайға құлшылықта болып отырған жоқ, мәселе өлшеусіз ұлы ақылда. Біздің құлшылығымыз осы ұлы ақылды мойындау, оны кім қалай айтады әңгіме онда емес. Әйтеуір бір ұлы ақыл бар. Ол шындық. Шындық үшін талас көп, ұғым, түсінік көп. Абай оларды талдау жатпайды. Сократ хакім сөзі арқылы ақыл туралы ғибрат әңгіме айтқан.

«АУРУДЫ ЖАРАТҚАН ҚҰДАЙ, АУЫРТҚАН ҚҰДАЙ ЕМЕС»

(Жиырма сегізінші сөз)

Дүниеде себепсіз құбылыс жоқ. Бірсу бай, біреу жарлы, біреу сау, біреу ауру т. б. Адамдардың әр түрлі халде болуынын себебі нede? Бұған жауап дайын. Бәрі Алла тағала әмірі. Әуел бастан мандайға жазылған жазу сол, оны жұрт тағдыр дейді. Олай болғанда адамдарды бай етіп, кедей қылып, есті етіп, есер етіп алалаған құдай тағала деуден өзге қандай пікірге келуге болады. Бұл күпіршілік ғана емес, аллаға иланып

келтірген иманымыздың теріске шығуы. Біз Алланың айбы, міні жоқ деп оған иман келтірдік. Абай айтуынша: «...кұдай тағала бір антурғанға, еңбексізге мал береді екен. Бір құдайдан тілеп, еңбек қылып, пайда ізденген кісінің еңбегін жандырмай, қатын-баласын жөндең асыралық та қылмай кедей қылады екен. Ешкімге залалсыз бір момынды ауру қылып, қор қылады екен. Қайта бір ұры, залымның денін сау қылады екен. Экешесі бір, екі баланың бірін есті, бірін есер қылады екен... Осының бәрі құдай тағаланың ғайыпсыз, мінсіз ғафур (кешируші) рахимдығына, әділдігіне лайық келе ме?». Иә, бәрі жаратушының әмірімен болса, пендelerдің әлденебір істерге душар болып, ұмтылғанынан не пайда. Алланың пендесіне еш өкпесі жоқ, бәрі жаратушы құдіретінде. Мұндай теорияны Батыста фатализм деп атаған. Абай онымен келіспейді, ол адамның еркін байлап-матап тастаушылықты Алла әмірі демейді. Оның айтуынша «Әрбір ақылы бар кісіге ғибадат парыз». Демек, иман келтіру үшін ақыл қажет. Ақылсыз иман жоқ немесе Алланы тану жоқ. Ақылы бар кісіге ғана иман парыз, яғни ақыл әрбір жанның өз қасиеті. Алла тағала пендelerіне қатысты айтса керек «мені таныған ақылмен таныр»— деп. Ақыл тоқтамай діннен не пайда. Егер дініміз жалған болып, ол жағын пенде сен ойлама деғенмен іс біте ме? Эрине жоқ, сондықтан Абай мынадай кесімді тұжырым жасаған: «...жақсылық, жамандықты жаратқан — құдай, ләкин қылдырған құдай емес, ауруды жаратқан құдай, ауыртқан құдай емес, байлықты, кедейлікті жаратқан құдай, бай қылған, қедей қылған құдай емес». Мұны қалай түсінуге болады. Бұл жерде, менің ойымша екі мәселе бар. Бірі Алла пендelerін жаратканда оларға ерік берген. Оны пендeler әр қылды пайдаланған. Аиталық, жалқау кедей болған, еңбеккор дәүлетке қолы жеткен. Сонда Алла адамға берген ерікке еркіндік берген. Еркіндік беруші Алла тағала, оны іске асыруши пенде. Өз еркін адам қалай пайдаланады, оны тек өзі білмек. Екіншіден, Алла тағала пендelerіне ойланын деп жақсылық пен жамандықты жаратқан. Сенің жақсы болуың, не жаман болуың өз колында. Бұл іске құдайдың қатысы жоқ. Шайтанның азғыруына ерсең жамандыққа бастайсың, періштен қакса ісің онға басқаны. Дүние осындай арпалыста. Өмірдің қызығы — шайтанның азығы, ақылға салмасаң, нәспінді тыймасаң, парызыңды ұштамасаң оған құдай тағала кінәлі емес. Күнә өз басында. Алла тағалада күнә жоқ, ол пәк, ол

пендесінің күнөсін кешіруші (ғафур). Алла тағаланың болмысын тану, оған сену иман деген сөз. Ал ишан ақылды кісіге парыз деп жоғарыда айттық.

БІЛМЕСТІКПЕН АЙТЫЛҒАН СӨЗДЕР

(Жиырма тоғызынышы сөз)

Біз мақал-мәтелдерді халық сөзі деп, оларға шаш жуытпауға дағдыланғанбыз. Абай болса соларға ауырсын айтқан. Шынында да білмектікten пайда болып, қалыптасып «халық сөзіне» айналған, тәрбие үшін де, ғибрат үшін де қуаты жоқ мақал-мәтелдер туралы несіне ашық айтпасқа. Абай: «Қазак мақалдарының көбінің іске татырлығы да бар, іске татымақ түгіл, не құдайшылыққа, не адамшылыққа жарамайтырыны да бар»,— дейді де, бірнеше мақалдарды сынайды. Эрине, Абай сынымен келісуге де, келіспеуге де болады. Абай айтқан еken деп, мәселені мүлдем жауып қойсақ қателесеміз. Себебі, Абай үлкен-үлкен айтулы мәселелер туралы сөз қозғаған. Ұлы тақырыптар туралы қандай ұлы болсын бір адамның айтқаны ақиқат бола бермейді. Сондықтан Абай айтты деген сөзге сын көзбен қараудың өзі Абай дәстүрі. Абай ешқандай ғұламага бас иіп, соның сөзін дәлме-дәл қабылдамаған адам. Ол керегін алыш, өз санағына салып, дұрыс деп таппаған істі ашық айта білген. Қазак мақалдары туралы айтқандары да соның бір көрінісі.

Абай бұл сөзде жеті мақалды сынайды. Олар: «Жарлы болсан, арлы болма», «Қалауын тапса, қар жанады», «Сұрауын тапса, адам баласының бермесі жоқ», «Атың шықпаса, жер өрте», «Жұз күн атан болғанша, бір күн бура бол», «Алтын көрсе періште жолдан таяды», «Атанаған мал тәтті, алтын үйден жан тәтті».

Бұл мақалдарды Абай бір қырынан сынға алған, адамшылықтан, ардан өзге де қылықтар бар. Адам атын бүркеніп жүрген ант үрган, хайуандар бар. Сондықтан солардан сақтандыру үшін халық «Ата-анадан мал тәтті»,— деген мақалды айтады. Ата-анасынан малы тәтті ант үргандар дүниеде қашшама. Демек, адамдар арасында осындай жатымсыз қылықтар бар, олар мақалда нақтылы бейнеленген. Сіра, мақалдар тек позитивтік мәнде фана емес, адамды жат қылықтардан сақтандыру мақсатында да қызмет атқаратынын естен шығармау керек. Абайдың жоғарыда келтірген мақалдарға берген

түсініктемесі белгілі. Біздің айтпағымыз Абай дүниетанымы шектеулі емес, ол өз ойын еркін айта білген ойшыл. Оның айтқандарының көбісі нақтылы жауап бергендігімен емес, мәселені көтеруімен құнды. Абай көбіне оқырманға ой сала жазған. Оның көкірегі сезімді, тілі орамды, «жаздым үлгі жастарға бермек үшін» дегені тек елең жолдары емес, Хакім Абайдың ойшылдығының принципі (қағидасы). Ойшыл жастар айтылған сөздің мәнін өздері тереңдетіп әкеткен. Оны Абай жақсы білген, сондықтан кара сөздерінде ол көбінесе сұрақ койып отырады. Салмақты оқырманның өзіне тастағанды ұнатады. Бұл үйқыдағы ойды оятудың өте бір тиімді тәсілі.

«ҰЯЛМАС БЕТКЕ ТАЛМАС ЖАҚ БЕРЕДІ»

(Отзыныши сөз)

Абай жиырма бірінші сөзінде мақтанның екі түрлісін байқады деп жазған еді. Оның түрлері үлкендік және мақтаншактық. Бұл сөзінде Абай «Қырт мақтан» деген бір мақтан бар дейді. Ол не? Оған Абай былайша түсініктеме берген: «Ол ар, есті білмейді, намысты білмейді, кен толғау, үлкен ой жоқ, не балуандығы жоқ, не батырлығы жоқ, не адамдығы жоқ, не ақылдығы, арлығы жоқ». Мұндай мақтаншактардың сөзі мен ісінің арасы жер мен көктей, өздері айтқан сөздеріне өздері лайық емес. Әдette қырт мақтаншактар қорқақ, суайт, даңғаза болып келеді. Сөздеріне қарасаң мұндайлар өлімнен де корықпайды, ешкімге бас та имейді. Ал шынтуайтқа келгенде нақтылы істен тайқып шыға келеді. Олардың міnezін «Ұялмас бетке талмас жақ береді» — деген халық мақалы дөп ашқан.

Абайдың айтқан бұл «Қырт мақтанның» іскер, сертке берік, жаны жомарт жаннның бойынан таппайсың. Демек, мұндай мақтанга ұрынғын адамды нағыз ант ұрган, желөкпе дей бер. Олар не өзін, не өзгесін көгерпейді, журғен жері айғай-шу, сөз тасу, реті келсін, келмесін кенірдек керу. Абай оларды арсыз, ұтсыздардың бірі,— деп синаған.

ОЙ КЕСЕЛДЕРІ

(Отыз бірінші сөз)

Абай әрбір естіген нәрсені ұмытпау үшін төрт түрлі себеп бар дейді. Олар: «әуелі — көкірегі байлаулы берік болмак керек; екінші — сол нәрсені естігендे я көргенде ғибрәтлану (улғі) керек, көнілденіп, тұшынып, ынтамен ұғу керек; үшінші — сол нәрсені ішінен бірнеше уақыт қайтарып ойланып, көнілге бекіту керек; төртінші — ой кеселді нәрселерден қашық болу керек».

Бұл төрт себептің екінші, үшіншісі түсінікті, ерекше талдауды қажет етпейтін белгілі жайлар. Түсінікті қажет ететіндер бірінші, төртінші себептер.

Естіген нәрсені ұмытпау үшін адамның көкірегі байлаулы, берік болсын дегенің нендей мағынасы бар. Көкірек-ойдың байлаулы беріктігін біріншіден, адамның алдына бір мақсат қойып, нақтылы іс-әреятке жұмылғанынан айтуға болады. Бұл тиянақтылық, табандылық деген ұғымдарға саятын жай. Екіншіден, ол адамның сеніміне катысты айтылған сөз. Әлдебір сенім-нағымға келген адамның да көкірегі байлаулы, берік болмак. Үшіншіден, көкіректің байлаулы, беріктігі адамның адамшылығының өлшемі. Адамшылығы мол, өмірге орынқты қөзқарасы бар адамның көкірегі берік болады.

Демек, алакүйін сезімдер ынғайымен жүрген жандардың көкірегі байлаулы, берік болмай, шала ұғып, шала түсініп, шалағайтықпен күн кешеді. Бұл бірінші себеп туралы айтқанда келетін қорытындымыз.

Абайдың айтып отырған төртінші себебі, өте мәнді. Ой кеселдері дегенді мен Абайдан ғана тауып отырмын. Ол ой кеселдерін талдап ашып берген. Олар: «уайымсыз, салғырттық, ойыншы-кулкішлідік, я бір кайғыра салыну, я бір нәрсеге құмарлық пайда болу».

Уайымсыз салғырттық Абайдың өзі жіңі айтатын нағандықтың белгісі. Абай өлеңдерінде «Уайым ел корғаны есі барлық», — деп жазған. Уайымсыз жан жауапсыз адам. Оның дүниеге салғырт болуы да түсінікті. Салғырттық білместіктен туады. Өмір адамнан, Алла пендесінен салғырттықты емес, қарекетті талап етеді. Адам бұл дүниеге өмір үшін келген. Алла үшін келмеген. Өмір де, Алла да адам үшін қажет. Өмір адамның ғұмырының кеңістігі, Алла өмір сүрге мүмкіндік беруші күш. Бар мәселе адамда, ендеше ол неге салғырт болуы керек. Абайдың айтып отырғаны осы мәселе.

Ойыншы-күлкішілдікті Абай барлық дерлік шығармаларында сынап келген. Оның пікірінше бұл да надандықтың белгісі. «Адамның сүйгені көппен дүрмек» — дегенде Абай осы жайды айтқан. Өмірде ойынға да, күлкіге де орын бар, оларсыз қызық жоқ, бірақ Абай олардың мөлшермен болғанын қалайды. Шектен шығу білімсіздік, шектен шықпау — даналық. Осы екі ара-лықта адам өте жиі қателеседі.

Абай қайғы туралы да көп жазған. Ол мәселе туралы арнағы айтпақпыз. Бұл сөзде Абай қайғыға қатысты мәселені мөлшермен байланыстырған. Адам баласының басына қайғы түспеуі мүмкін емес, әңгіме алайда сол қайғыға малынып, бордай еріп, жүнжіп кетпеу туралы. Қайғыға қарсы тұра білу, оны жену де ерлік, қайғыны мойындап, оның дәл мағынасына сай әрекет ету, яғни қайғылы бола білу де ерлік. Қайғыға салынған да жаман, қайғысыз болған да жаман. Қайғыны өз мөлшерінде қабылдау қажет. Абай осы мөлшер, шама дегендер туралы айткан.

Құмарлық деген ұлы да үлкен тақырып. Құмарлық пайда болмай ешқандай іс басталмақ емес. Білімнің де, ғылымның да, махаббаттың да негізінде құмарлық жатыр. Мәселе, тағы да құмарлықтың мөлшерінде. Құмарлыққа құл болсан, әңгіменің аяқталғаны. Егер де құмарлықты билей алсаң ісің онға бастайды.

Абай осы «төрт нәрсе — күллі ақыл мен ғылымды тоздыратұғын нәрселер» — деп сөзін аяқтаған. Бұған біздің қосып-алар пікіріміз жоқ. Орынды айтылған терең тұжырым.

ТАЛАПТЫҢ ШАРТТАРЫ

(Отыз екінші сөз)

Абай «талап» дегенді кәдімгі ғылыми, философиялық ұғым ретінде талдаған. Адам талаптанып іс қылуы үшін оның шарттарын білуі керек, дейді Абай. Ол қандай шарттар, солардың бас-басына тоқталайық.

Біріншіден, білмегенізді білуге деген құмарлық. Абайдың айтуынша талаптан: «Сол рахат білгенінді бे-рік үстап, білмегеніңді тағы да сондай білсем екен деп үміттенген құмар, махабbat пайда болады». Мұндай талаптанған адамдар білмектікіт өзін дәүлет деп са-найды. Олар үшін дүниенің қызығы ғылым мен білім. Егер білім мен ғылымға нағыз құмарлық, махабbat

болмаса «көнілің өзге нәрседе болса, ...ондай білімге көніліңнің мейрімі, асырап алған шешенің мейрімі се-кілді болады». Абай «шала мейір шала байқайды» — дейді. Фылым мен білімге берілген адам өзге істерге аландауы керек. Абайдың «дүние де өзі, мал да өзі ғылымға көніл берсеңіз» — дейтіні сондыктан. Шала-шарпы окууды Абай талаптылықтың шартына қоспайды. Талаптылық сол іске мұлдем берілгенде кажет етеді.

Екіншіден, ғылымды үйренгенде мақсат еткенде ақи-катқа жету үшін талап ету қажет. Бірақ Абай ғылымға жету үшін баҳастықты да («Бахас» — деп Абай бәсеке-лікті айтады) мұлдем теріске шығармайды. Ақын: «...азырак баҳас көnlінді пысықтандырмақ үшін залал да емес, көбірек баҳас адамды түземек түгіл, бұзады. Анық себебі, әрбір баҳасшыл адам хақты шығармақ үшін ғана баҳас қылмайды, жеңбек үшін баҳас қыла-дыш», — деп жазады. Мұндай баҳасшылдық сөзсіз күншіл-дік туғызады. Сондыктан баҳас та — ғылымға үйрен-бектің бір жолы болғанымен, оған мұлдем берілу қате-лікке апарады.

Абай өзге салалардағы сияқты ғылымға үйрениші-лер арасындағы бәсекелікті теріске шығармай, тек шек-тен шықпаушылық туралы ескерту жасаған. Бәсекелік те талаптың бір шарты, оны ескермеуге болмайды. Ал ақиқат мақсатпен ғылымға үйренишілер ерекше жандар, ондайларды Абай хакімдер деп атаған. Хакімдер бәсеке дегенді білмейді, олар үшін дүниенің бар қызыры білмекке құмарлық.

Үшіншіден, өзің жеткен ақиқаттан өлсөң де айрыл-ма, берік бол дейді Абай. «Өзің құрметтемеген нәрсеге бөтеннен қайтіп құрмет күтесің?» Әрине, бүгін айтқан сөзінен ертең қайтып жатсан, онда қандай тиянакты-лық болмақ. Мұндай қылықты жігерсіздік, талапсыздық деп атауға болады. Сонымен бірге менің айтқаным ғана дұрыс деген пікірден мұлдем аспай, ақиқатты дөммага айналдыру да талаптылық шарты емес. Өзіннің көзің жетпегенмен ақиқатқа көзінді өзгелер жегкізсе қабылда, одан кем-қор болмайсын. Өзің білмегенді өзгеден білуғе талпыну да талаптың шарты.

Төртіншіден, Абай білім-ғылымды көбейтуге екі қа-ру бар, олар мұлахаза және мұхафаза,— дейді. Оның мұлахаза деп отырғаны ойласып, пікір алысу да, ал мұ-хафазасы сақтану, қорғану деген түсінік. Бұларды Абай тәтпіштеп талдамаған, тек түсінік ретінде берген.

Бұл ұғымдарды төрөнірек талдау үшін, олардың араб философиясындағы орындарын анықтау керек.

Бесіншіден, Абай ақыл кеселдері туралы айткан. Ол мәселе жөнінде отыз бірінші сөзде айтылған. Абай ақыл кеселі туралы он тоғызынышы сөзде айтылған дейді, расында онда салғырттық хақында ой айтылған. Демек, он тоғызынышы, отыз бірінші сөздерді қараңыз.

Алтыншыдан, ғылымды, ақылды сактайдығын мінез деген сауыты бар,— дейді Абай. Мінез берік болмаса оқығанин да, үйренгеннен де пайда жок.

ҚАЗАҚТЫҢ КЕСЕЛДІ ҚЫЛЫҚТАРЫ

(Отыз үшінші сөз)

Мал бір жұттық, өнер мәнгілік. Мал керек болғанда қолөнер де қажет. Қазақтың әулиесі — осы алдау қоспай адап еңбегін сатқан қолөнершілер. Бірақ, Абай: «Құдай тағала қолына аз-маз өнер берген қазақтың кеселдері болады»,— деген пікірге келеді. Ол қандай кеселдер десек, оларды Абай санап берген:

1. Талапсыздық. Қолынан келгенге мәз болып, іздеңіп өнер үйренбей, құр мақтанға салыну. Осы білген өнерім де өз басыма жетеді деп жігерсіздік таныту. Өзгелер менен артық-ау, солардан білім жетілдірсем деп талаптанбау. Бұл қазақтың өнерлі адамының басты кеселі. Мұны Абай талапсыздық деп атаған.

2. Еріншектік. Бұл да талапсыздыққа байланысты кесел. Еріншектік — салғырт, кербездікке салындырауды,— дейді Абай.

3. Мақтаншақтық. Біреулердің «дарқансың гой, шырагым» немесе «ағеке, нең кетеді осы ғанамды істеп бер» дегенине маган да жалынатындар бар еken деп мақтанға салынып кету. Сөйтіп мақтаншақтар пайдадан қағылып, ку тілге алданып өзінің уақытын босқа өткізеді.

4. Тамыршылдық. Сәл нәрсеге алданып, «жоғары шыққа» мәз болып тамырым, досым десе ішкен асын жерге қойып, соның ісімен жүріп, өзінің алданғанын білмей, далбаса болу. Сөйтіп жүріп біреуге борышты болып, басы дауға қалып жүргені. Сірә, мұндайлар тамыршылдықты — адамгершілік әрі іскерлік деп түсінетін болуы керек.

Абайдың қазақ тамыршылдау келеді дегенде қазақтың ескіше ойлауының тағы бір ерекшелігін қосуға болады. Ол қазақтың қонақжайлалығы. Қонақжайлалық,

әрине жан сүйсінер жақсы қасиеттердің бірі, бірақ не нәрсе болса да мөлшерден аспағаны жөн. Қонақшыл жат жерліктердің, қазақ еліне «меймандардың» ағылып келіп бірте-бірте «төр менікі» деп елімізге, жерімізге иелік ете бастағанын қалай түсінуге болады? Қазақтың ақжарқын көңілін дұрыс қабылдауы, соған ниет құрмет болды ма, болмаса келгендермен тамыр болдық деп салын шапалақтамай, өзін сыйлату үшін қазақ халқы не әрекет жасады. Тамыршылдық, қонақжайлыш нәтижесінде «қонақтардың» жер иелеріне үстемдігі асып кетті.

Қонақжайлыштың ел арасындағы тары бір көріністеріне зер салайықшы. Ен қонақжай халық — алғы ауылдардағы шопандар қауымы. Оларға барсаи алдыңа бар дәмін тосады. Ал осы ғажап қасиетті кім ескеріп отыр? Сол шопандар қалаға келсе, қысқасы, қонақ үйден орын таба алмай зар болады. Бұл қандай мораль? Ауылдағылар қонақжай деген желеумен көптеген елдімекендерде қонақ үйлер мен асханалар әлі салынбаған. Байқасақ, бұл халықтың мұддеге қатысты әлеуметтік мәселелер екен. Бұл мәселелердің Абай заманынан бері өз шешімі табылмаған.

Абай сөз сонын «қазақтың баласының өзі алдағыш бола тұрып және біреуге алдатқыш болатындығы қалай?» деген оймен аяқтайды. Абай бұл ойларын қағаз бетіне түсіргеніне ғасырдан аса уақыт өтті. Қазақтың өнерлі қауымы осы айтылған кеселдерден арылып бітті ме, жоқ па? Бір сөзбен жауап қайыру қыын. Бірақ, әлі де бала сияқты әлденеге алданып қала беретініміз анық. Сенгіштік деген қанымызға әбден сіңіп кеткен, одан құтылудың жолы сонда ауыр болғаны ма?

«АДАМ БАЛАСЫНА АДАМ БАЛАСЫНЫҢ БӘРІ – ДОС»

(Отыз төртінші сөз)

Бұл сөз омір мен өлім философиясы хақында. Жүрт өлімнің хақ екендігін, оның әманда адам әбден қалжырап қартайғанында емес, кенеттен де кездесетінін және Алла жанын бір алғаның ол жақтан қайтып келмейтіндігін біледі, соған нанады, ал бірақ ақылына салып ой елегінен өткізіп барып ианбайды, амалсыздықтан, шарасыздықтан иөнеді. Абай осы мәңгілік сұраққа жауап іздеген.

Адам баласы өмір мен өлім құпиясын барынша құлшынып білгісі келеді, бірақ ол толық ашылмақ емес. Сондыктан Абай жұрттың жаратқанның құдіретіне сендім дегеніне күмән келтіреді. Ол ақиқатқа үйіп сену бар да, жаратқан ісіне тағдыр жазуы деп сену барын айтып отыр. Адам дүниеге келген жанның өлмегін, о дүниелік болмағын, сол үшін жамандықтан ада, жақсылыққа жуық болуын жаратушы құдайдың қалауы деп сенеді. Бұл әлі ақиқатқа көз жетіп илану емес, адамның бітім-болмысы, тағдыры осы деп мойындау. Санада тағдырды мойындау, оған Алла жазуы деп бой ұсыну бар да, ақиқатты ұғынып барып сену бар. Осы соңғысының барына Абай күмән келтірген.

Егер ақиқатқа көз жеткізіп үйіп сенсе адамдар дүние қайғысынан ада болар еді. Олар әулиелік жолына түсіп, жалған дүниеден безініп, ахирет қамына, мәңгілік сенімге еніп, біржолата мұсылмандық жолына түсер еді. Абайдың аңғаруы бойынша адамдардың ахиретке де, дүниеге де, сенімдері бұлдыр. Мәселе осылай болғанда жұртты енді неге сендіре аламыз. Бұл мәселеге ақынның жауабы анық. Абай былай дейді: «Кімде кім ахиретте де, дүниеден де қор болмаймын десе, білмек керек: еш адамның көңілінде екі қуаныш болмайды, екі ынтық құмарлық бірдей болмайды, екі қорқыныш, екі қайғы — олар да бірдей болмайды. Мұндай екі нәрсені бірдей болады деп айғуга мүмкін емес. Олай болғанда қай адамның көңілінде дүние қайғысы, дүние қуанышы ахирет қайғысына, ахирет қуанышынан артық болса — мұсылман емес. Енді ойлап қарай бер, біздің қазақ та мұсылман екен». Сонда қазақ нағыз мұсылман ба? Реті келіп тұрған нәрсені ала қойып, құдайдың өзі кеңшілігімен кешіреп деп дүние қуанышына енген адамда сенім бар ма? Аоай: адам баласына адам баласының бәрі — дос, олай болса мына «бес қундік» өмірде бір-біріңе конаксың, дүниеге қонақсың, сөйті тұра бір-біріңмен өшігіп, жауығып, не болса соған көрсө-қызырлық жасап, дүние қуанышының өзін дұрыс бөлісе алмай жатқандық Алла ісіне лайық па? деген ой тастайды. Мұндай қылыққа Абай наразы, екі сөздің басын қосса не өнері, не білімі жок, әншайін күр кеудемен «ой, тәнір-ай!» деп таласа берген-нің несі сөз, оның несі адам дейді. Абайдың мұсылмандығы дегенде, ол діни ортодоксиялық шенберден шыққан ойшыл, ақын құдай жолы деп тек ислам дініне сүйеніп отырған жок, мұсылмандықтың негізгі «адам адамға дос» деген қафидасына сүйенген. Оны Абай қара

сөздерінде дәлелдеп береді. Адам болмысы баршага ортақ, көрер қызығы, қайғысы осы екі дүние аралығында. Өмір мен өлім бәрімізге бір. Олай болса адамға керегі мұсылмандық, имандылық, бірақ оған адам қалай жетпек. Бұл сұраққа жауап жоқ. Себебі, нағыз мұсылман қуанышын, дүние қайғысын ахирет қуанышынан, ахирет қайғысынан артық қоймаған. Олай болса ол мұсылман емес. Адам енді не істемек. Адамға сол, бұл дүниеге қонақ екенін сезінің, езінің мәңгілік еместігін ұғынуы, сондықтан «бес күндік» ғұмыры үшін адамдар бір-бірімен қырқыспай игі істер жасауға дағдылануы керек. Міне, Абай ұсынған жол осы. Бірақ Абай бұл жолға түскендерді көре алмай, дүние қызығын тозакқа айналдырығандарды көріп, оның несі адам деп күйінеді. Сейтін адамның рухани болмысы, өмір философиясы туралы ақын жүрек теренінен сыр қозғаған. Бұл әлемдік философияның мәңгілік тақырыптары, олардың шешімі аса күрделі, әзірше бұл мәселелерге айқын жауаптар жоқ. Бұлар адамның рухын қозғайтын, оны жетілдіретін мәңгілік философиялық мәселелер.

СҰРАУ

(Отыз бесінші сөз)

Адамнан жауап алушы бір Алла тағала. Адам жауапты махшарға барғанда береді. Сонда құдай қажы, молда, сопы, жомарт, шейіттерді катар қойып жауап алып, бір бөлек қояды екен. Дүниеде ешқандай атақданқы болмаған тек Алланың разылығын таппақ үшін құдайына құлшылық еткендерді бір бөлек қояды екен.

Бірінші топтағыларга Алла тағала айтады екен: «Сендер дүниеде қажеке, молдеке, сопеке, мырзеке, батыреке аталмак үшін өнер қылып едіңдер, ол дүйнен мұнда жоқ. Сендердің ол қызықты дүниен харап болған, бірге қылған өнерлерің де бітті. Енді мұнда құрмет алмақ түгіл, сұрау беріндер! Мал бердім, өмір бердім, не үшін сол малдарыңды, өмірлеріңді, бетіне ахиретті үстап, ден ниетін дүниеде тұрып, жұртты алдамақ үшін сарып қылдыңдар? — деп».

Бұл сұрауға жауап беру ауыр, себебі адам баласына екі дүние де қажет. Жалған дүниеде адам өмірге келеді, есіп-өнеді, көбейеді, қызыққа көнеледі. Бұл дүниесіз бақи (мәңгілік) өмір жоқ. Сондықтан кім болмасын бұл дүние қызығынан аулақ болу киын шаруа. Себебі, бұл

жалған дүние де Алла тағала құрметімен болған. Бұл (жалған) дүние Алласының пендесіне ғұмыр кешсін деп берген мүмкіндігі. Ендеше сол мүмкіндікті іске асырма-са адам кінәлі емес пе? Әлбетте, кінәлі. Сондықтан дүние үшін әрекет жасағандарды жазғыру дұрыс емес, мәселе сол дүние қызығына салынып, Алласын (құдайын) ұмытса, сол күнә. Абай бұл сөзінде қажы, молдалар... жүртты алдаپ, өзім берген қазынамды сарып қылдындар дейді. Асылы бұл мәселе туралы да тсрениен толғану керек. Осы жүртқа қандай ақиқат керек. Ақиқат деген-нің өзі не? Абай отыз сегізінші сөзінде ғұмырдың өзі ақиқат деген пікір айтады. Егер, қажы, сопы, молдалар жүртқа қалай өмір сүру керектігін түсіндірсе ақиқат деген осы емес пе? Бірақ, дүние — жалған қызықта то-лы, молда, сопылар осы ақиқатты сөзбен айтып, насиҳат жасап, өз жеке басы түрмисында ғаділдіктен тайып, пенделікке салынатындары бар. Абай осы жайды сынаған.

Екінші топтағылар туралы құдай тағала айтады екен: «Сендер бір ғана менің разылығымды ізден малдарыңы, өмірлерінді сарып қылып едіңдер, мен разы болдым. Сіздерге лайықты құрметті орным бар, дайын, кіріндер! Һәм ол разылықтарыңнан басқа осы махшар ішінде, сендердің осы қылғанына өзі қылмаса да, іші еріп, ынтық болған достарың табылса, шағағат қылындар! — деп айттар дейді».

Бірақ, осы екінші топтағылар нақтылы кімдер, ол жағы көмескі. Олар азшылық екені мәлім. Мүмкін олардың ішінде қажы, молда, сопы да болуы мүмкін. Бірақ Алла тағала өмір қызығынан безінген тақуалар емес, маңдай терімен өмір сүруші, бала өсіруші, сөйтіп жүріп Алласын ұмытпаған қарапайым жандарды биік коя ма деп ойлаймыз. Әңгіме, сірә осы еңбек адамдары туралы болса керек. Өмірде тек бейнетпен ғұмыр кешкен адайлар молда, сопы тағы өзгелерден артық болса керек. Олар құдайдың нағыз ризашылығына бөленетіні анық.

Абай бұл сөзді өзі оқыған діни философиялық кітаптардың бірінен алғанда, негізгі желісін бұзбаған, өзі жанынан сөз қосқаимен, кесімді пікір айтпаған. Мәселенің шешімін оқырманга тастаған. Оқырман бұл сөз туралы әр түрлі пікірде болуы ықтимал.

Біріншіден, Абай қажы, молда, сопы, жомарт, шейіттерді сынап, дінді теріске шығарып отыр деген қорытын-

дыға келуге болады. Себебі, дінді үстап тұрғандар осы аталғандар, олар болмаса дін жойылады.

Екіншіден, ақын жалпы дінді немесе қажылықты, молдалықты, сопылықты, жомарттықты, шейіттікті жоққа шығарып отырған жок, ол осытардың ішіндегі тек атақ үшін іс қылғандары туралы айтқан, яғни дін тазалығы үшін күрескен.

Шішіншіден — Абайдың қажы, молда, сопы, жомарт, шейітті қатар атауы ақықат шындық емес. Себебі, қажы мен молда бір емес. Қажылыққа әркімнің малы жете бермейді, молдалыққа әркімнің зердесі жете бермейді. Сопы мен молданы мүлдем салыстыруға болмайды. Нағыз сопылар дүниенің қызығынан безінушілер. Олардың мақсаты жұмақтан орын алу емес, Алламен дидарласуғана. Жомарт болса малын қиошу жан, тәтті ғұмырын дін жолына беруші. Діни кітаптарда шейіттікten жомарттықты ерекше атайды. Жомарт жан ислам дінінде о дүниеде тамұққа түспейді. Себебі, жомарттық Алла жолындағы жан. Нағыз жомарт — Алла. Жомарттық жасаған адам Алласының сипатына орай әрекет еткен пенде. Сондықтан жомарт адамды Алла сақтайды.

Төртіншіден, Абай сенім тазалығы туралы айтқан. Жаратқанға жалбарынғанда бас пайданы іздемей, қалтырысыз беріліп, оның ризалығына бас ию абзал. Мұны Абай нағыз мұсылмандық деп атаған.

Абайдың бұл сөзінен жалпы пәлендей қорытынды жасап, жүйелілік іздеудің қажеті шамалы. Ол ойна келген жайды баян еткен, ал одан қандай қорытынды жасайсың, ол өз шаруан. Абай қажы, молда, сопы, жомарт, шейіт туралы осындаі мәселелер бәрын айтқан. Себебі, бұлардың бәрі ақын айтқандай болмаса да, шынында осы амалдарды дүние үшін жасайтындары баршылық. Мұндай жай Абай айтуынша тек адамдарға ғана емес, Алланың өзіне де мәлім. Сол себепті махшарда құдай тағала оларға жоғарыда айтылғандай сұрау қояды екен.

«ҰЯТ ӨЗІ ҚАНДАЙ НӘРСЕ?»

(Отыз алтыншы сөз)

Пайғамбарымыздың хадис шариғінде: кімнің үяты жоқ болса, оның иманы жоқ деп айтылған екен. Қазакта да мақал бар. «Ұят кімде болса, иман сонда». Абай осы сөздерді айта келіп үят өзі қандай нәрсе деп өзінен-өзі сау-

ал қояды. Абайды хакім дедік, ол дегеніміз әр нәрсөнің себебін іздеуші. Үттүң себебін іздеп, оған талдау жасағанға қарағанда бұл сөзді біз нақлия емес ғақлияға жатқызамыз.

Иә, сонымен үят деген не? Абай үят туралы былайша ой толғайды: «Бір үят бар — надандықтың үтібы: жас бала сөз айтудан үялған секілді, жақсы адамның алдында жазықсыз-ақ әншейін барып жолығысдан үялған секілді. Не шаригатқа теріс, не ақылға теріс жазығы жоқ болса да, надандықтан бойын керістендіріп, шешілмегендік қылып, үялмас нәрседен үялған үялу — ақымақтық, жамандық».

Надандықтың үтібы адамның ақыл өрісі, ой-сезіміне қатысты ма деп ойлаймын. Ақылы қысқа, сезімі тар, ойы таяз жан Абай айтқандай үялмас нәрседен үялатын жаман адам. Үттүң мәні бетті басып, болмашы нәрсеге қысылу емес, өмірде өз орнында тауып, белсенді ғұмыр кешіп, айтар сезінді жасқанбай айтып, артынан өзін де үрлағынды да өкінгінейтін істер жасау. Жалқаулық, жалтақтық, қорқақтық, жігерсіздік, жауапсыздық сияқты қылықтар надандықтың үтібын құратын нәрселер. Сондықтан үят жоқ болса иман жоқ деген пайғамбарымыз өсінетін «үят кімде болса, иман сонда» деген мақалмен қабылдай отырып, үят деген тек жатымды нәрсе деп айтуға болмайды. Үттүң да үтібы бар. Абай айтқан надандықтың үтібы мен иманның еш қатысы жоқ. Қерісінше бір-біріне қарсы ұғымдар. Иманға қатысты Абай шын үят деген ұғымды ұсынған. Абай айтуынша: «Мұндай үят екі түрлі болады». Біреуі — ондай қылық өзін-нен шықпай-ақ, бір бетен адамнан шыққанын көргенде сен үялып кетесін. Мұнын себебі, сол үят істі қылған адамды есіркегендіктен болады».

Өзге адам үшін үяла білу нағыз адамшылдық. Демек, үттүң негізінде адамшылық жатыр. Үят тек адам баласына тән асыл қасиет. Өзгенің өреспекел қылығына үялу деген сөз, яғни ондай қылықты үялұшы жанның мұлдем қабылдамай терістеуінде, ондай жат қылықтың өз бойынан аластатылуында. Адам бойында үят келтіретін қылықтың болуы да ықтимал. Бірақ сол қылықты өзге біреу жасағанда соншама түрпайы көрінгені арқылы, адам өзін-өзі танып, сол жат қылықтан арылуға әрекет етеді. Мұны гибрат деп атайды.

Шын үттүң екінші түрі туралы ақын ойын одан әрі мына түрғыда сабактастырады: «...Үят, шаригатқа теріс, я ақылға, я абиурлы бойға теріс, ...я адамшылыққа кесел

қылық, қатеден, яки нәпсіге еріп ғапылдықтан өз бойынан шыққандығынан болады. Мұндай ұят қылық қылғандығынды бөтен кісі білмесе де, өз ақылың өз нысабын өзінді сөккен соң, іштеп ұят келіп, өзіне жаза тарттырады. Кірерге жер таба алмай, кісі бетіне қарай алмай, бір түрлі қысымға түсесін. Мұндай ұяты күшті адамдар үйқыдан, тамактан қалатуғыны да бар, хатта өзін-өзі өлтіретүғын кісілер де болады. Ұят деген адамның өз бойындағы адамшылығы, иттігінді ішінен өз мойныңа салып, сөгіп қылған қысымың аты... Мұндай қылыққа жетіп үялған адамға өкпесі бар кісі кешпесе, яки оның үстіне тағы аямай өртендіріп сөз айтқан кісінің өзінің де адамшылығы жоқ десе болар».

Шын ұят дегеннің осылайша мән-мағынасын ойшил Абай ашып берген. Сонымен бірге үялған жанның күйзелісін түсініп оған кешірімді болудың өзін ұяты бар адам үғынады деген ой айтқан. Шын үялған жанды ұяты бар адам ғана түсіне алады, ал мен өзім көріп журген кісілерім үялмақ түгіл қызармайды дейді ақын. Демек, олардың бойында иманы бар деп айтуга қалайша болады. Абай иман мен ұяты бірге қарастыраң, бұл мәнде иман дегеніміз тек діни түсініктен гөрі адамшылықтың өлшемі ретінде қабылданады. Иманиң негізі — адамшылық. Бұл Абайдың гуманизмінің басы қағидаларының бірі.

ҒАШЫҚТЫҚ ЖҮРЕК СЕНІМІ

(Отыз жетінші сөз)

Бұл сөзде өзгелердей бір ғана ой өрбімеген, жынырма үш жеке-жеке нақыл айтылған, олардың көбін мақалмәтелең жатқызуға болады. Мысалы, «Қоңылдегі көрікті ой ауыздан шыққанда өні қашады», «Әкесинің баласы — адамның дүспаны, адамның баласы — бауырын», «Ер артық сұраса да азға разы болады. Ез аз сұрап, артылтып берсөң де разы болмас», «Өзің үшін еңбек қылсан, өзі үшін оттаған хайуанның бірі боласың; адамшылықтың қарызы үшін еңбек қылсан, алланың сүйген құлының бірі боласың», «Егер ісім өнсін десен, ретін тап», «Биік мансап — биік жартас, ерінбей еңбектен жылан да шығады, екпіндеп ұшып қыран да шығады», «Бақпен асқан патшадан, мимен асқан қара артық; сақалын сатқан кәріден еңбегін сатқан бала артық», «Ток тіленші — адам сайтаны...», «Жаман дос көлеңке, басынды күн

шалса, қашып құтыла алмайсың; басында бұ і шалса, іздел таба алмайсың», «Досы жоқпен сырлас, досы коппен сыйлас», «Қайғысыздан сақ бол, қайғылыға жақ бол», «Қайратсыз ашу — тұл, тұрлаусыз ғашық — тұл, шәкіртсіз ғалым — тұл».

Мақал-мәтелдер ойлаудың темір қазықтары. Адам соларға сүйене отырып, өз лікірін білдіреді. Әдетте мақал-мәтелдер ғасырлар бойы сұрыпталып, ой елегінен өтіп барып, мәңгілік әрі аксиомалық мәнге не болады. Мақал-мәтелді құрастыру әркімнің қолынан көле бермейді.

Абай бұл сезінде көнілінде жүрген көрікті ойларын мақал-мәтел етіп өрнектеген. Шынында да жоғарыда келтірілген нақылдар ел ішінде әлдекашан мақал-мәтелге айналған. Бірақ, біз осы мақал-мәтелдердің тілімізге, түсінігімізге женіліне құмармыз. Айғалық, «Шәкіртсіз ғалым — тұл» дегенді жіңі қолданамыз. Ал, «тоқ тіленші — адам сайтаны» дегенге мән бере бермейміз. Адам өзі тоқ болып тіленші болса, қанағат, тәуба, шүкіршілік, ырыздық, нәсіп сияқты дүниетанымдық сана-сезімнен мұлдем тыс болғаны. Ондай жанды Алласын құлы деп айтуға еш негіз жоқ. Мұндай адамдар тек Абай заманында емес, біздің де ортамыздан табылады. Ақын «Қайғысыздан сақ бол» — дейді. Қайғысыз адам ойсыз жан. Қайғыны парықтамаған қуана да білмейді. Қайғы мен қуаныш егіз үғымдар, бірінсіз-бірі жоқ. Сондықтан Абай қайғырудан да, ессіз қуанудан да сактандырады. Не болса да мелшермен болғаны адам ісі. Мелшерден асканның бәрі шайтан ісі. Адам болмысын терең барлаған Абай «тұрлаусыз ғашық — тұл» дейді. Ол ғашықтың айтып отырған жоқ, «ғашық» туралы ой қозғаған. Тұрлаусыздық болған жерде ғашық жоқ. Бірақ, ғашық болу үшін, оны тану үшін тұрлаусыздық туралы білім болуы да орынды. Себебі, ғашықтық — жүрек сенімі. Адам өзі жаратқан Алласына ғашық, қыз жігітке ғашық, бала экесіне ғашық т. б. Ғашық ақыл өлшеудіңіші емес, жүрек сезінуінен туады. Ол ақылдан емес, сезім байлығынан туындейды. Сондықтан ол тұрлаулы, егер де ғашық — ақылға қатысты болса, онда оның тұрлаулы болуы екі талай іс. Ақыл деген таным, ол қылышындаған үстараның жүзіндегі тиғен нәрсесін тіліп, тереңдей береді. Ол тоқтауды, қажуды білмейді. Дүниені тану шексіз, олай болса ақылда тұрактылық жоқ. Оған тұрактылықты сезім береді. Сезінде сенім болса, ақылда өткіншілік басым. Ақылы дариядай деп халық даналар туралы ай-

тушы еді. Мен ақылды ағынды өзенге тенегенді дұрыс деймін. Ақылдың ағысы болмаса, ол ақыл болудан қала-ды, оны ғылым тілінде «догма» деп атайды. Кешегі ақылды сөз бүгінге сәйкес келмесе, оның ақыл болмаға-ны. Бұл мәнде ақылдың барлаушысы сезім. Сезімсіз ақыл шолақ. Абай «турлаусыз ғашық — тұл» дегенде сезімге күрүлған ақыл туралы айтып отыр.

Мақал-мәтелдерден өзге бұл сөзінде Абай филосо-фиялық байламдар жасаған. Ақын «кеп» туралы айта келіп «дүниеде бар жаман да көpte, бірақ қызық та, ер-мек те көpte» дейді. Ол «кеп» дегенде тобыр мәнінде айтқан. Сократка у ішкізген, Гайсаны дарға асқан көп. Олай болса көpte ақыл жоқ. Оны ебін тауып басқару керек. «Көп» туралы Абай үлкен мәселе көтеріп отыр, көп айты деп дүрмекке түсіп кетсөн, аяғы опық жегізу-ге апарары сөзсіз. Кенес империясы өз саясатын көптің саясаты деп жарияладап мемлекет құрды, аяғы опасыз болды. Ақыл Алла нұры десен, ол көпке емес, жеке адам-ға түседі. Санасында саулесі бар жан қараңғы көптің өміріне жарық әкеледі. Тарихта үнемі осылай болып отырған, бұл заңдылық, одан асып ешкім әрекет сте ал-майды.

Абай «бағын өскенше — тілеуінді ел де тілейді, өзін де тілейсің, бағын өскен соң — өзін ғана тілейсің»,— деп қою ой байламын құрастырған. Шынында да бақты өсі-руші өз енбегін, тілеуқор елің. Бірақ, үнемі солай болып тұра бермейді. Басында бақ қонған соң өзгеше заңдылық пайда болады. Оның себебі, сен көптен ақылыңмен үзап олардың алдына шығып кетесін. Қөштің ең соңғы көлі-гіндегі отырған адам алдыңғы көліктегінің көргенін көре алушы ма еді. Бұл бір. Екіншіден, адам болмысында бақыт қонған жанға деген қызғаныш болады. Қызғаныш сезімі ак пен қара сиякты, оның жақсылығы да жаман-дығы да бар. Жақсылығы сол, басына бақ қонған адам сақ, ісіне жауапты болады. Жамандығы сол, бақ қонған жанға қызғаныш жанына жара, ой-өрісіне тұсау сала-ды. Соңықтан бағын өскен соң тізгін өз қолында, жа-нашырық да, сүйенерің де өз ақылың мен қайратың, өз-геден дәмеленген бос әуре. Абай адамдар арасындағы бір аса күрделі қатынастарды өзінше осылай түсін-дірген.

«ҒҰМЫР ӨЗІ — ХАҚИҚАТ»

(Отыз сегізінші сөз)

Абайдың түсінікке ауыр шығармаларының ішіндегі ең айтулысы отыз сегізінші кара сөзі. Осы сөзде айтылған көптеген пікірлерді өлеңдерінен, өзге қара сөздерінен кездестіреміз. Мысалы, «Алланың өзі де рас, сөзі де рас», «Алла деген сөз жеңіл» деген өлеңдерінде айтылатын ой желілері қырық үшінші, қырық бесінші қара сөздерінде қайталаңады. Бұл шығармалардағы Алла меч адамға катынасты пікірлер отыз сегізінші қаға созінде нақтылы әрі дәлелді айтылған. «Қара сөз» — өлең емес, нақтылықты кажет ететін ерекше жанр, оны философиялық трактатқа жақын қарастырамыз. Сондыктan қара сөздер көркемдік емес, логикалық заңдылықтарға құрылған. Ақынның бұл сөзін қыскаша түрде тәсілдеп беру үшін, оның айтпақ болған басты идеясын аңғару керек.

Қара сөздің негізгі идеясы туралы Абай былай деген: «Ғұмыр өзі — хақиқат. Қай жерде ғұмыр жоқ болса, онда кәмәлат жоқ». Нактылы ой. Бар мәселенің кілті — ғұмыр. Тек ғұмыр болған соң ғана өзге нәрселер туралы мазмұнды әңгіме жасауға болады. Алла, адам туралы түсініктер ғұмырдан тыс емес, олар хәқындағы ақиқаттарға ғұмыр тікелей қатысты. Жалпы айтқанда, «ғұмыр» деген ұғым болмыстың тұтастығын білдіреді. Ғұмыр болған соң Алла туралы түсінік, адам жөнінде толғаныс, адамның адамшылығын бейнелей алғатын — маҳаббат бар. Енді осылар туралы тарам-тарам білім, ғылым салалары анықталып, хақиқат жолын нұсқаушылар: пайғамбарлар, әулиелер және хакімдер тұралы Абай өз ойларын ортаға салған.

Әуелгі сөз Алла тағала болмысина арналған. Абай ұғымында Алла болмыстың аталуы. «Себебі, алла тағала өзі — хақиқат жолы» — деген ол. Адамның ғылымы осы хакиқаттықтың растығын білу, оған құмар болу деген сөз. Бұл Алла ғылымы емес. Барша нәрселер хикметін анық білетін ғылым — Алла ғылымы. Адам ғылымы оны Алла ғылымына ынтық етеді. Осы ынтықтың өзі адам ғылымына мазмұн болады. Бірақ, ол үшін Аллаға ғашықтық керек. Себебі, ғылым Алланың бір сипаты, ол хақиқат, ал оған ғашықтық адамға адамдық қасиет береді. Абай ғылым жолына түскен адамды хакиқат жолына, яғни Алла тағала жолына түскен жан деп санайды. Мысалы, мал табу, пайда табу жолына түскендерден

Аллаға ғашықтық, яғни ғылым-білім хақиқаты табылмайды.

Хақиқат туралы өз ойын Абай Алла тағалаға иман келтіруден бастайды. Ол «Сен алла тағалаға алла тағала үшін иман келтіремісің?... Сен иман келтірмесен де алла тағалаға келер ешбір қемшілік жоқ еді», — дейді Абай. Иман келтіру Алла үшін емес, адам үшін қажет. Иман туралы он үшінші сөзде айтылғандықтан, оны арнағы талдаудың қажеті шамалы. Иман туралы сол он үшінші сөздегі ұғым сақталған. Алайда, осы сөзде, яғни отыз сегізінші сөздегі Абайдың иман туралы тың ойы мына жөлді өрбиді: «Алла тағалаға ұқсай алам ба деп, надандық бірлән ол сөзден жіркенбе, ұқсамақ — дәл бірдейлік дағдысы бірлән емес, соның сонында болмақ». Бұл бұрын кездеспеген тың ой. Ақын айтқан ғылымның орнында бұл қара сөзінде Алла тағала тұр. Өзінді Аллаға ұқсауға шарт қыл,— дейді Абай. Адам, сен Алланың құлысың, бірақ өзіңнің мұсылман (мұсілім) болып нақты берілгенің рас болса, Аллаға ұқсауды міндет ет. Ислам дін басшылары мұндағы қағиданы жаратпайтыны анық. Бұл тұста Абай екі мәселеде ислам дінінің шенберінен асып тұр. Бірі, адамның тікелей Алласына ұқсауға рұхсат жоқ. Арада елші Расул пайғамбар бар. Ұқсасаң соған ұқса. Абай болса, бұл мәселені ескермеген. Дін бойынша адам еркі шектеулі. Ол Алла әмірі бойынша іске асатын адам әрекеті. Абай адамның Алла алдындағы бұл тәуелдігі «алып тастаған». Ол Аллаға адамның ұқсауы туралы айтқанда, адамның шексіз дамуы туралы әңгімеге ауысқан. Сол себепті, ол Алланың сегіз сипаттарына токталған. Олар: Хаят (тіршілік, тірі болу), Ғылым, Құдірет, Басар (көру, көруші), Сәмір (есту, естуші), Ирада (тілеу, қалау), Қәлам (сөздер), Тәкин (Болдыру). Абай айтудыңша: «Бұл сегізінен аллатагаладағыдай кәмәлатғазамат (жетілу, үлкею) бірлән болмасада, пендесінде де әр бірінен өз халінше бар қылып жаратыпты». Сондыктан адамның Алласына ұқсауы таң қаларлық іс емес. Міне, осы тұста Абай тарғы да реформаторлық пікір айтады. Осы сипаттар бойымызда зәррадай болса да болғандығымыздан біз мұсылманбыз ба, эрине жоқ, себебі, Алла тағала ешбір сипатка мұқтаж смес, мұқтаж болып отырған біз, ол бізге Алланы тануға (мағрифатулла үшін) қажет. Алланы біз ешқашан толық біле алмаймыз, бірақ осы сегіз сипаттары арқылы өзінің білінгенін ғана білеміз. Тіптен Алла тағаланың заты түгіл, оның хикметіне (даналығына) ешбір хакім ақыл

жеткізе алмайды. Оның себебін Абай былайша түсіндіреді: «Алла тағала өлшеусіз, біздің ақылымыз — өлшеулі. Өлшеуіл бірлән өлшеусізді білуге болмайды. Біз алла тағала «бір» дейміз, «бар» дейміз, ол «бір» демеклік те — ғакылымызға ұғымың бір тиянағы үшін айтылған сөз. Болмаса ол «бір» демеклік те алла тағалага лайыкты келмейді».

Демек, Алланы ақылмен тану мүмкін емес, ақылымыз, ғылымымыз шектеулі. Шектеулі ақыл мен шексіз шындық — Алланы анықтауға болмайтын іс. Алла «бір», «бар» деген жүргенімізде Алла мазмұнын ашатын ұғымдар емес, біздің түсінігіміздің тиянағы үшін айтылған сөздер, адам ойлап тапқан түсініктер. Эйткенде, оның «бір», «бар» екені бізге беймәлім.

Сол сияқты Алла тағаланың сегіз сипатының біреуін зор деп айтуға тағы болмайды. Себебі, «ықтиярсыздық алла тағалага лайыкты емес». Бірақ, сегіз сипаттан өзге Алла тағаланың мынандай есімдері бар: Рахман (жарылқашы), Рахим (мейірімді), Faфур (кешіруші), Уадуд (суюші), Хафиз (коргаушы, сактаушы), Сеттар (айыпты жабушы), Разақ (рызық беруші), Наиф (пайда беруші), Уәкил (өкіл), Латиф (жақсы, кішіпейіл)».

Алланы тануда (мағрифатулла) Абай екі тәсіл қолданған. Бірі нақлия (бұрыннан айтылып жүрген сөздермен) дәлелдері, екіншісі ғақлия (оімен, ақылмен) дәлелдері. Жоғарыда атап өтілген Алла есімдері туралы айту нақлия. Ал ғақлия болса, ақылмен, оімен Алла құдіретін тану. Оның өзінде «Ғақлия дәлелім құдай тағала бұл ғаламды ақыл жетпейтін келісібірлән жаратқан апан басқа, бірінен-бір пайда алатұғын қылышп жаратыпты. Жансыз жаратқандарынан пайда алатұғын жап иесі хайуандарды жаратып, жанды хайуандардан пайдаланатұғын ғақылды инсанды (адам баласы) жаратқан». Жануарлардан мақшарда, яғни ақырзаман болғанда сұрау жоқ, демек, олар күнәсіздер қатарында. Сұрау ақыл иесі адамнан ғана болмақ. Мұны Абай гадалеттілік дейді. Себебі, адамды Алла махаббатпен жаратқан, ғаламдағы бар нәрсені адамда бағындырған, өзіне де ерекше сипат берген. Бұл мәселені Абай былайша дәлелдеп берген: «Адам баласын құрт, құс өзге хайуандар сипатында жаратпай, бұл гузәл сипатты беріп, екі аяққа бастырып басын жоғары тұрғызып, дүниені көздерлік қылышп өзге хайуандар секілді тамақты өз басымен алғызбай, ыңғайлы екі қолды басқа қызмет еттіріп, аузына қолы ас бергенде, не ішіп, не жегснін білмей қалмасын

деп, исін алып ләzzаттанғандай қылып ауыз үстіне мұрынды қойып, оның үстіне тазалығын байқарлық екі көз беріп, ол көздерге нәзіктен, заардан қорғап тұрарлық кабақ беріп, ол қабактарды ашып-жауып тұрганда қажалмасын деп кірпік жасап, мандай тері тұра көзге ақласын деп, қаға беруге қас беріп, оның жүзіне көрік қылып, бірінің қоғынан келмestей істі көптесіп бітірмекке, біреуі ойын біреуіне ұқтырарлық тіліне сөз беріп жаратпақтығы махаббат емес пе? Кім өзіне махаббат қылса, сен де оған махаббат қылмағың қарыз емес пе?». Демек, иман дегеніміз, яғни құдайға құлшылық ету дегеніміздің өзі қарызды өтеу. Адам Алласына әманда қарыздар. Оны түсінбегендерде иман жок, ақыл жок. Ақылды адамда иман бар. Оны қалай түсінуге болады. Қөтеген ақылды адамдар өзге дінге, өзге құдайға табынып, ол сенімді уагыздайды. Оның шешімін Абай өзінше түсіндірген.

Абайдың иман келтіріп мұсылмандықты қабыл алған адамға қояр талабы өзгеше. Ол мұсылмандылықты ғаділет пен махаббат арқылы түсіндірген. Қиянат болған жерде мұсылмандық болмақ емес дейді Абай. Осы пікірін дәлелдеу үшін хадис шарифтен бірнеше гяttар келтіреді: «Құдайдың бергеніне ой жібер», «Егер сен алланы сүйсөн, о да сені сүйеді», «Адамдарға жақсы іс істе деп, жақсылық етініз деп бүйірыңыз, өйткені құдай жақсылыққа таратушыларды сүйеді», «Сондай адамдар құдайға иман келтіреді, жақсы істер істейді, ондайлардың орны мәнгі жұмакта». Сондықтан Абай әділеттілікten тыс болғанды Алла тағала жолынан шығушылық, имансыздық деп түсіндіреді. Алланы тапуда оның ракымды, ғаділетті, құдіретті екенін айырдық. Адамда ғылым, рақым, ғаділет және (адам құдіреті туралы Абай ешиәрсе айтпаған) олардың үш сипаты (атрибуты) бір. Олар талаптылық, мұсылмандық және адамгершілік. Жақсы адам бойында тағы да үш сипат болмақ, олар сиддық (шындық), кәрәм (ізгілік), ғақыл (даналық). Мұны Абай жәуғанмәртілік деп атайды. Осы сипаттың иелері — пайғамбарлар, әулиелер, хакімдер және кәміл мұсылмандар. Абай осы үшеуінің іс-әрекеттеріне талдау жасаған. Пайғамбарлар құдайға құл болып, дін жолына түсіп, жалған алиреттің қамын ойла деген қағида ұсынады. Адам жалғанның қызығы емес, о дүние қызығына құмар болып, дүниенің мағлұматтылығын теріске шығрады. Әулиелер болса Аллаға ғашық болуды насиҳат етіп, нәпсіге тыйым салып дүние қызығынан өздерін алас-

татады. Хакімдер болса дүниенің тиетін пайдасын ойлады, ғибрат (ұлғі) айтты. Сонда кімдерді тыңдал, кімдердің сонынан ермекпіз. Жоғарыда айтылған үш хаслатты (сипат) кімдердің бойынан табуга болады дегенге келтеде, Абай өзінше пікір қорытқан. Ақын дүние қызығынан бас тартушылықты, тақуалықты қолдамайды: «Бұлай болғанда малды кім бағады, дұшпанды кім тоқтатады, киімді кім тоқиды, астықты кім егеді, дүниедегі алланың пенделері үшін жаратқан қазыналарын кім іздедейді?». Абай нақтылы сәйлегенді жаратады. Нәспіні фида қылышулықтың өзі, анығында Алла жолы емес. Себебі, нәспіні ерекше қасиет ретінде адамға жаратушысы берген. Егер, сол Алла берген нәспіні пайдаланып, қызығын көрмесе, Алла әміріне қарсы шығушылық. Мәселе, нәспіні дер кезінде тыя білу, менгеру өзге іс. Жалпы нәспіні теріске шығару мұсылмандық емес. Тіптен өмір сүруден, дүние пайдасынан қашқақтау да мұсылмандыққа жатпайды. Малды құдай адам қажеті үшін жаратқан, ендеше оны бағып-қафу, өсіру, пайдаға асыру да Алла ісі. Тіптен дүние туралы ой болмаса, ел елдігінен айрылып, кәпірлерге жем болып, дүние ойран болмақ. Сондықтан Абай: «Ғұмырдың өзі — хақықат» дейді.

Абай әулиелердің бәрінің бірдей дүниені тәркі етпегендігін де айта кеткен. Оған ислам әлемінен мысалдар келтірген. Бірақ, оның ынталасы пайғамбар мен әулиелерге қарағанда хакимдерге ауа береді: «Адаспай тұра іздеген хакимдер болмаса дүние ойран болар еді... Бұлардың ісінің көбі — дүние ісі, ләkin осы хакимдердің жасаған, таратқан уа айтқан істері әддүния мәзрәгетул — ахирет (дүние ахиреттің егіні) дегендей, ахиретке егіндік болатын дүние сол».

Хакімдердің пайғамбар мен әулиелерден артықшылығын мойындау діннен шығу болып саналады. «Алла бір, пайғамбар хак» деген қағидаға бұл түсінік симайды. Хакімдердің діні әр түрлі болуы ықтимал. Осы сөздерден үлкен бір ойга қаласыз. Осы хакім дегендегер бір дінде, бір сенімде бола ма екен? Айталық, Абайдың өзін хакім деп мойындастасақ, оның дәстүрлі мәніндегі мұсылмандығына шубә келтіруге болады. Ол өзін мұсылманға жатқызған. Оған бірнеше дәлелдер келтірген. Біріншіден, он үшінші қара сөзде якини иман туралы сөз болғанын айттық. Галымдардың айтуымен иман қайыруды таклиди иман дейміз. Яғни, бұл галымдардың нақлия дәлелдері арқылы Аллага сену, ал хакімдердің ғақлиялық дәлелдері арқылы Аллага сеніп иман келтіруді яки-

ни иман дейміз. Яғни, якни иман дегеніміз Алланы тेरек түсініп барып илану. Абай «ғылым» мен «хакімді» ажыратқан. Оның айтұынша: «әрбір ғалым — хаким емес, әрбір хаким — ғалым». «Ғатым» дегенге Абай мынандай түсінік берген: «Дүниеде ғылым зәнири (сыртқы ғылым) бар, олар айтылмаштарды нақлия деп атайды, бұл нақлияға жүйріктер ғалым атанады». Ғалымның айтар сөзі нақлия. Ғалым дүниені білуші, танушы сол хақында айтушы. Хакім туралы Абай өзгеше айтқан. Құдай дүниеде еш нәрсені себепсіз жаратпаған. Сондықтан Абай: «әрбір істің себебін іздеушілерге хаким ат қойылдар», — дейді.

Міне, хакімнің ғалымнан да, пайғамбардан да, әулиeden де ерекшелігі сонда. Хакім қандай ісінің болмасын болмысын, себебін іздеуші. Алайда, олар әр істің құпиясын толық таба алмайды, өйткені ол Алланың құпиясы. Сонда Абайдың мұсылмандығы ерекше талдауды қажет етеді. Анығында ол «мұсылмандық» дегенге нақтылы түсінік берген. Оның мұсылмандығы ортодоксиялық ислам түсінігімен сай келе қоймайды. Себеп іздеу деген адамды сенімнен шығарады. Дәстүрлі дінде Аллаға сену керек, ешқандай себеп іздеудің қажеті шамалы. Ал, Абай болса иман келтірудің өзінен сол себепті іздел отыр.

Екіншіден, Абай мұсылмандықтың мынандай бір өлшемін айтады: «...дінде басшымыз құдайдың елшісі пайғамбарымыздың хадис шариғі, хайру и-нас мән йанфағу и-нас (адамның жақсысы пайда келтірген адам) деген». Мұндай адамды Абай хакім атаған. Сонда нағыз «кәміл мұсылман» — хакімдер. Бұлардың діні қалай аталады. Мине, осы сұралкүні бүгінге дейін шешімін таппай жүр. Эркім өз діндеріне берілген, олар бір-біріне іштей де, сырттай да наразы, әрқайсысы өктемедік іздейді. Адамға тек жақсылық әкелетін дін қайда? Абай діннеге реформа жасау жағында болған. Олай дейтініміз, оның өзі хакім, яғни себеп іздеуші. Ол біреудің айтқанына иланатын жан емес, өзі іздел, айрып барып ақыл тоқтататын данышпан. Ол пайғамбар, әулиелер туралы айтқанда, оларды мұлдем жоққа, теріске шығарып отырған жоқ.

Алла мен адам арасындағы елші нәбилердің, тән әрі жан тазалығын қастерлеген әулиелердің қажеттігі ерекше. Олар болмағанда дүниенің мағмурлығы (қызық, әдемілігі) адамды хайуандандырып жіберуі ықтимал. Абай түсінігінше: «дүниенің мағмурлығы бір түрлі ақылға нұр

беріп тұратүгын нәрсе». Бірақ, дүние қызығы адамды тұра жолдан бұруы ғажап емес. Адам бол аты аталғанмен әрбір жан өзгеше. Алайда, Абай ерекше өзгеше болудан сақтандырады. Өзгеше боламын деп адам мактанды бастайды. Ол күншілдік туғызды. Әрине, біреуден асамын деп әрекет жасау жаман іс емес, бірақ оны мактанды айналдырып, өзінді-өзің босқа қинасан, ол надандық.

Абай бұл сөздің соңында моральдық мәселелерге тоқталған, өзі айтпақшы нақлия айтқан. Мысалы, адам баласын қорқылатын үш нәрсе бар, олар: надандық, еріншектік және залымдық,— дейді. Оларға анықтама берген. Бұл ғылымда пәлендей жақалықтар емес, гибрат сөздер, айталық, еріншектікке мынадай өте мәнді түсінік берген: «Еріншектік — күллі дүниедегі өнердің дұшпаны. Талапсызық, жігерсіздік, үятсызық, кедейлік— бәрі осыдан шығады».

Сөз соңында гибрат туралы айтылған. Онда ғақлиялық ойлар жоқ, гибрат үшін нақлия жазылған. Оны Абайдың өзі де сезіп, сөзді «Жә, бұл сөзден гибрәтлендік?!» — деп аяқтаған.

АТА-БАБАЛАРЫМЫЗДЫҢ ЕКІ МІНЕЗІ

(Отыз тоғызынышы сөз)

Бұл сөзде үлттық мінез туралы терең ойлар айтылған. Абай өз замандастарымен ата-бабалардың мінезін салыстырып, өз туыстарының бұрынғыларға қарағанда ілгері екендігін мойындаі отырып, осы күнгілерде ата-бабаның екі мінезі жоғын айтады. Бұл мінездердің жоқтығынан қазақ қауымның адал ісі алға баспай отыр. Елдіктен кетіп барамыз, сайтандыққа салына бастадық.

Ол қандай мінездер еді. Бірі — ерте заманда ел басы, топ басы деген кісілер болушы еді. Ел арасындағы баршама болмысты солар реттеп, басқаратын. Ел басыға жұрт сеніп, қарапайым шаруа өз жұмысымен болушы еді. «Бас-басыңа би болсан, манар тауға сыймассың, басалқаңыз бар болса, жалған отқа күймейсің» — деп екі тізгін, бір шылбырды бердік саған деген соң ел басы, топ басылар да азбайтын, ел күрметімен санасатын. Осы тұста Абай бір үлкен мәселенің басын ашып кеткен. Ол қазақ ауылның әлеуметтік құрылымы туралы. Қазақ ауылы қандас туыстардан тұрады, сондықтан ауыл басшысы жетесіз болмаса, өз бауырының қамын жемегенде

қайтпек. Оның әділ болмауына бұлтаң жол жоқ. Ал осы мінезден қазақтар Абай заманы кезінде неге айрылып қалды. Себебі, ендігі жерде ел билігі ел басының қолында емес, орыс әкімдері қатысуымен жоғарыдан ұсынылып сайланатын болыстың қолында болып, Адамды жазалау, сottaу т. б. азаматтық істер орыс әкімдерінің еркіне қарады. Өзін-өзі басқаратын ел болмағандықтан қазактарға сайтандық ене бастаған. Сөз үғар, сөзге тосылар қауым азайды. Ел басы топ басының орнына саңырауқұлақтай қаптап пысықтар, қу мен сүмдар пайда болды. Мінез ұсақталды. Сондықтан намыс деген аруақты сөз жер болды, бұл қазір жойылған екінші мінез. Алайда, ат қойып аруақ шақырылған кезде,— дейді Абай, ағайын өкпе, араздыққа қарамайды, жанын салады екен. Ол намысқорлық. Сондықтан да халық «ағайынның азары болса да; безері болмайды»,— дейді. Міне, осы екі мінездің замандастары арасында жойыла бастағанына ақын қатты қынжылады. Данышпанның бұл ойна таң қаласың, сол кезеңде қазақтың терезесі дәл қазіргідей шайқалмаған заманда осы мінез болмаса, бүгінгі күні оларды еске алудың өзі жаңалық, бүгінгі ел басы, топ басы болып жүргендердің көбісі, жоғарыдан bekітіліп, сайланған әкімдер. Өз даналығымен халық мұддесін жақтап шыққандары шамалы. Ұлттық намыс деген тіptен жоқ, одан айрылдық: «Ендігілердің достығы — бейіл емес, алдау, дүшпандығы — кейіс емес, не күndестік, не тыныш отыра алмағандық»,— дейді Абай.

СҮРАҚТАР

(Қырқыншы сөз)

Абай сендерден бір сұрайын деп жүрген ісім бар деп, қатарынан жиырма бір сұрақ қойған. Бұлардың бас-басына тоқталып жатсақ көп сөз болмақ. Сондықтан айгарымыз Абайдың осы оқырманға арнап сұрақ қоюдағы максаты турали.

Сұрақ қою бар, оған жауап беру бар. Бұл танымның бір тәсілі. Абай сұрақтар қойған, бірақ жауап бермеген. Бұл да құптарлық ойлау дәстүрі. Өйткені, кей-кейде жауапқа қараганда сұрақтың мағынасы басым болуы таңқаларлық іс емес. Оның бірнеше себептері бар.

Біріншіден, сұрақ қою білмегенді білуге тырысушылықтан қойылады. Демек, сұрақ білмектің белгісі. Жас

бала да өміртанымын сұрақтан бастайды. Сұрақ деген ганымға ынтықтық. Сұрақтың мәнісін үқпаған білімсіздік. Сұрақ өмірдің өзінен туады, демек сұрақ беру өмірганудың басы.

Екіншіден, сұрақ сынақ үшін қойылады. Бұл жағдайда сұрақ қоюши берілер жауаптың бағыт-бағдарын біледі. Біліп тұрып сұрақ қоюшылық оқу, тәрбие ісіндегі қажеттілік. Ол шәкірт пен үстаз, ата-ана мен бала арасында болатын жай. Бұл арнайы мақсатқа орай жасалатын тәртіп.

Үшіншіден, нақты жауапты қажет етпейтін сұрақ болады. Бұл сұрақтың мәнісі өзгеше. Оған мысалға билер шыгармашылығы айғақ. Ел аузында Төле би елдің игі жақсылары жиналған бір мәжілісте жұмбақтап: бір, екі, үш, төрт, бес, алты, жеті, сегіз, тоғыз, он деген екен. Отырғандардың еш қайсысы үл жұмбақты шеше алмаған соң, жұмбақты шешуге Қаз дауысты Қазыбек рұхсат сұрапты. Сонда Қазыбек бидің шешімі:— Бір дегеніміз — бірлігі кеткен ел жаман.

- Екі дегеніміз — егесіп өткен ер жаман.
- Үш дегеніміз — үш бұтақты шідерден шошынған ат жаман.
- Төрт дегеніміз — төсектен безген жас жаман.
- Бес дегеніміз — белсеніп шапқан жау жаман.
- Алты дегеніміз — асқынып кеткен дерт жаман.
- Жеті дегеніміз — жас келіншек жесір қалса, сол жаман.
- Сегіз дегеніміз — серпілмеген қайғы жаман.
- Тоғыз дегеніміз — торқалы той, топыракты өлімде бас көрсетпесе, сол жаман.
- Он дегеніміз — оңалмас кәрілікке дауа болмас деген екен Қаз дауысты Қазыбек (Ел аузынан, Алматы, «Жазушы», 1989, 41-б.)

Төле бидің жұмбақтап айтқандарын Қаз дауысты Қазыбек осылайша шешіп береді. Өзге би мүмкін өзгеше айтар ма еді. Демек, жауап беру, жұмбақты шешу міндетті турде Төле бидің ойындағысын табу емес, дәлелді сөзбен оның ойынан шығу. Бұл екеуі бір нәрсе емес. Билер көбінесе жауап беретін адамға еркіндік беріп, дәлелді жауапқа тоқталып отырған.

Абайдың сұрақтарына да дәл жауап жок, мәселе Абайдың, ойындағысын табу емес, оның ойынан шығуда. Бұл сұрақтарға нақтылы жауаптан горі қарсы дәлелдер келтірген дұрыс. Дәлелдер жауап орнына жүреді. Мұнданай сұрақтарға дәлел-жауаптар да жеткілікті. Әңгіме

жауап берушінің қиыннаш қыстырып дәлел табуында. Сондықтан қазақ осындай жағдайларда «Аталы сөзге, арсыз таласады» — деген. «Аталы сөз» — деп отырғанымыз қойылған сауалга берілген дәлелді жауап.

Қазақта көбінесе сұрақтан жауаптың қысқа болатын түстары көп. Содан барып халықта «бір ауыз сөз» деген ұғым пайды болған. Қалың жүрт атала бір ауыз сөзге тоқтаған.

Абайдың қалған сауалдарына жағдайға байланысты, заман түсінігіне орай әр қылыш жауап қайтаруға болады, бірақ жалпы сұраққа толық жауап қайтарылуы мүмкін емес. Қандай болмасын жауап бағыт-бағдарды белгілейді. Ал, сұраққа толық жауап беріліп, сұрақ мәні сарқылса, ол нағыз сұрақ болып есептелмес еді.

Сұрақ деген философиялық ұғым. Қазақ санасында «сұрақ» деген бар да, «сұрау» деген бар. Соңғысын қоюшы Алла, алғашқысын қоюшы адам.

Адамның адамға сұрақ қою болмысты, ғаламды танудың басты шартты. Алланың адамға сауал қоюның мәні пендесінің адамшылығын тексеруі. Абай сұрақты адамдар қызығына орай қойған. Адам болмысы мен санасындағы қайшылықтарды, қарама-қарсы қызықтарды ашып берген. Бұл сұрақтардың мәні берілетін жауап дәлелдермен күнды.

БИЛІК ПЕН БАЙЛЫҚ

(Қырық бірінші сөз)

Абайдың айтуынша, қазаққа ақыл берем, түзеймін деп кам жеген адамға екі түрлі нәрсе керек. Оның осы дүниеде сенін ұсақ күйкі тірлігінде аскан қызық бар ма деп не айтып, не зорлап көндіре алмайсың. Күштеп, зорлап балаларын медресеге беріп, ғылым жолына түсіру үшін осы істерді атқармак адамның қолында бек зор өкімет билігі болуы шарт. Бұл бір. Екіншіден, ол кісі не есепсіз бай болуы керек. Себебі, ата-аналарына пара беріп, балаларын тағым (үйрету) жолына салу керек. Бірақ бүкіл қазақты паралап алу қай кісінің қолынан келмек. Ондай дәүлет қайда. Міне, түйікка тірелу. Осы түйіктан қалайша шығуға болады, оның жолын таппаған Абай: «Етінен өткен, сүйегіне жеткен, атадан мирас алған, ананың сүтімен біткен надандық әлдекашан адамшылықтан кетірген», — деп налиды. Бұл амалы таусылған адамның сөзі, тегінде, Абай айтқан билік пен бай-

лық үлттық мұддесе с құрылған мемлекеттің қызметі, ондай мемлекет жок, басы бодандыққа түскен, саяси еркіндігінен, өзін-өзі басқарудан аластатылған қазақтың надандықтан шыға алмауы да түсінікті. Осыны жаңымен ұға келе Абай: «Енді не қылдық, не болдық» — деп толғанады. Мұндай әлеуметтік қайшылықтың шешімі саяси күресте, халық өз бостандығы үшін куресуі кажет, бірақ ақын ондай мәселелерді көтермеген.

ЖҰМЫСТЫҢ ЖОҚТЫҒЫ

(Қырық екінші сөз)

Абай айтуынша: «Қазақтың жаманшылыққа үйір бола беретүгінің бір себебі — жұмысының жоқтығында». Өте орынды айтылған сөз. Адамды аздыратын, оның жұмысының жоқтығы туралы Абай өлеңдерінде де талай айтқан. Егер адам жерге егін ексе, сауда жасаса, оның бос уақыты болмас еді. Қазақта осы екеуінің бірі де жоқ. «Мал байдікі, жан құдайдікі» деген есірік, ессіз сөзге құл болып, ауыл-ауылды аралап, ат сабылтып, тамақ аңдып жүргендерді көріп отырған Абай қазақтардың жұмыстарының жоқтығына күйінеді.

Кандай істің болмасын себебі 'бар. Қазактарда неге жұмыс жоқ дегенге келсек, үлken әңгімеге тірелеміз Адам жаман болғысы келіп жаман болмайды, көбінесе жамандыққа оны өмір сүрген ортасы, қоғамы, заманы итермелейді.

Қазақ қоғамы Абай заманында далбаса күйде болатын. Бұрындықта жау қайдалап ат үстінде күн кешкен халық Ресейге мұлдем бодан болғаннан бәрі, ел, ауыл қорғау дегеннең «құтылған». Халық бірыңғай бейбіт тұрмысқа көшкен. Қесібі ата дәстүр бойынша мал бағу. Бұрын бұл қәсілпен малшы-жалшылар, бала-шага айналысадын. Енді бұқіл халық болып малмен айналысқанда ел ішінде жұмыссыздық етек алып кетті. Қазақ жастарының ауыл ішінде іс қылатын қесібі болмады. Мал бағу қазақтың кең жерінде оншама көп жұмыс қолын қажет етпеді. Егін егуге мойын жар бермей, сауда жасаудың ретін білмей жастар бос жүріске түсті де кесті Эрине, ол заманда қазақтардың егінмен, саудамен айналысқандары болды, бірақ көпшілік оларды қолдамады. Сондықтан: ...осы қазақтың іске жараймын дегені өзінің азды-көптісін біреуге қоса салып, «көре жүр, көздей жүр» деп басын босатып алып, сөз аңдып, тамақ аңдып,

ел кезуге салынады», — деп ақын қазақтың жұмысының жоқтығына қынжылады.

Осындай жағдайда мақтанның тағы бір іүрі пайда болады. Адамдар әдетте байлықты, ақылды, абыройды мақтан тұтушы еді, енді ел ішіндегі «пысықтар» үшін арыз бере білу, алдай білу мақтан. Ақын ешқандай қиналып, тер төгіп еңбек қылмайтын желөкпелеу байларды: «сіз айтсаңыз, отқа тусуге бармын» деп желдендіріп алып, шаруасын қылмай-ақ, малын бақпай-ақ содан алып киімін бүтейтіп киіп, тәуір атын мініп алып, қатарлы бір құрметке жетіп жүре береді», — деп сынап міндейді.

Бұл «пысықтың» пасық әрекетіне бейшара байлар мән бере қоймайды Оның да себебі бар. Бай болған соң ол біреумен ақылдаспай тұра алмайды. Газеті, радиосы, телефоны жоқ қазақ байы дүниеде не болып жатқанын, қай нәрсениң нарқы қалай екенін, өзге байлардың қандай тіршілігі барын білгісі келеді. Міне, осы істе «сирындың жорғасындай» секілді пысықтар байдың нағыз жанаширы, кенесшісі болып шыға келеді. Осындай халді біліп, оны түзетуге бағыт жасап отырған өкімет жоқ. Керісінше қазақтың жақсылығы азайып, жаманшылығы күшейсе риза болатын шенеуніктерге бұл тірлік өте қолайлы. Бір-бірінің сөзін ұқпай, бір-біріне кек сактап, әділдікті орыс шенеуніктерінен іздең келушілер молайған сайын, халықты басқару жеңіл Бұл отаршылдардың көне тәсілі. Оған жаңын сала қызмет ететін қазақтың өз «пысықтары». Олардың әрекеті дауды туғызу, оны өшірмей, жалғастыра беру. Сөйтіп күнкөріс қамын жасау. Бұл басында саяси еркіндігі жоқ халықтың мardымсыз қарекетінің бірі болып табылады.

Әділдікті «ақ патшадан», оның шенеуніктерінен іздең арыздануды кәсіпке айналдыру қазақтың Абай заманындағы ең ауыр, ең сорақы жаманшылығы еді. Бұл жаманшылықтың себебін Абай — «Қазақтың жұмысының жоқтығы» — дейді. Сірә, бұл тұста жұмыстың жоқтығының екі жағы барын айтқан да жөн. Біріншіден, жұмыстың жоқтығы шын мәнінде адамдардың енбектен артық болуы. Мұндай жағдай қазақ елі түгіл дамыған жүргіттарда міндетті түрде болатын табиғи заңдылық. Екіншіден, бар жұмысты істемеуден тұған жұмыстың жоқтығы. Абай сөзінде осының екеуі де бар. Бірақ, ол екінші мәнде жоқтығы туралы көбірек тоқталған.

ЖАН МЕН ТӘН

(Қырық үшінші сөз)

Адам жан мен тәннен құрылған, бұл Абайға дейінгі замандардан белгілі шындық. Ақын осы екеуінің орта-сында болатын жибили және кәсибиғе тоқталған. Адамның табиғи, биологиялық қажеттерін өтеуімен қоса, біл-мекке құмарлығын ақын жибили қуатқа жатқызады. Қәсиби қуатқа ақыл мен ғылым жатады. Бірақ жибили мен қәсиби бес түйсіктер әкелген сыртқы ортаның қажеттерін көңілге түсіргенде бірігіп кетеді. Мұнда ерек-ше орын алатын жибили қуаты.

Абай жибили қуаты «жан қуаты» дейді. Ол әуелде шағын болғанымен, адам есейген сайын зорая берсе керек. Алайда, ол қуат ескерусіз қалып, жоғалмаса да ешнәрсеге жарамайтын болуы да ықтимал. Мұндай жагдайда қазакта айтуга сөз дайын. «Құдай тағала өзі ақыл бермеген соң қайтейік?» немесе «құдай тағала сенімен мені бірдей жаратып па?» деп өзінің надандығын, талап-сыздығын құдайдан көру осы жан қуатының кемігендігінің айғағы Адам ішіп-жеп, тән қуатын ғана ойламай, жан қуатын да жетілдіру үшін қам жеуі қажет.

Абай жан қуатының уш элементін айтқан. Сірә, оның оқыған кітабы орыс тілінде болса керек, сондықтан ол уш элементті билайша атаған: «подвижной элемент»— бұл тез үғыну деген сөз; «сила притягательная однородного» — үқсас нәрселердің бір-біріне тартылуы; «впечатливость сердца» — мұнда төрт нәрсеге мүқият болу керек, олар мақтаншақтық, пайдакунемдік, жеңілдік, салғырттық. Бұлардан жүрек таза болғанда, әр нәрсенің сәулесі жүректің айнасындағы анық рәушан болып түседі. Олай болмағанда, жүректің айнасы бұзылады, дұрыс үғым қалыптаспайды. Бұл айтқандардың бәрі жан ғылымы (психологияға) қатысты. Абай өз заманындағы психологиялық еңбектерімен таныс болғаны айқын көрініп тұр.

Ақын жан қуатына талдау бере келіп тән қуаты туралы терең ой айтқан. Тән қуаты Абай үғымында ішкі емес, сыртқы нәрсе. «Әрнешік тән қуатыменен сырттан ғауып, сыртта сақтайсыз, оның аты дәүлет еді» — дейді ақын. Қазактың «бай бір жұттық» дегені осы. Бай-тық адамның өзінен өзге күйде күн кешпейтін жан қуаты емес, ол сыртқы заттық дүние. Дәүлеттің неше түрлі кеселі, кесапаттары болады. Соларды білсең, санацмен

ұқсаң ғана дәулетке не бола алмақсың. Абай сонымсі бірге ақыл мен ғылымның да неше түрлі адамға тигізер кесел, кесапттары барын айтқан. Оны білмесең жақсылықтан қайыр жоқ. Абай айтуынша, әрбір нәрсенің өз өлшемі бар, одан асуға болмайды. Өлшеуін білмек — бір улкен керек іс. Бұл өте терең пікір. Жақсылықтың өзі өлшемінен асса жамандыққа өтеді. Әр нәрсенің өз өлшеуі бар. Осы айға орай Абай бұрынғы ғалымдар айтты деген макал келтірген: «нениң қызығын көп ізде-сөн, соның күйігін бір тартасың». Енді осы өлшеуді кім аныктамақ дегенге келгенде, Абай пайда, залалдан айыратын қуаттың аты ақыл деп түсіндіреді Бірак, жалғыз ақыл аздық етеді, ол қайратпен қосылуы керек. Ол екеуі кімде болса, сол адамда жан қуаты да, тән қуаты да тең болғаны,— дейді Абай.

Ақыл мениң қайратқа не болмаган адамның өзінде еркі жоқ. Ол тағдыр тәлкегіне түсіп кете баратын қаңбак сокілді жан.

ТАҒЫ ДА ТАЛАП ТУРАЛЫ

(Қырық төртінші сөз)

Отыз скінші сөзінде Абай талаптың шарттары тура-лы айтқан. Мұнда ол талапсыздық хақында сөз еткен. Талаптың түр-түрі бар және де біріне-бірі бергісіз. Ақынның түсіндіруінше: «адам баласы я талапты, я та-лапсыз болсың, әйтеір «бәрекелдіңі» керек қылмай-тұғыны болмайды. Эрнешік, орынсыз ба, орынды ма, «бәрекелді» деушіні көңіл іздең тұрады. Адам баласы өзі қай жолда, қай майданда жүрсе, сол майдандағы кі-сімен сырлас болады. Аның үшін өзге жолдағылардан «бәрекелдіңі» онды күтпейді. Маған «бәрекелді» десе, осы өзімменен серіктес, сырлас осылар «бәрекелді» дер дейді» (223—224 бетте).

«Бәрекелді» деген сөздің мағынасы неде? Абай оны үғым ретінде қолданған. «Бәрекелдіңің» негізінде мактантан жатыр. Мактантуралы Абай жиырма бірінші сөзінде айтқан болатын. Онда Абай мактанның екі түрін ашып берген. Олар үлкендік және мактанташақтық. Де-мек, кейбіреулер ісіне қарай, еңбегіне қарай «бәрекел-діңі» қажет етсе, ол үлкендік, яғни адам өзін-өзі баға-лағандығы, соны өзгелерден талап етеді. Енді біреулер істері алға баспай жатса да «бәрекелдіңі» қажет етсе, ол мактанташақтықтың белгісі. Бұл түсінікті іс. Абай «бә-

рекелдіні» нақтылы іспен байланысты қаастырган. Олай дейтініміз адам «бәрекелдіні» өзімен қызметтес, әрітесінен естігенде қажетсінеді, оның себебі, адамның бағасы нақтылы іс-әрекетімен анықталмақ. Адам өзінің қызмет істеп жүрген жерінде бағаланса, одан асқан қандай ғанибет бар. Абай осы жайды айтқан. Серіктес, сырлас адамдардың «бәрекелді» деп қолпаштауы адамға жасалған нағыз құрмет. Сонда бәрекелді деу адамның іскерлігін немесе адамшылығын мойындау деген сөз. Эрине, әншейін қолпаштау немесе жағымсыну үшін айтылатын бәрекелді бар. Мұндай бәрекелдіден зияннан өзге пайда жоқ.

Адам әлденеге талаптанғанда өз басына қадір ізден әрекет етеді. Мысалы, біреу мал тапсам екен,— дейді. Ол қазақтың «мал тапқан ердің жазығы жоқ», «малдыңың беті жарық» деген мақалдарына сеніп, сараңдықпен, арамдықпен мал тапса, ондайлардан жирену керек. Бұл талап адамшылықта жат. Абайдың айтуынша көпшілік осы жолға түсіп кеткен: «Біреу қажеке атанамын, біреу батыреке атанамын, біреулер білгіш, ку, сүм атанамын деп сол харакетте жүр». Мұны Абай кітап бетінен оқып іздеген талап емес дейді. Егер кітап сөзімен іздеген талап болса, онда алдымен көкіректі тазалау қажет еді.

Көкіректі тазалау деп Абай тек білімге ынта қоюшылықты емес, адамшылықты айтып отыр. Адамшылығы мол жан Абай ұғымында көкірегін тазартқан адам, ондайдың талабы да таза. Осындай адамдардың ісіне сүйсініп «бәрекелді» десек жағыну да, қолпаштау да жоқ, үлкендікті әділ бағалау бар.

ГАДІЛЕТ СЕЗІМ

(Қырық бесінші сөз)

Абайдың «құдай» туралы ұғымы кең. Адам баласы мындаған жылдар бойы әр түрлі діндерге сеніп келгенмен, ол бір «үлкен құдай» барын білген, соған құлшытық еткен,— дейді Абай. Әр түрлі діндер сол үшін «үлкен құдайға» жетудің жолдары, тәсілдері. Бірақ барлық діндерге ортақ мәселе Ғаділет пен Махаббат.

Нағыз құдай жолы «үлкен құдайды» мойындаушылық. Ол үшін тек жаратқанды мойындаш қана қоймай, оған ғашық, ынтық болу, оның хикметін сезіну керек.

Адамды адамнан жогары қоятын байлық емес, билік смес, Алланың хикметін кімде-кім анығырақ сезінсе сол биік болмақ. Алла хикметі — ғаділет пен махаббат. Бұл сезімдерсіз өмір жок. Бұл сезімдер толығырақ болса, ол — ғалым, ғакыл. Адам жанынан ғылым шығара алмайды,— дейді Абай. Ол дүние болмысын сезініп, көзбен көріп, ақылмен біліп барып ғылым жасамақ. Мұндай философияны Батыста пантеизм атаған, бірақ Абай пантеизмінің өзіндік ерекшелігі бар. Бұл тұста құдай таным тиянақтыры үшін алынып, оның хикметі адамгершілік қағидасы болып, дүниедегі нақтылы сезінуші, танушы, әрекет етуші адам болып отыр. Былайша айтқанда, мәселе Алла туралы емес, мәселе Адам болмысы туралы. Абай дүниетанымында Адамның құдайға құлшылығы емес, Алланың адамға берген хикметі негізгс алынған. Адам болса Алла хикметін сезіну керек, бұл оны Құдайға құлшылығынан босатады. Алланың хикметін сезіну — соның жолында болу. Ол үшін адамга қажетті сезімдер ғаділеттілік пен махаббат. Бұл гуманизмің басти қағидалары. Осы ойлары арқылы Абай бір діннің шенберінен, бір дін дүниетанымынан алыс кетіп адамзаттық тән ойлау жүйесіне түскен. «Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп» — деуі осы айтылған ойлардың деңгейі.

* * *

Абай мұрасына барлау, ұлы ақынның ой тұнғиығына ғерендеу үрпактан үрпакқа жалғаса беретін іс. Абай — адамзаттың ғұмыр бойы игеріп, түйсіне түсетін тұтасқан бір ғажайып әлемі. Қоғам дамуының ғасырлар желісінде «өлмейтүғын артына сөз қалдырган» ұлы тұлғалар хақында өз кезеңіне сай ой өрбитіні анық. Абай бізбен де, келер үрпакпен де замандас, сондықтан ақынды «жүргінің түбіне терең бойлап» парасатты ой, зерделі санамен оқып-үйрену қасиетті парызымыз.

Кеңестік дәүірде ұлы Абайдың рухы тар өрісті таптық түсінік тұрғысында зерттеліп, ұлттық рухани мұрамызға бұғау салынды. Абай туралы алғаш жүрекжаралы лебізін білдіріп, тиянақты тұжырым айтқан қазақтың асыл арыстары Ахмет Байтұрсынов, Мағжан Жұмабаев, Жұсіпбек Аймауытов және ұлы ақыннызды орыстың оқырман қауымына тұнғыш рет таныстырган алаштың ардагер азаматы Элихан Бәкейханов қуғынға ұшырап, қызыл зобалаңың от-жалаңына шарпылды. Шәкәрім Құдайбердіұлының айтқан «нақтылы ой» (ке-

цестік идеология) қофамы орнаған соң Абай рұлы бұр-
маланып, ақынның шығармашылық мұрасын ұрпақтар
көкірегіне дарытуда жасанды түсініктер орынға бас-
тады.

Тоталитарлық тар өрісті таптық идеология шеңбе-
рінде бар саналы ғұмыры мен шығармашылық қызметін
өте күрделі де нәзік сырлары мол ұлы Абайдың мұра-
сын зерттеуге арнаған кеменгер жазушы Мұхтар Әуезов
келер үрпакқа өз заманының болмысына сай бағалы
туындылар қалдырыды. Қазақ әдебиетінің классикалық
шығармасы «Абай жолы» роман-эпопеясын жазып,
«Абайтану» ғылыминың негізін қалаған М. Әуезов Абай-
тануды белгілі белеске көтере білді.

Кеңестік таптық идеологияға Абайдың қазақы тұр-
мысты сынап, дүмше молдаларды әжуалаған жері, қазак
қофамындағы қайшылықтарды мінеген тұстары ұнап,
ұлы ақынға «ағартуыш» атағы таңылды. Бұл түсінік,
әрине соқтықпалы, соқпақсыз жерде өскен, мыңмен
жалғыз алысқан ақынның ойшылдық бітім-тұлғасын то-
лық ашуға дәрменсіз болатын. Ақынды зор толғанысқа
түсіріп, дүниетанымдық ізденістерге салған: адам, оның
табиғаты, құпия сыры мен сипаттары жайлы ой түйін-
дері ақиқат тұрғысында зерттеуді талап етеді. Абайдың
түсіндіруінше, адамды жаратушы Алла тағала. Адам-
ның адамгершілік қасиеті мен ақыл-парасаты оның Ал-
лаға деген сүйіспеншілік сезімінен байқалады. Алланы
мойындан, оның хикметін сезіну адамның өзін-өзі та-
нып-білуінің қайнар көзі болып табылады.

Абай дүниетанымының кеңістігі Адам мен Алла ара-
сы. Нәбілер (пайғамбарлар) өзгермелі дүниенің өкіл-
дері, оның үстіне олар да адамдар. Сондықтан нәбілер
де ақиқат не деген сұраққа толық жауап бере алмайды.
Сұраққа жауапты нақтылы беруші Алла. Ал, адам үшін
қажетті ақиқатқа Абай отыз сегізінші сөзінде «ғұмыр-
дың өзі — лакинкат» деген анықтама береді. Асылында,
адамның ғұмырынан асқан қандай ақиқат болуы мүм-
кін: тек ғұмыр болған жерде ғана зерделі сөз, айтылар
ої, жазылар кітап болмақ. Адам ғұмырынсыз болмыс
мәнсіз. Себебі, болмыстың бар-жоғы туралы айтатын
жан болмаса, оның растығын кім дәлелдемекші?! Осы
идеялары үшін біз Абайды хакім дейміз. Хакімдер бол-
мыс құбылысының мәні мен себебін анықтап, адамзаг-
ты тузу жолға салушылар. Бұл ғұлама Абайдың пікірі,
біз болсақ ақын ойын өрбіту мақсатында осы кігапты
арнадық.

МАЗМҰНЫ

Бірінші бөлім

АНАХАРСИСТЕН АБАЙҒА ДЕЙІН . . . 3
(Кіріспе орныша)

Екінші бөлім

ТҮСІНІКТЕР ТУРАЛЫ ТҮСІНІКТЕР	52
«Алланың өзі де рас, сөзі де рас»	52
«Замана, шаруа, міnez күнде өзгерді...»	57
«Махаббатпен жаратқан адамзатты...»	60
«Алла мінсіз әуелден, пайғамбар хак...»	64
«Осы үш сую болады имани гұл...»	67
«Көп кітап келді алладан, оның төрті...»	68
«Осы жұрт Ескендірді біле ме екен?»	72
«Аласқаның алды — жөн, арты — соқпақ»	77
«Өлсе өлер табиғат, адам өлмес»	82
«Өмір, дүние дегенің ағып жатқан су екен»	86
«Единица кеткенде, не болады өңкей нөл?»	88
«Мұнда шайтан — құдайдың құган жаңы»	92
«Безендірген жер жүзін тәнірім шебер»	100
«Уайым — ер корғаны, есі барлық»	102
«Адамзаттың көркі — мал»	103
«Малға достың мұны жоқ малдан бақса»	105
«Пысық деген ат шықты»	108
«Алла деген сөз жеңіл»	110
«Каны кара бір жанмын жаны жара»	111
«Мен» өлмекке тағдыры жоқ әуел бастағы»	113

Тірі адамның ісі — үміт	115
«Менсінбейші ем наданды»	118
«Сен асыққан екен деп, Алла әмірін өзгертпес»	123
«Фашықтық, құмарлықпен — ол екі жол»	123

Үшінші бөлім

СӨЗДЕР ТУРАЛЫ СӨЗДЕР	128
Ойыма келген нәрселер немесе сез басы	128
Өзінді өзгелердің көзімен таны	130
«Би екеу болса, дау төртеу болады»	131
«Адам... жылап таады, кейін өлеңі»	132
«Іздеген еліміз сол ма?»	133
Ақыл бірлігі	134
Тән және жан құмәры туралы	136
Ақыл мен насиҳатқа кім зәру?	137
«Осы мен өзім — қазақпын»	138
«Баланың жақсысы — қызық, жаманы — күйік»	139
Шарасызық	141
Фибадат	142
Шын иман	143
«Тіл жүректің айтқанына көнсе»	144
«Өзінен өзің есеп ал!»	144
Кудайга құлшылық	146
«Мен жүректі жақтадым»	147
Кербез	148
Естілік	149
Жалығу	149
Үлкендік және мақтанишактық	150
«Кімді сүйдік, кімнің тілеуін тіледік?»	152
«Жаманға салысып жақсы бола ма?»	153
Қазақшылдық	156
«Мен айткан жол — мал аяр жол емес»	156
«Қазақтың қазақтан басқа жауы жоқ»	157
«Өлшеусіз ұлы ақыл»	158
«Ауруды жаратқан құдай, ауыртқан құдан емес»	162
Білмestікпен айтылған сөздер	164
«Ұялмас бетке таімас жақ береді»	165
Ой кеселдері	166
Талаптың шарттары	167
Қазақтың кеселді қылықтары	169

«Адам баласына адам баласының бөрі — дос»	170
Сұрау	172
«Ұят өзі қандай нәрсе?»	174
Ғашықтық жүрек сенімі	176
«Ғұмыр өзі — хақиқат»	179
Ата-бабаларымыздың екі мінезі	185
Сұрактар	186
Билік пен байлық	188
Жұмыстық жоқтығы	189
Жан мен тән	191
Тағы да талап туралы	192
Раділет сезім	193
Мазмұны	196

Фарифолла ЕСІМОВ

ХАҚИМ АБАЙ

(тапалық дүнистанымы)

«Атамұра» баспасының бас директоры
Мұхтар Құл-Мұхаммед

Редакторы Әділхан Пірманов

Корректоры Қайрат Мұлікбаев

Техникалық редакторы Валентина Голубцова

Суретшісі Қансейіт Торекұлов

ИБ № 5534

Теруге 11.02.94 берілді. Басуга 14.03.94 қол қойылды.
Форматы $84 \times 108^{1/32}$. Есептік баспа табағы 12,5.

Шартты баспа табағы 10,08. Тиражы 5 000.
Бағасы келісімді. Тапсырыс № 443

«Атамұра» баспасы. 480091, Алматы қаласы,
Абылай хан даңғылы, 93/95.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Қеңесінің
баспаханасы. 480016, Алматы қаласы,
Д. Конев көшесі, 15/1.